

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

ӘОЖ 28:749(574)

Қолжазба құқығында

МАНАБАЕВ БАҒДАТ МАХАНОВИЧ

Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 қ. б. ж.) орны мен маңыздылығы

6D020600 – Дінтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
тарих ғылымдарының докторы,
профессор Муминов Ә.Қ.

Шетелдік ғылыми кеңесші
Әл-Азһар университетінің докторы,
профессор Али Махмуд Ахмад
(Каир, Мысыр Араб Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ХІ–ХІІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ ЖАҒДАЙДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	11
1.1 Исбиджаб қаласындағы діни жағдай және ислам дінінің таралу алғышарттары.....	11
1.2 Исбиджабтағы ғұламалар ортасы.....	22
1.3 Әл-Исбиджабидің өмірі мен қайраткерлігі.....	32
2 ӘЛ-ИСБИДЖАБИДІҢ ИСЛАМ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗЫЛҒАН ШЫҒАРМАСЫ – «ШАРХ МУХТАСАР АТ-ТАХАУИ»	37
2.1 «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегінің мұсылман әлеміндегі орны.....	37
2.2 Шығарманың құрылымдық ерекшеліктері.....	53
2.3 Әл-Исбиджабидің «Мухтасар ат-Тахауи» еңбегіндегі түсіндіру тәсілдері.....	78
3 ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ХІ–ХІІІ ҒАСЫРЛАРДА ЖҮРГІЗГЕН ДІНИ САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПРОЦЕСТЕРІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ	85
3.1 999–1089 жылдардағы діни саясат негіздерінің қалыптасуы.....	85
3.2 1089–1141 жылдардағы діни саясат процестерінің даму көріністері.....	94
3.3 1141–1211 жылдардағы діни саясаттың қалыптасу үдерісі.....	103
ҚОРЫТЫНДЫ	115
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	117
ҚОСЫМШАЛАР	123

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация жұмысы Қазақстанның көне Исбиджаб қаласының тумасы, Самарқан қаласында дін лауазымдары қызметтерін абыроймен атқарған, көне түркі ғалымы ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің өмірі, қызметі және оның «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» атты қолжазба нұсқасы түріндегі еңбегіне арналған. Бұл – ханафи мазһабының көрнекті өкілдерінің бірі, мысырлық мұсылман құқығының білгірі, ғұлама Әбу Джа‘фар ат-Тахауидің «әл-Мухтасар фи-л-фикһ» («Мухтасар ат-Тахауи») атты кітабына жазылған түсіндірме. Ат-Тахауидің ханафи ислам құқығына (фикһ) қатысты жазылған «Мухтасар ат-Тахауи» кітабы – ханафи ғалымдарының зерттеуінде ең көп қолданылған, көп оқылған, көп дәріс берілген, көп жатталған, көп риуаят етілген және көп түсіндірме жазылған асыл мұралардың бірі. Оның маңыздылығы «әл-Мухтасар фи-л-фикһ» еңбегіне жазылған түсіндірмелердің алғашқыларынан-ақ көрінеді.

Диссертациялық жұмыста ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби өмір сүрген XI–XII ғасырлардағы Орталық Азия өңіріндегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени жағдай және ғұламаның дін саясатындағы қызметіне, сондай-ақ әл-Исбиджабидің өміріне шолу жасалады, еңбектері талданады, оның ішінде «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі жиналған қолжазба нұсқаларының негізінде қарастырылады. Қолжазба нұсқаларының тізімі, олардың қай кітапханалардан алынғаны, ол кітапханалардың аттары, ондағы қорлар мен қай нөмірде сақталғаны баяндалады. Әл-Исбиджабидің ислам құқығы (фикһ) бойынша жазылған еңбегінің Самарқанда жазылу себебі мен оның ислам әлемінің басым көпшілігіне таралу себеп-салдары түсіндіріледі. Шығарма мазмұнының бөлімдері, атаулары және шығармадағы қолданылған түсіндіру тәсілдері, фикһ ілімін жазу ерекшеліктері егжей-тегжейлі баяндалады.

Самарқан қаласынан табылған «Чакар-Диза» мазары Қарахан әулеті билігі тұсында салынған. Одан шыққан құлпытастар әл-Исбиджаби еңбегіне тікелей қатысты болып келеді. Сол себепті диссертацияда оларға филологиялық және тарихи талдау негізінде зерттеулер жасалды. Екі дерек мәліметтері сұрыпталу және салыстырмалы тарихи талдау жұмыстарының нәтижесінде, Қарахан мемлекетінің жүргізген діни саясатына қатысты біршама дәйекті мәліметтер келтіріледі.

Қарахандардың сауатты діни саясат жүргізуіне өз септігін тигізген Мауараннаһр дін ғұламалары жайлы мәліметтер кеңінен баяндалады. Солардың ішінде ислам құқықшыларының (фақиһтардың) арасындағы әл-исбиджабилердің жазған еңбектері мен атқарған қызметтеріне жеке тоқталынып, біршама ғылыми тұжырымдамалар беріледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Күлтегін ескерткішінің» тұсаукесерінде – «Түркі өркениетінің текті де терең тамырлы тарихы мен төлтума мәдениетін биік парасат үдесінен терең таразылаудың, оны кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне сіңірудің, олардың бойына ешкімнен кем түспейтін

тарихының барына, яғни кемел келешегінің барына деген сенімді дарытудың, сол арқылы отаншылдық сезімін тәрбиелеудің біз үшін маңызы да, мәні де ерекше» деп атап көрсетті [1, б. 5]. Қазырғы таңдағы Қазақстан қоғамының даму бағыттары оның қазіргі таңда бәсекеге қабілетті болуы, дамудың тұрақтылығы және маңызды геосаяси субъект болуы діни ахуалға байланысты [2, б. 128]. Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі – біздің елімізде әл-Исбиджабидің өмірбаяны мен еңбектерінің арнайы зерттеуге алғаш рет қолға алынып отырғандығымен тікелей байланысты. Ұлы қазақ даласының XI–XII ортағасырлардағы жергілікті ислам тарихының болмысын зерттеп-зерделеуге кедергі болып отырған бірінші тосқауыл – сол ғасыр деректерінің тапшылығы. Алайда, көне Қазақстанның аталмыш ғасырларында орын алған бізге беймәлім қаншама тарихи деректер бар. Сол мәліметтерге қол жеткізуге көпір іспеттес, адам назары түсіп үлгермеген, қаншама тың деректер қолжазба түрінде әлем кітапханаларында сақталып келеді. Сондай қолжазба күйінде сақталып келген деректердің бірі – ислам құқығы (фикһ) бойынша жергілікті ғұлама әл-Исбиджабидің қаламынан анықталған «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі. Зерттеу нысанына айналған бұл еңбек алғаш рет ғылыми тұрғыдан талданып отыр. Дерек XI–XII ғасырларда өмір сүрген, сол кезеңде туылып, мемлекеттік (қазы, т.б.) және жоғары діни лауазымдар (муфти, т.б.) қызметін атқарған ғұламаның туындысы болуымен құнды.

Сонымен қатар зерттеу тақырыбының өзектілігі X–XII ғасырлардағы бізге беймәлім дін ғұламаларының өмірі мен шығармашылықтарын қамтыған, сондай-ақ жергілікті биліктің діни саясатының сырларын сақтаған «Чакар-Диза» мазарындағы құлпытастар мен ондағы жазуларға алғаш интерпретациялық талдау жасауымызда. Жаңадан анықталып отырған бұл екі дерек мәліметтері ислам құқығы мәселелерін талдау барысында және құлпытас мәтіндерін оқып, оларға талдау жасау нәтижесінде, ортағасырлардағы Исбиджаб және Самарқан аумақтарында орын алған рухани, мәдени, әлеуметтік және саяси өмірдің ашылмаған қырлары мен сырларына бір қадам жақындауымызға мүмкіндік береді.

Екі дерек негізінде XI–XIII ғасырлар аралығында Қарахандардың жүргізген діни саясаты алғаш зерттеледі, ғылыми тұрғыдан бірінші рет тұжырымдама жасалып, ғылымға қызығушылық танытатын оқырмандарға ұсынылады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Исбиджаб аумағындағы ғұламаларға терең зерттеу жұмыстарын жүргізу, Исбиджабтың дін ғұламалары, олардың жүргізген діни саясаты мен жергілікті Қарахан басшыларымен болған қарым-қатынастарына қатысты ғылыми қорытынды жасау келелі және тың мәселелердің бірі болмақ.

Орта ғасырларда қазақ жерінен шыққан ислам ғұламаларының өміріне және олардың шығармашылықтарына қатысты біршама еңбектер жарық көрді. Солардың бірі отандық ғалым, профессор Ә. Дербісәлі зерттеулерінде XIII ғасыр өкілдері «Хибатулла ат-Таразидің (1272-1333) рухани құндылықтары» [3] және «Қауам ад-дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357)

өмірі мен мұрасы» атты Қазақ жерінен шыққан әйгілі ғұламалар турасында еңбектер жарық көрді [4]. Сонымен қатар профессор Ш.Т. Керімнің көне Сығанақ қаласының тумасы Хұсам әд-дин ас-Сығнақидың өмірі мен шығармашылығы көпшілік оқырман назарына ұсынылды [5]. Алайда, XI–XII ғасырдағы Исбиджаб аумағындағы ғұламаларға қатысты деректер саусақпен санарлықтай ғана. Солардың қатарында орта ғасырда жазылған Әбу Хафс ан-Насафидің (537/1142 ж.қ.б.) «ал-Қанд фи зикр ‘улама’ Самарқанд» және XIX ғасырда жазылған Молда Бекмухамметтің Исбиджаб аумағындағы кейінгі ғасыр әулиелеріне арналған «Ғұламалар тарихын» [6] атаған жөн. Сонымен қатар ислам тарихындағы белгілі кезеңдерде, географиялық кеңестікте, яки белгілі бір сала мамандарын зерттеп-қарастырған тарихи-биографиялық (табақат) және (тараджим) еңбектерін де атап өткен орынды болмақ. Оларға: Әбу-л-‘Адл Зайн ад-дин Қасим ибн Қутлубуғаның «Тадж ат-тараджим фи табақат әл-ханафийа» [34], Ибн Әби-л-Вафа’ әл-Қураши әл-Ханафидің «әл-Джавахир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа» [39], Мустафа ибн ‘Абдулланың (Хаджжи Халифа) «Кашф аз-зунун ‘ан асами әл-кутуб уә-л-фунун» [54], Әбу Са‘д ‘Абд әл-Карим ибн Муха[108]ммад әт-Тамими ас-Сам‘анидің «әл-Әнсаб» [44], Ибн Камал Пашаның «Табақат әл-фуқаһа» [108] және Махмуд ибн Сулейман әл-Кафавидің «Ката’иб а‘лам әл-әхйар мин фуқаһа’ мазһаб ан-Ну‘ман әл-мухтар» [40] туындылары жатады.

Диссертацияда ортағасырлық Исбиджаб шаһары мен сол аумақтардағы рухани мұраларды тарихи тұрғыдан орыс тілінде зерттеп жазған В.В. Бартольдтің «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» [110], Б.Д. Кочневтің «Нумизматическая история Караханидского каганата» [13], А.М. Беленицкий, И.О. Бентович, О.Г. Большаковтың «Средневековый город Средней Азии» [111], С. Волинның «Сведения арабских, персидских и тюркских источников IX-XVI вв.» [18], «История Казахстана в арабских источниках» [45], О. Караевтің «История Караханидского каганата» [108], Б.А. Байтанаевтің «Древний и средневековый Исбиджаб» [12], А.К. Муминовтің «Ханафитский мазһаб в истории Центральной Азии» [41], т.б. көптеген ғалымдардың деректері мен ғылыми жұмыстары негізге алынды.

Ислам өркениетінде терең із қалдырған Қазақстан ғұламаларын қазақ тілінде алғаш зерттеген отандық ғалым – Ә. Дербісәлі [11]. Оның зерттеулері ішінде ортағасырлық Исбиджабтан шыққан дін ғұламаларының өмірбаяны қарастырылған, 1995 жылы жарық көрген «Қазақ даласының жұлдыздары» атты еңбекті атаған жөн [11]. Алайда, жаңадан мәлім болған көне Исбиджаб ғұламаларының өмірі мен шығармаларына қатысты егжей-тегжейлі зерттеу жұмыстары әлі де болса қанағаттанарлық деңгейде зерттелмей келеді. Тек 2012 жылы Ирак Республикасының докторанты Са‘ид әл-Кубайси қорғаған диссертация жұмысында әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының бір бөліміне сыни мәтінін жасап (барлық 388 беттің 356 бетін қамтиды), оны зерттеуге әрекеттенді (зерттеу бөлімшесі диссертацияның он пайызын (10%) ғана құрайды) [7, б. 5–28]. Диссертация жұмысының негізгі фокусы, ислам әлемі деңгейінде салыстырмалы құқық (фикһ муқаран) саласына

бағытталған. Алайда, Орталық Азия аумағындағы жергілікті ислам болмысы, соның ішінде Қарахандардың жүргізген діни саясаттарына мүлдем тоқталмаған, негізге алмаған. Әл-Кубайси диссертация жұмысының бағыты толығымен дерлік ислам құқығы «фиqh» саласына, оның ішінде ислам құқығына қатысты үкімдер мен сол үкімдерді екінші қолжазба мәтінімен салыстыруға арнаған.

Диссертант Са'ид Фу'ад Уахиб әл-Кубайсидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» тақырыбына қатысты жазылған ғылыми зерттеу жұмысындағы кемшіліктер мен айтылған сыни ескертпелердің нәтижесінде, біз аталмыш тақырыпты, қолымыздағы оннан аса қолжазба нұсқаларына сүйене отырып, оған қоса тақырыпқа қатысы бар әлемдік әдебиеттерді ескере отырып, Орталық Азиядағы саяси, діни жағдайларға тереңінен үңіліп, диссертанттың жоғарыда аталған кемшіліктерін қарастырып, диссертация тақырыбын кеңінен ашып, оның ішінде Қарахандардың діни саясатына кеңінен тоқталып, егжей-тегжейлі зерттеуді ұйғардық.

Қарахандардың билігі кезеңінде Орталық Азия өңірлерінен шыққан ханафи ғұламалары араб тілі мен шарифи ілімдердің маңдайалды тұлғалары болды. Олардың шарифи ілімдердің әртүрлі саласында сіңірген еңбектері мен қызметтері сол кездегі ислам мәдениеті өркендеуінің биік көрінісі іспеттес. Қазақ мәдениетін ислам дінінсіз көзге елестетудің өзі қиын. Араб жазуы қазақ мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосқаны баршаға белгілі. Қазақ тіліндегі діни лексикалар этномәдениетке дендеп еңгені соншалықты, оларды қазақ халқы тұрмысынан бөліп қарастырудың өзі әбестік саналар еді.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, халқымыз дінімен қайта қауышуымен исламның шарифи ілімдеріне сұраныс танытып отырған әлеумет аз емес. Таяу Шығыс тілдерін білуші дінтанушы және исламтанушы мамандардың арқасында ақида, хадис, фиqh ілімдерінің бірқатар мәселелерін қамтыған діни кітаптар бірінен соң бірі жарық көріп, қоғам игілігіне қызмет етіп жатыр. Дегенмен, ол кітаптар шарифи пәндердің кейбір мәселелеріне ғана қатысты, алайда, толыққанды мазмұнды қамтымайды. Ханафи фиqhына келсек, қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының дінтану мен исламтану мамандықтарында және діни медреселерде оқытылып жатқан шарифи ілімдерді шәкірттердің лайықты меңгеруі үшін – алдымен көне фиqh еңбектердің авторларын, олардың дәлелді келтіру әрі түсіндіру тәсілдерін, басқа мәзһабтағы үкімдерге қайшы келген жағдайларда біздің мазһабта бір дәлелдің не себепті шегіндіріліп, басқа дәлелдің алға шығарылуы қағидаларын егжей-тегжейлі оқыту, оларды зерттеп-зерделеу қажет.

Зерттеудің нысаны мен пәні. Зерттеу нысаны – Орталық Азиядағы мұсылман құқығы тарихында XI–XIII ғасырлар аралығындағы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің орны мен Қарахан мемлекетінің жүргізген діни саясатын айқындау. Зерттеу пәні – Орталық Азиядағы мұсылман құқығы тарихында ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің орны мен оның «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» атты шығармасының маңыздылығы және «Чакар-Диза» мазарының құлпытастары.

Зерттеудің дереккөздері

а) Әл-Исбиджабидің ислам құқығы (фиqh) саласында жазған «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» атты түсіндірме (шарх) еңбегі;

ә) X–XIII ғасырларда Қарахан мемлекетінің демеуімен салынып, қадағаланған Самарқан қаласындағы «Чакар-Диза» мазарындағы құлпытас мәтіндері.

Зерттеу мақсаты. Әл-Исбиджаби өмір сүрген дәуірдің діни саясатына, экономикалық, әлеуметтік, мәдени ахуалына тоқталып, ғалымның өміріне шолу жасау. Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» қолжазбасының нұсқаларын тізімге салып, қай кітапханаларда сақталғандығын, нұсқалардың тарихи хронологиясын айқындау арқылы, ондағы мәтіннің мазмұны мен құрылымын зерттеп, бөлімдері мен тақырыптарын ашу, сонымен қатар әл-Исбиджабидің түсіндіруде қолданған тәсілдері мен сүйенген негіздерін анықтау жұмысымыздың басты мақсаты болмақ.

Зерттеу міндеттері:

- Әл-Исбиджабидің дәуіріне тән діни саясат ахуалдарына тоқталу;
- Әл-Исбиджабидің өмірі мен еңбектеріне, ханафи мазһабының ислам құқығы (фиqh) негіздері саласындағы қызметіне шолу жасау;
- «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» қолжазбасының нұсқаларына қатысты мағлұматтарды жинап, саралап, айырмашылықтарын көрсету;
- «Мухтасар ат-Тахауиға» жазылған басқа да түсіндірмелерге (шарх) және олардың авторларының өміріне қысқаша шолу жасап, түсіндірмелерге жалпы салыстыру жүргізу;
- ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің қайраткерлігін ашып көрсету;
- «Чакар-Диза» құлпытастарындағы мәтіндерге талдау жасау, оларды түсіндіру және маңыздылығына кеңінен тоқталу;
- XI–XII ғасырлардағы Исбиджаб және Самарқан қалаларындағы әлеуметтік, мәдени өмір көріністерінің жаңа қырларын ашу;
- Исбиджабилық ғұламаларды анықтап, оларға қатысты деректерді айқындап, есімдерін дәріптеу.

Зерттеудің теориялық және методологиялық негізі. Дін мен саясат арасындағы байланыс, билік пен дін өкілдерінің арасында өзара қақтығыс, орта ғасырлардағы ғұлама бейнесі мен орны және олардың жергілікті Қарахан басшыларымен ынтымақтастығы зерттеудің теориялық негізін құрады. Ал, орта ғасыр еншісінен қалған жеке шығарма әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» қолжазба деректеріндегі және «Чакар-Диза» құлпытастарындағы ортағасырлық араб мәтінін зерттеуде, тарихи-фиолологиялық тәсілдерді қолдану, әлі жарық көрмеген (басылымға шықпаған), қолжазба нұсқаларына талдау жүргізуде тарихи-салыстырмалы және семантикалық-этимологиялық талдау, палеографиялық және кодикологиялық тәсіл, теологиялық талдау, хронологиялық саралау, жіктеу, сипаттау, түйіндеу сынды ғылыми әдіс-тәсілдер біздің методологиямыздың негізі болды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы

«Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасы бірнеше исбиджабтық ғұламаға телініп келді. Бұл пікірдің дұрыс не бұрыс екенін айқындау мақсатында әл-

Исбиджабидің ислам құқығы «фиqh» саласында жазған еңбегі дәйектелді (артибуцияланды);

X–XIV ғасырлардағы «Чакар-Диза» мазарынан анықталған жаңа құлпытас жазулары тың дерек ретінде қарастырылып, ғылыми айналымға еңгізілді;

XI–XII ғасырлардағы Исбиджаб және Самарқан қалаларындағы әлеуметтік, мәдени өмір көріністерінің жаңа сипаттары айқындалды;

XI–XIII ғасырлар аралығында Қарахан мемлекетінің жүргізген діни саясаты алғаш зерттелді, ғылыми тұрғыдан бірінші рет тұжырымдама жасалды;

Исбиджаб қаласынан шыққан 17 ғұлама есімі анықталып, олар жеке-жеке қарастырылды. Соның ішінде ‘Али ибн Мухаммад Әл-Исбиджабидің өмірі мен қайраткерлігіне қатысты деректер зерделеніп, оның «мужтахид» атағына жеткен ғұлама екендігі дәлелденді;

Шығарманың сақталған нұсқалары мен ондағы уақыф мөрлері, жеке мөрлер (экслибристер), колофон, форзац, нахзац және фронтиспис мәліметтеріне тарихи-филологиялық, палеографиялық және кодикологиялық тәсілдерді қолдану нәтижесінде шығарманың таралу кеңестігі айқындалды;

Ғұламаның «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегін жазуда қандай жанрды қолданғаны алғаш рет зерттеліп баяндалды.

Зерттеудің теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы. Зерттеу жұмысынан алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдамаларды жоғары оқу орындарында оқытылатын дінтану, исламтану мамандықтарында және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

Сонымен қатар бүгінде анықталып отырған X–XIII ғасырларға тиесілі қазақ жерінен шыққанғалым, ғұлама есімдері құлпытастарда молынан кездеседі. Сол тас жазуларын зерттеп-зерделеу болашақ тарихшы не болмаса дінтанушылардың тың тақырып таңдауына және жаңа ғылыми жұмыстар жазуларына жол ашады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар. – Қазақ топырағынан шыққан ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің ислам құқығы (фиqh) саласында жазған шығармасы – «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» бүгінде анықталған жаңа дерек. Бұл дерек Қазақстанның XI–XII ғасырларда орын алған тарихи оқиғаларын қамтымай кеткен басқа да деректердің орнын толықтыруда үлкен орынға ие;

Әл-Исбиджабидің ғасыры Қарахан (382–607/992–1211) мемлекетінің билік еткен тұсына дәл келеді. Ал Қазақстан тарихының Қарахан кезеңі бойынша деректері өте аз, сол себепті Қарахан басшыларының тұсындағы Исбиджаб және оған көрші өңірлердегі исламның жергілікті тарихи болмысын зерттеуде аталмыш дереккөз үлкен маңызға ие;

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының исламтану мамандығында және діни медреселерде оқытылып жатқан шариғи ілімдерді шәкірттердің лайықты меңгеруі алдымен, көне фикһи еңбектердің авторларын, олардың дәлелді келтіру әрі түсіндіру тәсілдерін меңгеруде әл-Исбиджаби пәтуалары мен еңбегін меңгеру қажеттілігі тұжырымдалды;

Қарахан мемлекетінің екі жарым ғасырға созылған діни саясат жүргізудегі көреген принциптері мен ұстанымдарының бір қыры айқындалды;

Ханафи мазһаб жолына негізделген дәстүрлі дінімізді қайта жаңғыртып, өскелең ұрпақты түрлі теріс бағыттағы діни идеологиялардың жетегінде кетіп, діни экстремизм және радикализмнен сақтауда ислам құқығы «фикһ» саласындағы әл-Исбиджаби еңбегін басшылыққа алу керектігі тұжырымдалды;

Әл-Исбиджабидің қолжазба күйінде сақталған еңбектерін зерттеп-зерделеп, бір ізділікке түсіру – ғылым үшін үлкен маңызға ие.

Жұмыстың жариялануы мен сыннан өтуі. Диссертация жұмысының негізгі қол жеткізген нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 8 ғылыми мақала жарияланды. Олар:

I. Скопус мәліметтер базасында:

1. New Source on the Medieval Religious History in Kazakhstan // *Man in India*. – 2016. – V. 96. – Iss. 7. – P. 2283-2295.

II. ККСОН басылымдары:

1. Ғұлама, ғалым, имам әл-Исбиджаби // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «ҚазҰУ Хабаршы». Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – № 1 (55). – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – Б. 68–73.

2. Қазақстанның қалаларындағы діни жағдай // Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Хабаршысы», индекс 74621. Тарих. Философия сериясы. – Қарағанды, 2016. – Б. 95–105.

3. Исбиджабтың рухани өмірі мен ғұламалары // Әл-Фараби әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы. – № 3 (55). – Алматы, 2016. – Б. 95–107.

III. Халықаралық және республикалық конференция материалдары:

1. Имам ат-Тахауидің өмірі мен ханафи мазһабына қатысты еңбектері («Мухтасардың» негізінде) // «Исламтану және араб филологиясы мәселелері». XIII халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары. – Алматы: Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, 2014. – Б. 121–125.

2. Исбиджаб қаласы және оның ханафи фикһындағы орны // «Исламтану және араб филологиясы мәселелері». XIV халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары. – Алматы: Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, 2015. – Б. 96–104.

3. Исбиджабидің шығармасына атрибуция // «Исламды руханилық пен рационалдық және этно-мәдени дәстүрлер – діни экстремизмге қарсы іс-қимыл факторы ретінде» атты халықаралық ғылыми конференция. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016. – Б. 166–174.

4. Сочинение әл-Исбиджаби, правоведа богословско-правовой школы Абу Ханифы в Казахстане // «Актуальные вопросы перспективных научных исследований», Материалы международной конференции. – Смоленск, 2016.–Б. 28–31.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертация жұмысы кіріспеден, үш тараудан, тарау бөлімдерінен, қорытындыдан және

пайдаланылған негізгі қайнаркөздер мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 XI–XII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ ЖАҒДАЙДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 Исбиджаб қаласындағы діни жағдай және ислам дінінің таралу алғышарттары

Ғылымда соңғы жылдары діни саясат ұғымына үлкен мән беріліп жүр. Тарихта діни саясат жүргізген мемлекеттердің әкімшілігі мен дін қызметкерлерінің атқарған еңбектері ғылым үшін ауқымды тақырыптардың біріне айналып отыр. Ортағасырлық қоғамда өмір сүрген ғалымдар мен ғұламалардың өмірі мен қайраткерліктері ғылым үшін үлкен маңыздылыққа ие. Себебі кез келген қоғамда орын алған діни тұрақсыздық, сол мемлекеттің әлсіреуіне және іштей бұзылуына жол ашқан. Әлемдік діндердің ортасында таралған радикалдық бағыттағы дін атын жамылған топтар барлық уақытта мемлекеттердің жан-жақты дамуына үлкен кедергі туғызған. Сол себепті дін негізінде орын алатын қауіпті жағдайларды ғылыми тұрғыдан алдын ала зерттеп, ондағы проблемалардың оң шешімдерін білуге тиіспіз. Әсіресе, ислам діні Қазақстанда көптеген ғасырлардан бері ресми болмысқа еніп, оның тұрғындарының көпшілік бөлігі (75 пайызы) ұстанатын негізгі дінге айналған. Сондықтан Қазақстандағы діни хал-ахуалға ғылыми тұрғыдан көңіл бөлу қажет. Бейбіт және көркем діни саясат жүргізу үшін, діндер тарихымен қатар, Орта Азия аумағында дәстүрлі ислам негізінде билік жүргізген мемлекеттердің діни саясатына терең зерттеу жүргізу ғылыми маңызы бар тақырып саналады. Бүгіндері әлемдік деңгейде қарқынды дамып келе жатқан ислам дінінің таралуы оның қағидалары, ұлттық мәдениет және дәстүрлі исламның қалыптасуы сынды ұғымдарды жақсы меңгеру қажеттілігі байқалады. Жалпы алғанда, бұл бағытта көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Алайда, Орталық Азия аумағында XI–XII ғасырлардағы жүргізілген діни саясатқа қатысты жазылған әдебиеттер жоқтың қасы. Сол себепті, діни саясат тақырыбында аталмыш ғасырларды қамтитын жаңа деректердің ғылымда орны бағалы болмақ. Белгілі бір ғасырдың діни саясатын толыққанды зерттеу үшін, сол ғасырларда жазылған шығармалар мен еңбектердің орны ерекше құнды болып табылады. Ортағасырлық кезеңдердің бір бөлігін қамтитын Қарахан мемлекетінің жүргізген діни саясаты Қазақстан үшін ғылыми тұрғыдан маңызды және өте ауқымды тақырыптардың бірі. Дегенмен, бүгінгі таңда қарахандардың кезеңіне қатысты биографиялық, тарихи және нумизматикалық деректер ғана жарық көрді. Сол себепті аталмыш ғасырлардың руханияты мен діни саясатын зерттеуге мән беруді жөн көрдік. Зерттеу нысанасы ретінде қарахандардың ғасырында өмір сүрген ғұлама әл-Исбиджаби, оның ислам құқығы саласында жазған еңбегі – «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» және Қарахан басшылары көтерген «Чакар-Диза» мазарындағы құлпытастар негізге алынды.

Орталық Азияның орта ғасырларында орын алған XI–XII ғасырлардағы тарихи оқиғалар осы уақытқа дейін лайықты деңгейде зерттелмей келді. Орта

ғасырларда өмір сүріп, жоғары мәдениетке қол жеткізген қарахандар кезеңіне қатысты дүниежүзілік әдебиеттердің өзінде мәліметтер өте аз кездеседі. Ал отандық әдебиеттерге сүйенгенімізде, бес томдық Қазақстан тарихының өзінде, Қарахан мемлекетіне қатысты жазылған деректер жоқтың қасы. Онда Қарахан мемлекеті жайлы 1-томның 398–407-беттер аралығында ғана жазылған. Осы он бет көлемі қарахандардың құрылуы, Мауараннаһрды жаулап алуы, олардың соғыстары мен ыдырауы, саяси және басшылық құрылымы, шаруашылығы және жер иелену түрі «икта» турасында бір беттен ғана мәліметтер келтірілген [25, т. 1, Б. 398-407]. Тіпті, кейбір отандық еңбектерде «Қарахан мемлекеті тарихының алғашқы кезеңі жөнінде нақты мәліметтер деректемелерде сақталмаған, ал алғашқы қарахандар туралы әңгімелер жартылай аңыз сипатында болып келеді», – делінген [9, б. 52]. Келтірілген мәліметтерді негізге ала отырып, аталмыш кезеңді зерттеу ғылыми маңыздылыққа ие деп айтуға болады. Қарахан мемлекетіне қатысты археологиялық және нумизматикалық зерттеулер жасалынды. Қарахан мемлекетінің аумағына жататын көне Исбиджаб қаласына қатысты археологиялық зерттеулерді отандық ғалым Б. Байтанаев жүргізді. Қарахандардың басқару жүйесіне қатысты үстіртін мәліметтер әдебиеттерде айтылып келген. Алайда, қарахандардың жүргізген діни саясатына қатысты тарихи деректер зерттеліп, қоғамға ұсынылған емес. Сол себепті, қарахандардың жүргізген діни саясатының деректерін анықтау ғылыми мәселеге айналып отыр. Бүгінде, оны зерттеп, шешімін табу келелі де өзекті мәселелердің бірі саналады. Аталмыш ғасырлардағы діни саясатты зерттеуде үш түрлі деректер көзі анықталды. Біріншісі, сол ғасыр өкілі, нақтырақ айтқанда, Исбиджаб қаласында туылып, сонда өсіп, тіршілік кешкен жергілікті ғұлама ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің еңбегі назарға алынды. Оның ислам құқығы бойынша жазған еңбегі – «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» осы уақытқа дейін зерттелмеген тың дереккөз болып табылады. Екінші дерек – көне ғасырларда дін ғұламаларының бастарына қойылған Самарқандағы «Чакар-Диза» мазарының құлпытастары. Қазақстан аумағына тиесілі көне қалалардан шыққан ғұламаларының құлпытастарындағы құнды ескерткіш жазулар, зерттеу жұмысының екінші нысанасы болып отыр. Бұл құлпытастардағы деректер де, осы уақытқа дейін зерттелмей келген тың мәліметтер саналады. Үшінші, тарихи биографиялық әдебиеттер – «табақат және тараджим» еңбектеріндегі құнды мәліметтер. Осы үш деректі негізге ала отырып, XI-XII ғасырларда Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы діни жағдайдың эволюциялық ерекшеліктеріне тоқталдық. Қазақстан қалаларының ішінде ерекше тоқталған шаһарымыз – көне Исбиджаб қаласы. Қаланың экономикасы өркендеп, мәдениетінің шыңына жеткен кезеңі де сол Қарахан басшыларының билік құрған кезеңіне сәйкес келеді.

Бүгінде Орта Азияға мұсылмандық өркениеттің қалай келгендігін талдауға арналған зерттеушілердің қаншама мақалалары, ғылыми еңбектері мен монографиялары жарық көрді. Бұл еңбектерден Қазақстандағы ислам өркениетінің тарихын зерттеу қаншалықты үлкен маңызға ие болғанын көреміз. Алайда, бұл тақырыптың толық шешімі әлі де болса, өзінің мәресіне жеткен

жоқ. Біз ислам дінінің таралуын, ортағасырлық Исбиджаб қаласындағы діни жағдайға тоқталып, ондағы мәдени өмір мен діни саясатқа талдау жасау нәтижесінде ғылыми тұжырым жасадық. Ислам өркениеті қалалық өмірмен тікелей байланысты. Алғашқыда ислам діні үлкен қалалардан бастау алды. Сондықтан қалалық өркениеттердегі орын алған үрдіске мұқият көңіл аудару үлкен маңызға ие. Ал Қазақстанның көне қалаларының ішінде осындай қалалық өркениеттерді қамтыған қаншама қалаларымыз бар. Жер көлемі 170 гектар Отырар, 30 гектардан асқан Шортөбе, Құйрықтөбе, Сунақата, Сауран, Жаркент және Құмкент, т.б. сынды, көптеген қалаларымыз болған. Жетісудың өзінде бұрын онға жуық ірі қалалар ірге тепкен болса, IX–XII ғасырлардан кейін бұл өлкелердегі қалалар саны 70-ке жеткен [10]. Сондай ортағасырлық Қазақстан қалаларының санатындағы үлкен мәдениетке ие қалаларымыздың бірі ретінде Исбиджаб қаласын атауға міндеттіміз. Дәл осы IX–XII ғасырларда мұсылман мәдениеті өзінің шарықтау кезеңін бастан өткерді. Әлемдік ғылым-білімде аттары шыққан әл-Фараби, әл-Бируни, Ибн Сина, Жүсіп Баласағұн математика, философия, әдебиет пен поэзия, т.б. көптеген ғылым салаларында топ бастаған өкілдерінің шарықтаған дәуірі де дәл осы ғасырларға тұспа-тұс келеді. Аталмыш ғасырларға тиесілі қалаларда салынған қауымдық және діни ғимараттар, мұнаралар, күмбездер мен керуен сарайлары, т.б. көптеген сәулет өнерінің озық үлгілерінен сол кездегі қала мәдениетінің жоғары деңгейде болғаны аңғарылады.

Осындай жоғары деңгейдегі қалалық ислам өркениетінде өзіндік үлкен орны болған көне Исбиджаб қаласына тоқталсақ. Исбиджаб қаласының ислам өркениетінің дамуында, біріншіден, орналасқан орнына қарай, екіншіден, атқарған қызметіне қарай үлкен рөлі бар. Исбиджаб қаласы Самарқан мен Бұхара сынды ислам орталықтарына едәуір жақын жерде орналасқан. Исбиджаб қаласы Жібек жолында бой көтергендіктен, кезінде түркі тайпаларының ежелден келе жатқан мәдени, экономикалық орталығына айналған [11]. Қаланың тарихи болмысына келер болсақ, археологтардың зерттеулерінде көне Исбиджаб қаласының қашан салынғаны жөнінде нақты тарихи дерек жоқ, алайда, ғалымдар көне қаланың б.э.д. I ғасыр мен IV ғасырлар ортасында қалыптасқандығын айтады [12, б. 261]. Міне, осындай көне заманнан бері қарай дамыған өркениеттердің құндылықтарын өз бойына сақтаған Исбиджаб қаласының руханияты да өте жоғары деңгейде болған.

Ортағасырлық Исбиджаб қаласы

Ортағасыр рухани өмірінде терең із қалдырған Отырар, Тараз, Иасы, Сығанақ және Исбиджаб сынды Қазақстан қалаларындағы әлеуметтік, рухани өмір, оған қоса ондағы дін ғұламаларының рөлін зерттеу бүгінде ғылыми маңызға ие болып отыр. Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан сондай орта ғасыр қалаларының бірі – Исбиджаб шаһары. «Исбиджаб» сөзі ортағасырлық әдебиеттерде әртүрлі жолмен, мысалы, Исбиджаб, Сапиджаб, Аспиджаб, Исфиджаб түрінде жазылып келген [12, б. 44]. Ғұламалардың айтуларына, Исбиджаб сөзінің мағынасы «ақ су» деген мағынаны береді. Бәлкім сол өлкелерде ағып жатқан Ақсу өзенінің де бір әсері болған шығар. 1903–1917

жылдар аралығында жүргізілген қазба жұмыстарынан шыққан дирхамдарда Исбиджабтың екінші Ақ қала «Мадинат ал-байда» атауы анықталды [13]. Бұл қаланың жаңа анықталған есіміне қатысты М. Қашқари келесідей ой айтады: «Ақ қала дегені қаланың түсіне қатысты болмауы да әбден мүмкін», – деген. Себебі көптеген зерттеушілер мысалға Ибн Хауқалдың айтуынша: «бүкіл Хорасан мен Мауараннаһр жерлерінде жер салығы (харадж) төлемейтін Исбиджаб сынды бірде-бір қала жоқ». Бұнда айтылып жатқан ақ түсі «қасиетті», «құрметті» немесе «салықтан босатылған» деген мағыналарды да қамтуы мүмкін. Себебі Исбиджаб халқы салықтан босатылған. Қазақстанда жарық көрген ұлттық энциклопедияларда да осы «Аққала» атауы жиі кездеседі [14].

Көне Исбиджаб қаласы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан Сайрам қаласының орнында болған. Исбиджаб қаласын тарихи және мәдени тұрғыдан зерттеген ғалымдардың еңбектерінде, оның аумағы Арыс өзені алқабынан бастау алып, Кенджида аумағына дейін, Бадам өзенінен де осынша аумақты алып жатқан. Сондай-ақ бұған Келес өзенінің алқабы, оған қоса Қаржантаудың тау бөктері де кірген [12, б. 9]. Исбиджаб қаласының негізгі тұрғындары қарлұқ-түркілері болған [12, б. 43].

Географиялық туындылардың ішінде еуропалықтардың алғашқы шығармаларының бірі – «Книга большому чертежу» еңбегі. Бұл еңбекте Оңтүстік Қазақстан ескерткіштерінің ішінде Түркістан, Отырар және Сайрам (Исбиджаб) қалалары көрсетілген [12, б. 9].

П.П. Иванов Сайрам қаласын зерттей келе, оның картасын сызып, топографиялық жоспарын (план) жасап, Исбиджаб қаласы Сайрам қаласының орнында болған деген тұжырымға келді [12, б. 15].

Алайда, Исбиджаб қаласының қай жерде нақты орналасқаны турасында ғалымдардың арасында екі түрлі көзқарас бар. Бірінші топ ғалымдар: В.В.Бартольд, П.П.Иванов, Г.И.Пацевич, К.М.Байпақов Исбиджаб қаласы қазіргі кездегі Сайрам қаласының орнында десе, екінші топ ғалымдары: М.Е.Массон, А.Н.Бернштам және Е.И.Агеева Исбиджаб қаласы басқа жерде деген. Осы мәселеге қатысты, қолжазба еңбектерге сүйеніп, Б. Байтанаевта өзінің ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде Исбиджаб қаласы қазіргі Сайрам қаласының аумағында орналасқан деген тұжырымға келді [12, б. 93].

Тарихи дереккөздерге сүйене отырып, ортағасырлық Исбиджаб аумағының (облысы) халқы тығыз орналасқан Бадухкент, Хурлуг, Джумишлағу, Маданкет, Манкет, Дех Нуджикет, Азахкет (Дахкет) қалаларын қамтығанын айтуға болады [12, б. 42].

Шағатай тілінен қазақ тіліне аударылған еңбектердің бірінде, орта ғасырдағы Исбиджаб (Сайрам) өз құрамына енетін сол кездегі белгілі қалалар Тараз, Фараб, Құлан, Суяб, Шавгар, Сауран, Сығанақ және Янгикенттің орталық астанасы болған [15, б. 3].

П.П. Иванов Исбиджаб қаласына кіретін: Белқақпа, Базарқақпа, Шымкент қақпа және Қарамұрт қақпа болғанын айтады [12, б. 15].

Ал араб дереккөздерінде Абу ‘Абдулла Йа‘кут ибн ‘Абдулла ал-Хамауидің «Му‘джам ал-булдан» еңбегінде: «Исбиджаб қаласы Мауараннаһр елдерінің бір қаласы, Ташкент пен Сайрамның ортасында орналасқан», – деген [16, б. 97].

Исбиджаб қаласының қашан салынғаны жөнінде нақты тарихи күн көрсетілмеген, алайда, ғалымдар, көне қала б.э.д. I ғасыр мен IV ғасырлар ортасында қалыптасқандығын айтады. Ортағасырлық Исбиджаб түркілердің иелігінде болған. Оған дәйек ретіне сол уақыттағы Исбиджабтан табылған тиындар Исбиджаб қаласының Саманидтер әулетіне бағынышты болмағандығын көрсетеді [17, б. 69].

Исбиджаб қаласының ғимараттары саз балшықтан тұрғызылған. Б.Байтанаевтың қорытындылауынша, алғашқыда Исбиджаб қаласы IX ғасырдың ортасында Саманидтер билігінің форпосты ретінде қалыптасқан [12, б. 272].

Исбиджаб қаласы басқа Орта Азия қалаларына қарағанда, «харадж» салық төлемеген. Халифат жерінің ең шеткі бөлігінде орналасқанына қарамастан, соғысқа байланысты құбылыстар көбінесе, Исбиджаб қаласында өткен.

Исбиджаб қаласы өркендеп, гүлдеп, кеңейіп келе жатқан сәтінде, оны жаулап алу мақсатында орын алған соғыстар қаланы әлсіретіп, халық санының азаюына және аумағының кішіреюіне алып келген. Ортағасырлық Исбиджабты алғаш мұсылман басшыларынан ‘Исмаил ибн Ахмед жаулап алған. Кейінірек қарахандықтар тұсында екінші рет, ал үшінші рет Хорезмшах Исбиджабтың қамалдарын бұздырып, қаланы тонап, халқын қаладан қуып шыққан [18, б. 186]. 1211 жылы Хорезм басшысы Мұхаммад Шыңғысхан әскерімен ұрысқа түсіп алғашқыда Жошы басқарған әскерді талқандаса кейін жеңіліс табады [19, б. 16]. Жазба деректерде Исбиджаб қаласы моңғол шапқыншылығының кезінде де шабуылдың астында қалған [20, б. 23–42]. Шыңғысханның бұл шапқыншылығынан кейін алғашында Исбиджаб қаласы құлдырап, ұмытылған. Тек XIV ғасырдың басында Қытай саяхатшысы Чэнь Чэн қайта дамып келе жатқан Сайрам қаласын көрген [21, б. 228–229]. «Михман-наме-йи Бухара» шығармасының авторы Ибн Рузбихан Исфаханидің айтуынша: «XV–XVI ғасырда қаланың негізгі бөлігі биік қамалмен қоршалған» [22]. Бұл деректерден Исбиджаб қаласының сұрапыл соғыстардан кейін қайта салынып, қалпына келтірілгенін көуге болады. Моңғол шапқыншылығынан кейін, көне Исбиджаб аты ұмытылып, Сайрам қаласы осы жердің нақты атауына айналған [12, б. 269].

Ерте ортағасырлық қалалар құрылымы жағынан үш бөліктен құралған. Басқару жүйесі, дәулетті адамдар орналасқан қаланың орталық бөлігі шахристан деп аталған. Ал қаланы қоршай орналасқан қолөнер, сауда-саттық орталықтары саналатын бөлігі жатақта (рабатта) кедейлер тұрған. Қаланың патшасы мен әкімі орналасқан саяси-әкімшілік бөлігі орда (цитадель) деп аталған [23, б. 227].

Көне дәуірлердегі Қазақстан қалаларындағы наным-сенім

Сонау ерте Сақ дәуірлерінің өзінде Қазақстан жерінде белгілі бір наным-сенімдер қалыптасып үлгерген. Жалпы алғанда, бұл дәуірлердегі жергілікті Қазақстан халқының діни нанымдары мен түсініктеріне қатысты мәселелер аз

зерттелген, зерттелген күннің өзінде де жеткіліксіз зерттелген мәселе. Сондықтан жалпы алғанда дүниежүзілік тарихтың бір тармағы болып есептелетін қазақ халқы тарихы, дүниежүзі халықтарының тарихының ажырамас бір бөлімі болғандықтан, дүниежүзі халықтарының тарихымен бірге қаралады [24, б. 21]. Ал нақты археологиялық қазба жұмыстарынан табылған мәліметтерден олардың келесідей діни нанымдары болған деп айтуға болады. Қайтыс болған адамды жерлеу материалдарына қарағанда, өлген адам мәңгі жасайтынына, өлгендер өздерінің рулық қауымының салттық, үйреншікті ғұрыптары мен ережелері бойынша өмір сүре беретін о дүние бар деген наным-сенімдерге негізделген. Сонымен қатар Қазақстанда мал өсіруші тайпалардың отқа, жылқыға, күнге және басқа аспан шырақтарына табынуға байланысты діни ғұрыптардың да болғаны тарихи зерттеулер нәтижесінде анықталып отыр. Сол сияқты анимизм, тотемизм және магия сияқты ең ежелгі діни ұғымдар көне Қазақстан жерлерінде табылған қазба жұмыстарында сақталған. Алайда, алғашқы қауымдардың тайпалық жерлеу үрдісіндегі ғұрыптық айырмашылықтарға қарағанда, олардың өмірлерінде біртұтас жүйелі діни ұғымдардың болмағанын аңғарамыз [25, т. 1, б. 229–231].

VI–IX ғасырлардағы түркілердің діни нанымдары

Алтыншы ғасыр мен тоғызыншы ғасырлар аралығында түркі тайпаларының наным-сенімдері әртүрлі бейнеде көрініс тапқан. Түркілердің арасында отқа табыну салты, үйдің ішін жын-шайтандардан тазарту үшін отпен аластау, өлген адамның мәйітін отпен өртеу дәстүрлері орын алған. Бұның барлығы да түркілердің бір кездері отқа табынғандықтарының айқын айғақтары еді.

Ерте орта ғасырларда түркілер арасында Көкке, яғни тәңірге табынудың маңызы зор болған. Тәңірге табыну мен қатар түркі тайпалары үшін Ұмай ана отбасының қамқоршысы саналды. Тәңірге табыну және Ұмай ананы қасиет тұту жайындағы мәліметтерді Күлтеген жазуларынан кездестіре аламыз.

Түркі халқының шыққан тегі саналатын көк бөріні де көшпелі рулар кие тұтқан. Қасқырдың тісін, тырнағын және басқа мүшелерін көзден сақтау ретінде балаларға бойтұмар ретінде тағып қойған. Көкбөрі ерлік пен батырлықтың үлгісі саналған.

Ерте орта ғасырларда Қазақстан жерін мекендеген түркі халықтарының арасында басқа да діни нанымдардың орын алғаны жайлы көптеген деректер бар. Олардың қатарында будда, христиан, зороастризм, манихей діндерін атауға болады. Оңтүстік Қазақстан жерінде христиан дінінің несториандық бағыты да тараған. Патриарх Тимофейдің кезінде несториандықтар қарлұқ жабғуларын осы дінге тартқан [26, б. 57].

Қазақстан аумағына ислам дінінің таралуы

Жоғарыда аталған түрлі бағыттағы наным-сенімдермен өмір сүрген Қазақ даласының тұрғындарының ортасына VII ғасырдың басында жаңа дін – ислам кіре бастады.

Ислам дінінің Орталық Азия аумағына енуінің алғашқы қадамы сонау 636–642 ж. шамасында «Қадисия» мен «Нехавенд» шайқастарындағы ұлы жеңісінен

басталған. Бесғасырлық тарихы бар сасанилердің (қазіргі Ирак пен Иран аймақтары) соңғы басшысы Йездігерд III мұсылман басшысы Омар ибн ал-Хаттабтан жеңіліс тауып, азғана жылдардың ішінде Иран, Византия, Палестина, Мысыр, Сирия және Ирак жерлері мұсылмандардың қол астына өткен. Осы оқиға жаңа «ислам» дінінің Орталық Азия жерлеріне таралуына мүмкіндік берді [27, т. 1, б. 124]. Орта Азия төңірегіндегі ұлттар мен рулар өздеріне сай бөлек-бөлек кіші хандықтарға бөлініп алған еді. Мысал ретінде, Мерв басшылары өздерін «магуя», Серахс басшылары өздерін «задуй», Абиверд – «бихан», Термез – «термезшах», Бұхара – «бухархудат», Усрушана – «афшин», Хуттал – «хутталаншах», Соғды мен Ферғана басшылары өздерін «ихшид», Хорезм басшылары «хорезмшах» деп атады. Міне, осылай жеке-жеке ұлыстарға бөлінуі жергілікті халықтардың араб шапқыншылығына қарсы тұра алмауының басты себебі еді. Мауараннаһр жеріне жүргізілген басып алу қадамдарының алғашқысы 673 жылдың соңы мен 674 жылдың басында орын алды. Бұл жорық арабтардың Хорасандағы өкілі ‘Убайдулла ибн Зиядтың бастауымен болған. Екінші Хорасан өкілі Са‘ид ибн ‘Усман 676 жылы Бұхараға шабуыл жасады. Ол Бұхараны жаулап алмаса да, олармен бейбіт келісімге келіп, олардан ақшалай олжа алды. Мауараннаһрға жасалған үшінші жорық 680–683 жылдары Хорасанның өкілі Салм ибн Зиядтың басшылығымен өтті. Міне, Салмның жорығынан кейінгі аралықтан бастап, VIII ғасырдың басталуына дейінгі аралықта Мауараннаһр жерлерінде араб жорықтары болмаған. Тек 685–705 жылдары Умауи халифы ‘Абдулмалик ибн Маруан басшылық кезінде Хорасанның өкілі болған Қутайба ибн Муслим шамамен, 705 жылы Мауараннаһрға жорығын қайта жалғастырған. Қутайба 706 жыл Мауараннаһрдың мықты қамалы бар, алып қалаларының бірі Байкендіті (Пайкенд) бағындырады. Кейінгі 708, 709, 710 жылдары Бұхара, Насаф және Кештіде өзіне қаратты. Енді Қутайба ибн Муслим 711–712 жылдары Хорезмшахты бейбіт жолмен өзіне бағындыра алды. 712 жылы ол алып Самарқанды өзіне тәуелді етті. Енді мұсылман қол басшысы қазіргі Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне кіре бастады. Алғаш ислам діні Исбиджаб аумағына Қутайба ибн Муслим әл-Бахили бастаған жорық нәтижесінде енді. 714 жылы ол Шаш (Ташкент) қаласын бағындырды. Қутайба Қазақстанның оңтүстік өңірінде орналасқан Исбиджаб қаласын жаулап алуды ойлады. Оны Исбиджаб қаласының сауда-саттық орталығы болғандығы емес, стратегиялық маңыздылығы қызықтырды. Исбиджаб Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан, Орта Азиядан келетін түркі одақтастарының жолын бөгеуде маңызды рөл атқаратын еді. Осы 714 жылы Қутайба ибн Муслим Шаш қаласын бағындырып, Исбиджабқа шабуыл жасады. Исбиджабты бағындырған Қутайба алғашқы рет жаңа дін исламды Исбиджаб қаласына (Қазақстан жеріне) таратты. Осы жылы Исбиджаб тұрғындары жаңа дінмен алғаш рет бетпе-бет кездесті. Алайда, бұл аймақта ислам діні нығайып үлгерген жоқ. Әлі де жергілікті халықтың көпшілік бөлігі көне сенімдерінде қала берді. Себебі жергілікті билік тұрақты болмады. 737 жылы Соғды халқы исламға толықтай өтті. Олардан жан садақасы «джизйа» алынды. Алайда, Б. Гафуровтың айтуынша, мемлекет

казынасы босап қалғасын халифа Соғды халқының мұсылман болғанына карамастан қайта жан садақасын (джизья) ала бастаған. Бұндай ислам дінінің негіздеріне қайшы келген шешімдерге соғдылар наразылық білдіріп, ислам дінін тәрк етіп, көне діндеріне өткен. Арабтар Самарқан мен Дабусийадан басқа қалаларды өздеріне қайта қаратқан. Осы оқиғалардан кейін Мауараннаһрға 738 жылы Наср бин Саййар әкім ретінде тағайындалған. Ол Мауараннаһр халқымен көреген саясат жүргізді. Ол текті бухархударлардың бірінің қызына үйлену арқылы, туыстық қатынастарды түзей бастады [21, т. 1, б. 141].

Халифатта орын алған умауйлер мен аббасилердің тартысының нәтижесінде 750 жылы Әбу Муслим бастаған аббасилер билікке келді. 755 жылы Әбу Муслимді қастандықпен өлтірген Әбу Джа‘фар әл-Мансур ал-‘Аббаси билігін өз қолына алады. Әбу Джа‘фар әл-Мансур мен оның мұрагері әл-Мәһди (775–785 жж. билік еткен) және Харун ар-Рашид Мауараннаһрға билігін жүргізуді жалғастырды. IX ғасырда Аббаси халифаты Хорасан жерлерін тахирилер (821–873 жж. билік еткен) мен саффариелерді (873–903 жж. билік еткен) өздерінің вассалдары етіп ұстады. Мауараннаһрдың билігіне келген саманилер (204–395/819–1005) ислам дінін қабылдады. Самани басшысы Нух I (331-343/943-954) Самарқанның басшысы болып тағайындалды. Саманилер ислам дініне кіріп қана қоймай, оған үгіттеу жұмыстарын да белсенді атқарды [28]. Самани мемлекетінің атауы парсылардың танымал әулеттерінің біріне тағылған [29, б. 180]. Самани мемлекеті Парсы тілі мен мәдениетінің дамуына көп үлес қосқан [30, б. 356]. Осылайша билік бірде мұсылман басшыларына өтсе, кейін қарлұқтарға (756–940) өтті. Саманилер қарлұқтарға қарсы дін соғысын жариялап, Исбиджабты қайтарып алды. Саманилердің билік уақытында Исбиджабта ислам діні кең таралып, қуаттана түсті [6, б. 26]. Алайда, Самани мемлекеті X ғасырдың орта тұсында ішкі дау-дамайлардан әлсірей бастады. Олардың әлсіреуінің себебі, олар халыққа салықты көп мөлшерде салды. Салық себептерінен жергілікті қара халық пен қарапайым шаруалардың арасында Самани басшыларына деген өшпенділік күннен-күнге арта түсті. Оның үстіне Самани әскер қолбасшылары да өз басшыларына наразылық таныта бастады. Елде орын алған экономикалық тұрақсыздықтың өршігені соншалықты саманилер әскерге жалақы беруден қалды. Соның себебінен әскер басшыларының ішіндегі мықтылары Қарахан сұлтандарымен саманилерге қарсы жасырын келісімдерге отыра бастады. Осындай саманилердің әлсіз тұстарын байқаған қарахандар X ғасырдың 90-жылдарында Самани басшысы Нух ибн Насрға қарсы Бұхараны жаулап алу мақсатында соғысқа шығып, шайқассыз Бұхараны басып алды. Нұх қарахандарға қарсы соғысудың айла тәсілдерін пайдаланды, алайда, оның жоспарлары жүзеге аспады. Саманилер жергілікті халықты Құдай жолындағы жорыққа шақырғылары келген, алайда, Қарахан басшылары Мауараннаһр жерінде жүргізілген Ұлы Жібек жолындағы мұсылмандармен сауда-саттық қарым-қатынастардың негізінде ислам дінін қабылдап қойған болатын. Нәтижесінде 999 жылы Нух ибн Наср өмірден озды. Оның қайтыс болуымен Самани

мемлекеті құлады. Самани жерлері ғазнауилер мен қарахандарға өтті [27, б. 205].

Қарахандардың билікке келген уақытына қатысты ғалымдар арасында екі түрлі пікір қалыптасқан. Бірінші пікір бойынша олардың билік жүргізуі тоғызыншы ғасырдан (225–607/840–1211) он үшінші ғасырлар аралығын, әлекінші пікір бойынша оныншы ғасырдан (382–607/992–1211) он үшінші ғасырлар аралығын қамтыған. Қарахан мемлекетінің жер аумағы Мауараннаһр өлкесін толықтай және шығыс Түркістан жерлерін алып жатты. Қазіргі егемен Қазақстанның сол кездегі ортағасырлық Исбиджаб, Тараз, Шымкент және Отырар сынды қалалары Қарахан мемлекетінің шекарасына кіретін еді. X–XII ғасырларда Исбиджаб қаласындағы билік Қарахан мемлекетінің тізгінінде болды. Алғашқыда Харун Боғра хан жеке дербес басшы ретінде билік жүргізді. Сол кездегі динар мен дирхамдардан Бұғра ханның тек өзін немесе өзінің вассалдарын ғана атағанын көреміз [18, б. 152]. Боғра хан Самарқан мен Бұхара қалаларын өзіне бағындыра білген. Ол Жетісуға оралып, Қошқарбасы деген жерде қазаға ұшыраған [31, б. 189]. Алайда, кейінгі уақыттарда Қарахан сұлтандары өздері вассал қызметін атқарған. Бағынышты болғандардың бірі – селжұқтар. Селжұқтар да қарахандар секілді X ғасырда ислам дініне өткен еді. Қарахан мемлекеті 1089 жылға дейін өзі дербес мемлекет болып келді. 1089 жылы Алп-Арслан ұлы Мәлік-шах I (465–485/1073–1092) Бұхараны және Қарахан мемлекетінің астанасы Самарқанды жаулап алды. Алайда, селжұқтар қарахандарды жойып жіберместен олардың өмірлері мен саясаттарына тығыз араласу арқылы, Қарахан әулетінен өздеріне бағынышты хандарды сайлады. Өздері сырттай ғана бақылау арқылы, вассалдық жүйені жолға қойған еді. Селжұқтар қарахандардың ішінен тандап қойған хандары мен халық арасындағы діндарлармен әрдайым соғыстар болып тұрды. Тіпті, Селджұқ сұлтаны Санжар тағайындаған Мухаммад ибн Ибрахим II – Тамгач-ханның баласын өлтіруге дейін барды [24, б. 404]. Қарахандар селжұқтарға бағынышты кейіпте оларға салық төледі. Алайда, селжұқтар қарахандардың ішкі саясатында болып жатқан мәселелерге араласпастан, билікті өздеріне тастады. Б.Кочнев Исбиджаб қаласы толықтай қарахандардың иелігіне 395/1004–1005 жылы өтті деп тұжырымдама жасайды [32, б. 149]. XI ғасырда Қарахан сұлтандары өздерінің астанасы етіп Самарқанды бекітті.

Исбиджаб қаласы Қарахан мемлекетінің тұсында өзінің өркендеу мәресіне жетті. X ғасырдан бастап түбегейлі исламдық ілімдер, руханияттық, моральдық-этикалық принциптерімен экономиканың, сауданың дамуына негізделген жаға мемлекеттік сипаттағы жүйелер қалыптаса бастады [33, б. 69]. Онда қолөнер, құрылыс, егіншілік және қару-жарақ өндіру салалары белсенді дамыды. Қолөнер, оның ішінде керамикадан бұйымдар жасауда алдына жан салмады. Керамика бұйымдарының ірі орталығына айналды [27, б. 278]. Исбиджаб және Ферғана қалаларында ақ түсті мата өндірілген [34, б. 273]. Ал-Муқаддаси Ферғана мен Исбиджаб қалаларында әскери қару-жарақ, қылыштар мен темір өндірілгенін айтады [34, б. 278]. Исбиджабтағы хаммам (монша), мешіт, мазарлар, түрлі араб жазуларымен жазылған оюлар, медреселер мен

храмдар табылған. Исбиджаб айналасына егілген жеміс-жидектер мен бақшалар, көптеген рабаттар мен базарлардың болғанын біз жазба мұраларынан көреміз.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде алынған деректер бойынша Қарахан басшыларының билігі тұсында XI–XII ғасырларда жергілікті халықтың мұсылмандыққа қаншалықты бет бұрғанын көрсетеді. Исбиджаб халқының сана-сезімі, мінез-құлығы, тіпті, әдет-ғұрыптары ислам дінімен біте-қайнасып қайта жаңарды. Бұған қатысты мәліметтерді қала тұрғындарының күнделікті өмір тұрмыстарынан аңғаруға болады. Археологиялық қазба деректері де соған куә. М.Е. Массон Сайрам қаласының ұлттық архитекторлық мұраларына терең зерттеулер жасады. Ол Исбиджабтағы «Хызыр» мешітіне қатысты: «Ол мешіттің мұнарасы мен ғимараты ғана қалған», – деген мәліметтер келтірген. Сонымен қатар «Ыдырыс» мешіті және сол мешіттің бір діңгегіндегі «пайғамбар» сөзінің араб жазуымен жазылғандығын атап көрсеткен. Кейін осы діңгектегі араб жазуларын В.А. Крачковская да оқып, М.Е. Массонның айтқан тұжырымдарын күшейте түсті. Ол «Жума» мешітіндегі жазудан оның салынған күнін оқуға мүмкіндік бар екенін айтып, онда мың он төртінші (1014) жыл жазылғанын анықтады [12, б. 26]. Қарахан басшыларының тұсында соғылған теңгелердің өзін алып қарайтын болсақ, ондағы жазулар араб тілінде жазылған және Алланы мадақтап, бірлігін дәріптейтін мәтіндер жиынтығын қамтыған. Сүлеймен Қадыр Табғаш пен Мұхаммед Арслан хандардың тұсында соғылған теңгелерден араб тіліндегі: ла илаһа илла Алла уахдаһу ла шарика лаһу (Алладан басқа құдай жоқ, Ол жалғыз оған серік жоқ) деген мәтіндерді оқуға болады [35, б. 76–78]. Бұл мәліметтерден Исбиджаб тұрғындарының ислам дінін берік ұстанғандарын, құлшылық орындары мешіт, медреселерге көңіл бөлулерінен байқауға болады. Сонымен қатар мешіттердегі жазулардың араб тілімен жазылғанына назар аударсақ, олардың араб тілі мен филологиясына үлкен мән бергендері байқалады. Қорыта айтқанда, Исбиджабтың халқы ислам дінін берік ұстанды. Қарахан басшыларының ислам дінін қолдағандарының тағы да бір көрінісі ретінде Бұхарада салынған «Арслан-хан» мұнарасын атасақ болады. Оның биіктігі 46,5 метрге жеткен. Қарахандар бұл мұнараны 1127 жылы салдырған. Сонымен қатар Узген қаласында да Наср Илек ханның кезінде көптеген ұзын мұнаралар мен әйгілі кесенелер бой көтерген. Жалпы алғанда, қарахандар құрылыс өнеріне көп мән берген. Тарихшылардың айтуынша, олардың құрылыс өнеріне (ислам дінінің нышандарына) көңіл бөлгендігі соншалықты, Самарқан қаласы қарахандықтардың билік тұсында көлемі жағынан көп есе ұлғая түскен [27, б. 217]. Араб деректерінің бірінде «Исбиджаб халқы ислам дінінің рәсімдері мен діни құлшылықтарды берік ұстанып, оларды бұлжытпай орындаған. Тіпті маңғолдардың шапқыншылығы кезіндегі қаланың қирауы мен халқының қырылуы олардың діндеріндегі осалдығынан емес, бәлкі Аладан келген сынақ болар», – делінген [36, т. 1, б. 179]. Қалай болғанда да соғыс жағдайы Исбиджаб және соған ұқсас маңғолдармен қиратылған қалалардың дамуына кері әсерін тигізді. Маңғол шапқыншылығынан кейін Ұлы Жібек жолы бойындағы

көптеген қалалардың тіршілігін тоқтатты. Қалалардың ендігі бір бөлігі бастапқы қарқынымен біршама уақыт өмір сүріп келгенімен, бұрынғы гүлдену кезеңіне қайта көтеріле алмады [37, б. 19]. Келесі деректе, «Исбиджаб – мұсылмандар мен кәпірлердің арасындағы шекарада орналасқан аймақ. Жері кең, гүлденген. Түркістан шекарасында. Түркістаннан тасымалданатын бұйымдардың барлығы осы аймаққа жеткізіледі. Бұнда қалалар, елді-мекендер, рұстақтар көп. Бұл аймақтан иленген мал терілері мен қойлар тасымалданады. Аймақтың орталық қаласы Исбиджаб деп аталады. Үлкен, табиғатқа бай қала. Бұнда сұлтанның ордасы орналасқан. Сондай-ақ бұл қалада тұтұнатын бұйымдар көп. Қалаға әртүрлі жерлерден саудагерлер жиналады. Исбиджаб пен ондағы өзеннің арасы жайылып жүрген малға толы. Ол малдардың жартысы Исбиджабқа, ал бір жартысы Шаш, Бараб, Кенжидаға тиесілі. Аталмыш аймақта мұсылман болған ашия түркілерінің мың киіз үйлері бар» [38, б. 91].

Саманилықтар билік басынан қуылғаннан кейін, ғазнауылер мен қарахандардың арасында бейбіт жолмен жаңа жерлерді бөлісу мәселесі келісілді. Нәтижесінде Әмудария өзенінің оңтүстігіндегі жерлер ғазнауылықтардың иелігіне, Мауараннаһр жерлері қарахандардың иелігіне толықтай өтті. Екі мемлекетте Бағдад халифасының билігін мойындады. Екі мемлекет арасында бейбіт келісімге қол қойылғанға қарамастан Қарахан басшыларының тарапынан соғыстар болып тұрды. Ғазнауылықтардың өркендеген кезеңі Махмудтың билік (998–1030 ж.) тұсына сай келеді. Махмудтың баласы Мас‘удтың тұсындағы халықты тонау, салықты көтеру, т.б. себептердің негізінде, басшылар жергілікті халық пен бай көпестерден қолдау таппай, өз-ара келісімге келе алмады. Бұл жағдайды жақсы қадағалап отырған селжұқтар 1059 жылы Балыхты өздеріне қаратып, ғазнауылықтардың көзін жою нәтижесінде, Мауараннаһр жерлерімен шектесетін аумақты өздеріне бағындырды. Сонымен Хорасанның жаңа басшылары – селжұқтар пайда болды. Селжұқтардың басшысы Тұғрылбектің билігі кезінде (1040–1063 жж.) селжұқтардың құрамына Әзербайжан, Табаристан, Иранның батыс бөлігі кірді. Ал 1055 ж. Тұғрылбек аббаситтердің астанасы Бағдадты да өзіне қаратты. Селжұқ басшысы қайтыс болғасын оның орнына немересі Алп-Арслан (1063–1092 ж.) келді. Алп-Арсланның билігі кезінде селжұқтардың жері едәуір кеңейіп, Мауараннаһрдің кейбір бөліктерін өздеріне бағындырды [27, б. 238].

Алайда, қарахандардың екіге бөлінуі мен өзара билікке таласулары Қарахан мемлекетін едәуір әлсіретті. Селжұқ басшылары ислам дінін берік ұстады. Ал 1141 жылдан бастап қарақытайлар Мауараннаһр жерлерінен селжұқтарды ығыстырды. 1141 жылдың 9 қыркүйегінде орын алған селжұқтардың басшысы Санжар мен қарахандардың басшысы Махмудтің бірігіп, қарақытаймен соғысуы сәтсіздікке ұшырады. Осылайша қарақытайлар Самарқанды, кейін Бұхараны өздеріне бағындырды. Қарақытай басшылары гурхандар жергілікті халыққа өшпенділіктерін көрсетпеді. Олар әрбір үйден алтын тиыннан (бір дирхамнан) салық жинады. Алайда, қарақытайлардың басшылығының өзінде қарахандар жергілікті билікте қарақытайлардың вассалдары болып қала берді. Қарақытайлықтар қарахандардың ішкі саясатына

араласа бермеген. Тек қарахандардың өздері олардан көмек сұраған жағдайда ғана араласқан. Қарахандардың екінші қағанатының басшыларының бірі ‘Али, қарлұқтармен соғысты ары қарай жалғастырды. Ол қарлұқ басшыларының соңғыларының бірі Бейғуханды Хорезмнен қуып шықты. Бұл мүмкіндіктерді пайдаланған Хорезм басшысы Ил-Арслан 553/1158–1159 жылы әскерін Мауараннаһрға қарай бағыттады. Нәтижесінде Қарахандар қарақытайдан көмек сұрады. Қарақытайлар өз тараптарынан көмектерін аямады. Нәтижесінде Қарахандар мен Хорезм шахының арасында бейбіт келісім жүзеге асты. Қарахандар өздерінің саясатын жүргізуде өздері тәуелді болған белгілі бір жаулап алушы мемлекетпен тұрақты қарым-қатынаста болмады. Олар бірде қарақытайларды, бірде Хорезм басшыларын қолдап, құрық салдырмайтын қу саясат жүргізді [27, б. 176]. Алайда, қарахандар өздерінің діни наным-сенімдерінде исламды берік ұстанып, оны негізгі діндеріне айналдырды. Исам дінін басқа діндердің наным-сенімдерінен жоғары бағалады.

1.2 Исбиджабтағы ғұламалар ортасы

Исбиджаб ғұламалар ортасына қатысты диссертацияның кіріспе бөлімінде тақырыптың зерттелу деңгейін сөз еткен болатынбыз. Орта ғасырларда қазақ жерінен шыққан ислам ғұламалары мен олардың еңбектеріне қатысты біршама еңбектер жарық көрді. Алайда, XI–XII ғасырларда Исбиджаб қаласынан шыққан ғұламаларға қатысты ауқымды жазылған зерттеулер жоқтың қасы. Бұл тақырыпта жазылған деректерге, XII орта ғасырда жазылған Әбу Хафс ан-Насафидің (537/1142 ж.қ.б.) «ал-Қанд фи зикр ‘улама’ Самарқанд» және Қарахан мемлекетінің дәуіріне қатысты түрік тіліндегі ең көне жазба еңбектер – Жүсіп Хасс Хажиб Баласағұнидің «Құтты білігі» мен Махмуд Қашқаридің «Диуан луғат ат-түрк» сынды сол ғасырлардың өзінде жазылған шығармалар тобы бар. Алайда, соңғы екі шығармада аталмыш ғасырлардағы діни саясат жөнінде мәліметтер қамтылмаған. Ал XIX ғасырда жазылған молда Бекмухамметтің Исбиджаб аумағында өмір сүрген, кейінгі ғасыр әулиелеріне арналған «Ғұламалар тарихын» үлгі ретінде атаймыз. Алайда, бұл шығарма кейінгі XIX ғасыр ғұламаларына ғана қатысты жазылған еңбек. Онда көне ғасыр ғұламаларына қатысты мәліметтер кездеспейді. Сонымен қатар ислам тарихындағы белгілі кезеңдерде, географиялық кеңестікте, яки белгілі бір сала мамандарын зерттеп қарастырған тарихи-биографиялық (табақат) және (тараджим) әдебиеттерді де атауға болады. Оларға: Абу-л-‘Адл Зайн ад-дин Қасим ибн Қутлубуғаның (879/1474–1475 ж. қ. б.) «Тадж ат-тараджим фи табақат әл-ханафийа» [34], Ибн Әби-л-Вафа’ әл-Қураши әл-Ханафидің (775/1373–1374 ж. қ. б.) «әл-Джавахир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа» [39], Мустафа ибн ‘Абдалланың (Хаджжи Халифа, 1067/1657 ж. қ. б.) «Кашф аз-зунун ‘ан асами әл-кутуб уә-л-фунун» [54], Абу Са‘д ‘Абд әл-Карим ибн Мухаммад әт-Тамими ас-Сам‘анидің (562/1167 ж. қ. б.) «әл-Әнсаб» [44], Ибн Камал Пашаның (940/1534 ж. қ. б.) «Табақат әл-фуқаһа’» [108], Махмуд ибн Сулейман әл-Кафавидің (989/1581 ж. қ. б.) «Ката’иб а‘лам әл-әхйар мин фуқаһа’ мазһаб ан-Ну‘ман әл-мухтар» [40], Мухаммад ‘Абд ал-Хайй әл-Лакнауидің

(1304/1886–1887 ж. қ. б.) «әл-Фауа'ид әл-баһийа фи таражим әл-ханафийа» [109] сынды, т.б. туындылары жатады.

Ортағасырлық Исбиджаб шаһары мен сол аумақтардағы рухани мұраларды тарихи тұстан орыс тілінде зерттеп жазған В.В.Бартольдтің «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» [110], Б.Д.Кочневтің «Нумизматическая история Караханидского каганата» [13], А.М.Беленицкий, И.О.Бентович, О.Г.Большаковтардың «Средневековый город Средней Азии» [111], С.Волиннің «Сведения арабских, персидских и тюркских источников IX-XVI вв.» [18], «История Казахстана в арабских источниках» [45], О. Караевтің «История Караханидского каганата» [27], Б.А.Байтанаевтің «Древний и средневековый Исбиджаб» [12] сияқты еңбектері, т.б. көптеген тарихшы, дінтанушы және шығыстанушы ғалымдардың деректері мен ғылыми жұмыстары бар.

Ислам өркениетінде терең із қалдырған Мауараннаһр ғұламаларын қазақ тілінде алғаш зерттеген отандық ғалым, Қазақстанның діни қайраткері, дипломат, шығыстанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор – Ә. Дербісалиев. Ол ортағасырлық Исбиджабтан шыққан дін ғұламаларының қысқаша өмірбаяндары мен есімдерін көпшілік оқырмандарға таныстырды. 1995 жылы жарыққа шыққан «Қазақ даласының жұлдыздары» атты еңбегінде Исбиджаб қаласынан шыққан ғұламалардың үшеуін, сонымен қатар (жаңа) Сайрам қаласынан шыққан сайрамылықтардың отызға жуығын атады [11].

Сонымен қоса ғылыми диссертациялардың ішінде 2012 жылы Ирак Республикасының докторанты Са'ид әл-Кубайси өз диссертациясында әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының бір бөліміндегі мәтінге сыни талдау жасап (барлық 388 беттің 356 бетін қамтыды), оны зерттеуге әрекеттенді (зерттеу бөлімшесінің бар-жоғы он пайызын ғана құрайды). Диссертация жұмысының негізгі фокусы ислам әлемі деңгейінде салыстырмалы құқық (фиқһ муқаран) саласына бағытталған. Алайда, Орталық Азия аумағындағы жергілікті ислам болмысын мүлдем негізге алмаған, көңіл бөлмеген.

Жаңадан мәлім болған Исбиджаб ғұламалар өмірі мен шығармаларына қатысты егжей-тегжейлі зерттеу жұмыстары әлі де жазылған емес.

Біз өз кезегімізде Исбиджабтағы ғұламаларға қатысты тарихи-биографиялық әдебиеттерде жазылған мәліметтерді басшылыққа алдық. Соның нәтижесінде Исбиджаб қаласынан шыққан он жеті ғұлама есімі анықталды. Олар:

Әбу Мухаммад 'Абдулла ибн Мухаммад ибн Махмуд ибн 'Убайд әс-Самарқанди. Исбиджаб қаласында тұрған. Үш жүз қырық үшінші (343/954) жылдың рамазан айының жұма күні Исбиджабта қайтыс болған. Ол Исбиджаб қаласында тұрып, Айшадан: «Шындығында өлеңде (поэзияда) даналық (хикмет) бар», – деген хадис жеткізген. «Әл-Әнсаб» еңбегінде оның Са'д ибн Хатим әс-Самарқандидің ұстазы (шәйхы) болғандығы айтылған [6, б. 320].

‘Абд әл-Мауджуд ибн Наср әл-Әдиб әл-Исбиджаби. Бұл кісі де ‘Әли ибн Әби Талибтен келген тізбектегі хадисті жеткізушілердің тізімінде аталған [6, б. 320].

Әбу-л-Хасан ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил ибн ‘Али ибн Ахмад ибн Мухаммад ибн Исхақ ас-Самарқанди әл-Исбиджаби [6, б. 570]. Ол Исбиджабта (454/1062 ж.) дүниеге келеді. Самарқан шаһарында (535/1141 ж.) дүние салған. Ол туралы: «Мауараннаһр жерінде Әбу Ханифа мазһабын одан жақсы білетін тұлға болмаған. Білім беру жолында ұзақ өмір сүрді» – делінген [34, б. 213]. Шейх әл-ислам атағымен құрметтеліп, шаһарда муфти қызметін атқарған, өмірінің көп бөлігін білімге арнаған тұлға [39, т. 2, б. 591]. Ол сондай-ақ қолданбалы ислам құқығы (фуру‘ әл-фикһ) мәселелеріне арналып жазылған «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегімен танылған.

Ғалиб ибн Хатим әл-Қади әл-Исбиджаби (шамамен, х. 400 жылдан кейін қайтыс болған). Самарқанға келіп, сонда Мухаммад ибн Аслам әл-Қадидан «Китаб әл-муктафадан» білім алып шыққан. Әбу Са‘д: «Халим ибн әл-Уидах әл-Исбиджабиден естідім. Ол: Ғалиб ибн Хатим әл-Қади әл-Исбиджабидан «Китаб әл-муктафа» туралы естідім», – деп айтқан [6, б. 640].

Халим ибн әл-Уаддах әл-Исбиджаби (туған жылы белгісіз).

Ахмад ибн Мансур Абу Наср әл-Исбиджаби әл-Қади (480/1087 ж.қ.б.). Ол Самарқанға келген. Оған Самарқанда пәтуа беру міндеті жүктелген. Сонда муфти болған. Күнделікті тіршілікте адамдар оған жүгінген. Діни мәселелерге қатысты оның өзінің көзқарасы негізінде жеке ізденіс (ижтиһад) жолы қалыптасқан. Өзінен кейін жақсы әсер қалдырған. Ол өз еліндегі (Исбиджабтағы) ғұламалардан ислам құқығын (фикһ) үйреніп, сонда білім алған. Кейін Самарқан қаласына шақырылып, сондағы ғалымдармен ой-пікір таластырып, шәкірттер мен ислам құқықшыларына сабақ берген [40, п. 162^б]. Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби 480/1087 жылы Самарқан қаласында қайтыс болған.

Әл-Хасан ибн Мансур әл-Исбиджаби (шамамен, X-XI ғасырда қ.б.) хадис жеткізушілердің тізбегінде аталған [39, б. 191].

Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби (500/1106–1107 ж.қ.б.) [41, б. 201, 301]. Оның фикһ саласы бойынша жазған жалғыз шығармасы «Зад әл-фуқаһа’» біздің дәуірімізге жеткен. Ол туындысын Самарқан шаһарында жазған [42, б. 123].

Ахмад ибн ‘Умар ибн әл-Хусайн әл-Хатиби әл-Исбиджаби (582 ж.қ.б.). Ғұламалардың мәртебелісі, қарилардың (Құранды жаттағандардың) алды болған. Басшылардың тағайындаған құрметті имам хатиб ұрпақтарынан болған [43, № 099-тас].

‘Али әл-Хасан ибн Мансур ибн ‘Абдулла ибн Ахмад әл-Муаддиб әл-Муқри әл-Исбиджаби (380/990-991 жылдан кейін қ.б.) Ол әш-Шафи‘и фикһының өкілі Мухаммад ибн Йусуф және әл-Хасан ибн ‘Али әл-Майданилерден риуаят еткен. Екеуі де самарқандықтар. Ол Исбиджаб қаласының бір топ хадистанушылары (мухаддис) мен ғұламаларының бірі болған. Абу Са‘д әл-Идриси: Ол хадис білімін үйренуде белсенді болып, көп

жазған тұлға. Алайда, бізге әріптестеріміз ол турасында: «Ол өзі кездестірмеген кісілерден хадис жеткізеді, хадистерді ұрлайды және олардың санына қатысты қосып сөйлейді», – деп айтқан деген. Сонымен қатар әл-Мукри Зафар ибн әл-Ләйс әл-Исбиджабиден, Муджахид ибн А‘йан және Хорасан мен Ирак өкілдерінің бір топ мухаддистерінен риуаят еткен [6, б. 301].

Минхадж әд-дин Абу-л-‘Аббас Ахмад ибн Мухаммад ибн Мухаммад әл-Исбиджаби әл-Фақиһ [6, т. 3, б. 89].

Зафар ибн әл-Ләйс әл-Исбиджаби. Мухаддис болған. Есімі хадис тізбегінде келген [6, б. 301].

Әл-Қади Джамал ад-дин әл-Исбиджаби [6, т. 4, б. 133].

Әбу-л-Қасим ‘Абдулла ибн ‘Уджайф әл-фақиһ әш-Шумани [40, б. 301].

Хусам ад-дин ‘Умар ибн Бұрхан Әбу-л-Мафахир әл-Исиджаби [43].

Хаджж Махмуд әл-Исбиджаби [43].

Әбу-л-Хасан ‘Ади ибн ‘Абдаллах ибн Мухаммад ибн Джа‘фар ибн Рузайн әл-Джурджани [40, т. 3, б. 29].

Жоғарыда есімдері аталған Исбиджабилерді атқарған қызметтеріне қарай: исбиджабилық әһлі хадисшілер және Исбиджаб құқықшылары (фақиһшылар) деп екі топқа бөліп қарастырдық.

Исбиджабилық әһлі хадисшілер:

Исбиджабтық хадисшілердің өзін: Исбиджабтың өзінде дүниеге келген тұлғалар (олардың саны жетеу) Исбиджабқа басқа өлкелерден келгендер (олардың саны үшеу) деп екі топқа бөліп қарастырдық.

I топта: *Бірінші*, әл-Қади Джамал ад-дин әл-Исбиджаби (фақиһ не мухаддис екені көрсетілмеген, алайда, біздің тұжырымдарымыздың негізінде мухаддистер тобына кіргіздік, себебі фикһ еңбектерінде бұл кісінің есімін кездестіре алмадық) [34, т.4, б. 133].

Екінші, ‘Абд әл-Мауджуд ибн Наср әл-Әдиб әл-Исбиджаби (бұл кісі де ‘Әли ибн Әби Талибтен келген хадисті жеткізушілердің тізбегінде аталған) [6, б. 320].

Үшінші, Ғалиб ибн Хатим әл-Қади әл-Исбиджаби (шамамен, х. 400жылдан кейін қ.б.). Самарқанға келіп, сонда Мухаммад ибн Аслам әл-Қадидан «Китаб әл-муктафа’» дан сабақ алып шыққан [6, б. 640].

Төртінші, Халим ибн әл-Уаддах әл-Исбиджаби.

Бесінші, әл-Хасан ибн Мансур әл-Исбиджаби (шамамен, X-XI ғасырда қ.б.) [6, б. 191].

Алтыншы, ‘Али ибн Хасан ибн Мансур ибн ‘Абдулла ибн Ахмад әл-Му‘аддиб әл-Мукри әл-Исбиджаби (380/990-991 жылдан кейін қ. б.). Ол әш-Шафи‘и фикһының өкілі Мухаммад ибн Йусуф және әл-Хасан ибн ‘Али әл-Майданилерден риуаят еткен. Екеуі де самарқандықтар. Ол Исбиджаб қаласының бір топ хадистанушылары (мухаддис) мен ғұламаларының бірі болған. Абу Са‘д әл-Идриси: ‘Али ибн Хасан ибн Мансур әл-Мукри жайлы: «Ол хадис білімін үйренуде белсенді болып, көп жазған тұлға. Алайда, бізге әріптестеріміз ол турасында: «Ол өзі кездестірмеген кісілерден хадис жеткізеді, хадистерді ұрлайды және олардың санына қатысты қосып сөйлейді», – деп

айтқан деген. Сонымен қатар әл-Мукри Зафар ибн әл-Ләйс әл-Исбиджабиден, Муджахид ибн А'йан және Хорасан мен Ирақ өкілдерінің бір топ мухаддистерінен риуаят еткен [44, б. 301]. Бұл кісінің ныспысы Наджм әд-дин 'Умар ибн Мухаммад ибн Ахмад ән-Насафидің «әл-Қанд фи зикр 'улама Самарқанд» шығармасында Хасан ибн Мансур әл-Мукри есімімен берілген, алайда, оны ән-Насафи Исбиджабқа тиесілі етіп жазбаған. Тек Исбиджаб қаласында тұрып хадис жеткізді деген.

Жетінші, Зафар ибн әл-Ләйс әл-Исбиджаби [44, б. 301].

II топта: *Бірінші*, Абу Мухаммад 'Абдулла ибн Мухаммад ибн Махмуд ибн 'Убайд әс-Самарқанди. Исбиджаб қаласында туылмаған. Алайда, Исбиджабқа Самарқаннан келген. Исбиджабта өмір сүрген және хадис ілімімен айналысқан. Ғұмырының соңғы күндерін Исбиджабта өткізген және сонда қайтыс болған.

Екінші, Әбу-л-Қасим 'Абдулла ибн 'Уджайф әл-фақиһ әш-Шумани [6, б. 301]. Қайтыс болған жылы берілмеген. Адамдардың арасында үлкен құрметке ие болған мухаддис. Самарқаннан кетіп, Исбиджабқа келген.

Үшінші, Абу-л-Хасан 'Ади ибн 'Абдаллах ибн Мухаммад ибн Джа'фар ибн Рузайн әл-Джурджани [34, т.3, б. 29]. Мухаддис болған. Исбиджаб қаласында тұрған. Самарқандағы исбиджабтық әһлі хадис иелерімен тығыз байланыста болған.

Исбиджаб құқықшылары:

Біздің зерттеулеріміздің негізінде, исбиджабилер тек ханафи мазһабы ғана емес, сонымен қатар шафи'и мазһаб ғұламалары да болды. Шафи'и мазһабын ұстанған фақиһ исбиджабилердің есімдері әлі де толық анықталмай отыр. Сол себепті Исбиджаб қаласынан шыққан ханафи ғұламаларының ислам тарихында, оның ішінде ханафи фикһында атқарған қызметтеріне тоқталдық.

Исбиджаб ғұламалары мен ойшылдарына қатысты (осы уақытқа дейін үш исбиджаби және олардың аты-жөні, туған жылы, жазған кейбір еңбектері) турасында үстіртін мәліметтер айтылып келді. Жоғарыда айтылған исбиджабилердің барлығын қамтитын толыққанды мәліметтер әлі де анықталмай отыр. Сол себепті зерттеулеріміздегі деректерге сүйене отырып, Исбиджаб қаласының ислам құқықшыларына тоқталсақ. Негізгі орта ғасырлық құнды мәліметтер мен деректерді осы ислам құқығымен айналысқан ғұламалар тарихын зерттеу нәтижесінде қол жеткіздік. Осы уақытқа дейін анықталып отырған фақиһшылардың саны жетеу:

Бірінші, Абу Наср Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби әл-Қади (480/1087 қ.б.ж.) Қарахан мемлекетінің діни саясатында үлкен орынға ие болған тұлға. Шамамен, Самарқанды билеген Қарахан басшылары Ибрахим I (Бөрі-тегин Тамғач хан) (444-1052/460-1068) және Наср I (460-1068/472-1080) хандарының билігі тұсында жоғары дәрежеге көтеріліп, Самарқан шаһарында муфти болып қызмет атқарған. Самарқан қаласындағы ғалымдармен пікірталастырып, шәкірттер мен ислам құқықшыларына сабақ берген [45, б. 139]. «Халықпен тығыз араласа келе, олардың құрметіне бөленген. Самарқанның жергілікті ғұламаларымен әртүрлі фикһи мәселелерде пікір-таластарға түскен құқықшы (фақиһ) ғалым. Ол дүние салған соң, үйіне жасырып қойған бір сандық

пәтуалар жинағы табылған. Онда өз замандастары ислам құқықшыларының қателерін тауып, өзі дұрыс жауаптарын жазған. Оларға (жергілікті құқықшыларға) нұқсан тигізбейін деген оймен (пәтуалар жинағын) жасырған. Ол пәтуаларды сандыққа салып, қолданушыларға тастамауындағы мақсаты, олардың бүлікке себепші болуларынан сескенген» [46, б. 702]. Тарихи дереккөз кітаптарында оның бірнеше шығармалары аталады. Мысалы: «Шарх Мухтасар ат-Тахауи», «әл-Фатауа», «әл-Джами‘ ас-сағир ли-ш-Шайбани» және «Шарх әл-Кафи». Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби 484/1091 жылы Батыс қағандығының басшысы Йа‘қубтың (482-1089/488-1095) билігі тұсында Самарқан қаласында бақилық болған.

Екінші, Минхадж әд-дин Абу-л-‘Аббас Ахмад ибн Мухаммад ибн Мухаммад әл-Исбиджаби әл-Фақиһ [46, т. 3, б. 89]. Оның атағына қарап, ислам құқықшысы болған деп тұжырымдаймыз. Ғұлама ислам құқығымен қатар әдебиетші де болған. Оның өмірі мен шығармашылығы турасында мағлұматтар шектеулі.

Үшінші, Исбиджаб өкілі Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби (500/1106–1107 ж.қ.б.). Ол Исбиджаб қаласында туылып, кейін Самарқанға келіп, сондағы карахандардың діни саясатына тікелей араласқан құқықшы (фақиһ) ғалым. Исбиджабта білім алған ол, Самарқан қаласының «шайх әл-ислам» атағына қол жеткізген. Ол Бағдад қаласының ханафи ғұламасы Әбу-л-Хусайн әл-Қудуридің (428/1037 ж.қ.б.) «Мухтасар әл-Қудури» шығармасын таңдап, оған түсіндірме (шарх) берген. Оның фикһ шығармасы Самарқанда өз оқырмандарын тауып, кең айналымға түскен. Ол шығармасын «ислам құқықшыларына азық» («Зад әл-фуқаһа’») деп атаған. Аталмыш шығарма нұсқаларының бірінде («Birinci Serez» 722) бұл еңбектің қай жерде көшірілгендігі көрсетілген. Ол – Дамған қаласы (қазіргі таңда Иран Республикасының Симаң провинциясында орналасқан). Шығарманың келесі бір нұсқаларында («Veliiyuuddin Efendi» 1176 және «Feuzullah Efendi» 795) уақыф мөрлерінен шығарманың шайх әл-ислам уақыфтарында сақталғандығын көруге болады. Келесі («Yeni Cami» 466 және «Laleli» 1001) нұсқаларынан шығарманың Осман сұлтандарының уақыфтарында сақталғанын байқаймыз. Бұл мәлімдемелерден әл-Исбиджабидің «Зад әл-фуқаһа’» шығармасы XIV-XVI ғасырларда Орталық Азиядан тыс, Иран мен Кіші Азия аумақтарына таралғанын көруге болады [47, п. 2]. «Мухтасар әл-Қудури» мәтініне жазылған әл-Исбиджабидің шығармасы «Зад әл-фуқаһа’» ханафи еңбектерінің ішінде құрметті саналатын (кітаб му‘табар) төрт еңбектің бірі болып есептелген. Шығарма ханафи ислам құқығы (фикһ) бойынша оқу құралына айналған. Еңбек Орталық Азияның Таяу Шығысындағы Ауғанстан, Үндістан және Қытай сияқты елдерде көптеген ғасырлар бойы оқытылып келген [47, п. 10].

Төртінші, Ахмад ибн ‘Умар ибн әл-Хусайн әл-Хатиби әл-Исбиджаби (582/ж. қ. б.). Оның есімін тарихи биографиялық еңбектерден кездестіре алмадық. Алайда, Самарқан қаласында орналасқан «Чакар-Диза» мазар тастарының ішінен оның есімі анықталып отыр. Мазар құлпытасының бетінде:

«Бұл қабір аш-Шайх әл-имам, сыйлы, ең абзал, ең жомарт, ең құрметті ең таза, ең сүйкімді, дара, тақуа ғалым, діннің кемелдігі, қарилердің алды, ғұламалардың мәртебелісі Ахмад ибн ‘Умар ибн әл-Хусайн әл-Хатиби әл-Исбиджаби, Алла оны және оның ата-анасын, мұсылман ерлер мен мұсылман әйелдерді және мүмін ерлер мен мүмін әйелдерді кешіргей! 582 жылдың джумала I айының ортасында дүниеден өткен», – деп жазылған [43].

Бесінші, Хусам ад-дин Әбу-л-Мафахир ‘Умар ибн Бұрхан әл-Исбиджаби. Оның шығармасы «Мухтасар фи хилафийат әл-мабсут» – «Кеңейтілген таласты мәселелер жайлы қысқаша (трактат)», деп аталады. Көлемі 310 бетті құрайды. Автордың өмірі жайлы мәліметтер кездестіре алмадық [48].

Алтыншы, Хаджж Махмуд әл-Исбиджаби. Оның қолжазбасы «Тазкират әл-аулия тарджимасы» – «Әулие өмірбаянының аудармасы» Сулеймания кітапханасында сақтаулы тұр. Өмірбаяны турасында мағлұматтар жоқ [48].

Жетінші, Әбу-л-Хасан ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил ибн ‘Али ибн Ахмад ибн Мухаммад ибн Исхақ ас-Самарқанди әл-Исбиджаби [40, б. 570]. Ол Исбиджабта (454/1062 ж.) дүниеге келген шейх әл-ислам [49, т. 1, б. 363]. Самарқан шаһарында (535/1141 ж.) дүние салған. «Мауараннаһр жерінде Әбу Ханифа мазһабын одан жақсы білетін тұлға болмаған. Білім беру жолында ұзақ өмір сүрді» [34, б. 213]. Бұл жетінші нөмірлі Исбиджаб қаласының тумасы және оның фикһ еңбегі («Шарх Мухтасар ат-Тахауи») біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны болып отыр, сондықтан оған қатысты мәліметтер келесі бөлімдерде рет-ретімен беріледі.

Исбиджаб ғұламалары екі бағытта да (фикһ және хадис) белсенділіктерін көрсете білген. Жоғарыда есімдері аталған 17 исбиджабилердің басым көпшілігі қарахандардың тұсында өмір сүрген. Ал кейінгі ғасырларда өмір сүрген исбиджабтықтар немесе сайрамылдер есімдерімен танымал болған ғұламалардың саны өте көп. Олардың өмірлері мен қайраткерліктеріне қатысты орасан ғылыми жұмыс жазуға болады [50].

Исбиджаб ғұламаларына қатысты атрибуция мәселесі

Зерттеліп отырған жұмыс материалдары (қолжазба және оның нұсқалары) араб тілінде болғандықтан, біз осы еңбектерді негізге ала отырып, ғұламаның есіміне қатысты бір тұжырымдамаға келдік. Ғұлама есімі бүгінге дейін тарихи биографиялық әдебиеттерде әртүрлі жолмен: мысалға, әл-Исфиджаби, әл-Испиджаби, әл-Сапиджаби және т.б. болып жазылып келді. Біздің қолымыздағы біршама нұсқалардың барлығында «әл-Исбиджаби» сөзінің араб тіліндегі нұсқасында үшінші әрпі «б» мен жазылғанын негізге алып және ғұламаның көне қолжазба нұсқасында өзінің қолымен жазған үлгісінде де «б» әрпімен жазғанын көреміз. Міне, араб мәтінінде келген мәліметтерге сүйене отырып, біз ғұламаның есімі ныспысына қарай әл-Исбиджаби болған деп тұжырымдаймыз. Себебі бұл мәселеге қатысты қазақ тілінде жарық көрген кейбір әдеби тіл сөздіктерінде Исбиджаб қаласының атауының жазылуына қатысты нақты дерек таппадық [51]. Сонымен қатар арабша-қазақша сөздіктеде бұған қатысты мәлімет жоқ [52]. Бұған қоса араб тіліндегі түсіндірме сөздікте «Исбиджаб» турасында мәлімет келтірмеген [53].

Жоғарыда есімдері аталған исбиджабилік ғұламаларға қатысты дау-дамайлар да бар. Әсіресе, кателесу мен шатасулар ислам құқығы (фикһ) саласына қатысы бар исбиджабилерге қатысты туындауда. Ислам құқығы (фикһ) саласындағы «әл-Мухтасар фи-л-фикһ» еңбегіне жазылған түсіндірме (шарх) шығармалар тарихи-биографиялық әдебиеттерді (табақат, тараджим) құрастырушылары жағынан исбиджабтық ғұламалардың бірнешеуіне орта ғасырлардан бері телініп келеді. Бұл тұжырымдамалар Қазақстаннан алыс өңірде өмір сүрген араб және түрік ғалымдарының XIV–XX ғасырлар арасында жазған тарихи-биографиялық деректерінен бастау алады. Кейінгі зерттеулер де осы шатасулардан тұратын тұжырымдамаларға негізделіп келеді. Бұл кемшіліктерді анықтау және олардың дұрыс шешімін беру мәселелері Қазақстан тарихы мен діндер тарихы сынды бағыттар үшін үлкен маңызға ие болып отыр. Себебі жергілікті ғұламалар өмірі мен олардың жазған еңбектерін аутентик (түпнұсқа) дерек ретінде пайдалану басты міндет болып тұр. Тарихи-биографиялық әдебиеттердің мәліметтері мен шығармалардың өз болмысы арасында қайшылықтар сақталып келеді. Осы қайшылықтарды шешу диссертациямыздың негізгі мақсаттарының бірі саналады.

Әлемдік қолжазба қорларындағы исбиджабтық ғалымдардың есімдері

Осман империясының билігі кезінде жинақталған ислам мұраларына бай, әлемдегі ең үлкен орталық болып саналатын Түркия Республикасының қолжазба қорындағы мәліметтер біздің зерттеуімізге тікелей байланысты. Стамбул қаласының қорларында исбиджабилердің еңбектерінің қолжазба нұсқалары үшін толтырылған парақшаларда (фишка, карточка) шатасуларды кездестіреміз. Мысалы, Әбу Джа‘фар ат-Тахауидің (321/933 ж.қ.б.) «әл-Мухтасар фи-л-фикһ» шығармасына жазылған түсіндірменің (шарх) авторлығы алты исбиджабилік ғалымға:

1) Ахмад ибн Мансұр әл-Музаффари әл-Ханафи әл-Исбиджабиге (Süleymaniye Devlet Kütüphanesi, Carullah 682);

2) ‘Ала’ әд-дин ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил әл-Ханафи әл-Исбиджабиге (Süleymaniye Devlet Kütüphanesi, Damad Ibrahim 562);

3) Ахмад ибн Мансұр әл-Исбиджабиге (Süleymaniye Devlet Kütüphanesi, Fazil Ahmed Paşa 588);

4) Баха’ әд-дин ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабиге (Millet Genel Kütüphanesi, Feyzullah Efendi 803);

5) Шейх әл-ислам ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘илге (Süleymaniye Devlet Kütüphanesi, Atif Efendi 898);

6) Мухаммад ибн Ахмад әл-Ходжанди әл-Исбиджабиге (Beyazıt Devlet Kütüphanesi, Beyazit 18868) телінеді.

Жоғарыда келтірілген есімдерге қатысты шатасуларды үшке бөліп қарастыруға болады:

1. Авторлардың жеке есімдеріне байланысты. Берілген түсіндірме (шарх) авторлары ретінде фишкаларда жалпы алты ғұламаның есімдері келтірілген. Шындығында, бұл жерде жеке есім жағынан үш исбиджабтық ғалым: а) Ахмад ибн Мансұр әл-Музаффари әл-Исбиджаби (484/1091 ж.қ.б.); ә) ‘Али ибн

Мухаммад ибн Исма‘ил эл-Исбиджаби (353/1141 ж.қ.б.); б) Мухаммад ибн Ахмад эл-Исбиджаби (500/1106 жылдан кейін қ.б.) сөз етіледі.

2. Исбиджабтық ғұламалардың лақаптарына қатысты. Исбиджаб ғұламаларының жеке есімдерінен мәлім болған үш ғұламаға үш лақап таңылып келген. Олар: Баха’ әд-дин, ‘Ала’ әд-дин, Шайх ал-ислам лақаптары.

3. Ныспыларына қатысты. Исбиджабтық алты ғұламаның негізгі шатасуы ныспыларға қатысты орын алады. Олар: эл-Исбиджаби, эл-Ходжанди, эл-Музаффариди.

1. Исбиджаби есімдерінің шатасу себептері

Тарихи-биографиялық әдебиеттердің бірі «эл-Джавахир эл-мудийа фи табақат эл-ханафийа» еңбегінде ислам құқығы (фиқһ) саласына арналып жазылған «Мухтасар ат-Тахауи» шығармасына түсіндірме (шарх) жазған Ахмад ибн Мансур эл-Музаффариди эл-Исбиджаби (484/1091 ж.қ.б.) деп тұжырымдама жасағандардың алғашқысы эл-Қураши тұғын. Эл-Қурашиға сілтеме жасаған көптеген зерттеулер бұл шатасудың ары қарай өрши түсуіне себеп болған. Осындай шатасулар қолжазба қорларындағы фишкаларға да әсер еткен. Фишка құрастырушылар эл-Қурашидің айтқандарына негізделіп, аталмыш шығарма авторы ретінде Ахмад ибн Мансур эл-Музаффариді атаған. Алайда, «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» қолжазба нұсқаларының мәтіндерінде шығарма авторы ретінде ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил эл-Исбиджаби (353/1141 ж.қ.б.) келтірілгенінде еш күмән жоқ [34, т.1, б. 336–337].

Сонымен қатар ат-Тахауидің еңбегіне түсіндірме жазған Мухаммад ибн Ахмад эл-Исбиджаби (500/1106 жылдан кейін қ.б.) есіміне шатасып тиесілі етілуінің басты себебі шығарма нұсқаларының форзац, нахзац және колофон парақтарындағы мәліметтерге сүйенген фишка құрастырушылар себебінен орын алғанын шығарма нұсқаларындағы мәтіндердің бірінен көруге болады [47, п. 386]. Себебі фишка мәліметтерін құрастырушылар аталмыш шығарманың нұсқаларының мәтініне терең үңілместен, қолжазба нұсқаларының сыртқы сипаттамасына қарап, фишка мәліметтерін толтырған.

2. Исбиджаб ғұламаларының лақаптарына қатысты орын алған шатасулар

Исбиджаб қаласының ғұламаларының лақап мәселелеріне қатысты шатасулардың да алғашқы бастамасы тарихи-биографиялық әдебиеттерден бастау алады. «Баһа’ әд-дин» лақабы да тарихи-биографиялық әдебиеттерде ‘Али ибн Мухаммад эл-Исбиджабиға тағылып келген. Бұл шатасулар «Мифтах ас-са‘ада уа мисбах ас-сийада», «Му‘джам эл-му‘аллифин» [55, т. 7, б. 183], «Кашф эз-зунун» [54, т. 2, б. 1627] еңбектерінде орын алған. Алайда, бұл лақаптың шынайы иесі «Мухтасар эл-Қудури»-ға түсіндірме (шарх) жазған, «Зад эл-фуқафа’» шығармасының авторы Мухаммад ибн Ахмад эл-Исбиджабиға (500/1106 жылдан кейін қ.б.) тиесілі. Негізінде «Баха’ әд-дин» исбиджабтық ғұламалардың арасындағы ең көп тараған лақап есімі саналған. Ал «‘Ала’ әд-дин» лақабы көпшіліктің ортасында таныла қоймаған. Міне, осындай себептердің негізінде эл-Исбиджаби шығармасының авторына екі лақап есімі тағылып келген. Алайда, шығарма нұсқаларының мәтіндерінде ‘Али

ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің осы «Баха' әд-дин» лақабымен аталған жағдайлары кездеспейді.

3. *Исбиджаби ғұламаларының ныспыларындағы шатасулар*

Әл-Исбиджаби ныспысына тоқталсақ. Ныспы сөзі кісінің туылған немесе өмір сүрген жерлеріне қарай аталатын болған. Әрбір ғұламаның есімінен кейін әл-Исбиджаби ныспысы бірге қосыла жазылған. Исбиджаб ғұламалары айтарлықтай көп болмаған, сондықтан «исбиджаби» ныспысын кездестіргендердің ойларына бір ғана Исбиджаб ғалымына қатысты мәселе көтеріліп жатыр деп есептеген.

Әл-Ходжанди ныспысына қатысты мәліметтер тарихи-биографиялық әдебиеттердің бірінде Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджабиға таңылып келген [54, т. 2, б. 1628]. Бұған қоса «әл-Худжанди» ныспысы қолжазба нұсқаларының бірінің титулді бетінде жазылған [47, п. 1^а]. Бұл қолжазба нұсқасы қателікпен Мухаммад ибн Ахмадқа телінген. Ғұламаның Ходжанд қаласына барғаны немесе сабақ бергені турасында мәліметтер кездеспеген. Деректерде оның Исбиджаб қаласы мен Самарқан қалаларында өмір сүргені, қайраткерлікпен айналысқаны ғана айтылған. Әл-Исбиджабидің әл-Ходжанди ныспысына қатысты мәлімет әлі де болса толыққанды зерттеулерді қажет етіп отыр.

Әл-Музаффари ныспысына қатысты шатасулардың себептері келесідей. Жоғарыда айтылғандай әл-Музаффари ныспысымен Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби танымал болған. Әл-Музаффари ныспысының өзі табақат еңбектерінде әртүрлі етіп берілген. Мысалға: Хаджжи Халифа «Кашф аз-зунун» еңбегінде оның есімін шейх әл-хафиз Әбу Наср Ахмад ибн Мансур ат-Табари ныспысымен [39, б. 1219], сонымен қатар «ат-Таффри» ныспысымен де атаған. Дереккөздердегі бұл ныспылардың барлығы әл-Музаффар, ат-Туффри және ат-Табари Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабиға тиесілі айтылғаны анық.

Әл-Исбиджабиға тиесілі болып келген «әл-Музаффари» ныспысына қатысты түзетуге тоқталсақ. Бүгінде анықталып отырған жаңа мәліметтерге назар аударсақ. Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабидің есімі мен қайтыс болған жылына қатысты атрибуция жасалып, аталған мәселеде нақты есімі мен ныспысы, қайтыс болған жері мен жылы анықталды. Бұған Самарқандағы «Чакар-Диза» зиратында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде ол жерден табылған құлпытас мәтіні жатады. Тас мәтіні куфи жазуымен орындалған. Тастың төменгі жағы аздап сынған. Құлпытастың палеографиялық белгілері Самани дәуіріне келеді. Тас мәтінінде: «Бұл мазарда шейх, фақих, имам әл-хафиз Әбу Наср Ахмад ибн Мансур аз-Зафари әл-Исбиджаби 484/1091 жылдың джумада I айының сегізі, сәрсенбіде жерленген, Алла қабірін нұрландырсын», – делінген [43]. Тарихи-биографиялық әдебиеттер еңбектеріндегі келтірілген мәліметтермен салыстырғанда, мазар тасына қашап жазылған ғұламаға қатысты мәліметтер сенімділік жағынан бірінші орынға шығады. Қабір тасындағы мәлімдемелерді негізге ала отырып, Қазақ жерінен шыққан ортағасырлық ғұлама есімін: Әбу Наср Ахмад ибн Мансур, ныспысы аз-Зафари, әл-Исбиджаби, қайтыс болған жері Самарқан, қайтыс болған күні *джумада I айының сегізі сәрсенбі 484/1091 ж. 28 маусым* екені анықталып

отыр. Осы жаңа мәліметтерден келесідей қорытынды шығады. Ахмад ибн Мансурдың дұрыс ныспысы аз-Зафари. Тарихи-биографиялық әдебиеттерде Ахметтің ныспысына қатысты нұсқалар қате екені анықталды. Сол сияқты қайтыс болған жылы 480 емес, 484 жыл екені анықталды. Сонымен қатар ғұламаның Самарқан шаһарында жамбасы жерге тигені мәлім болды.

Исбиджаби ғұламалар ортасынына қатысты зерттеу жұмыстарының барысында, Исбиджаб қаласынан шыққан он жеті ғұлама есімдері мен маманданған салалары мәлім болды. Әл-Исбиджаби шығармасының әлемдік кітапхана қорларында сақталған атаулары мен нөмірлеріндегі қателіктердің орын алу себеп-салдары мен оған апаруға итермелеген жолдарды атап көрсеттік. Сонымен қатар Ахмад ибн Мансур аз-Зафари әл-Исбиджабидің (484/1091 ж. қ. б.) есімі мен қайтыс болған жылдарына қатысты тарихи-биографиялық әдебиеттерде орын алып жүрген қателіктер мен шатасуларды анықтап, шатасуларға құлпытастағы жаңа деректің негізінде дұрыс шешімін бердік.

1.3 Әл-Исбиджабидің өмірі мен қайраткерлігі

Біз қарастырып отырған орта ғасыр ғұламасы, Әбу Ханифа мазһабының өкілі (ханафи), ислам заңгері (фақих) – ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил әл-Исбиджаби. Ол – Қазақстанның қазіргі Сайрам, байырғы Исбиджаб қаласынан шыққан бірегей тұлға. Әл-Исбиджабидің есіміне қатысты «табақат» және «тараджим» жанрындағы тарихи-биографиялық кітаптарда оның есімін бір ауыздан: Әбу-л-Хасан ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил ибн ‘Али ибн Ахмад ибн Мухаммад ибн Исхақ ас-Самарқанди әл-Исбиджаби деп берген [34, б. 570]. Ғұлама есімін толығымен атайтын болсақ:

Жалқы есімі – ‘Али;

Әкесінің есімі – Мухаммад.

Тұрған және туылған жеріне қарай (ныспы) екі атпен машһүр болған:

а) Әл-Исбиджаби;

ә) Ас-Самарқанди.

Кунйасы – Әбу-л-Хасан (арабтарда бірінші туылған баланың атымен атау кунйа деп аталады).

Лақаптары (танымал есімдері):

а) Шайх әл-ислам;

ә) ‘Ала’ әд-дин;

б) Қутб әд-дин [55, т.1, б. 570].

Туған күні

Тарихи-биографиялық әдебиеттерде ғұламаның туылған уақытына қатысты екі көзқарас бар. *Біріншісі*, оның 454/1062 жылы дүниеге келгендігі [34, б. 570]. *Екіншісі*, оның 452/1060 жылы дүниеге келгендігі [56, т. 5, б. 697]. Екінші көзқарас бойынша пікір бір ғана тарихи-биографиялық әдебиетте ғана кездескен, ол – Исма‘ил Паша әл-Бағдадидің «Һадийат әл-‘арифин» еңбегі. Ал қалған тараджим еңбектерінің барлығында дерлік бірінші көзқарас құпталады. Исма‘ил Пашаның өмір сүрген ғасыры да оның әріптестерінен кейін

келгендігіне байланысты, ғұламаның бірінші көзқарас бойынша дүниеге келген жылы – 454/1062. Қорыта айтқанда ‘Али ибн Мухаммад 454 жылдың джумада 1 айының жетісі, аптаның дүйсенбісінде дүниеге келген (1062 жылдың 2-маусым айы).

Туылған жері:

Ғұламаның туылған жері– Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты көне Исбиджаб (қазіргі Сайрам) қаласы. Әл-Исбиджаби Қарахан қағаны Махмуд (451-467/1059-1074) Исбиджабқа билігін жүргізіп тұрғанда дүниеге келген. Әбу-л-Хасанның балалық шағы туған шаһарында өткен. Оның балалық шағынан бастап ғалым болып қалыптасқанға дейінгі өмірі Исбиджаб қаласымен тікелей байланысты. Яғни ол Исбиджаб ғұламаларының арасында өмір сүріп, солардан білім алған.

Әл-Исбиджабидің қайраткерлігі

Әл-Исбиджаби бала кезінен Исбиджаб қаласында тұрып, сонда жетілді. Ол Исбиджабтағы ғұламалардан білім алуда белгілі бір жоғары дәрежеге жеткесін ғана Самарқан қаласына келген. Шамамен, Қарахан әулетінің ханы Хасанның (467–496/1075–1103) билігі тұсында Исбиджаб қаласынан қарахандардың батыс қағанатының астанасы Самарқанға өткен. Ғұлама білім алуға ұзақ жылдарын жұмсаған. Оның білім жолындағы талабына қатысты келесідей деректер келген. Әл-Исбиджаби білім жолында жүргенде патшаның тақтан кетуіне байланысты оның білім алуы он екі жылға тоқтатылған [57, б. 77]. Әбу Са‘д ‘Абд әл-Карим ибн Мухаммад ас-Сам‘ани ал-Марвази аш-Шафи‘идің (563/1167 ж. қ.б.) айтуынша: «Мауараннаһр жерінде Әбу Ханифа мазһабын одан жақсы білетін тұлға болмаған. Білім беру жолында ұзақ өмір сүрді» [34, б. 213]. Тұжырымдама бойынша, Әл-Исбиджаби Самарқанды билеген Ахмад II (523–524/1129–1130), Хасан (524–526/1130–1132), Ибраһим II (526/1132) және Махмуд II (526–535/1132–1141) билігі тұсында, жоғары діни лауызымдарға қол жеткізген. Ұстаздықтан бастап, Самарқан қаласының бас муфтиі сынды ең жоғарғы діни қызметтерді атқарған. Дін қызметтерінде көп жылдар қызмет істеп, ақырында Шейх әл-ислам атағымен құрметтелген [34, т. 2, б. 591].

Әл-Исбиджабидің шәкірттері

Жоғарыда айтқанымыздай әл-Исбиджабидің атақты екі шәкірті тарихи-биографиялық әдебиеттерде аталған. Олар Әбу Са‘д әс-Сам‘ани (562/1166–1167 ж. қ. б.) және Бурхан әд-дин әл-Марғинани (593/1197 қ. б. ж.). Әс-Сам‘ани ұстазын мақтай келе: «Ханафи мазһабын одан жақсы білгір жан жоқ. Оның әртүрлі шәкірттері болған. Әл-Исбиджаби білім беру жолында ұзақ өмір сүрді, одан түрлі адамдар білім алды. Әл-Исбиджаби маған (әс-Сам‘аниға) одан естіген барлық білгендеріме сенімділік танытты, (иджаза) берді», – деген [46, т. 2, б. 591–592]. Бурхан әд-дин әл-Марғинанидің Мауараннаһр жеріндегі ұстаздарына деген құрметін оның «әл-Хидайа шарх бидайат әл-мубтади» атты еңбегінен байқауға болады. Онда әл-Марғинани өз ұстаздарын «әл-Машайихуна» (ұстаздарым)деп ерекше атаған [58, т. 1, б. 10].

Екінші шәкірті – Бурхан ад-дин Абу-л-Хасан ‘Али ибн Әби Бакр ибн ‘Абд ал-Джалил ал-Фарғани ар-Ришдани әл-Марғинаниді ол өзінің ұстазы туралы:

«Онымен «әл-Исбиджаби» ұзақ уақыт пікір таластырдым, оның сабақ беруінен және көзқарастарын білдіруінен өзіме көптеген пайдалар алдым. Одан «аз-Зийадат»тан, «ал-Мабсут»тан және «ал-Джами»тан көптеген пәтуалар үйрендім. Алла оған рақым етсін, ол маған пәтуа жасауға рұқсат ету арқылы мәртебемді көтерді. Осы мәселеде маған арнап кітапша жазды, алайда, өзінің атынан иджаза беруіме рұқсат етпеді. Ол турасында маған басқа да көптеген ұстаздарым айтатын еді», – деп айтқан [34, т. 2, б. 592].

Әбу Бакр ибн Ахмад ибн ‘Али ибн ‘Абд ал-Азиз ал-Балхи ас-Самарқанди ал-Ханафи. «Аз-Заһир» есімімен танымал болған, Балх қаласынан шыққан. Самарқан тұрғындарынан болған, құрметті фақиһ, имам Әбу Ханифа мазһабы бойынша муфти атанған. Фикһ ілімі бойынша имам Қутб ад-дин ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабиден сабақ алған [59, б. 1782].

Әл-Исбиджаби ұзақ өмір сүрген. Ол Самарқан қаласында жасы жетпіс тоғызға келгенде қайтыс болған. Қайтыс болған жылы 535 зулқа‘да айының 23 күні / 1141 жылдың он бесінші маусым күні. Оның еңбектерінің ішінде ғұламаның атын шығарып, бүкіл мұсылман ортасында есімін асқақтатқан туындыларының ең атақтысы, ислам құқығы (фикһ) саласына негізделіп жазылған «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі болып табылады. Бұл шығарманы негізге ала отырып жазылған ханафи фикһ туындыларының санында есеп жоқ. Сол фикһ туындыларының ішінде ханафи фикһында салмақты саналатындары қаншама.

Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасын негізге ала отырып жазылған фикһ кітаптары

Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегіндегі ерекшеліктерді және автордың жаңа тәсілін фикһ саласындағы көптеген ғалымдар басшылыққа алған. Сол еңбектер мен олардың авторларына тоқталсақ (әрбір еңбектен екі мәселені мысалға келтірдік).

«Бадаи‘ ас-санаи‘» еңбегінің «тазалық» бөлімінде, «маи‘ат» мәселесінде (таза судың өзі емес, алайда, суға араласқан қосындылар, мысалы: жеміс-жидек шырыны, т.б) әл-Исбиджабидің фикһи көзқарасын келтіріп, «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегін дереккөз ретінде пайдаланған [60, т. 1, б. 17].

Дәл осы еңбектің «намаз» бөлімінде, намазда қателік жіберген кісінің жасайтын «тілауат сәждесінің уақыты» мәселесінде де әл-Исбиджабидің еңбегіне сүйенгенін көреміз [60, т. 1, б. 191].

«ал-Мухит ал-бурхани фи-л-фикһ ан-ну‘мани» атты еңбегінің «ғұсыл» бөліміндегі «ақлафа» (сүндеттелмеген кісінің ғұсыл алу барысында, су тимеген жағдайы) мәселесінде ғұсыл саналады ма, жоқ па? деген сауалдарға әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегіне сүйенгенін көреміз [61, т. 1, б. 80].

Және екінші мәселеде, «Құрбандық пен аңшылық жасау» бөліміндегі аңға жіберілген саятшы итінің ұстап алып келген олжасына қатысты (егер ауланған олжа жартылай тірі болып, оны бауызап үлгерсе еті адал ма, жоқ па?) имам әл-Исбиджаби «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегінде имам Әбу Ханифа және

ханафи ғұламаларының ойынан бөлек, көпшілік ғұламалармен (джумһур) қосыла, Исбиджаби өзінің жеке ойын да білдірген [61, т. 6, б. 69].

«Әл-Ихтийар ли-та‘лил әл-мухтар» фикһ еңбегінің «нәзір» (нәзір ету немесе ант ішу) бөлімінде тыйым салынған арам (харам) іске ант беріп, нәзір ішуге қатысты сілтеме әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегіне бағытталып көрсетілген [62, т. 4, б. 78]. Бұл еңбекте әл-Исбиджабидің ойы бір ғана жерде келтірілген.

«Әл-‘Инайа фи шарх әл-һидайа» атты еңбекте «и‘тикаф» бөлімінің ішінде осы мәселеге қатысты мешіттердің тәртібін келтірген. Бұл мәселеде әл-Исбиджаби жалпы имамдардың атынан сөйлеген [63, т. 2, б. 394].

«Китаб әл-мудараба» бөлімінде сауда-саттықтағы екі кісінің бірігіп ақша шығарып, сол ақшаны шығарған екеуінің біріне қатысты мәселе. (мыс: екі кісі сауда мақсатында бірігіп ақша шығарса, ақшаны алып сауданы жүргізетін кісі белгілі бір себептермен ақшаны жоғалтып қойса, ол ақша аманат үкіміне кіріп, оның мойнында қарыз болмайды) деген мәселелерде әл-Исбиджабидің еңбегіне сүйенген [63, т. 8, б. 450].

«Әл-Джауаһир ән-наййира ‘ала мухтасар әл-кудури» бұндағы «хайд» бөліміндегі әйелде еттекір келген жағдайда Құранды ұстауға бола ма жоқ па? деген мәселеде әл-Исбиджабидің ойы айтылған [64, т. 1, б. 31].

Сол сияқты «зекет» бөліміндегі жылқы малынан зекет беру мәселесіне қатысты әл-Исбиджабидің ойы айтылған (егер жылқы екі жасқа келмесе, бір жылқының орнына екі дирхам береді) [64, т. 1, б. 120].

«Әл-Бидайа фи шарх әл-һидая» атты кітапта «мәсіге мәсіх тарту» мәселесі қозғалған. Бұған қатысты «Әл-Исбиджабидің үкімі күнненде жарық» деп келтірілген (үкімі өте күшті дегенді білдіреді) [65, т. 1, б. 571].

«Намаз бөліміндегі «Фатиха» сүресі мен бисмилла бір ма жоқ па?» деген мәселеде әл-Исбиджаби бисмилла фатихамен бірге (яғни фатиханың бір аяты) деген [65, т. 2, б. 192].

«Дурар ал-хуккам шарх ғурар ал-ахкам» еңбегі «қажылық» бөлімінің «қираат пен ат-таматту‘» бөліміндегі мутаматти‘ қажылығын жасаған кісі оразада үш күн ораза ұстап, қажылықты бітіргесін құрбандыққа ақша таппаған жағдайдың өзінде, құрбандық шалмайды. Оның құлшылығы дұрыс болады деген. Бұл да «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» дан алған [66, т. 1, б. 135].

Келесі мәселе «ұрлыққа» қатысты айтылған [66, т. 2, б. 83].

«Әл-Бахр ар-раиқ шарх канз әд-дақайқ уа минхат әл-Халиқ». Бұл еңбекте әл-Исбиджабидің «тазалық» бөліміне қатысты мәселелер алынған (өте терең мәселелерге кірген) [67, т. 1, б. 31].

Сол сияқты иленген иттің терісіне қатысты да айтқан. Оның тұжырымы бойынша иленген ит терісі – адал [67, т. 1, б. 107].

«Маджма‘ ал-әнһур фи шарх мултақа әл-абхур» еңбегіндегі «зекет» бөлімінде қойға қатысты зекеттің құны туралы баяндаған [68, т. 1, б. 199].

Сондай-ақ «зина» бөлімінде зинаның үкімінің түсуі туралы айтқан [68, т. 1, б. 592].

Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегіне сүйенген фикһ ғалымдары мен олардың еңбектерінен қысқаша әртүрлі мәселелерге қатысты екі мысал келтірдік. Алайда, әл-Исбиджабидің еңбектеріне сүйенген фикһ саласындағы еңбектер өте көп болғандықтан тек он шақты еңбекпен шектеліп, солкітаптардан мысалдар ұсындық.

Осыншама үлкен көлемдегі ислам құқығы (фикһ) еңбектерінің әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасына сүйеніп жазылғандығының өзі оның ханафи фикһында сенімді дереккөз екенін көрсетеді.

2 ӘЛ-ИСБИДЖАБИДІҢ ИСЛАМ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗЫЛҒАН ШЫҒАРМАСЫ – «ШАРХ МУХТАСАР АТ-ТАХАУИ»

2.1 «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегінің мұсылман әлеміндегі орны

Орта ғасырлардағы Орталық Азия өңіріндегі діни жағдай турасында бірден-бір құнды мәлімет беретін деректердің бірі, сол ғасырда өмір сүрген Исбиджаб қаласының ғұламасы ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби еңбегі – «Шарх Мухтасар ат-Тахауи». Бұл еңбек ислам құқығы «фиқһ» саласына арнап жазылған. XI-XII орта ғасырларда жазылған бұл еңбек діни ескерткіш ретінде ғана емес, сол ғасырлардағы деректерді өзіне қамтыған шығарма ретінде де қаралып, зерттелуі тиіс. Шығарма бойында орта ғасырларды қамтитын құнды фактілермен деректер бар екені сөзсіз. Дегенмен ол фактілерге қол жеткізу үшін ғылымда қалыптасқан арнайы қолжазбаларда қолданылатын зерттеу тәсілдерін қолдану керек. Шығармадан тікелей мәліметтер алу қиын. Себебі шығармадағы мәтіннен ортағасырлық діни жағдайды зерттеу және одан тікелей мәліметтер мен деректерге қол жеткізу үшін көптеген мәліметтерді салыстырып шығу қажет. Елімізде осы уақытқа дейін бұндай жиынтықты қамтыған араб тіліндегі қолжазба мәтіндерімен ғылыми жұмыстар аз жүргізілген. Дегенімен, ислам құқығына тікелей қатысты мәтіндерде де сол ғасырлардағы діни саясатқа қатысты құнды мәліметтер көптеп кездеседі. Шығармаға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде және ондағы деректермен мәліметтерді сұрыптауда келесідей жұмыстар жасалды:

Шығарманың нұсқаларын жинақтау жұмысы. Сирия, Ирак және Түркия елдерінен «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының он нұсқасы анықталды және ол нұсқалардың көшірмелері қолға алынды. Бұл шығарма нұсқаларына тарихи-филологиялық әдіс пен арнайы шығыс қолжазбаларына қолданылатын палеографиялық және кодикологиялық тәсілдер пайдаланылды. Бұл ғылыми тәсілдердің нәтижесінде ол нұсқаларды көшірген адамдар «хаттат», нұсқалардың көшірілген биографиялық орындары, сақталып келген патша сарайлары мен арнайы қорлардың «уақыф» нұсқаларға басылған мөрлер мен ондағы жазуларға талдау жүргізілді. Осындай тәсілдерді қолдану нәтижесінде қомақты деректерге қол жеткізілді.

Тарихи-биографиялық әдебиеттер мен шығарма колофоны, мұқабасы және форзац парақтарында ғұлама әл-Исбиджабидің түрлі атақтары мен ныспылары (тұрған қаласына қарай, сол қала есімімен аталуы, мыс: Самарқанди, Исбиджаби) оның XI-XII ғасырлардағы патшалармен қарым- қатынасы мен сол кездегі діни саясатқа қаншалықты қатысы болғаны турасында құнды деректер берді.

Шығармаға діни мәтін ретінде ғана емес, сонымен қатар табиғат, географиялық, климаттық, әдет-ғұрыптық, т.б. жағдайларға қатысты шолу жүргізілді, автордың келтірген мәселелеріне талдау жасалды. Сонымен қатар шығармаға тарихи-мәдени дерек тұрғысынан да талдау берілді.

Осы жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдерден жинақталған мәліметтерді қазіргі уақытта сенімді саналатын тарихи деректермен салыстыру нәтижесінде, өзіміздің өлкеміздегі тарихқа, діни жағдайға және діни саясатқа тікелей қатысы бар құнды деректерге қол жеткізілді. Шығарма қолжазба түрінде сақталғандықтан ондағы деректер мен мәліметтер сенімді және құнды саналады. Араб тіліндегі қолжазбаларға қолжеткізуде батыс шығыстанушыларының құрастырған каталог үлгісіндегі еңбектеріне жүгіндік. Олардың басында К. Броккельманн тұр. Сонымен қатар батыс тілінде жазылған еңбектер араб тілдеріне де аударылған, солардың бірі профессор Махмуд Фахми Хиджазидің де еңбектерін пайдаландық [69, б. 78].

Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі қолданбалы ислам құқығы (фуру' әл-фиқһ) мәселелеріне арналған. Ғұлама ханафи ислам құқығы (фиқһ) мәселелеріне арналған бұл шығармасын Самарқан қаласында жазған. Ол бұл еңбекті жазу барысында жергілікті Самарқан ғылым ортасына бейтаныс, сонау Мысыр жерінің ханафи ғұламасы Әбу Джа'фар ат-Тахауидің (238–321/852–933) «Мухтасар ат-Тахауи» атты еңбегін таңдап, ондағы мәтінге түсіндірме (шарх) жасаған. Алайда, ат-Тахауидің «Мухтасар»ына басқада көптеген әйгілі ғұламалар түсіндірме берген. Солардың ішінде атақтыларының бірі Әбу Бәкр Ахмад ибн 'Али әл-Джассас әр-Рази (370 ж.) қайтыс болған [70]. Фиқһ мамандарының пікірінше «фиқһ саласы бойынша («Шарх Мухтасар ат-Тахауи») кітабы автор есімінсіз сөз етілетін болса, онда бұл әл-Исбиджабидің («Шарх Мухтасар ат-Тахауи») кітабы деген сөз», – делінген [71]. Әйгілі неміс шығыстанушысы К. Броккельманн бұл еңбекті «әл-Мухтасар фи-л-фиқһ» деп атаған [72, т. 1, б. 174].

«Мухтасар ат-Тахауи» немесе «Әл-Мухтасар фи-л-фиқһ» шығармасының авторы

«Әл-Мухтасар фи-л-фиқһ» авторының толық есімі Ахмад ибн Мухаммад ибн Сәлама ибн 'Әбд әл-Малик ибн Сәләма ибн Сулайм ибн Сулайман ибн Джанаб әл-Әзди әл-Хажри әл-Мысри ат-Тахауи. Көпшілікке Әбу Джа'фар есімімен, сонымен қатар «ат-Тахауи» лақабымен де мәшһүр болған ғұлама. Мысырдың Са'д ауданына қарасты кішкентай «Таха» ауылынан шығуы Тахауи ныспы есімімен танылуына себеп болған [73, б. 121].

Имам ат-Тахауи Аббаситтер халифаты гүлдеп тұрғанда, халифа әл-Му'тасим Мухаммад ибн Харун ар-Рашидтің билік тұсында 238/852 жылы туылған. Имам ат-Тахауи сауатты да тәрбиелі отбасында дүниеге келген. Оның әкесі Мухаммад ибн Сәләмә білімді және әдебиетші, ал анасы шарифат заңнамаларын жақсы түсінетін фақих болған. Имам ат-Тахауидің нағашы көкесі шафиғи мазһабының атақты ғалымы әл-Музани (321/878 ж. қ. б.) еді. Осы нағашы көкесі имам ат-Тахауидің білімге деген қызығушылығы мен жігерін оятқан. Сол мақсатта «сенен түк шықпайды, сен алысқа шаппайсың» деген сөздерді айтып, бала ат-Тахауиді жігерлендірген. Имам ат-Тахауи Мысырда шафи'и мазһабының кең таралуына қарамастан, ханафи мазһабын таңдауына нағашысы Әл-Музани себепші болғанын айтады. Имам ат-Тахауидан, «сіз неге шафиғи мазһабын тастап, ханафи мазһабын таңдадыңыз?» – дегенде: «Бұған

менің нағашы көкемнің қатысы бар, себебі ол ханафи кітаптарына ұзақ үніліп карап отыратын, осыны көріп шафи‘и мазһабынан кеттім», – деп жауап берген [74, б. 233].

Ат-Тахауи алғашқыда өзінің фақиһ анасының қолынан білім нәрімен сусындаған, үлкейе келе имам Абу Зәкәрия Йахйа ибн Мухаммад ибн Ғамрустың қолында Құранды жаттап, Құран негіздері мен жазу ғылымынан тағлымды сіңірген. Міне, осыдан кейін ғана, ат-Тахауи әкесінен білім ала бастаған. Ол әкесінен араб тілі мен әдебиетін жақсы меңгерген. Сонымен қатар нағашы көкесі әл-Музаниден имам аш-Шафи‘идің сунандары мен хадис ілімін және хадистердің тізбегін жеткізген тұлғалар турасында сабақтар алған. Бала ат-Тахауидің білімге деген сүйіспеншілігі мен білім жолындағы алғашқы қадамдары өзінің отбасынан басталған. Ибн Халликанның айтуынша: «ат-Тахауидің шәфи‘и мазһабын тастап, ханафи мазһабына көшуіне оның нағашы көкесінің айтқан сөздері себеп болған». Имам ат-Тахауи жастайынан білімге құштар болып, көп ізденген. Білім алуда тек қана Мысыр ғалымдарымен шектелмей, ислам әлеміндегі ғалымдардан да сабақ алған. Имамның басқа қалаларға барып білім алғаны туралы деректер кездеспейді, тек кейбір тарихшылар имам ат-Тахауи 268 жылы Шам шаһарына сапар шеккені және бұл сапарында қазылардың қазысы атанған Әбу-л-Хазим лақабымен мәшһүр ‘Абд әл-Хамид ибн Джа‘фарды кездестіріп, одан сабақ алғаны туралы мәліметтер айтқан. Сонымен қатар ‘Асқалан мен Қудс және ‘Асқалан мен Дамаск арасында сапар шегіп, сол шаһар ғалымдарынан сабақ алғаны біздерге жеткен [75, т. 1, б. 274].

Имам ат-Тахауидің ұстаздары:

Ахмад ибн Шу‘айб ибн ‘Али ән-Нисани. Ол хадистерді жинақтаған «сунандар» хадис ілімінің маманы атанған.

Ахмад ибн Әби ‘Имран әл-Қады. Бұл ғалым «білімнің сенімді қайнар көзі» деген лақапқа ие болған.

Исхақ ибн Ибраһим ибн Йунус әл-Бағдади.

Исма‘ил ибн Йахйа әл-Музани (нағашы көкесі).

Бахр ибн Наср ибн Исхақ әл-Хаулани (имам аш-Шафи‘идің шәкірті болған).

Имам ат-Тахауидің ғасыры

Ат-Тахауидің өмір сүрген заманы хижраның үшінші жылы аббасилердің құлдырап бара жатқан дәуіріне тұспа-тұс келеді. Имам өмір сүрген кезде Аббаси халифаты саяси жақтан қатты құлдырап, әлсіреп, ел ішінде тұрақсыздық жайлаған. Тіпті, Аббаси халифатының атынан басқа беделі қалмаған кезең еді. Аббаситтердің билігінен кейін, негізі түрік болған тулундықтар билікке келді. Имам ат-Тахауи тулундықтардың: Ахмад ибн Тулун (254-270), Хамарауия ибн Ахмад (270-282), Әбу-л-‘Асәкир (282-283), Харун ибн Хамарауия (283-292) және Шайбан ибн Ахмад (292) сияқты бес халифасының билігі кезінде өмір сүрген.

Осы тулундық халифаларының кейбіреулерінің билігі тұсында ат-Тахауидің орны ерекше бағаланған. Бұндай құрметке ие болуына біріншіден,

тулундықтардың билік тұсында Мысыр халқы дінге қатты көңіл бөліп, ізгі сипаттарға ие бола білген. Олардың көпшілігі білімге зейін қойып, ғұламаларға деген құрметтері арта түскен. Екіншіден, ғалымдар да өз міндеттерін жақсы атқарып, халыққа білім беруге көп күш жұмсап, халықты жақсылыққа үндеген, жамандықтан тыйған, қоғамның алға басуына көп күш жұмсаған.

Имам ат-Тахауидің шәкірттеріне келетін болсақ, оның шәкірттері көп болған, шәкірттерінің ішінде ең атақтыларының бірі ретінде Әбу-л-Қасим ат-Табариді атасақ болады. Сонымен қатар Ахмад ибн әл-Қасим әл-Хашшаб, Әбу-л-Хасан Мухаммад ибн Ахмад әл-Ахмими, Йусуф әл-Майнаджи, Әбу Бәкр ибн әл-Муқри, Ахмад ибн ‘Абд әл-Уарис, ‘Абд әл-‘Азиз ибн Мухаммад әл-Джауһари, Мухаммад ибн Бәкр ибн Матрух және Мухаммад ибн әл-Хасан ибн ‘Умар ат-Танухи, т.б. есімді ғұламалар бар [76, т. 4, б. 353].

Имам ат-Тахауидің ханафи мазхабына қосқан үлесі өте үлкен. Имам ат-Тахауи турасында көптеген ғұламалар жақсы ойлар айтқан. Мысал ретінде Әбу Са‘ид ибн Йусуф өзінің «Мысыр ғалымдарының тарихы» атты еңбегінде ат-Тахауидің сенімді, берік фақиһ ғалым болғанын айтады. Ибн ‘Абд әл-Бардың айтуынша, имам ат-Тахауи куфалық мектепті ұстанған және фақиһшылардың мектептерінің барлығын жақсы білген. Ханафи мазхабында ең біріншілерден болып, фиқһ ілімін кітапқа түсірген. Йунус ибн Абд әл-А‘ланың айтуынша, ат-Тахауи имам Муслимнің, Әбу Дәуіттің, Ибн әл-Мәжәнің, ән-Нисайдің заманында өмір сүрген. Бәдір ал-‘Айнидің айтуынша, «Бухаридің қайтыс болған кезінде ат-Тахауидің жасы жиырма жетіде, ал имам Муслим дүние салғанда отыз екі жаста, Әбу Дәуіт дүниеден озған шағында қырық алты жаста, имам ат-Тирмизи қайтқанда елу жаста, ән-Ниса‘и қайтыс болғанда жетпіс төртте, Ибн Мәжә дүние салғанда қырық төртте және Ахмад ибн Ханбал дүние салғанда он екі жаста ғана еді», – деген. Тарихи-биографиялық әдебиеттерде «табақат, тараджим» кітаптарында имам ат-Тахауи турасында: «ат-Тахауи хадис, фиқһ, араб тілі мен оның грамматикасы сынды ілімдерді меңгеруде үлкен құлшыныс білдіретін. Сонымен қоса ғұламалардың тартыстарын да белсенді түрде зерттейтін», – делінген [77, т. 3, б. 239–240]. Осындай алғашқылардың дәуірінде өмір сүре жүріп, ғылымның сан алуан салаларынан сусындап, шәкірт тәрбиелеп, өзінен кейінгі келер ұрпаққа ислам ғылымдарының әртүрлі бағыттарында үлкен салмаққа бағаланатын еңбектер қалдырған ұлы тұлға.

Имам ат-Тахауи ислам үмбетіне «Китаб ма‘ани әл-асар» атты пайғамбар Мұхаммедтің сүннеті мен хадисі жайлы жазылған бағалы еңбектер қалдырған. Оған көптеген ғалымдар түсіндірмелер жазған. Солардың бірі – «Ахкам әл-Қуран» атты Құран үкімдеріне қатысты жиырмаға жуық бөлімнен тұратын еңбегі. «Ихтилаф ‘улама’ әл-амсар» – «Мысыр ғалымдарының тартысы» атты еңбегі шамамен, жүз отыз бөліктен тұрады. Фиқһ іліміндегі әлемге аты белгілі еңбегі «Мухтасар» ан-Наха‘и, ал-Ауза‘и, ас-Сәури, әл-Ләйс ибн Са‘д, Ибн Шубрума, Ибн Әби Ләйлә және Хасан ибн Хаи секілді төрт мазһаб имамдарының фиқһ мәселелеріндегі пікір таластарын іздеп тауып, соларды «мухтасарға» еңгізген. Сонымен қатар имам ат-Тахауи ислам саласында ақида

ілімінде құнды еңбектер қалдырған. Ақидаға (наным-сенім) қатысты «‘Ақида ат-Тахауиа» атымен белгілі болған еңбегі бар. Бұл еңбекке көптеген ескі де, заманауи да ғалымдар түсіндірмелер жазған және осы уақытқа дейін жазып келе жатқаны мәлім. Тарих саласында да терең зерттеулер жүргізіп, «Китаб ат-тарих әл-кабир» сынды құнды еңбектер қалдырған. Жеке ғалымдардың тұлғаларына қатысты жазған еңбектері де жеткілікті, олардың ішінде «Имам аш-Шафи‘иға» қатысты жазған шығармасын айтсақ болады. Ол – білім мен ғылым жолында орасан тер төккен ғұлама. Білім алып, ғылым ізденуде ол Мысыр, Марокко, Йемен, Басра, Куфа, Хиджаз (Араб түбегі), Шам және Хорасан елдеріндегі атақты ғұламалардан білім алған [78, б. 20].

Жоғарыда аталған еңбектер имам ат-Тахауидің еңбектерінің бір бөлігі ғана. Заманауи мысырлық ғалым Ра‘иб ас-Серджанидің айтуынша, «Имам ат-Тахауидің еңбектерінің ішінде біздің қолымыз жетпеген жиырма үш еңбегі тағы бар» [79].

Қорытындылай келе, имам ат-Тахауи Мысыр елінде басым көпшілігі шафи‘и мазхабын ұстанып жүрген ортадан ханафи мазхабына өтіп, ханафи мазхабын зерттеп-зерделеп, мұсылман үмбетіне ханафи мазхабында орны ерекше салмақты еңбектер қалдырған ұлы ғұлама. Имам ат-Тахауидің бір ғана еңбегі «Мұхтасар ат-Тахауиді» алатын болсақ, бұл еңбекке көптеген ғалымдар түсіндірме жазған. Солардың бірі – Әбу Бәкр Ахмад ибн ‘Али әл-Джассас әр-Рази (370/980–981 ж. қ. б.) Тахауидың еңбегін түсіндіру үшін сегіз томнан тұратын еңбек жазған. Солардың қатарында ханафилердің әйгілі ғұламасы Әбу Бәкр Мухаммад ибн Ахмад ибн Әби Сәһл Шамс әд-дин ас-Сарахси (490/1096–1097 ж. қ. б.) және т.б. бар.

Имам ат-Тахауидің ислам құқығы «фиқһ» саласын меңгерген баласы мен қызы болған және олардан немере сүйген. Имам ат-Тахауи хижраның 321 жылы бейсенбіге қараған түні жасы сексеннің екісіне келіп, дүниеден өткен. Каир қаласына қарасты әл-Қарафа елді мекенінде жерленген [78, б. 43].

Әл-Исбиджабидің Әбу Джа‘фар ат-Тахауидің «Мухтасар фи-л-фиқһ» атты ислам құқығына қатысты жазылған шығармасын таңдауы да тегін емес. Ат-Тахауи ислам дінінің алғашқы дәуірлеріне жақындау кезде өмір сүрген. Оның ғасырында ислам дінінің әртүрлі салаларынан хабардар атақты ғұламалар ғұмыр кешкен. Алғашқыда ат-Тахауи шафи‘и мазхабын ұстанса, уақыт өте келе көп ой жүгіртіп, терең салыстырулар жасай келе, ол шафи‘и мазхабынан бас тартып, ханафи мазхабына өтуді дұрыс көрген. Бұл шешімдері келешекте ат-Тахауидың ислам құқығы саласында жазған еңбектерінде көрініс тапқан. «Мухтасар фи-л-фиқһ» еңбегін таңдауда әл-Исбиджаби бұл жағдайларды да ескерген.

«Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасына қатысты шатасулар

Әл-Исбиджабидің шығармасына қатысты тарихи-биографиялық әдебиеттерде түрлі көзқарастар келтірілген. Соның ішінде ерекше шатасулардың бірі саналатын үлкен ғылыми мәселе – ол Исбиджаб қаласынан шыққан ғұламалардың бірнешеуіне осы шығарманың телінуі. Аталмыш

шатасулар мен қателіктерді жік-жігіне тарқатып, дұрыс шешімін беріп, дәйекті мағлұматтарға қол жеткізу үшін келесідей қадамдар жасалды:

Тарихи-биографиялық әдебиеттердегі мәліметтер толық жиналып, сұрыпталды;

Әл-Исбиджабидің шығармасына қатысты осы уақытқа дейін жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстар екшеленді;

Әлем кітапханаларындағы қолжазба қорларында сақталған шығарма және оның авторы турасындағы фишка мәліметтері тексерілді және жинақталды;

«Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының қолжазба нұсқалары жинақталып, олардың құрылымы мен мәтініне зерттеу жұмыстары жүргізілді.

І қадам бойынша тарихи-биографиялық әдебиеттердегі мәліметтерге тоқталсақ.

Тарихи-биографиялық әдебиеттердің ішінде көптеген басылымдарда жарық көрген, көпшілікке танымал еңбектердің бірі – Әбу-л-Уафа' әл-Қурашидің «Джауахир әл-мудийа» еңбегі. Әбу-л-Уафа' әл-Қурашидің мәліметінше, «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасын жазған Ахмад ибн Мансур Әбу Наср әл-Исбиджаби әл-Қади. Ол бұл мәліметтерді Әбу Хафс ән-Насафиден алдым деген [46, б. 335]. Сонымен қатар бұл шығармаға түсіндірме жазған Ахмад ибн Мансур әл-фақиһ, әл-хафиз, әл-Музаффари деп айтқан [46, б. 336]. Дәл осы авторды 'Умар Рида Каххала да өз еңбегінде атап көрсеткен. Ол: «Шығарманы жазған Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби әл-Ханафи Абу Наср фақиһ», – деген [55, т. 1-2, б. 183]. Сонымен қатар Каххала бұл еңбекке түсіндірме жазғандардың ішіне 'Али ибн Мухаммад ибн Исма'ил ибн 'Али әл-Исбиджабиды да (535 х.) жылы кіргізген.

Ал Хаджжи Халифа «әл-Мухтасар фи-л-фиқһ» шығармасына түсіндірме жазғандар: 'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби (535 ж. қ. б.); Абу Наср Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби (480 ж. қ. б.); имам әл-Кабир Ахмад ибн Мухаммад ибн Ахмад әл-Худжанди әл-Исбиджаби (қайтыс болған жылы көрсетілмеген) және Мухаммад ибн Ахмад әл-Худжанди әл-Исбиджаби (қайтыс болған жылы көрсетілмеген) деп, төрт исбиджабилық ғұлама есімін жазған [54, б. 1627–1628]. Бұған қоса Исма'ил Паша әл-Бағдади шығарма авторы ретінде бесінші исбиджабилық Мухаммад ибн Ахмад ибн Йусуф әл-Исбиджаби әл-Марғинаниді атаған [56, б. 105].

Жоғарыда аттары аталған Исбиджаб ғұламаларына «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегін тиесілі еткен авторларға жеке-жеке тоқталып өтсек:

Бірінші, әл-Қурашиға тоқталсақ, ол Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабиді (бір кісінің есімі) өзін екіге бөліп, екеуіне де шығарманы тиесілі еткен. Негізінде ол жерде бір ғана Ахмад есімі кездеседі. Әл-Қураши Насафидан мәліметтерді іздегенде қателесіп кеткен. Ахмадқа шығарманы Хаджжи Халифа да тиесілі еткен (Бұл мәселеге қатысты деректер қолжазбада келген).

Екінші, Исма'ил Паша әл-Бағдади шығарма авторы ретінде Мухаммад ибн Ахмад ибн Йусуф әл-Исбиджабиді көрсеткен.

Үшінші, Хаджжи Халифа шығарма авторы ретінде үшінші кісі Ахмад ибн Мухаммад ибн Ахмад әл-Худжанди әл-Исбиджабиді атаған.

Төртінші, ‘Умар Рида Каххала шығарма авторы ретінде ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабиді атаған. Шығарма Тарихи-биографиялық әдебиеттерде Исбиджаб қаласының төрт ғұламасына таңылып келген.

II қадам бойынша Әл-Исбиджабидің шығармасына қатысты осы уақытқа дейін жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының мәліметтеріне тоқталсақ:

Неміс шығыстанушысы Карл Броккельманн

Карл Броккельманнның «Geschichte der arabischen Litteratur» (Араб әдебиетінің тарихы) атты әйгілі шығармасында исбиджабилықтарға қатысты бірқатар мәліметтер келтірген. Броккельманн ат-Тахауидың еңбегін «әл-Мухтасар фи-л-фикһ» деп атаған [72, б. 173]. Оған түсіндірме жазған Баха’ әд-дин ас-Самарқанди (535/1140 қ.б.ж.) деп атап көрсеткен [72, т. 1, б. 174]. Осы бетке қосымшада, ол әл-Қурашидің «әл-Джауахир әл-мудийа» еңбегіне сүйеніп, шығармаға түсіндірме берген Ахмад ибн Мансұр әл-Исбиджаби (480/1087 қ.б.ж.) деген. Сонымен қатар қолжазба нұсқаларының сақталған қорларындағы Ахмад ибн Мансұрға тиесілі қолжазба нұсқаларын атаған, олар: Şehid Ali Paşa 815/816, Carullah 682/683, Molla Celebi 56. Schacht- тің көрсеткен нұсқаларына сілтеме жасаған, олар: Hafız Ali Paşa 16, Faizullah 803 [72, т. 1, б. 294].

Арабтар мен араб тілінде жазатын ғалымдар, сонымен қатар VII-XX ғасырлар арасындағы тарихшыларды зерттеген «Geschichte der syrischen und christlich arabischen Literatur» атты бүкіл шығыстанушылар ортасына әйгілі Карл Броккельманнның еңбегіндегі исбиджабилерге ғылыми талдау жасалды. Нәтижесінде XI-XIX ғасырлардағы тарихи-биографиялық еңбектерде аталып келген ат-Тахауидің «Мухтасар ат-Тахауи» шығармасын Броккельманн «әл-Мухтасар фи-л-фикһ» деп атаған. Ол, бұл шығарманың түсіндірмесіне (шарх) қатысты жүргізген зерттеулерінде келесідей шатасуларға бой алдырған. Бұл шатасуларды үшке бөліп қарастырса болады.

1) К.Броккельманн «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» авторы ретінде Баха’ әд-дин ас-Самарқандиді (535/1140 қ.б.ж.) көрсеткен.

2) Баха’ әд-дин лақабы Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджабиға (535/1140 қ.б.ж.) тиесілі екенін атап айтқан.

3) К. Броккельманн Ахмад ибн Мансұр әл-Исбиджабиді Şehid Ali Paşa 815/816, Carullah 682/683, Molla Celebi 56. Hafız Ali Paşa 16, Faizullah 8 қолжазба нұсқаларының авторы деп есептеген.

К. Броккельманнның «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» авторы ретінде Баха’ әд-динді көрсетуінің басты себебі, жоғарыда айтылған «Му‘жам әл-му’аллифин» еңбегінде жіберілген қателікті негізге алуында.

Оның Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби қайтыс болған жылын көрсетуінен, оның ‘Ала’ әд-дин ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби екені анық көрініп тұр. ‘Ала’ әд-дин ‘Али ибн Мухаммад қайтыс болған жылын хижра жыл санауынан миладиге өткізгенде қателескен 353 жыл 1141 жылға сәйкес келеді. Бұндай дәлдік ‘Ала’ әд-диннің қайтыс болған ай күндерінің тарихи-биографиялық әдебиеттерде анық көрсетілуімен тікелей байланысты.

Ол әл-Қурашидің «әл-Джауахир әл-мудийа» еңбегіне сүйеніп, шығармаға түсіндірме берген Ахмад ибн Мансұр әл-Исбиджаби (480/1087 ж. қ. б.) деген. Алайда, бұл шығарманың алғашқы авторы ретінде Ахмад ибн Мансұр аталғанымен, оның жазған қолжазба нұсқасы Самарқан қаласынан тыс жерге шықпаған, біздің заманымызға жетпеген немесе ауызша аталып келген. Броккельманның атап көрсеткен Şehid Ali Paşa 815/816, Carullah 682/683, Molla Celebi 56. Hafız Ali Paşa 16, Faizullah 8 шығарманың бес нұсқасының мәтінін зерттеу барысында, осындай тұжырымдама жасадық.

Қайс Ал Қайстың зерттеуі

Бұл тақырыпқа қатысты ХХ ғасырдың орта тұсында жазылған Қайс Ал Қайстің «әл-Иранийуна уә-л-әдаб әл-‘араби (Риджал фикһ әл-ханафийа)» атты зерттеу жұмысының қорытындыларына назар аударсақ. Ол «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасына түсіндірме берген әш-шейх Баха’ әд-дин ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил ибн ‘Али ибн Ахмад ибн Мухаммад ибн Исхақ әл-Исбиджаби ас-Самарқанди (535/1141 ж.қ.б.). «Шейх әл-ислам» атымен мәшһүр болған деген. Қайстың тұжырымдауынша, ол (әл-Исбиджаби) ханафилық ислам құқықшысы (фақиһ). Парсы еліне қарасты Самарқан қаласының тұрғындарынан болған [81, б. 157] деп жазған. Қайс әл-Исбиджабидің жоғарыда аталған еңбегінен басқа, «әл-Фатауа» сын және «әз-Зад» еңбектерін атап көрсеткен. «Әз-Зад» еңбегін Исма‘ил Паша әл-Бағдадидің «Хадийат әл-‘арифин» еңбегіне сілтеме беріп келтірген [81, б. 158].

Иран өкілі Қайстың зерттеулеріндегі мәлімдемелерге қарағанда, ол Броккельманның әл-Исбиджабидің ныспысына қатысты қатесін қайталаған.

Қайстің Самарқан парсылардың жерінде болды деген мәлімдемесінен Самарқан қаласы парсылардың жерінде орналасқан деп ойлауға болады. Бұл мәлімдемеден Қайстың Орта Азия, оның ішінде Самарқан, Исбиджаб сынды қалалардың топографиялық картасын білмеген немесе Самарқан сынды Орта Азия қалаларын парсылардың жер территориясына тиесілі етіп көрсеткісі келген.

Әл-Исбиджабидің «әл-Фатауасын» және «әз-Зад» сынды басқа еңбектерін де атап көрсеткен. Қайс ислам құқығына қатысты жазылған «әз-Зад» еңбегін ‘Али ибн Мухаммадқа тиесілі еткен. Шындығында, «әз-Зад» еңбегі Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджабиға тиесілі екені исбиджабилердің қолжазба нұсқаларына жасалған талдау барысында мәлім болды.

Йусуф Зыйа Кавакчы

Келесі түрік зерттеушісі Йусуф Зыйа Кавакчы «XI ve XII asırlarda Karahanlılar devrinde Mavera’ an-nahr İslam hukukçuları» (ХІ және ХІІ ғасырлардағы Қарахан дәуіріндегі Маураннаһр ислам құқықшылары) атты зерттеу жұмысында келесідей мәліметтер келтірген. «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегінің авторы ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил ибн ‘Али ибн Ахмад ас-Самарқанди әл-Исбиджаби екенін атаған (535/1141 ж. қ. б.). Кавакчы Броккельманның еңбегінен әл-Исбиджаби туралы дерек таба алмағандықтан, оның еңбегі әл-Исбиджаби турасында мәлімет бермейді деп мәлімдеген [82, б. 82]. Зыйа Кавакчы, Каххалаға негізделіп, «Фатауа», Лакнауиға негізделіп «әл-

Мабсут» және «Хадийат әл-‘арифин»ға сүйеніп, «әз-Зад» еңбектерін атаған [82, б. 84].

Кавакчидің тұжырымдарына келесідей сыни пікір айтылды: *Біріншіден*, Кавакчы шығыстанушы ғаламдарының арасында бірінші орын алатын атақты Броккельманның биографиялық анықтамасындағы исбиджабилер мен олардың шығармаларына қатысты мәліметтер жоқ деп тұжырымдама жасаған. *Екіншіден*, ол ислам құқығына қатысты жазылған «әз-Зад» еңбегін ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабиға тиесілі еткен.

Саффет Билхан ғылыми зерттеуі

Саффет Билхан Париж әлеуметтік ғылым және экономикалық университетінде (Париж II) 1973 жылы «Les juristes hanafites de L'asie Centrale a l'eroque Qarahanides» (Қарахандар кезеңіндегі Орталық Азия ханафи құқықшылары) тақырыбында докторлық жұмысын қорғаған.

Саффет Билхан аталмыш еңбегінде ат-Тахауиды ‘Убайдулла әл-Кархи еңбегіне түсіндірме жасап, осы жанрды бастаған алғашқы кісі ретінде көрсеткен. Әл-Кархидың «әл-Мухтасарына» үш кісі түсіндірме (шарх) жазды деген. Олар: әл-Мухтасар Қудури, әл-Исбиджаби (480/1088) және әл-Кирмани. Сілтемелерде: Murad Molla 904 (184 - п. 543/1149) Köprülü 540 (263 - п.; 530 қ.б.ж.), Atif 911 (253 - п.; 823 қ.б.ж.), Esad 964 (248 - п.; 988 қ.б.ж.) [83, б. 102] кітапхана қорларын көрсеткен. Сонымен қатар Мухаммад ибн Ахмад ибн Йусуф Баха’ әд-Дин әл-Исбиджаби әл-Ходжандиді (500/1006 ж. қ. б.) шамамен көрсеткен. Оның шығармалары Бұхара мен Самарқан сынды Маураннаһрдың қалаларында танымал болған. Олар: а) «Фатауа әл-Хаджанди». Бұл шығарманың қолжазба нұсқалары қалмаған. ә) «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі «Мухтасар ат-Тахауидің» түсіндірмесі болып табылады. Бұл еңбек ханафи фикһы бойынша оқулық болып есептеледі. Şehid Ali 815 (п. 227), 816 (554 жылы көшіріліп біткен п. 206) және «әл-Хауи» еңбегі туралы біз Köprülü 588 (I, II, 380-п.) қолжазба нұсқаларынан білдік [83, б. 237]. Оның сүйенген дереккөздері Құраши 11, 27; ас-Самани , әл-Ансаб Худжанди туралы бөлім, Хаджжи Халифа 1222; Сезгин I, б. 441 сілтеме жасаған. Және «‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил ибн ‘Али ибн Ахмад ибн Мухаммад ибн Исхақ әл-Исбиджаби ас-Самарқанди (454–535/1062–1140) туралы айта келе, оның шейх әл-ислам атағымен әйгілі болғанын атап көрсеткен. Оның еңбегі V-VI ғасырларда Куфа мен Бағдад қалаларындағы мектептің Маураннаһрдағы жалғасы деген [83, б. 262]. Ат-Тахауидің мухтасарына түсіндірме есебінде жазылған «Шарх әл-Мухтасар ат-Тахауи» бізге дейін жеткен жалғыз ғана танымал шығарма. Оның сақталған қорлары: Damad Ibrahim де сақталған 562 - нөмірлі (п. 218) қолжазба нұсқасы, бұл нұсқа автордың дүниеден өтуінен 31 жыл бұрын, яғни 504 жылы көшіріп жазылған деген [83, б. 262]. Сілтемелер: Carullah 682 (I, II, п. 172; 870 ж. көшірілген), 683 (581 ж. көшірілген); Murad Molla 56 (I, 260-п.); Feyzullah 803 (п. 470; IX ғ. көшірілген); Yeni Cami 457 (352-п.), 458 (701-п. 1011 ж. көш.) (I, 264–265); Hekim 344 (360-п. 938 ж. көш.); Atif 896 (418-п. 638 ж. көш.), 897 (п. 317 – XI ғ.көш.); Saray Ahmet III, 1057 (п. 338 – 777 ж. көш.). Қалған қолжазбаларының нұсқалары жоқ. Олар: Фатауа әл-

Исбиджаби; әл-Мабсут; Кітаб әз-Зад (сүйенген деректері: Фауа'ид әл-бахийа), 124; Кураши I, 370, 371; Білмен (Bilmen) I, 490; Каххала 183; Ташкөпру, Мифтах II, 138, 144; Ибн Қутлубуға 33; Le Strange 484; Хадийат әл- 'арифин I, 697; Sezgin I, 441; Хаджж Халифа 1571, 1422, 1627 [83, б. 264]. Келесі Мухаммад ибн Ахмад ибн Йусуф әл-Ходжанди әл-Исбиджаби. Ол Марғинан мен Исбиджабтан шықты деген (алтыншы ғасыр). Осы жерде Ибн Хауқалға сілтеме беріп, Исбиджаб Ферғана даласында деп көрсеткен. Және оның: «әл-Хауи» – «Зад әл-фуқаһа» және «Нисаб әл-Фуқаһа» атты еңбектерін атаған. Осында әл-Әзһар Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби әл-Ходжандиді де біз айтып отырған кісі болса керек деген. Ол: «Шарх әл-джамі' ас-сағир» еңбегін жазды», – деп мәлімдеген [83, б. 350–351].

Билханның исбиджабилерге қатысты жүргізген зерттеуі жоғарыда аталған зерттеулердің ішіндегі ауқымдысы және мәліметтері шындыққа жақыны деуге негіз бар. Ол шығарма нұсқаларына ауқымды зерттеулер жүргізген. Ол әл-Исбиджабидің Damad Ibrahim де сақталған 562-нөмірлі қолжазба нұсқасының авторы дүниеден өтуінен 31 жыл бұрын, яғни 504 жылы көшіріп жазылғанын анықтағанымен құнды саналады. Алайда, С. Билханның да тұжырымдамаларында бірнеше шатасулар байқалады.

А) С. Билхан әл-Исбиджабидің шығармасын V-VI ғасырларда Куфа мен Бағдад қалаларындағы мектептің Мауараннаһрдағы жалғасы деген тұжырымдамасына қарағанда, ол 'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің шығармасын Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби шығармасымен шатастырғаны анық байқалады. Себебі «Мухтасар фи әл-фикһ» Мысыр ғұламасы Әбу Джа'фар ат-Тахауидің еңбегі болып табылады. Ал, Куфа мен Бағдад қалаларының өкілі Әбу-л-Хасан әл-Қудуридің «Мухтасар әл-Қудури» түсіндірмесі (шархы) «Зад әл-фуқаһа'» атты еңбекті Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби жазған. Билхан бұл екі еңбектің авторларын шатастырған.

Ә) Исбиджаб қаласының орналасуына қатысты деректерге сүйенгенде Ибн Хауқалдың Исбиджаб Ферғана даласында деген тұжырымдамасын таңдаған. Алайда, Ибн Хауқалдан басқа да көптеген еңбектерде Исбиджаб қаласының нақты орналасқан жерін дөп көрсете алады.

Жоғарыда келтірілген зерттеулердегі шатасулар мен қателіктердің орын алуының келесідей себептерін атасақ болады.

Аталмыш ғылыми-зерттеу жұмыстары тарихи-биографиялық әдебиеттерге негізделіп жазылғанын көруге болады. Сондағы айтылған пікірлер кейінгі зерттеулерде де дәлме-дәл қайталанған. Бұл ғылыми зерттеулерде шығарма үш Исбиджаб ғұламасына таңылған.

III қадам бойынша мәліметтерге тоқталсақ.

Қолжазба қорларында сақталған шығарма авторы турасындағы фишка мәліметтері

Әлем кітапханаларындағы фишкаларда қолжазбалардың аттары және оның авторларының есімдері бекітіліп, қай нөмірмен сақталғандығы туралы мәліметтер жазылған. Солардың бірнешеуін мысалға келтірсек, бірінші: 00433

Şerhı muhtasarıt-Tahavi / Ahmed b. Mansur el-Muzaffari el-hanafi el-Isbicabi. – h.Hüsni Paşa.

Екінші: 00803 Şerhı muhtasarıt-Tahavı / Isbicabi Bahaeddin Ali b. Muhammed. – Feyzullah Efendi.

Үшінші: 00816 Şerhı muhtasarıt-Tahavi / Alaüddin Ali b. Muhammed b. Ismail el-hanafi el-Isbicabi. – Şehid Ali Paşa. Осы фишкаларда берілген мәліметтердегі бір шығарманың авторы әртүрлі есімдермен берілгенін көре аламыз. Бұл тәртіптің де осылай қате формада сақталуына жоғарыдағы тарихи-биографиялық әдебиеттерде жіберілген шатасулар себеп болған. 2- және 3- нөмірлі фишкалардағы кісі есімдері бір адам, алайда, әртүрлі етіп жазылған. 1- нөмірде берілген кісі есімі қате жазылған.

Бұлай тұжырымдама жасау, осы аталған фишка нөмірлеріндегі қолжазбалар мәтінін зерттеу барысында анықталып отыр. Оған қатысты мәліметтерді төменде егжей-тегжей баяндаймыз.

IV қадам «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының қолжазба нұсқалары

Біздің 2013 ж. бастаған зерттеулеріміздің нәтижесінде, Түркия Республикасы (Стамбул, «Süleymaniye Devlet Kütübhanesi», «Beyazıt Devlet Kütübhanesi»), Сауд Арабиясы патшалығы (Мәдина, «Шейх әл-ислам ‘Ариф Хикмат»), Ирак Республикасы (Бағдад, «Диуан әл-уақф ас-сунни», «Дәр әл-махтутат»), Сирия Республикасы (Дамаск, «Мәктабат әл-Әсад») кітапханаларында сақталған шығарманың он нұсқасын анықтадық. Бұл нұсқалар «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» мәтіні және оның редакцияларымен қоса, қолжазба бойындағы түрлі бейнедегі ескертпелер, есімдер, колофондағы мағлұматтар, жазылған қала, ел атаулары, парақ жиектеріндегі мәлімдемелер, уақыф немесе жеке тұлғаларға қатысты мөрлер, форзац, нахзац парақтарындағы мәліметтер, фронтиспис, қолжазба тарихы, оны оқыған тұлғалар және т.б. көптеген мәліметтер мол деректер берді.

«Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» нұсқаларына талдау келесідей:

I. Süleymaniye Devlet Kütübhanesi кітапханасының қолжазбасы, «Некімоғлу» қорында 344-нөмірімен сақталған. Қолжазба кітап 360 парақтан құралған. Бір бетте 31 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» (джуз’) бірінші бөлімін («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [84, п. 1^б–360^а]. Көшірілген мерзімі – бейсенбі күні 538/1143–1144 жыл.

Қағазы ашық ақ түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Шығармада мұқаба парағы жоқ, бірден үш форзац парағымен басталған. Онда мазмұны (фиһрист) берілген [84, п. 01^а–02^а]. Титул бетінде кітап иесінің есімі жазылған: Фадл Мухаммад [84, п. 1^а]. Осы жерде шығарманың аталуы: «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» бірінші бөлімі (джуз’) және автордың есімі: әл-имам әл-‘алим әл-‘аллама имам әл-Исбиджаби деп келтірілген. Шығарма атауының сол жақ астында «әл-Ләйс ибн Са‘д ханафи мазһабында болған», – деген жазу бар. Жеке мөрлер (экслибрис) екі рет басылған [84, п. 1^б, 360^а]. Уақыф мөрлері де екі жерден қойылған [84, п. 1^б, 360^а]. Мәтін соңында екі колофон берілген: 1) Бірінші колофонда осы нұсқаның көшірілген мерзімі: бейсенбі күні 538/1143–

1144 ж. көрсетілген. 2) Екінші колофонда бұл нұсқа мәтіні басқа нұсқа мәтінімен салыстырылып (муқабала), тексерілгені туралы баяндалған және оның орындалған мерзімі көрсетілген: жексенбі, 25-шәууал 552/1157 ж. 29-қараша [84, п. 360^a].

Шығарма құрылым жағынан 66 бөлімнен (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» сөзі қара сиямен, үлкен әріптермен, анық көрсетіліп, жазылған. Бөлімдер бірнеше бөлімшелерден (баб) құралған. Бірақ, кейбір бөлімдер бөлімшелерге бөлінбеген. Бөлімдер мен бөлімшелердің көлемі оларда қаралған мәселелердің санына байланысты, ұзын немесе қысқа болып келеді. Эт-Тахауидің тірек мәтіні «Ол айтты» (қала) деген сөйлеммен басталады. Эт-Тахауидің қозғаған мәселесі аяқталғасын, тірек мәтінге түсінік беруші әл-Исбиджабидің сөзі беріледі. Нұсқадағы негізгі мәтін отыз бен қырық пайыз көлемінде («Мухтасар эт-Тахауиға» тиесілі), ал қалған алпыс немесе жетпіс пайызы әл-Исбиджабидің шығармасына тиесілі. Қолжазбаның мәтіні көшірілген парақ жиектерінде оған қатысты толықтыру мен ескертулер жазылған.

II. Süleymaniye Devlet Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы, «Şehid Ali Paşa» қорында 816-нөмірімен сақталған. Қолжазба кітап 208 парақтан құралған. Бір бетте 27 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» (джуз') екінші бөлімін («әл-Хауала мен әл-Кафала» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [85, п. 1⁶–208⁶]. Көшірілген мерзімі – 552 ж. ша‘бан айының соңғы оң күні/1157 жылы 26 қараша – 6 желтоқсан арасында.

Қағазы ақшыл түсті, сиясы қара, «насх» жазуымен шебер жазылған. Қолжазба кітаптің мұқабасы жоқ. Кітап екі форзац парақтарымен басталып, онда мазмұны (фихрист) берілген [85, п. 01^{a-6}]. Титул бетінде кітап иелерінің есімдері жазылған: 1) шәйх әл-фақир Мухаммад; 2) әл-фақир ‘Абд әл-Бақи [85, п. 1^a]. Осы жерде кітап иелерінің екі мөрі үш рет соғылған. Және уақыф мөрі екі рет ұрылған: уәзір Шәхид ‘Али Паша. Мөр мәтінінде кітап медреседен сыртқа шықпауы керек деген шарт қойылған [85, п. 1^a, 208^a]. Уақыф мөрінің оң жағында аталмыш кітапты көшірген кісі есімі аталған: ‘Әли ибн Әби Бәкр ибн Мухаммад Нур әд-дин. Осы мөрдің үстінгі жағында баяндау үшін алынған шығарманың аты: «Мухтасар ат-Тахауи» және бұл нұсқа оның екінші бөлімін (джуз') қамтиды деген сөздер, шығармаға жазылған баяндаманың авторы – әл-Исбиджаби есімі келтірілген [85, п. 1^a]. Мәтін соңында үш колофон берілген [85, п. 206^a]: 1) Бірінші колофонда шығарманы көшіріп жазған: ‘Али ибн Әби Бәкр ибн Мухаммад әл-Ханафи екені; Ол 552 ж. ша‘бан айының соңғы он күн ішіндегі сейсенбіде/1157 жылы 26 қараша – 6 желтоқсан аралығындағы күндердің бірінде, шығарманы жазып аяқтағаны мәлімделеді. 2) Екінші колофонда, бұл нұсқа мәтіні, басқа нұсқа мәтінімен салыстырылып (муқабала), тексерілгені туралы баяндалған. Бұл жұмыс 553 ж. ша‘бан айының 25-күні, жексенбіде/1158 ж. 23 қыркүйекте аяқталғаны мәлімделеді. 3) Үшінші колофонның мазмұны екінші колофон сияқты – салыстыру (муқабала) жұмысы атқарылғаны туралы мәлімет береді. Жаңа қосымша салыстыру (муқабала) жұмысы 553 ж. ша‘бан айының 24-күні/1158 ж. 23-қыркүйекте аяқталған. Үшінші колофон мәтінінде: «Әш-шәйх әл-әдиб әл-әмджад әл-Мағриби өз

қолымен жазған осы нұсқаны, шейх, имам ‘Ала әд-диннің жазған түпнұсқасымен салыстыру жұмысын аяқтаған», – деген сөздер бар.

Нұсқада шығарма 79 бөлімнен (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» сөзі қара сиямен, үлкен әріптермен, ерекшеленіп, анық көрсетіліп жазылған. Бір бөлімшенің (баб) көлемі үш, кейде төрт бетті қамтиды [85, п. 1^а–5^а].

III. Beyazıt Devlet Kütübhanesi кітапханасында 18868-нөмірмен сақталған. Қолжазба кітап 385 парақтан құралған. Бір парақта 25 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» бірінші және екінші бөлімдерін (джуз’, «ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [86, п. 1^б–385^б]. Көшірілген мерзімі 803 ж. сафар айының он бесі/1400ж. 6-қараша [86, п. 385^б].

Қағазы ашық сары түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Шығарма мұқабасы қоңыр-қара түсті, ортасында домалақша ою бар. Бірден форзац парағы орналасқан, онда қызыл сиямен кітапханада сақталған нөмірі берілген [86, 01^а-п.]. Титул бетінде кітап иелерінің есімдері жазылған: 1) есім титулдың жоғарғы орта жақ тұсында болған, ол өшірілген; 2) әл-фақир Хусам. Бірінші кітап иесінің атын өшірген осы Хусам болуы керек; 3) әл-фақир маула ‘Али ибн Әмрулла ибн Мухаммад. Кітап иелері есімдерінің арасында, бұл шығарма жазу стилінен өзгеше қолтаңбамен: «әл-имам Қавам әд-дин әл-Итқанидің (685–758/1286–1357) өз қолымен жазғаны», – деген нұсқау мәлімдемесі келтірілген [86, п. 1^а]. Дәл осы титул бетінде: Имам әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегінің бірінші және екінші бөлімдері (джуз’) деп, тура орта тұстан жазылған. Тақырыптың сол жақ астыңғы тұсынан шығарма авторы «Мухаммад-и Ахмад әл-Худжанди, ал ол әл-Исбиджаби есімімен танылған», – деген жазу тағы да берілген. Және осы жерде, шығарма мазмұны (фихрист) ықшамдалып жазылған (мазмұны толық емес). Мазмұнның астыңғы жағында он жолға жуық шумақ өлең келтірілген [86, п. 1^а]. Уақыф мөрлері титулда және келесі беттерде қойылған. Мөр титулды беттен бастап, әрбір 10-, 20-парақ сайын басылған [86, п. 1^а, 7^а, 29^а, 43^а–385^б]. Мөрде: мәртебелі уәзір Мұстафа Паша уақыф кітаптарының құрамынан делінген [86, п. 1^а]. Мәтін соңында колофон берілген. Онда кітап 803 ж. сафар айының он бесі/1400 ж. 06 қарашада аяқталғаны мәлімделеді. Бұл кітап нұсқасы ілгеріректе 504 ж. 26-мухаррам/1110 ж. 16-тамыз күні жасалынған нұсқадан көшірілгені баяндалған [86, п. 385^б].

Бұл шығарма құрылымы жағынан негізгі бөлімдерден (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» және «баб» сөздері қызыл сиямен, ерекшеленіп, үлкен әріптермен, анық көрсетіліп жазылған. Бөлімшелер көлемі бір келкі емес, мәселенің санына қарай бір беттен бастап, кейде он екі бетке дейін созылады [86, п. 1^а–20^а]. Мәтінге қатысы бар маңызды сөздер, парақ жиегіне қызыл сиямен ерекше етіп жазылған. Сонымен қатар мәтіннің парақ жиектерінде толықтыру мен ескертулер берілген. Осындай ескерту мен толықтырулардың бірінде: әл-Исбиджаби оны (жалға алу мәселесінің мерзімін) қате деп есептеген, (осы әл-Исбиджабидің сөзін) қазақ жерінен шыққан, ханафи фақиһ ғалымы әл-Итқани өзінің шығармасында келтірген және оның шешімімен келіскен [86, п.

229^a] мәлімдеме беріледі. Шығармада «әт-Тахарат» сөзі ғана бөлім болып жазылған, қалған бөлімдер – бөлімше (баб) сөзімен берілген [86, п. 1^a–20^a].

IV. Мәдина қаласындағы «Шейх әл-Ислам ‘Ариф Хикмат» кітапханасында 3601-нөмірмен сақталған. Қолжазба кітап 301 парақтан құралған. Бір парақта 31 жол бар. Нұсқа толық мәтінді («әт-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [87, п. 1^b–301^a]. Көшірілген мерзімі – 954 ж. 15 шәууал дүйсенбі/1547 ж. 30 қараша.

Қағазы ашық ақ түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Мәтін соңында колофон берілген. Көшірген кісі – Мухаммад ибн Исма‘ил ибн ‘Али бин Ахмад әл-Әнбаби әл-Әзһари. Ол 954 ж. 15-шәууал, дүйсенбі/1547 ж. қарашаның 30-күні кітапты аяқтаған. Уақыф мөрі титул және колофон беттерінде қойылған: «Ахмад ‘Ариф Хикматулла ибн ‘Исматулла әл-Хусайни уақыфы. Кітап Мәдина қаласындағы кітапханадан сыртқа шықпасын, бұл еңбек мүмінге аманат», – делінген [87, п. 301^a].

Шығарма құрылымы жағынан негізгі бөлімдерден (кітаб), негізді бөлімдер бөлімшелерден (баб) тұрады.

V. Ирак Араб Республикасының Бағдад қаласындағы «Диуан әл-уақф ас-сунни» кітапханасында 1538-нөмірмен сақталған. Қолжазба кітап 322 парақтан құралған. Бір парақта 35 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» бірінші бөлімін (джуз’) («әт-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) [88, п. 1^b–332^a] қамтиды. Көшірілген мерзімі 1139 ж. раби‘ I айының 20-күні, жұма таңертеңгісін/1726 ж. 17-қараша күні жазылған.

Қағазы ашық ақ түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Шығарма нұсқасында мұқаба жоқ, бірден екі форзац парақтарымен басталып, онда мазмұны (фихрист) берілген [88, п. 1^a–01^b]. Мәтін соңында колофон берілген. Онда көшірген кісі есімі: әл-муфти ‘Абд әр-Рахман Мухаммад әл-Мударрис және аяқталған уақыты: 1139 ж. 20 раби‘ I жұма таңертеңгісін/1726 ж. 17 қараша күні деп көрсетілген. Титул бетінде кітап иелерінің есімдері жазылған: 1) Мустафа әл-Хумайди ибн Мухаммад Рауиш. Ол әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» кітабын 1186/1772–1773 ж. Меккеден сатып алған. Кейірек кітапты одан Азат әскері тартып алғандықтан, оны екінші рет қайта сатып алған; 2) ‘Абд әр-Рахман Мухаммад әл-Мударрис [88, п. 322^a]. Уақыф мөрлері титулда және колофон беттерінде қойылған: «Мәңгілік Сулейман Паша уақыфына тиесілі, Сулеймания медресесінен сыртқа шықпасын, сатылмасын, сыйланбасын, мирас етілмесін», – делінген.

Шығарма құрылымы жағынан негізгі бөлімдерден (кітаб), негізді бөлімдер бөлімшелерден (баб) тұрады.

VI. Millet Genel Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы, «Feyzullah Efendi» қорында 803-нөмірмен сақталған. Қолжазба кітап 370 парақтан құралған. Бір парақта 31 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» толық мәтінін («әт-Тахарат» бабынан әл-«Карахийя» бабына дейін) қамтиды [89, п. 1^b–370^a]. Нұсқада көшірілген мерзім мәлімделмеген. Жәрдемші мәлімет арқылы оның шамамен көшірілген мерзімін анықтаса болады: уақыф мөріндегі мерзім – 1112/1700–1701 жыл.

Қағазы ақшыл түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Қолжазба кітапта мұқаба сақталмаған, бірден форзац парағымен басталады. Онда мазмұны (фихрист) көрсетілген [89, п. 01^б]. Титул бетінде кітап иелерінің есімідері жазылған: 1) Саййид ‘Али ибн әл-Мауаби. Оған кітап мирас етілген, бұл кісі Стамбұлдағы «Қаландархана» медресесінің ұстазы болған; 2) Ахмад әл-Макмур; 3) Сәййид Файда әл-Муғни [89, п. 1^а]. Титул парағының ортасында шығарманың аты берілген – «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» және шығарма авторының есімі мен қайтыс болған жылдары көрсетілген: әш-шейх әл-имам әл-‘алим әл-‘аллама Бәһа’ әд-дин ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби, 535/1141ж. қайтыс болған [89, п. 1^а]. Уақыф мөрлері титулда және колофон беттерінде қойылған, онда: «уақыф шейх әл-ислам әс-сәйид Файзулла Әфәнди деген сөз, бұл еңбек Константинопльде салынған медреседен сыртқа шықпауы керек делінген шар бар. Мөр астында 1112/1700–1701 ж. көрсетілген [89, п. 1^б, 370^б]. Мәтін соңында колофон берілген. Онда «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегіне қатысты мағлұматтар жазылған. Әрі бұл қолжазба кітабын исбиджабилердің қайсысы бірінші жазған, кім кімнен көшіргендігі туралы бір бетке жуық мәлімет келтірілген.

Нұсқада шығарма құрылымы 63 бөлімнен (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» сөзі қара сиямен, үлкен әріптермен, ерекшеленіп, анық көрсетіліп жазылған. Бір бөлім көлемі 10, кейде 12 бетті қамтиды [89, п. 1^а–12^а]. Бір бөлімде екі немесе үш бөлімше (баб) бар. Қолжазбаның мәтіні көшірілген парақ жиектерінде, оған қатысты толықтыру мен ескертулер жазылған.

VII. Süleymaniye Devlet Kütüphanesi қолжазбасы, «Yeni Cami» қорында 458-нөмірмен сақталған. Қолжазба кітап 701 парақтан құралған. Бір парақта 19 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» толық мәтінін («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [90, п. 1^б–701^а]. Осы нұсқа, парақ саны жағынан ең ұзыны болғанымен, ықшамдалып жазылған. Нұсқада көшірілген мерзім мәлімделмеген. Жәрдемші мәлімет арқылы оның шамамен көшірілген мерзімін анықтаса болады: уақыф мөрінде берілген мерзімі – 1137/1724–1725 жыл.

Қағазы ақшыл түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Шығармада мұқаба жоқ, бірден форзац парағымен басталып, онда мазмұны (фихрист) көрсетілген [90, п. 1^а]. Титул бетінде кітап иесінің есімі: әл-‘абд әл-фақир ‘Абд әл-Бақи Файдулла жазылған. Ол кітапты біріншіден, өзі үшін, кейін өзгелердің барлығына арнап жаздырған. Кітап Эдирне қаласында жазылған. Осы парақтың ортасында жеке мөр (экслибрис) басылған. Онда мөр иесінің есімі: ‘Абд әл-Бақи жазылған. Мөрдің жоғарғы жағында, шығарманың аты: «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» берілген [90, п. 1^а]. Мәтін соңында колофон берілген. Нұсқада көшірілген мерзім мәлімделмеген. Жәрдемші мәлімет арқылы оның шамамен көшірілген мерзімін анықтаса болады: Уақыф мөрлері титулда және колофон беттерінде қойылған. Мөрдегі жазу: уақыф Султан Ахмад хан ибн Ғази Султан Мухаммад хан (1115–1143/1703–1730). Мөрдің астыңғы жағында мерзімі көрсетілген: 1137/1724–1725 жыл [90, п. 1^а, 701^б].

Шығарма құрылым жағынан 54 бөлімнен (кітаб) тұрады. Әрбір (кітаб) сөзі қара сиямен ерекшеленіп, үлкен әріптермен, анық көрсетіліп жазылған. Бір бөлімнің көлемі үш, кейде төрт бетке дейін жетеді [90, п. 1^а–5^а].

VIII. Süleymaniye Devlet Kütüphanesi қолжазбасы, «Yeni Cami» қорында 457-нөмірмен сақталған. Қолжазба 352 парақтан құралған. Бір бетте 35 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидін» бірінші бөлімін (джуз') («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [91, п. 1^б–352^а]. Нұсқада көшірілген мерзім мәлімделмеген. Жәрдемші мәлімет арқылы оның шамамен, көшірілген мерзімін анықтауға болады: Уақыф мөрінде жазылған мерзімі – 1137/1724–1725 жыл.

Қағазы ашық ақ түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Қолжазба кітаптың мұқабасы сақталмаған, бірден үш форзац парақтарымен басталып, онда мазмұны (фихрист) жазылған [91, п. 01^а–03^б]. Титул бетте шығарманың аты берілген: «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» бірінші бөлімі (джуз'). Онда және шығарма авторының есімі: әл-Имам әл-Исбиджаби көрсетілген [91, п. 1^а]. Нұсқада көшірілген мерзім мәлімделмеген. Жәрдемші мәлімет арқылы оның шамамен көшірілген мерзімін анықтауға болады: Уақыф мөрлері мәтіннің басында және соңғы бетінде қойылған. Мөрдегі жазу: уақыф Султан Ахмад хан ибн Ғази Султан Мухаммад хан. Мөрдің астыңғы жағында мерзімі көрсетілген: 1137/1724–1725 ж. [91, п. 1^а, 352^б].

Шығарма құрылым жағынан 43 бөлімнен (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» сөзі қара сиямен ерекшеленіп, үлкен әріптермен, анық көрсетіліп жазылған. Бөлімдер бірнеше бөлімшелерден (баб) құралған.

IX. Ирак Араб Республикасының Бағдад қаласындағы «Дар әл-Махтутат» кітапханасында 1467-нөмірмен сақталған. Микрофильмінен алынған нөмірі 347. Бір парақта 29 жол бар. Бұл нұсқа ақаулы (дефекті) мәтінді қамтиды: тек үш беттен тұрады. Мәтін «наسخ» жазуымен жазылған [92, п. 1^б].

X. Сирия Араб Республикасының Дамаск қаласындағы бұрынғы «әз-Заһирийя», қазіргі «Мактабат әл-Әсад» кітапханасында 12178-нөмірмен сақталған. Бір парақта 27 жол бар. Бұл нұсқа ақаулы (дефекті) мәтінді қамтиды, тек сегіз беттен құралған. Мәтін «наسخ» жазуымен жазылған [93, п. 1^б].

Қорытынды

Шығарма нұсқаларында сақталған мәліметтер – тарихи-биографиялық әдебиеттер мен ғылыми зерттеулердегі шатасулар мен қателіктерді шешудің бірден-бір дұрыс жолы болып табылады. Біз бұл шығарма нұсқаларын талдау барысында, олардың барлығында кездесетін ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің мәтінінің негізінде «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының шынайы авторын анықтадық.

Шығармада анықталған мәтін

Бұл шығарманың жазылу тарихы туралы имам әл-Исбиджабидің өзі: «Мухтасар ат-Тахауи» еңбегін [Самарқан халқының арасына бірінші болып] таратқан имам ‘Али ибн Әби Бәкр болды, алайда, ол бұл еңбек[тің түсіндірмесін] жазып, қағаз бетіне түсірген емес. Бұл кісіден кейін Әбу Наср

Ахмад ибн Мансур әз-Зафари (484/1091)¹ бұл еңбекті тым егжей-тегжейлі етіп жазып, ұзақ [түсіндірген]. Бұл еңбек пайдалы және жақсы жазылған. Алайда, Әбу Насрдың жазған еңбегі жаңадан білім алып жатқан талапкерге ауыр. Талаба бұл еңбекті меңгере алмайтын болғандықтан, мен (‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби) бұл еңбекті жаңартып жаздым. Жақсы істер ортасы деп, жалықтырып жіберетін тым ұзақ та емес, пайдалары тым аз қысқа да еместей етіп өзгерттім. «Ғибадат» бабын қысқарттым. Ал «Муамалат» бабы мен «Буйу» бабын кеңейтіп жаздым», – деп мәлімет береді [89, п. 25^a].

Дәл осы әл-Исбиджаби еңбегінен алынған үзінді (цитата) қолымыздағы тарихи-биографиялық әдебиет ескерткіштерінің тек екеуінде ғана келтірілген. Ол әл-Қурашидің (775/1373–1374 ж.қ.б.) «әл-Джавахир әл-мудийа» және Хаджи Халифаның (1068/1657 ж.қ.б.) «Кәшф аз-зунун» еңбектері [54, т. 2, б. 1627]. Алайда, әл-Қурашидің еңбегінде бұл мәтінді Ахмад ибн Мансур Әбу Наср әл-Исбиджаби реттеген деген жаңылыс пікір ғылымда кең жайылып кеткен [46, т. 1, б. 336]. Бұның нәтижесінде жалғыз мәтіннің екі авторы туралы қате пікір тарай бастаған.

II қадамдағы зерттеушілердің шатасулары мен қателіктерінің орын алуының себебі – әл-Исбиджаби шығармасының мәтінімен танысып талдау жасамауында. Жоғарыда келтірілген «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының нұсқалар мәтіндеріне терең зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында, ондағы ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің өзінің келтірген мәлімдемесінің негізінде, бұл қателесулер мен шатасулардың себептері анықталып, шешімдері баяндалды. «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» нұсқаларымен танысу нәтижесінде және түрлі кітапхана қорларындағы фишка мәліметтерімен анықтау барысында шығарма авторы әртүрлі кісілерге жоғарыда атаған себептер мен шатасып таңылғандығы мәлім болды. Нәтижесінде бір ғана шығарма және оның бір ғана авторы бар екенін мәлімдейміз, Ол – ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби (535/1141 ж. қ. б.).

2.2 Шығарманың құрылымдық ерекшеліктері

Жоғарыда келтірілген шығарма нұсқалары құрылымдық ерекшеліктері жағынан әртүрлі болып келген.

Аталмыш он нұсқалардың алтауы Түркия Республикасының үш кітапханасында: (төрт нұсқа «Süleymaniye Devlet Kütübhanesi» де; біреуі «Beyazıt Devlet Kütübhanesi» де және біреуі «Millet Genel Kütübhanesi» де), сонымен қатар Сауди Арабиясы патшалығында бір нұсқа «Шейх әл-ислам ‘Ариф Хикмат», Ирақ Республикасында екі нұсқа «Диуан әл-уақф ас-сунни» және бір нұсқа «Дәр әл-махтутат», Сирия Республикасының «Мәктабат әл-Әсад» кітапханасында сақталған. Бұл мәліметтерден әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасы, халықаралық деңгейге шыққанын көре

¹ Самарқандағы «Чакар Диза» тас мәтінінде: «бұл қабірде шейх, фақих, имам әл-хафиз Әбу Наср Ахмад ибн Мансу аз-Зафари әл-Исбиджаби 484/1091-1092 жылдың джумада әл-’ула айының сегізі сәрсенбіде жерленген, Алла оның қабірін нұрландырсын», – деп жазылған.

аламыз және орта ғасыр мұсылмандарының арасында, қазіргі Таяу Шығыс пен байырғы Осман империясының аумағында сақталғанын байқаймыз.

Нұсқалардың мерзіміне қарай, бесеуінің көшірілу мерзімі көрсетілген. Олардың екеуі XIII ғасырда («Некімоғлу» 344 және «Şehid Ali Paşa» 816); бір нұсқа XIV ғасырда («Beyazıt Devlet Kütübhanesi» 18868); бір нұсқа XVI ғ-да («Шейх әл-Ислам ‘Ариф Хикмат» 3601); бір нұсқа XVIII ғасырда («Диуан әл-уақф ас-сунни» 1538) көшірілген. Қалған бес нұсқада, көшірілген мерзім мәлімделмеген. Олар: («Feyzullah» 803, Yeni Cami» 458, Yeni Cami» 457, «Дар әл-Махтутат» 1467 және «Мақтабат әл-Әсад» 12178). Жәрдемші мәліметтер арқылы, олардың көшірілген мерзімі XVIII ғасырдан бұрын жазылғандығын нақты кесіп айта аламыз. Жоғарыдағы мәліметтерден, біз әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» шығармасының XIII-XVIII ғасырлар аралығында олардан жаңа нұсқалардың көшірілгендігін анықтадық.

Нұсқаларды көшіргендерден үш кісі есімі анықталды. Олардың бірі: Мухаммад ибн Исма‘ил ибн ‘Али ибн Ахмад әл-Әнбаби әл-Әзһари. Мысыр өлкесіндегі «әл-Имбаба» жерінен шыққан, әл-Әзһар университетінің түлегі болған [87, п. 301^a]. Екінші кісінің есімі: Әш-шәйх әл-Әдиб әл-Әмджад әл-Мағриби. Оның «Мағриб» Мароккодан шыққаны белгілі болып отыр. Үшінші кісі есімі: Али ибн Әби Бәкр ибн Мухаммад әл-Ханафи. Ханафи мазһабының өкілі екенін аңғарамыз. Бұл мәліметтерден әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» шығармасын көшірушілердің жан-жақтан болғандары анықталып отыр.

Нұсқалардың көшірілген жеріне келетін болсақ, тек бір нұсқа Осман мемлекетінің екінші астанасы Эдирне (Адрианополь) қаласында көшірілген [90, п. 1^a].

Нұсқа бөлімдерінің құрылымы анықталды. Үшеуі бірінші бөлім (том) («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахия» бабына дейін), толық қамтылған. Олар («Некімоғлу» 344; «Диуан әл-уақф ас-сунни» 1538; «Yeni Cami» 457). Біреуі екінші бөлімнен басталған («әл-Хауала мен әл-Кафала» бабынан «әл-Карахия») бабына дейін қамтылған, толық емес, бұл нұсқаның «ат-Тахара» тазалықтан басталатын бірінші бөлімі (том) болуы керек. Ол («Şehid Ali Paşa» 816). Қалған төрт нұсқа толық («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахия» бабына дейін) қамтылған. Олар: «Beyazıt Devlet Kütübhanesi» 18868; «Шейх әл-Ислам ‘Ариф Хикмат» 3601; «Feyzullah» 803; «Yeni Cami» 458. Олардың бірі бірінші және екінші бөлімдерден тұрады. Ол: «Beyazıt Devlet Kütübhanesi» 18868. Және соңғы екі нұсқа ақаулы нұсқалар тізіміне кіреді. Олар: «Дар әл-Махтутат» 1467 және «Мақтабат әл-Әсад» 12178. Жоғарыдағы мәліметтерден түсінетініміз, нұсқалардың бірінші бөлімі болса, екінші бөлімі жоқ. Немесе екінші бөлімнен басталған, алайда, бірінші бөлім нұсқасы жоқ. Бұдан біз «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» басқа да нұсқаларының бар екенін аңғарамыз.

Қолжазба нұсқаларының иелеріне келер болсақ, аталмыш он қалжазба нұсқаларының төртеуінде, нұсқа иелері белгісіз. Олар: «Шейх әл-Ислам ‘Ариф Хикмат» 3601; «Yeni Cami» 457; «Дар әл-Махтутат» 1467 және «Мақтабат әл-Әсад» 12178. Қалған алты нұсқа иелері анықталды. Олардың ішінде екі

қолжазба нұсқаларының иесі, бір адам болған. Олар: «Некімоғлу» 344 және «Yeni Cami» 458. Келесі үш қолжазба нұсқаларына иелік еткен екі кісі есімі берілген. Олар: «Sehid Ali Paşa» 816; «Beyazıt Devlet Kütübhanesi» 18868; «Диуан әл-уақф ас-сунни» 1538. Соңғы бір нұсқада, иелік еткен үш кісі есімі анықталды. Ол: «Feyzullah» 803. Біз, бұл мәліметтерден, кейбір қолжазба нұсқаларының бірнеше иесі болуына қарағанда, кітап бір қолдан екінші қолға өтіп отырған. Яғни жеке оқулық ретінде пайдаланылған. Келесі «Диуан әл-уақф ас-сунни» 1538-нөмірлі қолжазба нұсқасында келесідей мәлімет келтірілген. Бұл нұсқаның иесі мен көшірушісі бір кісі, Мустафа әл-Хумайди ибн Мухаммад Рауиш. Ол әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» кітабын 1186/1772-1773 ж. Меккеден сатып алған. Кейінірек кітапты одан Азат әскері тартып алғандықтан, кітапты екінші рет қайта сатып алған [88, п. 322^a]. Бұл қолжазба нұсқасын Райуш кезінде Меккеде пайдаланылғанымен, бүгінде қолжазба нұсқасы Бағдад қаласындағы кітапхана қорында сақтаулы тұр. Бұдан түсінеріміз, қолжазба нұсқалары XVIII ғасырда Мекке сынды мұсылман әлеміндегі қасиетті саналатын қалалардың өзінде ашық сатылуда болған. Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» кітабы, сол қала тұрғындарының және Меккеге жыл сайын қажылыққа келетін әлем мұсылмандарының сұранысында болуы мүмкін. Сонымен қатар біздің тұжырымдауымызша, әл-Исбиджабидің осы ханафи шығармасы «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» сонау Мәдина уақыфында сақталған. Ал Мәдина сынды мұсылман әлемінің қасиетті қалаларының жергілікті тұрғындарының көпшілігі ханбали мазһабын ұстанғандығы мәлім. Әл-Исбиджабидің ханафи шығармасы «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» сонау ханбалилердің орталығында сақталуының сыры неде?. Себебі араб түбегі «Хиджаз» XVIII ғасырда Осман империясының билігінде еді. Ал онда қызмет атқарған Осман империясының басшы сұлтандары мен олардың қарамағындағы би-болыстар ханафи мазһаб мектебін берік ұстанатын, «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» кітабы сол аумақтардағы медреселерде сақталғанын сол Мәдина уақыф мөріндегі мәлімдемеден көре аламыз. Онда: «Кітап Мәдина қаласындағы кітапханадан сыртқа шықпасын! Бұл еңбек мүмінге аманат болсын!», – делінген [87, п. 301^a]. Бұдан шығатын қорытындыға келсек, жергілікті ханбали мұсылмандары аталмыш еңбекті оқымаған жағдайдың өзінде, Осман империясының аумағына қарасты әкімшіліктердегі қызметкерлер мен басшылық лауазымындағы азаматтарға «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» фикһ еңбегі басты оқу құралы ретінде оқытылғанын байқаймыз.

Қолжазба нұсқаларына басылған уақыф мөрлері. Он нұсқаның жетеуіндегі уақыф мөрлерін анықтадық. Олар: «Sehid Ali Paşa» 816, «Beyazıt Devlet Kütübhanesi» 18868, «Диуан әл-уақф ас-сунни» 1538, «Шейх әл-Ислам ‘Ариф Хикмат»3601; «Feyzullah»803; «Yeni Cami» 458; «Yeni Cami» 457. Қалған үш нұсқа мөрлері анық емес. Олар: «Некімоғлу» 344; «Дар әл-Махтутат» 1467 және «Мақтабат әл-Әсад» 12178. Осылардың ішінде екі нұсқада («Yeni Cami» 458 және «Yeni Cami» 457) бір уақыф мөрі басылған. Ол Сұлтан Ахмадхан ибн Ғази Мухаммадхан. Аталмыш жеті мөрдің бесеуі жоғарғы билеуші сұлтандардың уақыф кітапханаларына, қалған екі нұсқадағы мөрлер Осман

халифатының «Шейх әл-Ислам» кітапхана уақыфына қарасты екені мәлім болды. Біз жоғарыдағы келтірілген мәліметтерден, әл-Исбиджабидің бұл еңбегін мәртебелі ел билеуші сұлтандар мен шейх әл-Ислам ғұламаларының өз уақыфтарында сақтауы тегін емес дегіміз келеді. Самарқан жерінде ханафи фикһына қатысты жазылған «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегін сұлтан мен хандар өз уақыфтарынан тыс жерге шығаруға тыйым салған. Біз бұл мәліметтерге сүйеніп, келесідей тұжырымдама жасаймыз: Ханафи фикһына қатысты көптеген салмақты еңбектер XVIII ғасырда жазылып қойған болатын. Соған қарамастан әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» шығармасын жоғарыда аталған уақыфтарда сақтап, онда оқытылуындағы тағы бір сыры, аталмыш кітап, сол кездегі фикһ талаптарына сай жазылған. Имам әл-Исбиджаби өзінің осы шығармасында ханафи ғалымдарының көзқарастарымен шектелмей, басқа да мазһаб шафи'и және мәлики мектептерінде айтылған ғұламалар тұжырымдары мен ойларын молынан келтірген. Сол себепті бұл шығарма Мәдина сынды қалалардағы мазһаб еңбектерінің негіздері мен талаптарын қарастырып, ондағы керекті мәселелерге жауап бере алатындай мағлұматтарды қамтыған. Ханафи мазһаб дәлелдерін қорғай алғандықтан, өте салмақты еңбек екені дәлелденген. Сол жергілікті жердің құқық заңнамаларын қамтығандықтан, Осман империясының хан-сұлтандары, аталмыш кітап нұсқаларына жоғары баға беріп, өз уақыфтарында сақтаған. Тіпті, бұл еңбекті өз уақыфтарында сақтауды абырой көрген. Сол себепті осы кітаптың нұсқаларын жоғалтудан қорыққан.

Нұсқа бөлімдері мен құрылымы

Біз жоғарыда келтірген он нұсқаның ішінен зерттеу жұмысын жүргізуде негізгі нұсқа ретінде Beyazıt Devlet Kütüphanesi кітапханасындағы 18868-нөмірлі қолжазба нұсқасын таңдадық. Бұл нұсқаның басқа нұсқалардан өзгешелігі, оның мәтіні анық жазылған, бөлімшелері мен қажетті нұсқаулары қызыл сиямен ерекшеленіп, өте мұқият және таза орындалған. Бұл қолжазба нұсқасы зерттеу жұмыстарын жүргізгенге өте қолайлығына аса мән бердік. Бұған қоса, зерттеу барысында қалған нұсқаларды қосымша ретінде пайдаландық.

Аталмыш нұсқа құрылым жағынан 54 бөлімнен тұрады. Оларға жеке-жеке тоқталдық:

1-бөлім. *Тазалық* – «*Китаб ат-Таһара*». Бұл бөлім ат-Тахауи мәтінінде «*Китаб ат-Таһара*» және оның тақырыпшасы тазалық қандай жағдайлардың негізінде жүзеге асатыны «*баб ма йакуну биһи ат-таһара*» дан құралған. Ал әл-Исбиджабидің бұл бөлімінде ат-Тахауидің бөлімшесі жазылмаған. Автор әл-Исбиджаби бұл бөлімде ат-Тахауи мәтініндегі реттілікті сақтамастан, өзінің жеке кіріспесімен бастаған. Ат-Тахауи мәтінінде тазалық бөлімін судан, әл-Исбиджабиде намаздан және оның он екі тірегінен бастаған. Автор бір бет көлемінде өзінен кіріспе жазып, содан соң ғана ат-Тахауидің негізгі мәтініне өтеді. Автордың бірінші бөлімнің өзінен ханафи ғұламаларының түсіндіру тәсілін ұстанатындығы байқалады. Ол бірінші орында Әбу Ханифа, одан кейін оның екі шәкірті Әбу Йусуф пен Мухаммадтың пікірлерімен шешімдерін алға

тартады. Содан кейін ат-Тахауи және басқа ғұламалардың мысалдары мен ойларын келтіреді. Ғұламалар ойларын келтіру барысында оларды қолдайтынын, не болмаса олардың ойымен келіспейтіндігін айта отырады. Сондай мысалдардың бірінде әл-Исбиджаби ат-Тахауиге сыни пікірін білдірген. Осы бөлімнің төртінші парағында, судың түрлеріне қатысты мәселеде ат-Тахауи салқындау мақсатында қолданған суды *қолданылған су* «ма' муста'мала» деп есептеген. Осы ат-Тахауидің ойымен келіспеген әл-Исбиджаби оның бұл ойы қате деп атап көрсеткен. Кейіннен бұлай деп айтуының себептерін баяндаған. Осы бөлімге бөлімше ретінде *суды ластайтын заттар*— «ма йанджас әл-ма'» бөлімшесін өздігінен қосқан. Бұндай бөлімше ат-Тахауи мәтінінде кездеспейді. Ал ат-Тахауидағы келесі *ыдыс-аяқ пен өлекселердің терілері тек шошқа терісінен басқа* «баб әл-анийа уа джулуд әл-маййтат сауа әл-хинзир» бөлімшесін әл-Исбиджаби бөлімше ретінде көрсетпеген. Жалпы көлемі үш параққа жақын 2–5 парақтар аралығында жазылған.

Бұл «тазалық» бөлімі 28 бөлімшеден тұрады. Автор «Тазалық» бөліміне «Намаз» бөлімін қосып жіберген.

Бөлімшелер: суды ластайтындар «баб ма йанджасу әл-ма'». Бұл бөлімше ат-Тахауи мәтінінде келмеген. Автор бұл бөлімшені бірден ғұламалардың әлтүрлі пікірлерінен бастаған. Солардың ішінде ең әуелгі Дауд ибн 'Али әл-Исбаханидің пікірін келтірген. Оның ойынша суға түскен нәжіс суды ластамайды деген. Сонымен қатар аш-Шафи'идің пікірін де молынан келтірген. Аш-Шафи'дің пікірлерін талқылап болғасын, бұл мәселеге қатысты ханафи ғұламаларының көзқарасы деп ханафи ғұламаларын біздікілер деп бөліп қарастыратыны байқалады. Сонымен қатар фикһ еңбектерінің ішінен Мухаммад ибн Салама «әл-Фатауа» еңбегінде өзінің ойын айтқанын келтіреді. Сонымен қатар Захир ар-риуайа еңбегі мен Абу Сулайман әл-Джурджанидің де айтқандарымен бөліседі. Және фақиһ Абу-л-Ләйс, Басир ибн Йахйа, Әбу Бакр әл-Искаф, Хасан ибн Зийад, Абу Наср Мухаммад ибн Салама, Хаким өзінің «Мухтасарында», әл-Кархи, 'Абдулла ас-Саладжи, Мухаммад ибн Муқатил ар-Рази және Абу Бакр әл-Джассас ар-Рази сөздерін (өшірілмейді «лам йатфу» сөзіне қатысты оның пікірін шарх мухтасар ат-тахауида айтқанын қосымша ретінде берген, қызыл жолдың жиегіне хашийада) келтірген. Сонымен қатар автор аш-шафи'и мазһабымен ханафи мазһабтарының арасында салыстырмалы фикһ тәсілдерін ұстанған. Бізде осылай, оларда басқадай немесе бізде болмайды, оларда болады деген сөздер көп кездеседі. Бұл бөлім ат-Тахауи мәтінінде түсіп қалғанға ұқсайды, себебі осы бөлімшеде әл-Исбиджаби ат-Тахауидің сөздерімен айтқан ойларын жиі айтып, оларға түсіндірме беріп отырады. Жалпы көлемі жеті парақты қамтиды, 5–14.

Сиуак (тіс тазалауға арналған ағаш) және дәреттің сүннеттері «бІаб ас-сиуак уа суан әл-вуду'». Бұл бөлімше ат-Тахауидің мәтінімен басталған. Алайда, ат-Тахауи мәтіні өте қысқа жазылған. Бар-жоғы жарты бетті ғана құраған. Ал автор әл-Исбиджаби болса, бұл бөлімшені түсіндіруде екі парақтан асыра жазған. Бұл бөлімшеде екі мазһаб пікірлері молынан келтірілген. Ғұламалардан аш-Шафи'и, Ибраһим ибн Дасам, ал-Кархи және Әбу-л-Ләйс

пікірлерін келтірген. Ханафи шығармаларынан Захир ар-риуайа мен «Мухтасар ал-Кархи»де айтылған. Көлемі екі парақ, 14–16;

Ішкі дәрет тазалығы «әл-иститаба уа әл-хадас». Автор бұл бөлімшені ат-Тахауи мәтінінен өзгеше етіп бастаған. Әл-Исбиджаби «әл-иститаба» сөзінің мағынасына тоқталып, оған түсіндірме берген. Ханафи шығармаларынан Захир ар-риуайа мен Мухтасар Кархида аталған. Бұл бөлімшеде екі мазһаб шафи‘и мен ханафи пікірлері молынан келтірілген. Көлемі үш парақты қамтыған, 16–19.

Ғұсылды (бой дәрет) талап ететін жағдайлар «ма’ йуджибу әл-ғусл». бұл бөлімше ат-Тахауи мәтінінде келтірілмеген. Алайда, оны әл-Исбиджаби бөлімше ретінде өзінің еңбегіне қосқан. Бұл бөлімшеде екі мазһаб шафи‘и мен ханафи пікірлері молынан келтірілген. Әл-Исбиджаби біздің шейхымыз «имам Абу ‘Умар ибн Муса ибн Йусуфтың айтқаны», деп мысалдар келтірген. Сонымен қатар Мухаммад ибн Муқатил ар-Рази мен Кархиді де жиі келтірген. Жалпы көлемі бір жарым парақты құрайды, 19–20.

Топырақпен тазалану немесе дәрет алу «ат-тәммум». Бұл бөлімшені автор өз тәсілімен бастаған. Ол анықтама бере келіп, Құраннан аят келтірген. Жалпы алғанда тәммум бөлімшесіне ұзақ тоқталған көптеген ғұламалардың ойларын келтірген. Және шафи‘и мазһабымен салыстырып келісетін жерлерінде біздер мен шафи‘илерде бұл мәселеде тартыстар жоқ деп атап көрсеткен. Пайыздық өлшеммен алғанда, 80 пайыз әл-Исбиджабидің сөзі, қалған 20 пайызы ғана ат-Тахауи мәтініне тиесілі. Жалпы көлеміне келетін болсақ, толық төрт парақты қамтыған, 20–25.

Жараға таңылған матаның үстінен сүрту – «әл-масх ‘ала әл-джаба’ир». Бұл бөлімшені де әл-Исбиджаби өздігінен кіргізген. Ат-Тахауида баб тәммумнан кейін бірден мәсіге масих тарту немесе сүрту – «баб мас‘ала әл-хуффайн» бөлімшесінен басталған. Ал жараға таңылған матаның үстінен сүрту – «әл-масх ‘ала әл-джаба’ир» ат-Тахауи мәтінінде қарастырылмаған. Бәлкім бұл бөлімшенің талқылануы Исбиджаб тұрғындары үшін маңызды болған шығар. Себебі Исбиджаб соғыс қаласы мен қорған болып есептелген. Автор бұл бөлімнің кіріспесін Ухуд соғысындағы жағдайды еске алып бастаған. Бұл бөлімшеде екі мазһаб шафи‘и мен ханафи пікірлері молынан кездеседі. Жалпы көлемі екі толық парақты қамтиды, 25–26.

– екі мәсінің үстіне сүрту «әл-масх ‘ала әл-хуффайн», 26–27.

– етеккір мәселелері «әл-хайд», 27–29.

– қанның түстеріне қатысты айтылған ойлар «әл-қаул фи-л-алуан әд-дима’», 29–29;

– қыздардың жас ерекшеліктеріне қатысты айтылған ойлар «әл-қаул фи-л-аснан ән-ниса’», 29–30;

–«интиқал» мәселесі, 30–34;

– намаз уақыттары «әл-мауақит», 34–36;

– азан шақыру «әл-азан», 36–38;

– құбылаға жүзді бұру «истикбал әл-қибла», 38–39,

– намаз оқуға қатысты «сифат ас-сала», 39–47;

- тилауат сәждесі «сажда ат-тилауа», 47–49;
- қателескенде жасалатын сәжде «сажда ас-саһу», 49–54;
- сәжделерге қатысты мәселелер «ас-саджатат», 54–56;
- нәжіс тиген жағдайда намаз оқу «ас-салату би-н-наджаса», 56–60;
- имамдыққа өту мәселесі «әл-имама», 60–62;
- жолаушы намазы «салат әл-мусафир», 62–64;
- намазды қыстартып оқу мәселелері «қаср ас-сала», 64–65;
- жамағатпен намаз оқу «ас-салату әл-джама‘», 65–68;
- екі айт намаз «әл-‘идайн», 68–70;
- қорыққанда оқылатын намаз «салат әл-хауф», 70–71;
- күн тұтылғанда оқылатын намаз «салат әл-кусуф», 71–72;
- жаңбыр сұрап оқылатын намаз «салат әл-истисқа’», 72–72;
- жаназа намазы «салат әл-джаназа», 72–77.

2-бөлім. Зекет – «кітаб әз-закәт», 77–79.

Бұл бөлім 9 бөлімшеден тұрады. Олар:

- сиырдың садақасы немесе зекеті «садақат әл-бақар», 70–80;
- ұсақ малдың садақасы немесе зекеті «садақат әл-ғанам», 80–84;
- жылқы зекеті «закат әл-хайл», 84–85;
- егін мен жеміс зекеттері «закат аз-зуру‘ уа ас-симар», 85–87;
- алтын мен күміс зекеті «закат аз-заһаб уа әл-фидда», 87–91;
- сауда-саттық зекеті «закат ат-тиджара», 91–91;
- қарыз мәселесіндегі зекет «закат әд-дайн», 91–92;
- пітір зекеті «закат әл-фитр», 92–94;
- садақа берілетін жағдайлар «мауад‘ ас-садақат», 94–96;

3-бөлім. Ораза – «кітаб ас-саум», 96–102.

Бұл бөлімде бір ғана бөлімше бар:

- иғтикаф мәселесі «әл-и‘тикаф», 102–104.

4-бөлім. Рәсімдер – «кітаб әл-манасик», 104–107.

Келесі бөлім 8 бөлімшеден құралған. Олар:

- Қажылықпен умра мәселелері «зикр әл-хадж уа әл-‘умра» 107–110;
- миқатқа келгенде жасалатын міндеттер «ма та‘мал ‘инда әл-миқат» 110–102;
- қажылықпен умра мәселелері «зикр әл-хадж уа әл-‘умра» 112–119; қайта жазылған.
- ихрамға кірген кісі неден сақтануы міндет «ма йаджтанибуһу әл-мухрим» 119–122;
- фидйа мәселесі мен қажылықта аң аулаудың жазасы «әл-фидйа уа джаза‘ ас-сайд». Бұл бөлімшеде қажылық жасаушы кісі (ихрамға кірген) ихрам киіміне еңгеннен соң тыйым салынғандардың біреуін бұзған жағдайда мысалы, ихрам киімін кигеннен кейін әтір сепсе немесе шашын алса, төлем (фидйа) беру керектігі жайлы сөз болады. Сонымен қатар ихрамға кірген кісінің аң аулауына болмайды. Осы аңшылыққа қатысты тәртіпті бұзған жағдайларда қандай төлем жасауы қажет екендігін осы бөлімде қарастырған. Көлемі жағынан 122–125 парақтар аралығын қамтиды;

–«әл-иш‘ар». Бұл жерде екі түрлі түлік малы туралы сөз болған: Біріншісі, түйе малы және екіншісі, қой мен ешкі. Бұл бөлімше қысқаша етіп жазылған, бір ғана параққа сиған, 125;

– таматту‘ қажылығы мен құрбан шалу мәселелерін жеке қарастырып, қажылықтың бұл түріне кеңірек тоқталып кеткен. «Ат-таматту‘ уа сияқат әл-Һәди» екі парақты қамтыған, 125–126;

– қажылық құтпалары «хутаб әл-хадж». Бұл бөлімшеде айта кететін мәселеге тоқталсақ. Әдетте, қажылық құтпасына қатысты фикһ еңбектерінде бір ғана құтпа – қоштасу құтпасы «хутпа әл-уада‘» ғана айтылады. Алайда, қажылықта бір ғана құтпа емес бірнеше құтпалар оқылғаны мәлім. Осы мәселелерді ескеріп, имам әл-Исбиджаби қажылық құтпалары «хутаб әл-хадж» деп көпше түрді қолданғанын көреміз. Бұл бөлімшенің көлемі екі парақты қамтыған, 126–127.

5-бөлім.Сауда-саттық – «китаб әл-буйу‘». Ислам құқығына қатысты жазылған бұл еңбектің ең бір ауқымды бөлімі десек болады. Бұл жерде сауда-саттыққа қатысты материалдық мәселелердің барлығы қамтылған. Парақтар саны сегіз бет, 127–135. Бөлім 7 бөлімшеден құралған. Олар:

– пайыз «забу» мәселесі, парақтары он, 135–145;

– ағаштағы құрманы сату «‘арийа». Жалпы алғанда ‘арийа деп бұл жерде сауда-саттықтың піспеген жеміс түрін қамтыған. Нақтырақ алғанда, жемісті ағаштың әлі пісіп үлгірмеген жемістерін сату болып табылады. Бұл бөлімде имам ат-Тахауи өте қысқа ғана айтқан. Төрт жолмен ғана анықтамасын берген. Ал имам әл-Исбиджаби болса бұл анықтаманы бір параққа жеткізген, 145;

– ағаштың өзін сату –«бай’ усул әш-шаджар». Бұл бөлімшені әл-Исбиджаби кеңінен ашып жазған, ат-Тахауи мәтінінде екі бетті қамтыған «бай’ усул әш-шаджар уа ан-нахл уа-с-самар». Әл-Исбиджаби түсіндірмесінде (шарх) құрма ағашы мен жеміс «ан-нахл уа-с-самар» сөздері тақырыпқа еңгізілмегенін атап кету керек. Көлемі он екі параққа жетеді, 146–158;

– бәлкім Исбиджаб қаласында жеміс-жидек мәселелері көп таралғандықтан, бұл бөлімге кеңірек тоқталған болуы да мүмкін.

Бір затты сатқанда оның бойындағы кемшілікті жасыру, мысалы ретінде, желінсіз үй жануарын сүтті деп сату «әл-Мусарра» деп аталады. Ат-Тахауи мәтінінде бұл бөлімше «әл-Мусарра уа ғайруһа» деп келген. Алайда, имам әл-Исбиджаби тек мұсарра деп қана атаған. Жиырма төрт парақты қамтыған, 158–182;

– сауда-саттық шарттары кемелденбеген жағдайдағы бұрыс сауда үкімдері «ахкам буйу‘ әлфасида». Бұл бөлімше қысқа бөлімдерге жатады. Ат-Тахауи бұл бөлімшені бес жолмен ғана жазған. Әл-Исбиджаби болса, үш бетке дейін ашып түсіндірген, 182–184;

– ашық-анық және шындыққа негізделген сауда түрі «ас-салам» деп аталады. Бұл сауда түрінде сатылатын затты әсемдеп, оның ұсқынсыз түрін әдемілеп сатуға тыйым салады. Бұндағы сауда толық шындыққа негізделген сауда түрі болып саналады. Көлемі бес параққа жетеді, 184–189;

– әйел күнді сатудан және одан ада болу «әл-истибра» деп аталады. Бұл бөлімшеде, әйел күні бар кісі онымен төсек қатынасында болған болса, содан кейін ол өзінің күнін сатуға ниет білдірген жағдайда, ол әйелдің аяғы ауыр болмағанына көз жеткізіп барып қана сату немесе сиға тарту, т.б. мәселелері қарастырылған. Көлемі екі парақты ғана қамтиды, 189–190.

6-бөлім – кепілдік «кітаб ар-раһн» деп аталады. Бұл бөлімге әл-Исбиджаби ұзақ тоқталып, мәселені кеңінен ашып қарастырмаған, тек қысқаша ғана түсіндірме беріп кеткен. Көлемі жағынан ат-Тахауи мәтінінен онша көп емес, бары екі парақ қана, 198–190.

7-бөлім. Қарыздар – «кітаб мұдайанат». Бұл бөлім болып аталғанымен көлемі жағынан кепілдік секілді қысқа ғана түсіндірілген. Көлемі екі парақты құрайды, 198–200.

8-бөлім. Тыйым – «кітаб әл-хиджр». Бұл бөлімде түрлі себептермен қолындағы дүние-мүлкін дұрыс жұмсай алуға шамасы жетпеген кісілерге тыйым салынуға байланысты мәселе сөз болады. Бұл жерде балиғатқа жетпеген сәби бала мен қыз немесе науқастығына байланысты тұлғалар және ақыл-есінде ақауы бар кісілердің ақшасы мен мүлкі олардың дұрыс қалыптарына келгенге дейін аралықта дүниенің оларға берілмеу үкімдері қарастырылған. Бұл бөлім көлемі жағынан өте қысқаша түсіндірілген. Көлемі жағынан бар жоғы бір парақ қана, 200.

9-бөлім. Келісімге келу – «кітаб ас-сулх». Бұл бөлімде дауласып бір шешімге келе алмаған екі кісінің арасындағы келісімге келудің шарттары мен түрлері келтірілген. Көлемі жағынан бес параққа жетеді, 200–205.

10-бөлім. Кепілдік пен өзге кісінің есімінен – (сенім қағазының рұқсатының негізінде) іс атқару «кітаб әл-хауала уа әл-кафала» деп аталады. Кепілділікпен сенімділіктің шарттары мен үкімдері қарастырылған. Көлемі жағынан төр-бес парақты қамтиды, 205–209.

11-бөлім. Серіктестік – «кітаб аш-шарака». Сауда мақсатындағы екі кісінің арасында орын алған (шариғатта рұқсат етілген) келісімшарт. Бұл бөлімде екі кісінің бірігіп ақша шығарып, бір пайда мақсатындағы сауда ісін бастаулары қарастырылады. Және одан түскен кіріс те, аталмыш екі кісі арасында теңдей етіп бөлінеді. Көлемі жағынан төр парақты құрайды, 209–212.

12-бөлім. Уәкілдік – «кітаб әл-уикала». Бұл бөлімде кісінің өзінің иеліктеріндегі заттарына (оның ішіне адамдар да кіреді, мысалы, құлдар) басқа бір кісіге уәкілдік (өзінің атынан) беру баяндалады. Бұған қатысты мәселелерге уәкілдікке кіретін дүниелер мен оған кірмейтін заттар жатады. Олардың үкімдері мен оған қатысты айтылған ғұламалардың пікірлері молынан келтірілген. Көлемі жағынан бес парақты қамтиды, 212–217. Бұл бөлімде имам әл-Исбиджаби Тахауи мәтініне қатысты түсіндірмелер (шарх) келтіргенде қысқаша ғана баяндағаны байқалады.

13-бөлім. Мойындау – «кітаб әл-икрар» немесе айтылған бір заттың құны, не болмаса санына қатысты айтылған сөзді бекіту. Мысалы ретінде: егер бір кісі екінші бір кісіге бір затты сатамын деп, оны атаса немесе сатып алушыға беретін затын көрсетсе, сол затты оған өзгертпестен сату немесе сатылған

заттың сатушысы мен оны сатып алушылардың екеуінің де бір ауыздан «бұл сол сатылған заттың өзі» деп мойындаулары әл-икрар деп аталады. Әт-Тахауи мәтінде мысал ретінде бір дирхамнан бастап, он дирхам, жүз дирхам сынды ақша көлемдері мен оған қоса киім-кешектерді де мысал ретінде келтіреді. Әл-Исбиджаби бұл бөлімде екі бетке жуық түсіндірме берген. Тым терең кірмеген. Көлемі жағынан төрт парақты қамтиды, 217–220.

14-бөлім. Қолданған затты пайдалану – «кітаб әл-‘арйиа». Бұның да мазмұны он үшінші бөлімге ұқсайды. 220–221-беттерді қамтиды.

15-бөлім. Тартып алу – «әл-‘асб». Күшпен тартып алудың шарифаттағы үкімі берілген. Оның түрлері мен дәрежелері қарастырылған. Мысалы: бір кісінің екінші бір кісіден күшпен тартып алған заты сол тартып алып жатқан сәтінде (жыртылып немесе сынып, қираған) жағдайда, оның затын қалай өтейді және оның құны қандай болуы керек мәселелері. Сонымен қатар әт-Тахауи тартып алынатын заттардың ішіне иелік етілген күннің де жағдайларын қарастырған. Бұл бөлімге де әл-Исбиджаби қысқаша тоқтап, түсіндірме берген. Жалпы көлемі жағынан үш парақты ғана қамтиды, 221–223.

16-бөлім. Кепілдігіне алу – «кітаб аш-шафақа». Бұл бөлімде кепілдікке кірудің түрлері мен шарифаттағы үкімдері сөз етілген. Сауда-саттықтағы «аш-шафақа» түрлері мен жағдайлары кеңінен қарастырылған. Бұл бөлімнің де құрылымы жағынан тым кең емес орташа түсіндірме берілген. Көлемі жағынан бес парақты қамтиды 223–227.

17-бөлім. Екі кісі арасындағы серіктестік түрі – «кітаб әл-мудароба» деп аталады. Тек бұл бөлімде «әл-мудароба», «аш-шарикадан» айырмашылығы, бұнда бір кісі сауда мақсатында ақша шығарса, екінші кісі сол ақшамен сауда-саттық жасап, істің басында өзі жүреді. Алайда, ақша шығарған (инвестор) сауда-саттықтың басында өзі жүрмейді. Бұл мәселенің шарттары мен үкімдері және екі тараптың көретін кірістерінің қаншасы кімге тиістілігі турасында сөз қозғаған. Алдыңғы айтылған бөлімдермен салыстырып қарайтын болсақ, бұл бөлімге әл-Исбиджаби кеңірек тоқталған. Көлемі жағынан бес парақты қамтығанын көреміз, 227–231. Пайыздық өлшеммен алатын болсақ, әл-Исбиджабидің түсіндірмесі жетпіс пайыздан астам деуге болады.

18-бөлім.Егінді жерлерді суару – «китат әл-мусақа». Бұл бөлімде автор (әт-Тахауи) ағаштар мен жемістер (оның ішінде жүзім және құрмаларды) атаған. Оларды суғарудың үкімдері мен оны суғаратын кісінің шарттары мен адал немесе арам болатын жағдайларына қысқаша ғана тоқталған. Әл-Исбиджабиде бұл бөлімге өте қысқа мән беріп, өте қысқа түрде түсіндірме жасаған. Көлемі жағынан бір ғана парақты қамтиды, 231–231.

19-бөлім.Жалға беру – «кітаб әл-иджарат». Бұл бөлімде әдеттегі шариғи нормалар мен оның шеңбері турасында айтылады. Жалға берілетін заттарға нелер жататыны, олардың классификациясы сөз етіледі. Мысалы: жер мен ғимарат, оған қоса құлдардың да жалға берулері айтылған. Бұл бөлім маңызды бір бөлімдердің ішіне кіреді. Бұлай деп айтуымызға келесідей себептер бар. Біздің тұжырымдауымызша, жалға беруге қатысты ислам құқықтары (фикһ) XI–XII ғасырлардағы Орта Азия өңірінде өте келелі болған сияқты. Себебі бұл

мәселенің үкімдеріне қатысты көптеген пікірлер келтірілген. Солардың бірінде «үйді жалға беру мәселесіне қатысты, нақтырақ айтқанда, кейбір «әл-Иджарат» еңбегінде үйді жалға алу мәселесіне қатысты айтылған шешімге имам әл-Исбиджаби келіспей, ол шешімді қатеге шығарып, өзінің шешім «пәтуасын» бергенін көреміз. Бұл «әл-Иджарат» еңбегінде пәтуа келесідей; «егер кісі ағымдағы айдан он төрт күн өткеннен кейін үйді жалға алатын болса, онда ол (үйді жалға алушы) келесі айдың он алтыншы күнімен толықтыра алады», – делінген. Бұл пәтуаға қатысты әл-Исбиджаби: «бұл пәтуа қате, дұрысы келесідей – он төрт күнді толықтырса, яғни бірінші айдан он төрт күн қалған болса, онда келесі айдың он алты күнін толықтыратын болады», – делінген. Бұл әл-Исбиджабидің пәтуасы кейбір «ар-Риуаиат» кітаптарында келтірілген [86, п. 234]. Қолжазба мәтінінде дәл осы мәселеде пәтуаның дұрыстығын қоштап, имам әл-Итқаниді қуаттағанын көруге болады. Осы шығарманың дәл осы нұсқасының «жалға беру» бөлімінде әл-Итқанидің өзінің қолымен жоғарыда айтылған әл-Исбиджабидің шешімін қуаттап, жазғанын шығарма парақтарының шетінде (хашияда) сақтаулы тұрған (әл-Итқанидің өз қолымен жазып қалдырған сөйлемі сақталғанын) қосымшадан көруге болады. Көлемі жағынан бөлім бес парақты қамтиды, 231–235. Бұл мәселеге қатысты төменде кеңірек тоқталамыз,

20-бөлім. Егіндікпен айналысу – «кітаб әл-музара‘а». Бұл бөлімде динар, не болмаса дирхам немесе өлшенентін тауар, т.б. құнды саналатын заттармен егіншілік жерін жалға алу болып саналады. Оны ұзақ уақытқа алу немесе қысқа уақыт иелену сынды үкім мен шешімге қатысты мәселелер қарастырылған. Әл-Исбиджаби егіндікке жалға алынатын жерлерге қатысты түрлі мысалдар келтірген. Ат-Тахауи мәтінінде келген мысалдардан бөлек, өзінде бірқатар мысалдар ұсынған. Солардың бірінде, әл-Исбиджаби егіндікке жалға берілетін жердің иесі түрмеде болған жағдайды мысал ретінде алады. Сонымен қатар егіндік жерін жалға беруші мен жалға алушының арасындағы келісімнен кейін жердің құны қымбаттаса немесе арзандаса, келісімді қайта жаңарту керектігі жөнінде мысалдар келтіріп олардың жылдарына қатысты да сөз қозғаған [86, п. 235]. Көлемі жағынан екі жарым парақты қамтыған, 235–237.

21-бөлім. Құнарсыз жердің үкімі – «кітаб ахкам ард әл-маут». Әл-Исбиджаби бұл бөлімге (өзінен) анықтама беруден бастаған. Сонан кейін ғана ат-Тахауи мәтініне кірген. Бұл бөлімде де әл-Исбиджаби өзі мысалдар келтірген. Ол мысалдарды Әбу әл-Лайсқа немесе Заһир ар-Риуаиға негіздегенін көруге болады [86, п. 238]. Көлемі жағынан екі парақты ғана қамтыған, 237–238.

22-бөлім. Құдайға арнап берілген, көпшіліктің тұтынатын мүлкі – «кітаб әл-уақф уа әл-‘ата уа әл-хиба». Әл-Һиба (сыйлық, т.б.) туысқа немесе досқа және соған ұқсаған таныс-тамырға, ал әл-уақф пен әл-‘ата тек бөтен, танымайтын кісілерге ғана аталып беріледі (бұл жерде мемлекет немесе бір қайырымдылық иелеріне) қатысты айтылған. Бұл бөлім ат-Тахауиде басқаша берілген. Онда «Китаб ал-‘Атайа және жақша ішінде әл-Уқуф» деп аталған. Әл-Исбиджаби болса, бұл екі сөзге «әл-Һиба» сөзін қосып жазған. Бұл бөлімге де

әл-Исбиджаби қысқаша тоқтаған. Алпыс пайыз ат-Тахауи мәтіні, қалған түсіндірменің қырық пайызы әл-Исбиджабидің сөзі деуге болады. Көлемі жағынан екі жарым парақты ғана қамтыған, 238–240.

23-бөлім. Жоғалған затты тауып алу мен иесіне мойынсұнбаған құлдың еңбек ақысы – «кітаб әл-лақита уа джу‘л әл-абик». Бұл бөлімнің аталуы да ат-Тахауида өзгеше келген. Онда «Кітаб әл-лақата уа-л-абик» деп берілген. Әл-Исбиджаби бұл бөлімде «аз-Заһир ар-риуайға» негіздеп жоғалған затқа «әл-лақит пен джа‘л әл-ибик» деп анықтама берген. Және ат-Тахауи мәтінінде келтірілмеген әл-лақит көлемі мен мерзімдеріне жеке-жеке тоқталған. Көлемі жағынан отыз пайызы ғана әл-Исбиджабидің түсіндірме бөлігіне жатады. Қалған жетпіс пайызы ат-Тахауи мәтініне тиесілі деуге болады, 240–241.

24-бөлім. Жаңа туылған, тастанды бала – «кітаб әл-лақит». Бұл бөлімге де әл-Исбиджаби кіріспе жасаған. Кіріспені тастанды балаға қатысты айтылған хадиспен ашқан. Содан кейін барып, ат-Тахауи мәтінін келтіріп, оған қысқаша ғана түсіндірме жасаған. Ат-Тахауи мәтінінде келмеген мәселелерге кірген. Солардың бірі тастанды баланың қасында ақшасы болса, сол ақшаның үкімі мен шешіміне тоқталған. Көлемі жарты парақты қамтиды, 241–241. Пайыздық көрсеткішпен алар болсақ, елу-елуден деуге болады [86, п. 241]. Әл-Исбиджабидің жаңа туылған тастанды бала мәселесіне терең кірмегеніне қарағанда бұндай жағдайлар орта ғасырларда аз кездескен деуге болады.

25-бөлім. Мирас ғылымы – «кітаб фара’ид». Бұл бөлімде ат-Тахауи мирасқа иелік етуге құқылары жоқ кісілердің тізімі мен жағдайларынан бастап қысқаша ғана жарты бет көлемінде жазған. Ал әл-Исбиджаби болса, мирас іліміне анықтама беріп, оның кімге тиесілі екендігінен бастаған. Кейінгі мирас түрлерінде оны алуға болмайтындар мен тыйым салынғандарға кеңінен тоқталған. Бұл бөлімнің пайыздық көрсеткіші сексен пайыз әл-Исбиджаби түсіндірмесіне, қалған жиырма пайыздайы ғана ат-Тахауиге тиесілі. Бұл мирас бөлімін ат-Тахауи бірнеше бөлімшелерге бөліп қарастырған. Және сол бөлімшелер тәртібін әл-Исбиджабиде сол күйінде өзгертпестен ұстанған. Көлемі жағынан үш параққа жуық, 241–243; Аталмыш бұл бөлім сегіз (8) бөлімшеден құралған. Олар:

– мирастың бөлінуі «қисмат әл-мауарис». Бұл бөлімшеде имам әл-Исбиджаби, ат-Тахауидің мәтінін сөзбе-сөз келтіріп, оған түсіндірме жасағанын көруге болады. «Қисмат әл-мауарис» бөлімінде әл-Исбиджаби айтарлықтай түсіндірмелерге тоқталмаған. Өте қысқа данұсқа сөйлеуге тырысқан. Көбінесе, ат-Тахауи мәтінін келтірген. Көлемі жағынан екі толық парақты қамтыған, 243–244;

– туыстық қатынастағы мирас иелері (бір әке-шешеден туылған ұл мен қыз) «әл-‘асба» деп аталады. Бұл бөлім ат-Тахауиде өтек қысқа ғана берілгендігіне қарап, әл-Исбиджабиде бұл бөлімді тым қысқа етіп жазған. Бар-жоғы сегіз жолдан құралған, 244–244;

– ата мирасы «әл-джд». Бұл бөлім ат-Тахауи мәтінінде «мирас әл-джд абу-л-әб» деп аталған. Яғни ата мирасы деген сөзге әкенің әкесі дегенді қоса айтқан. Алайда, әл-Исбиджаби әкенің әкесі деген сөзді артық санап, оны

кітапқа еңгізбеген. Бұл бөлімде әл-Исбиджаби ат-Тахауи сөзін, сөзбе-сөз қайталамастан, өзі кіріспе жасап, Әбу Ханифа мен оның шәкірттерін келтіріп болғасын ғана, ат-Тахауи мәтініне өткен. Көлемі жағынан үш параққа жетеді, 244–246;

– лағынеттелген бала мирасы (зинадан дүниеге келген баланы айтқан) «мирас уалад әл-мула‘а». Бұл бөлімшенің де зинадан туған бала «уалад аз-зина» сөзі ат-Тахауи мәтінінде жазылған. Алайда, әл-Исбиджаби бұл сөзтіркесін алып тастаған. Соған қарағанда, лағнеттелген бала «уалад әл-мула‘а» сөзінен көпшілікке оның мағынасы белгілі болған сияқты. Бөлімше қысқа ғана жарты парақтан құралған, 246–246;

– маджуси мирасының бөлінуі «мирас әл-маджус». Бұл бөлімшеде әл-Исбиджаби ат-Тахауидің айтқанын басқа жолмен келтіргенін байқауға болады. Алайда, ат-Тахауи мәтінін де келтіргенін көреміз. Бөлімше өте қысқа, көлемі жарты парақ қана, 246–246;

– туыстық қатынас мирасы «зауи-л-архам». Бұл бөлімшені де әл-Исбиджаби ат-Тахауиден ерекшелеп атаған. ат-Тахауиде туыстық қарым-қатынас негізіндегі мирас «баб мирас би-л-архам» деген болса, әл-Исбиджаби «туыстық қарым-қатынас иелерінің мирасы» деп басқаша атаған. Көлемі жағынан бір парақты толығымен қамтыған, 246–247;

– мауала мирасы «мирас мауала». Бұл бөлімшеге ат-Тахауи бір ғана сөйлеммен қысқаша ғана тоқталған. Алайда, әл-Исбиджаби бұл бөлімшені түсіндіре келе соңында Әбу Ханифа мен Әбу Йусуф пікірлеріне де сүйенгенін көрсеткен. Көлемі жарты беттен сәл ғана асады, 247–248;

– ер мен әйелдің атаған кісілері мен туыстарына қатысты мирас түрі «ман йаджуз ли-р-раджул уа-л-марат да‘уаһу уммаһу файухджиб мин сиуаһу мин әл-‘усба ау мин зуи-л-архамиһи». Бұл бөлімде әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтінін келтіріп, оған түсіндірме береді. Алайда, ат-Тахауи өз сөздерімен ғана шектелсе, ал әл-Исбиджаби болса, бұл мәселеге қатысты Әбу Ханифа, Әбу Йусуф және Мухаммадтың пікірлерінде қосқан. Көлемі қысқа жарты бетті ғана қамтиды, 248–249;

– мәлім мирасқор мен беймәлім мирасқор арасындағы шешімдер «ақрар әл-ба‘д әл-уарис би уарис маджһул». Бұл бөлімде де әл-Исбиджаби өзі кіріспе жасап болғаннан кейін ғана, ат-Тахауи мәтінін келтіріп, оған түсіндірме берген. Жалпы көлемі екі парақты қамтиды, 249–250.

26-бөлім. Екі жынысты (гермафродит) – «кітаб хунаса». Бұл бөлімде әл-Исбиджаби ат-Тахауидің сөзін сөзбе-сөз келтіріп жазған. Қысқаша ғана түсіндірме жасаған. Көлемі жағынан толық жарты парақты қамтиды, 250–250.

27-бөлім. Мирасқа қатысты айтылған өсиеттер – «кітаб әл-уасайа». Бұл бөлімде де әл-Исбиджаби ат-Тахауидің мәтінін келтіріп, оған кеңінен түсіндірме жасаған. Мирас өсиеттерінің шарттары мен үкімдеріне тоқталған. Олардың жарамды және жарамсыз жағдайлары, т.б. сөз етілген. Жалпы парақтар саны алты толық параққа жетеді, 250–257. Ат-Тахауидің мәтіні қырық пайызды құраса, әл-Исбиджабидің түсіндірмесі (шарх) алпыс пайыздан астам.

28-бөлім. Аманат – «кітаб әл-уади‘а». Бұл бөлімде автор өзтүсіндірмесін ат-Тахауи мәтінін келтіре отырып бастаған. Бұл бөлімнің кіріспесінің өзінде әл-Исбиджаби біздерде (ханафилерді көздеген) және шафиғилерде деп, екі мазһаб пікірлерін салыстырып, екеуінің осы «аманат» мәселеде пікірлерінің бір екенін атап көрсеткен [86, п. 257]. Көлемі жағынан тым ұзын емес екі толық парақты қамтыған, 257–258.

29-бөлім. Олжаны бөлу – «кітаб қисмат әл-ғанаим уа-л-фай’». Бұл бөлімде де автор ат-Тахауи мәтінінен сөз бастайды. «Әл-ғанима» сөзінің «әл-фай’» сөзінен қандай айырмашылығы бар екенін түсіндірген. Бұл бөлімде әл-Исбиджаби «Захир ар-риуайадан» мысалдар келтірген. Және соғыстан түскен олжа мәселелерін талқылай келе, шафи‘и мазһаб көзқарасын бірнеше рет келтірген [86, п. 259]. Көлемі жағынан екі толық парақты қамтыған, 258–259.

30-бөлім. Неке бөлімі – «кітаб ән-никах». Бұл бөлімді әл-Исбиджаби, ат-Тахауидің мәтінімен бастаған. Некенің шарттарына кіретін ер кісі мен әйел кісілердің саны, т.б. мәселелері қозғаған. Әл-Исбиджаби неке бөлімінде де Әбу Ханифа мен оның екі шәкірті Әбу Йусуф пен Мухаммад пікірлерін молынан келтірген. Сонымен қатар шафи‘илердің де пікірлерін осы бөлімде қамтыған. Оған қоса, имам ан-Наджжар, Әбу Бакр Мухаммад ибн әл-Фадлдың сөзінде келтірген [86, п. 260]. Сонымен қатар «Захир ар-риуайа» еңбегіне молынан сілтеме жасаған. Бөлімді талақтың түрлерімен аяқтаған. Көлемі жағынан бес парақты толығымен қамтыған, 259–264.

Келесі бөлім екі бөлімшеден тұрады Олар:

– тек жағынан үйленуге қатысты тыйымдар мен басқалары «ма йухраму әл-джам‘а би-н-насаб ау ғойру залика». Бұл бөлімше ат-Тахауидың мәтінінде өзгешелеу келген. Онда әйелдердің ішінде кіммен неке қиюға балмайды –«ма йухрам никахуһу мин ан ниса’» деп келген. Бұл бөлімде әл-Исбиджаби өзінен кіріспе жасағаны байқалады, кейін ат-Тахауи мәтінін келтіреді. Бөлімшеде әйелдерден үйленуге болмайтын топ айтылған. Автор оларды, жиырма бір әйел деп айтқан. Және оларды Құран аяттарына негіздей отырып, жетеуін хадиске негіздеп, жетеуін т.с.с. бөліп қарастырған. Құран аяттары мен хадис мәтіндерінде келтірген. Көлемі екі парақтан тұрады, 264–265;

– серік қосушыларға үйлену –«никах әһл әш-ширк». Бұл бөлімше ат-Тахауи мәтінінде мүлдем бөлек аталған. Кітап иелеріне үйлену «баб никах әһл әл-кітаб» деп аталған. Алайда, әл-Исбиджаби бұл жерде «әһл аш-ширк» туралы сөз қозғаған [86, п. 265]. көлемі жағынан екі парақты қамтыған, 265–267;

Осы жерде әл-Исбиджабиат-Тахауидің бір бөлімшесін тастап кеткен. Ол: «баб әджал әл-‘иннин уа-л-хаси уа-л-маджбуб уа-л-хунса» деп аталады. Немесе бұл бөлімге тоқталуды жөн көрмеген болса керек. Көлемі Мухтасар ат-Тахауида толық бір бетті құрайды, 282–283.

31-бөлім. Қалыңдық малы – «кітаб ас-садақа». Бұл бөлімді ат-Тахауи кітабында бөлімше «баб» деп атаған. Бәлкім баспадан да қате кетуі мүмкін. Бұл бөлімде маһрдың көлемі мен оның шариғаттағы үкімі, т.с.с. мәселелер баяндалған. Әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтінін келтіріп, оған түсіндірме берген.

Бөлім көлемі жағынан ауқымды болып келеді, әл-Исбиджабидің түсіндірмелері бес парақты қамтыған, 267–272.

Келесі бөлім бір бөлімшеден құралған. Ол:

– үйлену тойы «әл-уалима» деп аталады. Бұл бөлімше алдыңғы бөлімнің келесі кезеңі десе болады. Бұл бөлімше ат-Тахауидің мәтіні негізінде басталады. Үйлену тойын жасаудың мәні мен оған қатысты келісім мен бастартудың үкімдері аталған. Көбінесе, бұл мәселелерде Әбу Ханифа мен оның екі шәкіртінің ойлары кеңінен қолданылады. Алайда, басқа мазһаб иелерінің пікірлері келтірілмеген. Көлемі жағынан қысқаша берілген, барлығы үш парақты қамтиды, 272–274.

32-бөлім. Талақ – «кітаб ат-талақ». Бұл бөлімде автор ат-Тахауи мәтінінің негізінде бастаған. Талақтың анықтамасы мен оның түрлері сөз етілген. Бұл бөлімде Мухаммад пен Зуфар пікірлері келтірілген. Талақтың түрлеріне қатысты сөз қозғағанда қайтарып алатын талақ түріне келгенде «талақ радж‘ийа», шафи‘илердің пікірлерін айта кеткен. Жалпы көлемі алты параққа жетеді, 274–275.

Талақ бөлімі 11 бөлімшеден тұрады. Олар:

– анық талақ түрі «сарих ат-талақ уа ғайруһу» деп аталады. Бұл жерде де сарих талақтың түрлерімен олардың орнына қолдануға болатын және болмайтын сөздердің категориялары қарастырылған. Автор ат-Тахауи айтты деп бастаған. Бөлімше бірінші бөлімге қарағанда ауқымдырақ болып келген. Автор Әбу Ханифа мен оның екі шәкіртінен басқа, Зуфарды жиі қолданған. Ханафи еңбектерінің ішінде Мухтасар әл-Кархиді келтіріп, соған сілтеме жасаған [86, п. 276]. Бұған қоса «Захир ар-риуайа» және «Китаб әл-икрарды» да келтірген [55, п. 277], сонымен қатар «Әбу әл-Ләйс әл-фақиһ айтқан», – деп ғұламаның да көзқарастарын келтірген. Шафи‘илерден бөлек, ибн Аби Лайләнің де пікірін ұсынған [86, п. 280]. Көлемі жағынан сегіз парақты қамтыған, 275–283;

– қайтарып алу талағы «ар-радж‘а» деп аталады. Бұл бөлімшені әл-Исбиджаби өзінің кіріспесімен бастаған. Яғни ат-Тахауи мәтінімен бастамаған. Автор бұл бөлімшені Әбу Ханифа сөзімен бастаған. Құраннан аят келтіріп, ар-радж‘а талақ түрінің Құран мәтінімен адал екенін атап кеткен. Автор аяттан кейін қайтарылып алатын талақтың түрлері мен классификацияларына тоқталып кеткен. Міне, осыдан кейін ғана, ат-Тахауи мәтініне кірген. Әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтініне түсіндірме жасаған кезде кейбір ат-Тахауидің толықтырмай кеткен жерлерін ашып жазғанын көруге болады. Мысалы, ат-Тахауи осы мәселеде әл-Хасанның келтірген риуаятын қиас қылып көрсеткен. Дәл осы ат-Тахауидің сөзін әл-Исбиджаби ашып түсіндірген. Ат-Тахауидің әл-Хасан риуаяты деген сөзін түсіндіріп, әл-Хасан ибн Зийад екенін толық атап көрсеткен. Сонымен қатар әл-Исбиджаби Әбу Ханифаның әл-Хасан ибн Зийадтан риуаятты келтіргенін атап кеткен. Автордың қысқа айтылып кеткен есімдерді толықтырып беруіне қарағанда, оның білім алушыларға түсінікті болуы үшін қысқаша аталған есімдер мен кейбір терминдерді ашып, түсінікті

етіп кеткенін байқауға болады. Жалпы көлемі екі парақты толық қамтымаған, 283–284;

– ант ішу (талақ мәселесіне қатысты) «ал-ила'» деп аталады. Бұл бөлімше авторы, әл-Исбиджабидің Құран аятымен бастағанын көруге болады. Ол осы мәселеге қатысты «Бақара сүресінің» 226- аятын мысалға келтіреді. Сонымен қатар осы аяттың тәпсіріне тоқталады. Ол аятқа түсіндірме беруші тәпсіршілердің сөздеріне жүгініп, «‘Абдулла ибн Мас‘уд өз тәпсірінде бұл аятты келесідей етіп тәпсірлеген», – деген. Сонымен қатар автор көтерілген мәселеге қатысты сөз қозғағанда оның сенімділігін атап өту мақсатында мәселенің тізбегін «иснад» атағанын көруге болады. Мысалы; Әбу Ханифадан, одан әл-Хасан ибн Зийадтан, одан ат-Тахауидан ол айтты деп те келтірген. Көлемі екі парақтан асады, 284–286;

– ислам келгенге дейінгі уақытта қолданылған талақ мағынасындағы сөзді «аз-зиһар» деп атаған. Бұл бөлімде аз-зиһар сөзі – исламға дейінгі уақыттағы арабтардың қолданған сөзі. Мағынасы ердің әйеліне: «сен маған анамның арқасындайсың» дегенді білдірген. Бұл бөлімшеде автор «аз-зиһар» сөзінің мағынасы мен қолданған дәуіріне шолу жасаған. Сонымен қатар осы мәселеге қатысты Құран аятын келтірген. Ат-Тахауи болса, бұл мәселені құлдың мысалымен бастаған. Автор аз-зиһар сөзінің кімге қатысты қолдану-қолданбауы мен оның аз-зиһар саналатын және саналмайтын жағдайларына мән берген. Соңында аз-зиһардың өтеуіне (каффарат) қатысты тоқталған. Көлемі екі парақтан астам, 286–288;

– лағынет сөздеріне баламаланатын айыпты «әл-ли‘ан» деп атаймыз. Ат-Тахауи мәтінінде бұл бөлімшеге анықтама беруден бастаған болса, әл-Исбиджаби бұл бөлімшені Әбу Ханифаның анықтамасымен бастаған. Автор бұл жерде де Құран аятымен бастаған. Ер мен оның әйелінің арасында айтылатын әл-ли‘ан сөзіне қатысты әл-Исбиджаби Әбу Ханифа мен оның шәкірті Мухаммадтің пікірін бір жақты етіп, Абу Йусуф пен әш-Шафи‘идің сөздерін бір пікірлес етіп қарастырады. Жалпы алғанда автор осы бөлімшенің өзінде аш-Шафи‘идің көзқарастарын бірнеше рет келтірген. Сонымен қатар аз-Заһхир ар-риуайаға да сілтеме жасаған. Жалпы көлемі толық екі парақты қамтыған, 288–290;

– әйелдің күйеуі қайтыс болса немесе талақ бергеннен соңғы тазаруды күту аралығы «әл-‘идда» деп аталады. Бұл бөлімде автор Әбу Ханифа сөзін келтіріп, Құран аяты мен хадиске тоқталып барып бастаған. Ал ат-Тахауи болса, бұл бөлімшенің анықтамасынан бастаған. Және ол бұл бөлімшені әл-‘идад деп атаған. Негізінде ‘идда сөзінің көпше түрі ‘идад немесе ‘идат. Ал әл-Исбиджаби болса, бұл бөлімшені жекеше түрде ‘идда деп атаған. Бұл бөлімшеге әл-Исбиджаби қысқаша ғана түсіндірме берген. Жалпы көлемі бір ғана парақты құрайды, 290–292. Ат-Тахауидағы мәтін көлемі де осы екі парақты құрайды деуге болады.

– емізу – «ар-рида‘». Бұл бөлімшені де әл-Исбиджаби өзінің тәсілімен бастаған. Ол бірінші Әбу Ханифаның сөзімен бастап, хадис келтірген. Бұл бөлімшеде автор Әбу Ханифаның әйгілі екі шәкіртінен басқа оның үшінші

шәкірті Зуфарды да көп қолданған. Сонымен қатар аш-Шафи‘иды да айтқан. Дәл осы бөлімшеде автор ‘Умардан келген хадисті жазған. Сонымен қатар ‘Утба ибн әл-Харис (алайда, еңбекте әл-Харт деп келген) келген риуаятқа да жүгінген (Бұл мәтіндегі жіберілген қателікке қарағанда, мәтінді көшіруші кісі діндар болмаған немесе діни білімі болмаған). Жалпы көлемі бір параққа толмайды, 292–293;

– туыскандарға, әйелдерге және талақпенажырасқан әйелдерге берілетін ақша немесе напақа – арапшасы «ан-нафақа ‘ала-л-ақариб уа-з-зауджат уа-л-муталлақат». Бұл бөлімшеде автор ат-Тахауи мәтінінен бөлек «қала» (айтты) аш-шейх деп бастаған. Және Құран аятымен кіріспе жасаған. Бұл бөлімшеде автор хадистерге сүйенгенде ‘Абдулла ибн Мас‘удтың риуаятына жүгінген. Сонымен қатар әке-шешенің напақасына жеке тоқталғаны байқалады. Ат-Тахауи болса, бұлай жекелеп, әке-шешенің напақасын қарастырмаған. Парақ жиегінде оқушыға жеңіл болуы үшін қызыл сиямен әке-шеше напақасы «нафақат әл-уалидайн» деп жазылған. Сонымен қатар Әбу Суфйанның әйеліне қатысты оқиғаны хадис мәтінінде келтірген. Жалпы көлемі екі парақтан асады, 293–296;

– бала тәрбиесі мен оны қаржылай қамтамасыз ету «әл-хадана» деп аталды. Бұл бөлімшеде автор ат-Тахауи сөзін мәтіннен бөліп, өзінше бөлек етіп берген. Ат-Тахауи сөзін мәтін ретінде келтірместен өз сөзімен тұжырымдағаны байқалады. Және әл-Исбиджаби көп жағдайда дәлел ретінде Құраннан аяттар келтіріп отырады. Ал-хадана түрлері мен классификацияларына тоқталған. Автор ат-Тахауи мәтінінде айтылған әйелдің бір ауылдан қалаға (Мысыр) көшкен жағдайларын атаған. Осы мәселелерге тоқталғанда әл-Исбиджаби ат-Тахауи атаған Мысыр мен қоса ар-Ристақ қаласында мысалға келтірген. Автор ат-Тахауи ар-Ристақ қаласын атаған деген. Алайда, ат-Тахауи мәтінінде ар-Ристақ қаласы аталмаған. Онда тек қана «Мысырдан ауылға» деп жазылған. Растақ қаласы қазіргі Султанат Оманда орналасқан. Сонымен қатар автор бұл бөлімшеде Абу Йусуфтың риуаятын келтіріп, Шам қаласын атаған әл-Джами‘ ас-сағирды да мысалға келтіріп жазған. Оған қоса Захир ар-риуайаны да атап көрсеткен. Жалпы көлемі бір парақты қамтыған, 296–296;

– иеліктегілер мен жануарларға напақа шығару – «нафақат әл-мулук уа-л-баһаим». Бұл бөлімшеде автор өзінің сөзімен қысқартып, ат-Тахауи ойын жеткізген. Ат-Тахауи айтпай кеткен Захир ар-риуайадан мысалдар келтірген. Өте қысқа түсіндірген. Пайыздық өлшеммен алсақ, сексен пайызы ат-Тахауи мәтіні деуге болады. Жалпы көлемі жарты бетті ғана құрайды, 296–297;

– ажырасқан жағдайдағы үй иеліктерінің арасындағы өзгешелік немесе үй шаруасына қатысты әйелмен күйеудің міндеттері «аз-зауджайн мухталифан фил-мата‘ әл-байт». Бұл бөлімшеде автор өз сөзімен ат-Тахауи мәтінін келтірген. Әл-Исбиджаби осы мәселеге қатысты Мухаммадтан естігенін мысалға алған. Оның (Мухаммад) ойынша бұл мәселеге қатысты ғұламаларымыздың жеті түрлі пікірі бар. Және олардың әрқайсысының ойын алуға болады деген. Ол жеті ғұламаның біріншісі Әбу Ханифа, Әбу Йусуф, Мухаммад, Зуфар, Малик пен аш-Шафи‘и, ибн Әби Лайла және Хасан әл-Басри. Ат-Тахауи болса, Әбу

Ханифа мен Әбу Йусуф пікірлерін ғана айтқан. Жалпы көлемі бір толық бетті құрайды, 297–297.

33-бөлім. Кек алу мен [өлген кісінің] құнын төлеу – «әл-қасас уа-д-дйат». Бұл бөлімнің алдында айтылған бөлімшелерден айырмашылығы оның кіріспесінен-ақ байқалып тұр. Автор жаңа бөлім екенін білдіргендей, оның кіріспесін жаңаша етіп береді. Автор ат-Тахауи мәтінін келтіргенімен ондағы сөздерді өзгеше етіп бергені байқалады. Ат-Тахауи сөздері толықтай сөзбе-сөз қайталанбайды. Автор өлтірілген кісінің құнына қатысты сөз қозғау барысында Захир ар-риуайа мен әл-Хасан ибн Зийадтың риуаяттарын келтіреді. Сонымен қатар айыптының төлеуге тиісті ақысына қатысты мәселелерді қозғағанда Әбу Йусуфпен аш-Шафи‘идың пікірлерінің бір жерден шығатынын атаған. Кек алу мәселесіне келгенде, Әбу Йусуф пен аш-Шафи‘идің көз-қарастарының қарама-қайшы екенін тағыда атап кетеді. Сонымен қатар Мухаммад және басқаларын келтіріп, иджма‘ үкіміне қатысты мәселелелерді де баяндап, ашып кеткен. Жалпы алғанда көлемі бір жарым параққа жетеді, 297–298.

Келесі бөлім 8 бөлімшеден құралған. Олар:

– кісі өлімі мен жарақат алудың жүзеге асу түрлері – «баб кайфийа әл-қатл уа-л-джарахат». Бұл бөлімшеде автор ат-Тахауи мәтінін сөзбе-сөз келтіріп бастаған. Бірінші жолда (кісі өлтіру) қатл түрлері мен категориялары турасында сөз етіледі. Бұл бөлімшеде аш-Шафи‘идің пікірі жиі келтірілген. Жоғарыда айтылғандай кісі өліміне қатысты категориялардың ішінде әдейі «‘амдан», қателесіп «хата’ан» және қатеге жақын немесе ұқсас «шибһ» түрлері айтылған. Осы үшеуінің екіншісі қателескен жағдайды сөз ету барысында, автор мысал ретінде Самарқан мен Исбиджаб қалаларын келтірген. Қателесіп кісі өлтірген адам, өлген кісінің бала-шағасына ақшалай төлем төлеуі тиіс. Ол төлем мөлшерін қазы белгілейтін болған. Өлтірушінің қаражаттық жағдайы төмен болғанда, оған туыстары «әл-му‘ақила» көмектесетінін атап айтқан. Олар белгіленген ақшалай құнды үш жылға дейін төлеуіне мүмкіндік алған. Осы мәселеге қатысты автор әл-Исбиджаби Самарқан мен Исбиджаб қалаларындағы өлтірілген кісі құнын төлеудің аталмыш шаһарларда қалыптасқан жолын мысалға келтіріп жазған. Егерде қателікпен кісі өлтірген мұсылманның қазы белгілеген төлемін өтеуге жәрдемдесетін туыстары әл-му‘ақала болмаған жағдайда, оның туыстарының орнын басатын көмекшілері «ансаруһу» құраған. Ансар деп, кісі өлтірген адамның жақын араласатындары айтылып отыр. Олар: біріншіден, бір ауылда тұратындар, екіншіден, үйлері жақын орналасқан көршілер, үшіншіден, бір салада жұмыс істейтін қызметтестері сөз етілген. Осы қызметтестерінің көмегі гильдия (неміс тілінде «Gilde»–бірлесу деген ұғым. Орта ғасырларда гильдия түсінігі саудагерлер мен колөнершілердің өз мүшелерімен мүдделерін қорғау мақсатындағы өзара көмек) [94, т.12, б. 241] «нусратуһу би-л-хираф» мәселесіне қатысты әл-Исбиджаби Самарқанда мата бояушылар «әл-қассарин» және мыс зергерлері «ас-саффарин» араларында төлемді мойындарына алып, өз қызметтесіне көмекке келетін болған. Ал Исбиджаб қаласына қатысты автор бір ғана мамандық иелерін атаған. Олар – етікшілер «әл-асакифа» еді. Бұл мамандық жағынан көмектесетіндердің

әрқайсысы төрт дирхамнан жинап беретін. Бөлімнің жалпы көлемі екі жарым парақты ғана қамтиды, 298–300;

– (қылмысты) әдейілеп жасаудың үкімдері «ахкам әл-‘амд» деп аталады. Бұл бөлімшеде автор ат-Тахауи мәтінімен сөзбе-сөз бастаған. Сондай-ақ әдеттегі көтерілген мәселенің түрлері мен формалары және оның жүзеге асудағы ерекшеліктері мен ғұламалар арасында айтылған пікірлері қозғалған. Сол ғұламалардың арасында аш-Шафи‘ида жиі-жиі кездеседі. Әдейілеп қылмыс жасаудың жазасына қатысты нақты айырмашылықтар көрсетілген. Мысалы, шафи‘и мазһабы мен ханафи мазһабтарындағы ерекшеліктер. Жалпы алғанда, бөлімше толығымен көтерілген мәселенің жік-жігіне бөліп қарастырып шыққан. Ханафи ғұламаларынан Зуфар көзқарасы келтірілген. Жалпы алғанда, төрт парақты толықтай қамтыған деуге болады, 300–304;

– кісі үшін және басқада жеңіл жарақаттарға төленетін төлем құны «әд-дийат уа-н-нафс уама дунаһа» деп аталады. Бұл бөлімшеде автор өзінің тәсілін қолданады. Ол ат-Тахауи мәтінін сөзбе-сөз келтірместен оның айтқан сөздерінің мазмұнымен бастаған. Әдеттегі көтерілген мәселеге қатысты үкімдер мен олардың ғұламалар арасындағы көзқарастарға байланысты өзгерулері сөз етілген. Кек қайтару мәселесіне қатысты сөз қозғалғанда, «Мухтасар әл-Кархи» еңбегінде оның авторының сөзі келтірілген. Әл-Кархи болса, бұл мәселеде Құрандағы аяттың негізінде үкім шығарылады деген. Бұл жерде «әл-Ма‘ида» сүресінің 45- аяты жазылған. Сонымен қатар әл-Исбиджаби көздің қасасына қатысты ат-Тахауи «әл-Китабта» келесідей деп айтқан,– дегені келтірілген. Бұл жердегі «әл-Китаб» дегені «Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі болса керек. Сонымен қатар имам аш-Шафи‘идің, Зуфардың пікірлерін келтірген. Және Мухаммадтан Ибрахим ан-Наха‘идың келтірген сөзі «әсар» мысалға келтіріліп, соған қиас жасағанын да айтқан. Жалпы алғанда бұл бөлімше екі жарым парақты қамтыған, 304–307;

– ант ішу – «әл-қасама». Бұл жерде өлтірілген кісінің туыстарының ант ішуі көзделген. Әдеттегідей әл-қасама үкімдері мен ғұлама ойлары, әл-қасама мен дийаның айтылып берілетін жағдайлары сөз етілген. Бұл бөлімшеде тек қана ханафи ғұламалары, атап айтқанда, Әбу Ханифа, Әбу Йусуф және Мухаммад есімдері мен айтқан шешімдері келтірілген. Көлемі бір жарым парақ, 307–308;

– көлікке мініп келе жатқан кісінің жасап қойған қылмысы және сол сияқты жағдайлар– «джинайа әр-ракиб уа-с-са‘иқ уа-л-қайд уа-н-нахис уа-л-хафир уа-л-муртадиф». Бұл бөлімшеде әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтінін ұстанбайды. Ол өзінің ойын айтып, бөлімшеге кіріспе жасаған. Сонымен қатар көліктегі кісінің жаяу кісіге байқаусызда жасап қойған қылмысын бірнеше мысалмен келтірген. Мысалы, қағып кетсе, таптап кетсе, мінген тұлпары тістеп алса, т.б. Бұл мысалдардан автордың оқырманға түсінікті болуын қалайтын тәсілдерді қолданғаны анық байқалады. Ат-Тахауи мәтінінің тәсілі, бірден мәселеге кіргендіктен оқырманға түсініксіз болуы да әбден мүмкін. Әл-Исбиджаби осы мәселеге көңіл бөлген. Осы мәселенің категориялары мен оларға бой алдырғанда төленетін құнның түрлерін сөз еткен. Қателесушінің

айыппұл мәселесіне қатысты ат-Тахауи мәтінінде айтылмаған, дирхам көлемін де белгілемеген. Көлікке мінген кісінің жасаған қылмысының дәрежелері мен деңгейлеріне қатысты автор «сұлтан» басшылықтың рұқсатымен болған жағдайларды да бірнеше рет мысалға келтіріп жазған [86, п. 309]. Әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтінінде келмеген мәселелерді де мысалға келтіріп жазған. Мысалы, ол ат-Тахауиде айтылмаған, көшеге жіберілген жылан кісіні шаққан жағдайда оның үкіміне қатысты әл-Исбиджаби сөз қозғап, талқылаған. Алайда, бұл жылан мәселесі ат-Тахауи мәтінінде кездеспейді. Жалпы көлемі екі парақтан асады, 308–311;

– құлайын деп бұзылуға шақ қалған дуал үкімі мен оның қиратқандарына қатысты «хукм әл-ха'ит әл-ма'ил фима талафа мин сукутиһи». Бұл бөлімшеде автор ат-Тахауи мәтінінен өзгеше бастаған. Ол мәселеге қатысты жеке мүлік пен жалпы қолданыстағы мүлікті екіге бөліп қарастырған. Бұнда да автор ат-Тахауи айтпаған мәселелерді қосып ауқымды түсіндірме жасаған. Ол дуалды қойма ретінде пайдаланылған және жалға берілген мүлік мәселелерін де шолып кеткен. Әл-Исбиджаби ат-Тахауидің көлікке қатысты айтқандарын мысалға алып қиас жасаған. Ол осы бөлімдерде Захир ар-риуаяға жүгінген. Жалпы көлемі бір парақты толық қамтымаған, 311–311;

– құлдың жасаған қылмысы және соған ұқсас жағдайлар –«джинайа әл-‘абд ау-л-мудаббир уа-л-макатиб уа уммаһат әл-әулад». Бұл бөлімде автор ат-Тахауи мәтініне ұқсастандырып келтірген, алайда, ат-Тахауи мәтінінің дәл өзі емес. Аталған мәселелерге қатысты Әбу Ханифа мен оның шәкірттерінің ойлары молынан келтірілген. Сонымен қатар Шафи‘и мазһабының да ойын бір жерде келтірген. Көбінесе, Захир ар-риуаяға жүгінген. Жалпы көлемі екі парақтан астам, 311–313.

34-бөлім. Бұзықтық иелерін өлтіру мәселесі – «китал әһл әл-бағи». Автор бұл бөлімде бұзықтық иелерінің кім екендерін ашып көрсетіп, анықтама берумен бастайды. Бұл жерде де «бағи» (бұзықтық) иелерін ажырату үшін «сұлтан» басшыға қатысты мысалымен баяндаған. Бағи иелерін өлтіруге болатын жағдайлар мен тыйымдарды түсіндірген. Әбу Ханифа мен оның шәкірттерінің де ойларын молынан берген. Мухтасар әл-Кархи мен Захир ар-риуая кітаптарындағы мәселеге қатысты пәтуаларды келтірген. Шафи‘и көзқарасында соңынан ұсынған. Бөлім біткесін «Алла жақсырақ біледі» деген сөздерді қолданып аяқтаған. Жалпы көлемі бір жарым парақты құраған, 313–314.

35-бөлім. Діннен безгеннің – (муртад) үкімдері «кітаб аһкам әл-муртад» деп аталады. Бұл бөлімді автор ат-Тахауи мәтінімен бастаған. Әл-Исбиджаби мәтінді жаза келе (Алла одан өзі сақтасын) деген сөздермен діннен бет бұрудан сиынып дұға тілеген. Ат-Тахауи мәтінінде «Кітаб әл-муртад» деп қана жазылған. Әл-Исбиджаби бұл бөлімге үкімдері «аһкам» деген сөзді қосып жазған. Әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтінін қайталай келе, оның «ас-Сийар ас-Сағир» кітабынан алынғанын атап көрсеткен [86, п. 314]. Сонымен қатар «Ас-Сийар әл-Кабирге» де сүйенген. Оған қоса «Мухтасар әл-Кархиді» де жиі келтіреді. Осы мәселеде Әбу Ханифа мен әш-Шафи‘идің көзқарастарының бір

жерден шығатынын атап кеткен. Сол сияқты мысалдарды келтіргенде христиандармен яһудилерді және маджуси (отқа табынушыларды) да молынан келтірген. Хадистерді рауиларымен келтірген. Сахабалардан Әбу Бәкр ас-Сыддықтың ұстанған ұстанымдарын және ‘Усман ибн ‘Афанның айтқандарын жазған. Жалпы көлемі бір жарым беттен асады, 314–316.

36-бөлім. Жазалау бөлімі– «кітаб әл-худуд». Автор бұл бөлімді ат-Тахауи мәтінімен бастаған. Бұл бөлімде ат-Тахауи мәтіні жазаның зинақорға қатысты бөлігін ғана сөз қылған. Алайда, әл-Исбиджаби зинамен қатар ұрлық пен ішімдіктің жазаларын да баяндаған. Бұл бөлімде де имам әш-Шафи‘идің көзқарастары ханафилердің көзқарастарынан бөлек екені көрсетілген. Жалпы көлемі үш параққа жуық жазылған, 316–318.

Келесі бөлім бір бөлімшеден құралған. Ол:

– жала жабудың жазасы – «баб хукм әл-қазф». Бұл бөлімшені автор өздігінен бастаған. Ат-Тахауи мәтінінің реттілігі сақталмаған. Автор әл-қазф сөзіне анықтама берген. Бұл бөлімшеде де автор Захир ар-риуая мен аз-Зийадат еңбектеріне жүгінген. Шафи‘и көзқарастарына да кеңінен тоқталған. Жалаға қатысты мысалдар келтіру барысында Әбу Лайланың мысалдарымен қатар ел атауларын келтірген. Оның ішінде «Набати» және «Рустақи» қала аттары кездеседі [86, п. 320]. Жалпы көлемі екі парақтан асады, 318–320.

37-бөлім. Ұрлық және жолаушыларды тонау – «кітаб ас-сариқа уа-л-қат‘ ат-тариқ». Бұл бөлім ат-Тахауи мәтінінде тек қана ұрлық «ас-сариқа» деп аталған. Алайда, әл-Исбиджаби ұрлыққа қоса жолаушыларды тонауды да бірге қарастырған. Бұл бөлімді автор әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтін тәртібін сақтамастан бастаған. Ат-Тахауи ұрлық саналатын дүниенің құнын айтып бастаған болса, әл-Исбиджаби ұрлық деген ұғымға анықтама беруден бастаған. Жалпы ұрлықтың түрлері мен оған берілетін жазалар айтылған. Келесі мәселе ұрланған заттың құнына қатысты баяндалған. Кепілдік «диман» мәселесіне тоқталған [86, п. 323]. Өртүрлі заттардың құнына қарай ұрлық түрлері мен олардың жазалары баяндалған. Соның ішінде Құран кітабын ұрлауды да қоса айтқан. Кішкентай сәби баланың ұрлығына қатысты сөз қозғалған. Бөлімнің соңғы бір параққа жуық көлемі жолкесуші қарақшыларға арналған. Олардың шақырым өлшемдері мен қолданылатын жаза түрлері кеңінен баяндалған. Жалпы алғанда бөлімде автор Захир ар-риуая еңбегіне көп жүгінген. Әбу Ханифа және оның шәкірттерінен бөлек Зуфар мен Әбу әл-Лайс әл-фақиһ пәтуалары да молынан келтірілген. Жалпы көлемі төрт жарым парақтан астам, 320–325.

38-бөлім. Ішімдіктер бөлімі– «кітаб әл-ашриба». Бұл бөлімді ат-Тахауи ішімдіктер мен олардың үкімдері «әл-ашриба уа ахкамуһа» деп атаған. Ал әл-Исбиджаби болса, жай ғана сусындар бөлімі «кітаб әл-ашриба» деп атаған. Автор бұл бөлімді өзінің тәсілімен бастаған. Ат-Тахауи мәтін тәртібін сақтамаған. Жалпы алғанда бөлімге автор өте қысқа ғана тоқталған. Тіпті, ат-Тахауи мәтінінен де қысқа етіп жазғаны байқалады. Алайда, ішімдіктерге қатысты сөйлегенде салыстырмалы фикһ «фикһ муқаран» тәсілін қолданған. Жалпы көлемі жарты парақтан асады, 325–325.

39-бөлім. Жорық және соғыс – «кітаб ас-сиар уа-л-джиһад». Автор әл-Исбиджаби бұл бөлімді өзінен пәтуа берумен бастаған. Ат-Тахауи мәтінінде соғыс уәжіп деп айтылған болса, әл-Исбиджаби соғысты парыз кифая, яғни бір топ мұсылмандар атқарса, басқаларына міндет емес деген. Алайда, «әл-Имам» қолбасшы жеткілікті деген. Автор ат-Тахауи мәтінінде кездеспеген шекара аумақ «суғур» сөзін қолданған. Автор қолбасшы және мұсылмандар шекара аумағын жақсылап бекіту керек, мұсылман әскерін шекара аумағының қақпасына қою керектігін айтқан. Мақсат кәпірлердің мұсылман елінде жік-жікке бөлінулерімен жаулап алуларын тоқтатады деген. Бұл жерде автор Исбиджаб қаласын суғур ретінде айтып тұр. Және онда мұсылмандардан басқа дін өкілдері тұрғанын меңзейді [86, п. 325]. Автор осы кіріспесінен кейін соғыстың шарттары мен үкімдеріне, ондағы олжа мәселелері, т.б. тоқталған. Автор соғысқа қатысты пәтуаларға тоқталғанда аш-Шафи‘идің көзқарастарын молынан келтірген. Кейбір мәселелерде келіспейтіндігін айтса, енді бірде екі мазһаб көзқарастарын бір жерден шығатынын атап көрсеткен. Захир ар-риуайа ас-Сийар әл-кабир еңбектеріндегі ханафи пәтуаларын молынан келтірген. Жалпы көлемі төрт параққа жуық, 325–329.

40-бөлім – Аңшылық пен малды бауыздау мәселелері «кітаб ас-сайд уа-з-забах» деп аталады. Автор бұл бөлімді бауыздау мәселесінен бастаған. Оның шарттарымен талаптарына жеке-жеке тоқталған. Осыған қатысты ханафи ғұламаларымен қатар шафи‘и фикһ мектебінің де ойларын жиі келтірген. Әл-Исбиджаби союға жарайтын ірі қара мал ішіне жылқы атауын да кіргізген. Сонымен қатар құстарға, аңшының аулаған олжасын немен бауыздау керектігіне (бауыздау құралына) тоқталған. Осы жерде автор аңшылыққа қолданылатын иттің мысалына жеке тоқталып, әл-Хасан ибн Зйад пен Әбу ‘Абдулла әл-Балхилардың пәтуаларын келтірген. Әл-Исбиджаби яһудилер мен христиандардың ауланған олжаға қатысты ойларына тоқталып, оны мұсылмандардың пікірлерімен салыстырған. Сойылатын мал түрлеріне тоқтап, олардан туылған қозы, т.б. жағдайларға кеңірек тоқталып, ханафи мазһабы мен шафи‘и мазһабтарын салыстырып келтірген. Жалпы көлемі екі парақты қамтыған, 329–331.

41-бөлім. Құрбан малына қатысты – «кітаб ад-дахайа». Мәселені бірден екі мазһаб ханафи және шафи‘и пікірлерінің бір-біріне қарсы келетінінен бастаған. «Ханафиларда құрбандық шалу (міндет) уәжіп болса, шафи‘иларда сүннет үкімінде», – деген. Оны орындауға тиісті мұсылмандар тобына тоқталған. Құрбандықтың уақытына да мән берген. Құрбан еті және оны бөлуге қатысты ғұламалар пікірлерін келтірген. Құрбан айт намазынан кейін құрбан шалынуға қатысты айта келе, бізде құрбан айт намазынан бұрын шалынған мал құрбан емес жай ет болып саналады, тіпті, ар-Ристақта бауыздалса да деген. Әл-Исбиджаби алғаш рет әл-Мабсут еңбегінде айтылған пәтуаларды осы құрбандық бөлімінде айтқан. Автор Әбу Йусуф және басқаларының ойларын айта келе, олардың пікірлерімен оқырманды таныстырып, өзінің жеке ойында келтірген. Мысалы: «қошқарды құрбандыққа шалу ең абзалы», – деген. Әл-Исбиджаби осы бөлімнің соңында құрбан етін киімге (сауб көйлек) ауыстырған

жағдайдағыоның үкімдеріне тоқталған. Бәлкім сол заманда қойды киімге ауыстыру үрдісі болған шығар. Жалпы көлемі бір жарым парақтан асады, 331–333.

42-бөлім. Жарысу мен ату – «кітаб ас-сабқ уа-р-рамйу». Бұл бөлім ат-Тахауиде жарысу «ас-сабқ» деп қана аталып келген. Алайда, әл-Исбиджаби бөлімді жарысу сөзімен аяқтамай, оған ату «ар-рамйу» сөзін қосып жазған. Алайда, мәтінде ар-рамиға қатысты айтпаған. Әл-Исбиджаби ат-Тахауидің айтқан пәтуалары мен жазған еңбектерін жақсы білген. Олай деп айтуға осы бөлімде ат-Тахауидің айтпаған, мәтінде кездеспеген сөздерін әл-Исбиджаби түсіндірмеде келтірген. Мысалы, «жарысу төрт жағдайда болады деген» ат-Тахауи сөзін келтірген. Көлемі бес қатарды ғана қамтыған, 333–333.

43-бөлім. Қазасын өтеу, назір беру және ант ішу – «кітаб каффарат уа-н-нузур уа-л-айман». Бұл бөлімді автор ат-Тахауи мәтінімен сөзбе-сөз бастаған. Ант ішуден басталады. Антқа қатысты анықтамалар сөз етіледі. Алла Тағала есімімен ант ішу жағдайлары мысалға келтірілген. Осы мәселеде әл-Исбиджаби жаңа фақиқ ғұламалар есімдерін атайды. «Біздің шейхтарымыз бұл мәселеде тартысқан»,– дей келе, әл-Исбиджаби әл-Хасан ибн Мути‘ мен Әбу Наср Мухаммад ибн Салламның айтқандарын баяндаған. Сонымен қатар Мухаммад ибн Муқатил ар-Разидан риуаят келтірген. Осы мәселеге қатысты Абу Ханифа ойын Балх қаласының ғұламалары ұстанды деген. Олардың есімдерін: Надир ибн Йахйа, Шазан (Шазан) ибн Ибраһим және ‘Али ибн Хубайб немесе Хабиб, сонымен қатар жас сахабалар ‘Абдулла ибн Уа‘мар мен ‘Абдулла ибн Зубайрлерді атаған. Автор ант ішу бөлімінде сол кездегі жергілікті әдеттерді де мысалға келтіріп жазған. Мысалы: ант берудің түрлеріне қатысты мысалдар келтіре келе, асқа қатысты ант түрлеріне ерекше тоқталған. Соның бірі «түскі ас ішпеймін» деп ант ішуге қатысты. Бұл түскі ас деген ұғымға анықтама беруде, автор бірнеше елдің әдеттегі түскі ас мәзіріне кіретін тағамдарды атаған. Солардың ішінде куфалықтарды мысалға келтіріп, олардың тамақпен ант етулері дегені – бидайдан жасалған нан және арпадан жасалған нан жемеулері. Және осында ауыл арабтарын «бәдеуи» мысалға келтіріп, олардың күнделікті қоректенетін астарына сүт пен арпаны мысалға келтіріп жазған. Және осы жерде Араб түбегі «хиджаздықтарды» айта келе, олардың асы арпа наны екенін айтқан. Осы үш түрлі географиялық атауларды келтіріп, олардың негізгі астарын атаған. Содан кейін, «ал біздің елде» – дей келе, (Исбиджаб не Самарқанды көздеп) ант сөзі бидайға қатысты айтылады деген. Сонымен қатар түс уақытына анықтама берген. Жоғарыда айтылған әртүрлі үш ұлт өкілдерінде түскі ас ұғымы – күн шыққаннан бастап, күн ауғанға дейінгі аралық. Ал кешкі ас деп – күн ауғаннан бастап, түннің басым бөлігін айтамыз. Және бұл анықтамалар олардың әдет-ғұрыптары болып саналады деген. Автор осы жерде біздің (Исбиджаб аумағында) әдетіміз бойынша, кешкі ас дегеніміз – екінді (асыр) намазынан кейінгі аралық. Автор фикһ мәселелерін түсіндіру барысында, оқырманға мәселені толыққанды жеткізу мақсатында араб тілінің грамматикасынан мысалдар келтіріп жазған. Мысалы, «истисна’, мустасна, мустасна минху» (басқашалау есімдері) және «сифа» (сын есім) сынды араб

тілінің грамматика бөлімдеріне кеңінен тоқталған [86, п. 339]. Автор ханафи ғұламаларының жоғарыда келтірілген беделді еңбектеріне сілтемелер беріп отырған. Бұл бөлімнің жалпы көлемі он бетке жетеді, 333–342.

44-бөлім. Қазыға қатысты әдептер – «кітаб әдаб әл-қады» деп аталған. Бұл бөлімде автор ат-Тахауи мәтінін сөзбе-сөз келтіруге тырысқан. Исбиджаби қазыға қатысты талаптар мен оның жұмыс барысындағы әдептеріне тоқталған. Ханафи ғұламаларының ішінде Мухаммад пікірлерін «ал-‘Уйун» кітабына сілтеме етіп атаған. Сонымен қатар Әбу Йусуф пікіріне сүйенген кезде, оның «әл-Амали» еңбегіне сілтеме берген. Автор қазы әдептеріне қатысты фикһ муқаран пікірлерін жиі келтірген. Әл-Исбиджаби бұл бөлімді ат-Тахауидан артық түсіндірмеген. Қысқаша ғана тоқталған. Жалпы көлемі бес бетті қамтыған, 342–346.

45-бөлім. Куәлік келтіру – «кітаб аш-шаһадат», 346–347.

Бұл бөлімді автор «әл-Мухтасар ат-Тахауи» жарық көрген кітабында Абу Джа‘фар ат-Тахауидің сөзімен бастаған. Алайда, қолжазбада автордың бұл мәселеге «куәлік етуге» қатысты бес түрлі көзқарасынан бастаған. Бұл бөлімде басқа мәзһаб иелері мен ғұламалары кездеспейді. Әбу Ханифа мен оның шәкірттерінің көзқарастары жиі-жиі келтірілген. Ханафи еңбектерінің ішінде ар-Риуаяны ғана тілге тиек еткен. Жалпы қолжазбадағы бұл бөлімнің көлемі төрт бетке жақын.

46-бөлім. Куәлік етуден қайту – «кітаб ар-руджу‘ ‘ан әш-шаһада», 347–350.

Бұл бөлімде әл-Исбиджаби Әбу Джа‘фар ат-Тахауиді «қала (айтты) шейх әл-имам» деп атағаны байқалады. Екі еңбектеде мәтін бірдей басталған. Бөлім толығымен талаққа қатысты айтылған сөздердің күшін кетіру немесе қайтарып алу мәселеліне арналған. Бұл жерде де автор ханафи ғұламаларының бірқатар ойларына тоқталады. Осы мәселеге қатысты автор әл-Исбиджаби имам әш-Шафи‘и мен имам Мухаммадтың ойларының бір жерден шығатынын атап көрсетеді. Алайда, имам әш-Шафи‘идің есімі «Мухтасар ат-Тахауиде» мүлдем кездеспейді. Ханафи еңбектерінің ішінде «Захир ар-риуаяға» бірнеше рет сілтеме берілген. Бұл бөлімнің көлемі алты параққа жақын.

47-бөлім. Шақыру және анықтау – «кітаб ад-д‘уа уа-л-байһнат», 350–360.

Бұл бөлімде меншік иесі бір затты өзінің игілігінде болғанын айтып, соған ашық дәлел келтіру мәселесі. Бұл бөлімді автор Пайғамбар (с.ғ.у.) хадисімен бастап, осы тақырыпқы кіріспе жасаған. Ал «ал-Мухтасар» мәтінінде Әбу Джа‘фардың сөзімен басталады. Бұл бөлімге әл-Исбиджаби ерекше кеңінен тоқталған. «Ал-Мухтасарда» бұл мәселе жеті бетті қамтыса, қолжазбада автор бұл мәселені 20 бетке дейін ашып жазғанын. Бәлкім бұл «меншік таластығы» сынды мәселелер Самарқан мен Исбиджаб аумақтарында кеңінен кездесетін болғандықтан шығар. Бұл жерде автор ханафи ғұламаларының пікірлерімен ғана шектелген.

Бір бөлімше: -«кайфийат әл-истихлал фи-д-да‘ва», 360–360.

Кінәлінің үстінен ант ішу қалайша жүзеге асуына байланысты. Бұл бөлім «Мухтасар мәтінінде» үш жарым бетке жақын қозғалған. Алайда, қолжазбада

бұл мәселе бір бетті ғана құрайды. Автор ханафи ғұламаларынан Әбу Йусуф пен Мухаммед пікірлерін келтіреді. Автордың бұл тақырыпқа кеңінен ашып кірмеуіндегі мақсаты Исбиджаб аумағында бұндай жағдайлардың аз не болмаса мүлдем кездеспеуімен байланысты болу керек.

48-бөлім. Құлды азат ету – «кітаб әл-‘итақ», 360–368.

Құлды азат етуге қатысты бөлім. Бұл бөлімде автор ат-Тахауидің мәтінін сөзбе-сөз келтіріп, оны ашықтауға кіріседі. «Мухтасардағы» көлемі мен қолжазба көлемі шамалас келген. Ханафи ғұламаларынан Әбу Ханифа оның екі шәкірті Зуфар, т.б. молынан келтірілген. Осы бөлімде автор ат-Тахауидің пікірінше деп ерекше атаған. Автор ғұламалардың пікірін айтып болғасын қияс немесе истихсан бойынша былай болса да болады деген тұжырымдар жасаған (п. 363).

49-бөлім. «Китаб әл-мукатаб», 368–375.

Дүние-мүлкті өзінің қол астындағы құлына жазуы турасында. Бұл мәселеге қатысты автор көптеген ханафи ғұламаларының есімдері мен пікірлерін келтірген. Ханафи еңбектерінің ішінде «Захир ар-риуайа»ға да жиі жүтінген. Автор ханафи ғұламаларының пікірлерін айта келе, ал истихсан бойынша былай деп тұжырымдамалар бергені байқалады. Қияс сөзі мен истихсан сөздерін көп қолданғаны байқалады. Басқа фикһ өкілдерінің есімдері бұл бөлімде кездеспейді.

50-бөлім. «Китаб әл-уала’», 375–376.

Сенім тапсыру бөлімшесі. Тіпті, өзінің құлы болып, кейін иесінен бостандық алып, осы сенімділердің қатарына кіре алады. Мал мүлкіне иелік ете алады, мирас алушылардың қатарына да ене алады егер өсиет еткен болса. Бұл мәселеге де автор ұзағынан тоқталмағаны байқалады. «Мухтасар» авторы бұл мәселені алты бетке жеткізіп талқыласа, әл-Исбиджаби болса, үш бетке жуық етіп жазған. Бұл бөлімде де әл-Исбиджаби истихсан сөзіне тоқталған.

51-бөлім. «Китаб әл-мафқуд», 376–376.

Бұл бөлім жоғалып кеткен кісіге қатысты үкімдер турасында. Оны әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтінімен бірдей етіп бастаған. Алайда терең кірмеген. Ат-Тахауида бұл бөлім екі бетті құраса, әл-Исбиджаби бұл бөлімдегі мәселелерді бір бетке сиғызған.

52-бөлім. «Китаб әл-икраһ», 376–378.

Бір істі мәжбүрлі түрде жасату бөлімі. Әл-Исбиджаби бұл бөлімді өзінің сөздерімен бастаған. Содан кейін барып ат-Тахауи мәтінін келтірген. Бұл бөлімге де автор ұзақ тоқталмаған. Ханафи ғұламаларынан Әбу Юсуф пен Мухаммад және еңбектердің ішінде аз-Захир ар-Риуаяны атаған. Көлемі төрт бетті құрайды.

53-бөлім. «Китаб әл-қисма», 378–381.

Бұл бөлімде дүние меншіктің екі не болмаса оданда көп кісінің арасында бөліске түсуі турасында. Бұл бөлімде ханафи фикһындағы құқықтар мен өлшемдер сөз етіледі. Әл-Исбиджаби әл-Фақиһ Әбу-л-Ләйстің сөздерін мысалға келтіреді. Жалпы көлемі толық бес бетті құраған.

54-бөлім. «Китаб әл-мазун лаһу фи-т-тиджара», 381–384.

Бұл бөлімде иелігіндегілердің біріне сауда саттықпен айналысуға рұқсат етудің жолдары турасында айтылған. Мысалы,ыммен не болмаса үндемегеннің өзі иесінің құлына сауда жасауға қарсы еместігін білдіреді. Әл-Исбиджаби әдеттегі ханафи ғұламаларының ойлары мен пікірлерін молынан келтірген. Олар Әбу Йусуф және Мухаммад. Жалпы бұл бөлімге терең кірмеген. Ат-Тахауи мәтінімен шамалас сегіз беттен астам.

55-бөлім.«Китаб әл-карахийя», 384–385.

Бұл бөлімде істелуі жағымсыз жағдайларға тоқталған. Алайда, әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтініндегі айтылғандарды келтіргенімен оларды ашып беруге тырыспағандағы байқалады. Себебі ат-Тахауи мәтіні он бетке жуық болса, әл-Исбиджаби екі бетпен ғана шектелген.

Бөлімдер мен бөлімшелер бойынша бөлінгенде «китаб әл-икрар»дан кейінгі 218 парақ жоғалған немесе түсірілмей қалған.

2.3 Әл-Исбиджабидің «Мухтасар ат-Тахауи» еңбегіндегі түсіндіру тәсілдері

Шығарманы жазу стилі

Әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтінін түсіндіріп, баяндауы келесідей: Әт-Тахауидің негізгі мәтіні «Ол айтты» (қала) деген сөйлеммен басталады. Автор әл-Исбиджабидің сөзі арнайы ат-Тахауидің сөзіндей (қала) сөзімен басталмаған. Өзгеше сия түстерін қолданумен де ерекшеленбеген. Автор Мухтасар ат-Тахауидің мәтінін шарх мәтінінен бөліп жазбаған. Көбінесе, мәтінді мағынасымен берген. Кейде мәтіннің өзін де келтірген, алайда, оны арнайы қозғап сөз етпеген. Автордың сөзін аңғару үшін «Мухтасар ат-Тахауидің» кітап мәтінімен салыстыру нәтижесінде анықтауға болады немесе нұсқаны мұқият оқу керек [95, б. 15]. Нәтижесінде әт-Тахауидің қозғаған мәселесі аяқталғасын, негізгі мәтінге түсінік беруші әл-Исбиджаби сөзін келтіреді. Шығармада әт-Тахауиге тиісті бөлік отыз бен қырық пайыз көлемінде, ал әл-Исбиджабидің шығармасының мәтіні алпыс немесе жетпіс пайызын құрайтыны анықталды. Бұл басым жағдай. Алайда, кейбір кездері ат-Тахауи мәтіні әл-Исбиджаби мәтінінен 70, 80 пайызға көбірек кездеседі. Әл-Исбиджаби өз шығармасында бірінші орынға Әбу Ханифаның пәтуаларын, әрі қарай оның екі шәкірті – Әбу Йусуф (113–182/731–798) пен әш-Шәйбани (189/804–805 ж.қ.б.) пәтуаларын келтіреді. Әл-Исбиджаби көтерілетін мәселелерді көбінесе, өмірмен ұштастырып отыруға тырысқан. Сол себепті Самарқан сияқты қалаларда дамыған ауыл шаруашылығы (бидай, арпа, жеміс-жидектер, т.б.), мал шаруашылығы (қойдың сатылуы, сүтті ірі қара т.б.), сауда-саттық (үй сату, үйді жалға беру, т.б.) көптеген мәселелерді кеңінен ашып, егжей-тегжейлі баяндаған. Осындай сол кездегі өмірмен тығыз байланысы бар фикһи мәселелерді талқылағанда, оқушыға түсінікті болу үшін, өзінің тұрып жатқан немесе туылған жері сынды жергілікті халыққа мәлім болған Исбиджаб, Самарқан, Бұхара сияқты қалаларды мысалға келтіріп жазған [86, п. 184^б]. Имам көптеген мәселелерде бір неше пікірлерді келтіреді. Ол ойларды мазһаб ғалымдарының ойымен салыстырады, соңынан өзінің тұжырымын береді.

Автор басқа да мазһаб иелерінің сөздерін, молынан келтірген. Көбінесе, имам аш-Шафи‘идің ойларын келтіреді. Кейде имам Маликтің де ойларын айтады. Олардан басқа ас-Сауридің мысалдарын құлшылық «‘ибадат» бөлімінде жиі келтіреді. Алайда, ешбір жерде имам Ахмадтың ойы туралы сөз қозғамаған.

Әл-Исбиджаби өзінің түсіндіру барысында сондай тартымды жұмсақ тәсілдерді қолданады. Кей жерлерде бір мәселеге қатысты жаттығулар (татбиқат) беріп келіп, сосын барып сол мәселенің қайдан шыққанын қозғайды. Ал кейде керісінше, мәселенің негізін айтып барып, оған мысалдар береді.

Әл-Исбиджаби мәселелерге қатысты кім не деп айтқанына қатысты өте тартымды да қызықты тәсілдерді пайдаланады. Кейде бұл мәселені автордың еңбегіне қатысты етіп, Мабсутта былай делінген десе, енді бір жерлерде айтты «қола» Мухаммад деп еңбекті емес автордың өзін атайды. Ал кейде басқа бір тәсілдерді қолданып, жазылған еңбекпен кітаптың атын атап, оның авторын жасырып, пәленше еңбектің пәленше бөлімінің осындай мәселесінде деп те келтіреді.

Әл-Исбиджаби кейбір арнайы сөздермен сөйлемдерді қолданады. Мысалы: «һаказа закараһу, закара фи, қолу фи, һаказа руиа» деген сөздерді де қолданып, кітаптар мен еңбектерге сілтеме жасайды.

Хадис мәселелерінде, имам әл-Исбиджаби хадистің тізбегін «әл-иснадін» толықтай келтіреді, кейде хадистің қандай дәрежедегі хадис екендігі жөнінде мүлдем тіс жармайды.

Бір мәселелерді айтардан бұрын керемет тартымды тәсілдер қолданады. Сөйлемді сұраулы етіп бастап кетеді, артынан жауабын кеңінен түсіндіріп береді.

Мәселелерге қатысты тартыстарда (бірнеше ғалымдардың ойларын келтіргенде) ерекше тәсілдерді қолданады. Мысалы: оның ойынша, тартыс міне, осылайша болады, осындай жауап деген сияқты сөздерді қолданып, ғұлама мәселелердегі келіспеушіліктер мен тартыстардың пайдаларына тоқталып отырады.

Имам әл-Исбиджаби бұл тарджих ар-раджих (дұрыс және дұрысырақ) қатысты мәселелерді жазуда, ақыл мен логикаға көп жүгінгенін көреміз.

Әл-Исбиджабидің шығармасында сүйенген дереккөздері

Ол ханафилердің классикалық жолын ұстанған. Шығармада ханафилердің ережелерін баяндау жолында ислам дінінің негіздері Құран, хадис және пәтуаларға негізделген: Әл-Исбиджаби шығармада ханафи мазһаб ғалымдарымен жазба деректерден ханафи мазһабының негізін құраған Мухаммад ибн әл-Хасан аш-Шайбанидің (189/804-805 ж.қ.б.) «Захир ар-риуайасын», оған кіретін («әл-Мабсут», «әл-Джами‘ ас-сағир», «әл-Джами‘ әл-кабир», «әз-Зийадат», «Китаб ас-сийар әл-кабир» және «Китаб ас-сийар ас-сағир») еңбектеріне молынан жүгінген. Сонымен қатар Әбу-л-Ләйс Наср ибн Мухаммад ас-Самарқандидің (373/983-984 ж.қ.б.) «әл-‘Уйун» және ‘Убайдулла ибн Хусейн әл-Кархидің (340/951–952 ж.қ.б.) «Мухтасар әл-Кархи» сынды еңбектерін де молынан кәдеге жаратқан. Араб тілі мен әдебиеті салаларында Исма‘ил ибн Харун әл-Қали әл-Бағдадидің (356/966–967 ж.қ.б.) «әл-Әмали»

шығармасын да пайдаланған [86, п. 340^a]. Ханафи мазһаб ғалымдарының сенімді деген әл-усул (негізгі) және фуру‘ (қосымша) еңбектеріне сүйенген. Әбу Ханифадан бастап, ханафи ғұламаларының иджма‘² негізіндегі пәтуаларында айтылмай кеткен мәселелер болса, салыстырмалы қияс³ тәсілдерін қолданады. Кейбір пәтуалардың жергілікті өлкенің әдет-ғұрыпы, саяси ұстанымыжәне басқа да әлеуметтік мәселелеріне қарама-қайшылық танытқан кезде, пәтуаларды өзгертіп, жаңа пәтуа шығару арқылы истихсан⁴ тәсілдерін қолданған. Сонымен қатар ханафи ғұламаларының негіздерімен шектелместен, басқа мазһаб ғалымдарының айтқан дәлелдеріне де молынан сүйенген.

Әл-Исбиджабидің мазһаб кітаптарын білдіретін термин сөздері

Захир ар-риуайа [75, т. 2, б. 73] немесе кейде «Асл ар-риуайа» деп те атаған, бұның мағынасы мазһаб йелері имамдарының риуаяттарының жыйынтығы дегенді меңзейді. Олар: Әбу Ханифа, Абу Йусуф, Мухаммад, Зуфар және Хасан ибн Зийад. Алайда, Захир ар-риуая кітаптарында көбінесе, үш риуаятшы имам айтылады, себебі олардың риуаятта сенімділігі мен атақтары жағынан әйгілі болған.

Ан-Науадир [64] немесе Захир ар-риуая кітаптары емес деп атасақ та болады [75, т. 2, б. 42], бұл топтағы кітаптарға үш мазһаб иелерінің риуаяттары жинақталған, алайда, сенімділігі мен атағы жағынан қатты тарала қоймаған әртүрлі риуаяттар санатына кіреді. Олар Мухаммад ибн әл-Хасанның «әл-Кайсаният»,⁵ «әл-Харуният», «әл-Джуржаният», «ар-Раққият» және Имам Мухаммадке тиесілі емес кітаптарда кіреді, мыс: Әбу Йусуфтің «әл-Амәли», әл-Хасанның «әл-Муджаррады», Ибн Рустам ибн Сама‘аның «ан-Науадирі» және Ибн Мансурдың «Шиһам әл-ма‘али» сияқты еңбектер жатады.

«Әл-Уақи‘а»т және «Кутуб әл-Фатауа». Бұнда кейінгі келген муждтаһид ғалымдардың «риуайа әл-уақи‘ат», «әл-Хусами» және «әл-Фатауа әл-кубра» сияқты Йусуф және Мухаммедтің айтқандары мен ол екеуінен басқаларының айтқан мәселелері жатады.

Мазһаб имамдарынына қатысты айтылған терминдер

«Әл-имам»: бұл лақап ханафи мазһабының негіздеушісі Әбу Ханифа ан-Ну‘манға қатысты айтылған.

«Ат-тарафани» (екі тарап) бұнда имам Әбу Ханифа мен Әбу Йусуф көзделген.

«Ас-сахибани» (екі шәкірті) деп Әбу Йусуф пен Мухаммедке қатысты айтылған.

«‘Индаһу» (онда) дегені имам Әбу Ханифа.

² Ханафи мазһабындағы ғалымдардың Құран мен сүннетте келмеген мәселелерге бір ауыздан келісіп үкім шығаруы.

³ Құран, сүннет және иджма‘та келмеген фикһи мәселелердегі ұқсастықтар турасында (аналогия), мұсылман ғалымдарының бірігіп берген үкімі.

⁴ Шари‘и үкім беруші мәтіндер болмаған жағдайда, үкім табушы (шығарушы) құрал.

⁵ Бұлай деп аталуының себебі Кисан елінде жинақталуында және Таш Кубруның айтуынша, бұл еңбекті Кисан деген кісі жазған.

«‘Индаһу» немесе «лаһу» (онда немесе оған) деп келсе, біріншісінде имам Әбу Ханифа көзделсе, екіншісінде оның басқа бір риуаяты бар деген сөз.

«Рувиһа ‘анһу» (одан риуаят етілген) деп келсе, бұл кіріспедегі риуаят сөзі дегенді білдіреді, алайда, «Заһир ар-риуайа»дағыны көздемейді деген сөз.

«‘Индаһума» (ол екеуінде) деп келсе, контекстке қарай «ас-сахибайн», «ат-тарафайн» немесе «аш-шайхайн» дегенді білдіреді.

Ирак университеті шариғат факультетінің докторантура бөлімінде «салыстырмалы фикһ» мамандығы бойынша докторлық ғылыми атақты иелену үшін Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасына докторлық диссертация жазған докторант Са‘ид әл-Кубайсидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының («‘Арийа» бөлімшесінен (баб) «Истибра» бөлімінен кітап соңына дейін) атты диссертациясының анализі

Кіріспе бөлімінде біз Ирак Республикасының докторанты Са‘ид әл-Кубайсидің диссертациясына қысқаша тоқталған болатынбыз. Диссертацияның екінші тарауын тамамдамас бұрын, Кубайси мырзаның жазған диссертациясына ғылыми сын айтуды ғылыми аманат көрдік. Себебі ол кісінің таңдаған диссертация тақырыбының негізгі сүйенген қолжазбасы біздің де таңдап отырған әл-Исбиджабидің шығармасы «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» болып табылады. Алайда, Кубайсидің негізге алып жұмыс жасаған қолжазбалар саны екеуғана екенін ескертеміз.

Оның жазған диссертациясымен толықтай танысып, келесідей сын айтылды: Ирак Араб Республикасының Бағдад қаласындағы «Ирак университеті» шариғат факультетінің докторантура бөлімінде салыстырмалы фикһ мамандығы бойынша докторлық ғылыми атақты иелену үшін, ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының «‘Арийа бөлімшесінен (баб) Истибра бөлімінің (кітаб) соңына дейінгі» тақырыптағы мәтінге ғылыми зерттеу және сыни талдау жасады. Біз әл-Кубайсидің қорғаған осы диссертациясымен толық танысып шықтық. Диссертацияны мұқият егжей-тегжей оқи келе ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегін зерттеу барысында, бірнеше қателіктерге бой алдырғанын атап өткіміз келеді. Олар:

1. Әл-Кубайси сыни мәтін жазуда қолданған әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» атты шығармасының қолжазба деректерінің нұсқаларын анықтау барысында, оларды толық қамтымаған, тек төрт қолжазба нұсқаларын анықтаған. Диссертацияны зерттеу барысында, аталмыш төрт нұсқаның екеуін ғана негізге алып, жұмыс жасаған. Ізденуші диссертацияны зерттеуде негізгі тірек болатын қажетті қолжазба нұсқаларын анықтау барысында, Ирак пен Сирия мемлекеттерінің кітапхана қорларымен ғана шектелген. Анықталған төрт қолжазба нұсқаларының екеуі толық қолжазба нұсқасы болса, қалған екеуі ақаулы (дефекті) нұсқалар. Ақаулы нұсқаларға толық сипаттама бермеген, оларды негізге алып жұмыс жасамаған [7, б. 46–48]. Алайда, әл-Исбиджабидің көптеген басқа да қолжазба нұсқалары бар. Біз әл-Кубайсидің төрт нұсқасынан бөлек, осы шығарманың алты қолжазба нұсқаларын анықтадық. Әл-Кубайси Түркия жерінде сақталған қолжазбалар қорына мүлдем жүгінбеген. Алайда,

Түркия қолжазба қоры ислам мәдениетіне қатысы бар жазба ескерткіштерінің ішіндегі ең бір ірі орталығы болып есептеледі. Сондықтан Түркия қолжазбаларындағы мәліметтерге жүгіну ғылыми маңызға ие саналады. Бірінші мәселеге қатысты айтылған кемшіліктердің негізінде, әл-Кубайси мырза зерттеу нысанасын дұрыс анықтамай, тақырыптың ауқымдылығын шектеген.

2. Диссертанттың докторлық жұмысының зерттелу деңгейімен байланысты. Таңдалған тақырыптың (фокусы) негізгі бағыты дұрыс бағытталмаған. Бұл тақырыпқа қатысты келесідей кемшіліктер жіберілген. а) Әл-Кубайси әл-Исбиджабидің өмірі мен сол ғасырдағы саяси жағдайға қатысты талдау жүргізген кезде, Аббаси кезеңіне, олардың халифаларына кеңінен тоқталған. Әл-Исбиджабидің заманындағы саяси жағдайларды Бағдад қаласымен байланыстырып, сол уақытта билік тізгінін ұстаған, аббасилық алты халифаның билігі мен жүргізген саясаттарына кеңінен зерттеулер жүргізген [7, б. 7–9]. Ізденуші, диссертация жұмысының бірінші бөлімінің өзінде, негізгі дұрыс бағыттан ауытқыған. Әл-Исбиджабидің туылған, білім алған, қызмет атқарған, айналасындағы қоғаммен біте-қайнасып өмір сүрген жерлері – Исбиджаб және Самарқан қалалары. Осы аталған екі қаладағы саяси, мәдени, әлеуметтік, діни хал-ахуалына мүлдем тоқталмаған. Тарихи дереккөз «табақат» және «тараджим» кітаптарында әл-Исбиджабидің білім алу мақсатында Бағдад қаласына сапарға шыққаны туралы немесе қажылыққа шығып, жолда Аббаси халифатының аумағында тұрақтап қалуы турасында ешқандай деректе айтылмаған. Автор әл-Исбиджабидің өмір сүрген кезеңін Аббаси халифатымен емес, керісінше, сол XI-XII ғасырларда Самарқан мен Исбиджабты билеген Қарахан мемлекетінің хан-сұлтандарымен ұштастырып зерттегенінде дұрыс болар еді. ә) Аббаси халифаларының Селжұқ сұлтандарымен жүргізген саяси тартыстарын кеңінен тарқатып жазған. Алайда, селжұқтардың Қарахан сұлтандарымен жүргізген саясатына қатысты мүлдем тіс жармаған. Сол кезеңдегі селжұқтардың басқарған халифаларын сөз қылған, олардың құлдырауына себеп болған фактілерді жеке-жеке қарастырған [7, б. 9–11]. Ғұламаның қарым-қатынасқа түсіп, күнделікті Самарқан мен Исбиджаб өміріндегі саяси және діни ахуалға ықпал еткен Қарахан мемлекетінің хан-сұлтандарын және олардың ұстанған саясаты, басқару жүйесі сынды маңызды да, айтылуы қажетті фактілерді сөз етпей кеткен. Міне, осындай ғалымның өмірі мен тікелей байланысқа ие болған мәліметтерді мысалға келтірместен, алыстан орап, Селжұқ сұлтандарын талқылаған. б) Әл-Кубайси: «Самарқан, Бұхара мен Ферғананың билігі Шығыс Түркістан ұйғырларының қолында», – деп жазған [7, б. 9]. XI-XII ғасырларда Мауараннаһр жеріндегі ішкі билік Қарахан мемлекетінің қолында еді. Әл-Кубайси ұйғырлардың билік мәселесін қозғағанда қателесіп кеткен. Себебі тарих қойнауында, ұйғырлардың билік тізгінін ұстауына қатысты мәселелердің барлығы кейінгі ғасырларға тиесілі еді. в) Әл-Исбиджабидің мәдени және біліми жағдайына қатысты сөз еткенде, диссертант «Мадарис ән-низамия» Низамия мектептері туралы баяндаған. «Сол кездегі адамдардың білімге деген қажеттіліктерін қамтамасыз еткен, осы мадарис ән-Низамия медреселері еді. Низам әл-Мулктің алға қойған

мақсаттарына жетуде, осы мадарис ән-Низамия медреселерінің орны ерекше», – деген. Ол әс-Субкидің «Мадарис ән-Низамияға» қатысты айтқандарын келтіріп: «Низам әл-Мулк бұл мектептерді Бағдад, Балх, Нисабур, Герат, Исфахан, Басра, Марв, Табаристан және Мусул қалаларында салынғаны туралы жазды. Және осы білім ошақтары шииттердің ықпалын басуда, саяси стратегиялық мақсаттарды көздеген; – деп тұжырымдаған [7, б. 12]. Осы «Мадарис ан-Низамия» мектептерінің мәселесіне қатысты айтарымыз келесідей: біріншіден, «Мадарис ан-Низамияның» ханафи мазһабына еш қатысы жоқ. Ол білім ошақтары шафи‘и мазһабы бағытында болған. Екіншіден, бұл мектептер, жоғарыда айтылған қалаларда, яғни Мауараннаһр өлкелерінен тыс жерде орналасқан. Сондықтан диссертант ханафи мазһабына қатысы бар Самарқан, Бұхара және Исбиджаб аумақтарында орналасқан діни мектептерге тоқталғанда тақырыпқа қатысты ой айтар еді.

3. Диссертацияның құрылымына тоқталсақ. Диссертант жұмысын екі негізгі тарауға: ғылыми зерттеу жұмысына және мәтінге салыстырмалы талдау жұмысына бөлген. Жалпы жұмыс көлемі 388 беттен құралған. 388 беттің ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі 83 бетті құрайды. Алғашқы 12 бет тақырыбы мен мазмұнына арнаған. Бірінші тарау кіріспеден басталады [7, б. 1–4]. Жапсырма (бір беттің ортасында ғана бір екі сөйлем берілген) беттер [7, б. 5, 6, 24]. Әл-Исбиджабидің өмірі мен шығармасына қатысты беттер [7, б. 7–28]. Бұның ішінде әт-Тахауидің жеке өміріне қатысты беттер [7, б. 19–23]. «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» бөлімі мен бөлімшелеріне қатысты беттер [4, б. 29–34]. «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» мәтінінің маңыздылығы мен ондағы термин сөздер [7, б. 35–48]. Нұсқа көшірмелерінің суреттері [7, б. 49–56]. Салыстырмалы фикһ мәселелері [4, б. 57–83] беттер аралығын қамтыған. Және бір бетке симай келесі бетке өткен бір екі сөйлем саны үшеу [7, б. 11, 13, 14]. Жоғарыда келтірілген мәліметтерді қорытындылай келе біз, әл-Кубайси диссертациясының бірінші тарауын 83 бетке дейін созғанын мәлімдейміз. Алайда, оның ғылыми-зерттеу жұмысына қатысты жазылған беттер саны 32 ғана екені анықталып отыр. Екінші тарау толығымен мәтінге сыни талдауға қатысты жазылған. Бұл диссертацияның 300 беттен астам бөлігі сыни талдауға арналғанын көрсетеді.

4. Диссертанттың ғылыми жұмысына талдау жасасақ: а) Ізденуші бекітілген тақырыптың төңірегіндегі әдебиеттерге толыққанды зерттеу жұмыстарын жүргізбеген. Ол тек Ирак пен Сирия кітапханалар қорына негізделген еңбектерге жүгінген, одан тыс еңбектерге назар салмаған. Жазылған ғылыми жұмыс алғаш рет зерттеліп отырғандықтан, тақырыпқа қатысы бар, барлық әлем тілдеріндегі әдебиеттерді зерттеп шығуы қажет еді. Алайда, біз араб тіліндегі еңбектерден басқасын кездестіре алмадық. ә) Әл-Исбиджабидің қолжазба нұсқаларын зерттегенде, олардың сыртқы және ішкі сипаттамаларына үңіліп қарамаған. Қолжазбадағы құнды мағлұматтар талқыланды. Титул (кітап иелері, жазылған жері, т.б.), колофон (көшірген кісі есімдері, олардың нисбалары, салыстыру (муқабала) жұмыстары, т.б.), көшірген кісі («Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» бірінші иесінің қолымен жазған

нұсқалармен салыстырулар, олардың жылдарын салыстыру, кімнің қолынан кімге өтті, сол кездегі тарихи оқиғалар, т.б.), уақыф мөрлеріндегі (қай хан-сұлтандар иеленді, жеке ғалымдардан кім иеленді, иеленуіндегі себептері неде?), т.б. көптеген зерттеуге тікелей қатысы бар, құнды мағлұматтарды елеместен, оларға талдау жасамастан өтіп кеткен. б) Диссертация соңында, екінші тарауға қатысты жасалған тұжырымдамалары әлсіз. Барлық қорытындыларының саны төртеу. Солардың бірі: «әл-иджма» сөзін алатын болсақ, «әл-иджма» сөзіне анықтама беріп, оның шығармада ханафи ғалымдарына ғана қатыстығын тұжырымдап айтқан [7, б. 333]. Жасалған талдаулары терең емес.

5. Жалпы диссертацияның техникалық орындалуында көптеген қателер жіберілген. Сол сияқты кейбір дереккөздерді бергенде немесе сілтеме жасағанда, шығарма авторларын қате берген. Сөздерді компьютерге теріп жазу барысында, морфологиялық қателер кеткен, көптеген жерлерде әріптер түсіп қалған, т.б. [7, б. 337].

Диссертант Са'ид Фу'ад Уахиб әл-Кубайсидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» тақырыбына қатысты жазылған ғылыми зерттеу жұмысындағы кемшіліктер мен айтылған сыни ескертпелердің нәтижесінде, біз аталмыш тақырып Орталық Азия мұсылман құқығы тарихында 'Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің орны мен маңыздылығына мүлдем сәйкес келмейтіндігін баяндай отырып, тақырыпты толығынан қайта зерттеу керек деген тұжырымға келдік. Сондықтан қолымыздағы әлем кітапханаларынан алынған оннан аса қолжазба нұсқаларына сүйенумен қатар, оған қоса тақырыпқа қатысы бар әлемдік әдебиеттерді ескере отырып, Орталық Азиядағы діни саясатқа ерекше тоқталып, тереңінен үңіліп, диссертанттың жоғарыда аталған кемшіліктерін ескеріп, диссертация тақырыбын кеңінен ашып, толық, егжей-тегжей зерттеуді ұйғардық.

3 ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ХІ-ХІІ ҒАСЫРЛАРДА ЖҮРГІЗГЕН ДІНИ САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПРОЦЕСТЕРІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ

3.1 999-1089 жылдардағы діни саясат негіздерінің қалыптасуы

Орталық Азиядағы әлеуметтік және мәдени өмірдеректерінің негізгі қайнар көзі болып әл-Исбиджабидің ХІ-ХІІ ғасырларда жазған «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі мен Самарқандағы ортағасырлық «Чакар-Диза» мазарындағы құлпытастардағы жазулары саналады. Үшінші тараудың мазмұнын ашуда, исбиджабилердің қайраткерліктеріне қатысты мәліметтерге аса мұқият назар салынып, талдау жасалды. Исбиджабилердің Қарахан мемлекетінің астанасы Самарқанда атқарған (ұстаздық, шейх әл-ислам, бас муфти, қазы, т.б.) қызметтері мен лауазымдарының астарларындағы мағыналарға мән берілді. Сонымен қатар құлпы тастардағы құнды мәліметтер де тиянақты түрде сұрыптамадан өтті. Әсіресе, ондағы исбиджабилердің діни мансаптары (шейх әл-ислам, хатиб, имам, қазы, муфти, т.б.) мен лақаптарына назар аударылды.

Қарахандардың жүргізген діни саясатына қатысты бірнеше жаңа деректер анықталды. Бұл деректерден орта ғасырлардағы мәдениет, діни саясат және әлеуметтік өмірдің қалай өрбігеніне тікелей қатысты фактілер анықталып отыр. Қарахан басшылары Бұхара, Самарқан сынды білім мен ғылым, мәдениет пен өркениет және экономикалық орталықтардың діни саясаты сынды күрделі де маңызды тетіктерін басқарудың жаңа механизмін ойлап тапты. Қарахандар билікке келген сәтте, үлкен қалалардың жергілікті дін өкілдері атап айтқанда, ғұламалар (бұлардың ішінде ислам құқықшыларының рөлі қара халық арасында ерекше беделге ие болған) оларға түрлі қарсылықтар жасай бастады. Қарахандықтар жергілікті ғұламаларды өздеріне бағындыруда, Самарқаннан өзге өлкелерден білікті фақихшылар тобын астанаға алдыру механизмін бір жүйеге қоя білді. Бұл мақсаттарына жету үшін қарахандар үш кезеңде үлкен жұмыс атқарды.

Қарахандар діни саясатты ғұламалар арқылы ғана жүргізіп қоймай сонымен қатар бәсекелестікке түсе алатын ғылыми шығармашылықты да қолға алды. Нәтижесінде жаңа дәстүрлі емес діни әдебиеттердің механизмі жолға қойылды. Бұл бағытта Мысыр және Ирак сынды елдердің ханафи ғұламаларының еңбектері «Шарх Мухтасар ат-Тахауи және Зад әл-Фуқаһа» Самарқан зиялыларына таныстырылды. Бұл еңбектердің жергілікті ханафи әдебиеттерінен басым бола алатын өзіндік жаңа тұстары бар еді.

Қарахан басшылары тіпті, мазардың өзін, ондағы құлпытастардағы мәтіндерге әсер етіп, өздерінің діни саясатын жаңғыртудағы идеологияларына пайдаланғандықтары турасында жаңа фактілер анықталды. Міне, осы фактілерді анықтап және оған ғылыми талдау жасау негізінде, қарахандардың Орта Азиядағы мәдени, әлеуметтік және діни саясатты қалайша жүргізілгендігі турасында ғылыми қорытынды жасалды.

XI–XII ғасырлардағы саяси күштер. Әл-Исбиджабидің ғасырындағы Мауараннаһр аумағындағы діни саясат. 454/1062 жылы ғұлама Исбиджаб қаласында дүниеге келген кезеңде Мауараннаһр толықтай қарахандардың билігінің қарамағында болды. Саманилер мемлекетінің құлдырауы (XI ғ. басы) қарахандардың саяси билігінің нығайуына алып келді. Алайда, қарахандар сол кездегі мұсылман басшыларына бойсұнған. Біріншіден, қарахандар өздері мұсылмандықты ұстанды. Екіншіден, сол кездегі мұсылман билігіндегі Аббаси басшылары едәуір күшке ие болған -ды. Сондықтан қарахандар билік басына келе салысымен, Аббаси халифатын мойындады. Әйтседе алғашқы қарахан басшыларының басып шығарған ақшаларында (тиындар) Аббаси халифаларының есімдері соғылмағанын көруге болады. Демек олар алғашқыда Аббаси халифаларына мойынсұнбастан билік жүргізген болулары да мүмкін. 345–955 жылы Селжұқ сұлтандары аббасилердің басқарып отырған қаласы Бағдатты да басып алған. Соның негізінде Мауараннаһр жерлерінде саясатын жүргізген Селжұқ сұлтандарының да Мауараннаһрдың саяси билігінде рөлі бар еді. Олар Аббаси халифатының атынан да атала берген. Аббаси халифаты Қарахан мемлекетінен алыс жерде орналасқанымен, оларға өздерінің биліктерін жүргізе білді.

Әл-Исбиджаби дәуіріндегі аббасилердің басшылары:

Қайим Би-амрилла Әбу Джа‘фар 422–467/1030–1074 жылдары халифа болды. Ол діндар, білім иесі және әділдікті ұстанған. Билігі қырық бес жылға созылды. Дүние салғанда жаназасын ханафи мазһабының ғалымы Әбу Джа‘фар ибн Әбу Муса ал-Хашими шығарған болатын. Оның билік кезінде селжұқтар Иракты басып алған-ды [8].

Әл-Муктади Би-амрилла Әбу-л-Қасим 467–487/1077–1094 жылдары мемлекетті басқарған. Оның толық аты-жөні – Әбу-л-Қасим ‘Идуддин Абдулла ибн Амир Захир ад-Дин Мухаммад ибн Ал-Халифа ал-Қайим Биамрилла Абдулла ибн ал-Қайим әл-Аббаси. Бұның мемлекетті басқаруы он тоғыз жыл үш айға созылған. Бұл халифқа Әбу Джа‘фар ибн Әбу Муса әл-Ханбали бірінші рет қол тапсырған. Сонымен қатар Әбу Исхақ аш-Ширвани және Әбу Насыр ибн Саббағ сияқты ғалымдар да қол тапсырған. Оның селжұқтармен қарым-қатынасы күшейді. Себебі Селжұқтың басшысы сұлтан Малик-шахтың қызына үйленген болатын.

Қарахан мемлекетінің сұлтандарының арасында қандай өзгерістер орын алғанына қарамастан, жоғарыда аталған Аббаси басшыларына тәуелді болғаны нумизматикалық деректерден анық көрінеді. Алайда, жергілікті Мауараннаһр жерлеріндегі билік толықтай дерлік Қарахан сұлтандарының өз қолында болған. Қарахан сұлтандары ұзақ жылдар билік басында отырған. Олардың бір сұлтанының өзі екі жылдан бастап 35-40 жыл, тіпті, оданда астам билік еткен. Бұған қатысты мәліметтер орыс, араб және парсы, т.б, деректерінде кездеседі [66, б. 251]. 389–607/999–1211 жылдарда саманилер мемлекеті құлдырап, Мауараннаһр жерлері қарахандардың билігіне өтті. Қарахан мемлекеті мұсылман дінін қабылдап қойған түркілердің одағын басқарды. Орталық Азия аумағындағы түркілер жері немесе Түркістан халықтары отырықшы және

көшпелі болып екіге бөлінген. Алайда, олардың араларындағы қарым-қатынас тығыз және берік болған. Орталық Азияға енген ислам діні, оның ішінде ханафи құқықтық мектебі отырықшы түркілермен көршілес отырықшы және көшпелі халқына тараған. Нәтижесінде Орталық Азияны билеген – түркі жерінен шыққан қарахандар және Ирак пен Хорасан жерлерінің өкілдері – саманилер сүнниттік исламның өкілдері ретінде, бірінші орында ханафилерді қолдаған.

Самани мемлекетінің құлдырап, олардың жері Ғазнауи мемлекеті мен Қарахан мемлекетінің жер көлеміне енген уақыттан бастап, Орталық Азия аумағындағы мұсылман қоғамының алға дамуына үлкен септігі тиген. Бірінші орында, аталмыш мұсылман қоғамы өзінің мұсылманшылық тарихында алғашқы рет тереңге тамырын жайған Хорасан аумағының саясатынан алшақтаған. Екінші орында, қарахандардың билікке келуімен Орталық Азия аумақтары Мауараннаһр мен Түркістан бір басшылықтың қарамағына еніп, бірін-бірі толықтырған. Бұл кезде ислам діні әліде болса толық таралып үлгермеген еді. Жаңа дін бұл аумақтарда әртүрлі процесстер мен өзгерістерді бастан өткерді. Дәл осы кезде Самарқан мен Бұхара қалалары Орталық Азияның рухани және мәдени орталығына айнала бастады. Алғашқыда жаңа әулеттің басшылыққа келгеніне жергілікті Мауараннаһр халқы немқұрайлы қараған болатын. Себебі саманилердің әскерлерінің өзінде, көптеген түрік жауынгерлері болған еді. Оған қоса қарахандар жергілікті биліктің ең үстінен бақылап тұрған Аббаси халифаларын мойындаған-ды. Қарахандардың тұсында Бұхара мен Самарқан теңбе-тең еді, олармен көршілес жатқан қалаларда да қалалық өмір қарқынды дамып жатты. Солардың бірі ретінде– қазақ даласында орналасқан Исбиджабты атап айтсақ болады. Қалалардағы саяси жүйеден бастап, тіпті, сауда-саттыққа дейінгі мәселелердің барлығы толықтай мемлекет аппараты тарапынан басқарылып қадағаланды. Бұл жүйедегі мұсылман қалаларында бейресми тұлғалардың рөлі басым болған. Оларды заманауи әлеуметтанушылар бейресми көшбасшылары деп атаған. Әрі олардың көпшілігі жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынаста болған, олардың басым бөлігін ислам құқықшылары мен теологтары құраған [41, б. 147]. Жаңадан билік басына орныққан қарахандардың діни білімдері болған. Сондықтан олар саясаттарын Самани басшыларынан бөлек етіп жүргізген. Қарахандар жергілікті құқықтанушы (фақиһ) ғұламаларға басқаша қараған. Қарахан сұлтандарының ислам құқықшыларына көрсеткен сыйлы қарым-қатынастары фақиһшілердің жергілікті қоғамдық көзқарастарға деген әсерлерін үдее түскен. Көп жағдайда басшылармен ислам құқықшыларының жергілікті қоғам алдында күштері тең болғандықтан, өзара бейбіт өмір сүріп, қақтығыстарға көп бара бермеген [41, б. 148].

Қарахан мемлекетінің кезеңінде өмір сүрген Махмуд Қашқари өзінің әйгілі «Түрік тілдерінің төздігі» мен баласағұндық Жүсіп Хас Хажиб «Құтты Білік» сынды атақты туындыларын алғаш рет түрік тілінде дүниеге келтіріп, оны келешек ұрпаққа жетуіне себепкер болған. Ал бұл үрдіске Қарахан басшылары қолдау көрсетіп, демеулік жасаған [98, б. 81].

Қарахан басшыларының жергілікті қоғамды өздерінің діни саясатына бағындыру тәсілдері

Қарахан басшылары жоғарыда айтылғандай жергілікті ғұламалармен оның ішінде халық арасында үлкен беделге ие ислам құқықшыларымен ерекше мәміледе болды. Қарахан басшылары билікке орныққаннан бастап, жергілікті халықты өздеріне қарату жолдарын қолға ала бастады. Ал жергілікті халық болса, Самарқан қаласындағы жергілікті ислам құқықшыларына мойынсұнып, солардың айтқандарымен бағыт алатын болған. Бұл мәселені жақсы түсінген Қарахан басшылары келесідей жоспарларға көшкен. Олар Самарқаннан тыс өңірлердегі дін ғұламаларын іздей бастайды. Олардың мақсаты, білікті де білімді дін ғұламаларын тауып, басқа өңірлерден Самарқанға алып келу еді. Олар болса, өз алдына билікке кедергі жасап жатқан жергілікті Самарқан ғұламаларының ықпалдарын азайтып, халық ортасында өз ықпалдарын күшейту олардың стратегиялық мақсаттарының бірі болатын. Қарахан басшыларының тәжірибесінде бұндай оқиға орын алған-ды. Нақтырақ айтқанда, Бұхара қазысы Әбу-л-Хасан ас-Суғди (461/1068–1069 жылы қайтыс болған) мен бұхаралық кәсіпкер кісі арасында үлкен ақша көлеміне қатысты тартыс орын алған. Бұл мәселеге Қарахан әулетінің жақындарының да қатысы бар болатын. Мәселенің дау-дамайға айналғаны соншалық, оған Бұхара қаласының барлық аудандарының ислам құқықшылары (фақиһтер) жиналып, өздерінің араларынан ‘Абд ал-‘Азиз ибн Ахмад ибн Наср әл-Халава’иді (488/1056–1057 жылы Кеш қаласында қайтыс болған) басшы етіп сайлайды. Сайланған әл-Халава’и дау-дамайдың ортасында қалған бұхаралық кісіге жақтасып, қазыға қарсы шығады. Бұл орын алған оқиға ханға жетіп, ол мәселеге қатысы барларды өзінің сарайына шақырып, мәселеге тікелей аралысу нәтижесінде ғана оң шешімге жетеді [41, б. 119]. Бұл оқиғадан жергілікті ислам құқықшылары біріккен жағдайда қаншалықты алапат күшке ие екенін түсінген Қарахан басшылары келесідей қадамдар жасайды. Олар жоғарыда айтылған Самарқан қаласының аумағындағы ғұламаларды Самарқанға тарта бастайды. Қарахан басшыларының жүргізген діни саясаттарының нәтижесінде тарихта үш түрлі кезең қалыптасты. Бұл айтылған үш кезеңге қатысты пікір – тарихи биографиялық әдебиеттер, Исбиджаб ғұламаларының еңбектері және XI-XII ғасырға тиесілі құлпытастардан алынған мәліметтер мен деректер негізінде расталып және қуатталып отыр.

999-1089 жылдар аралығындағы билік

999-1089 жылдар аралығындағы діни саясатты қарахандар алғаш Насаф (оңтүстік Соғды) қаласынан шыққан ғұламалар арқылы тәжірибеге асырып көрді. Қарахан басшыларының алға қойған стратегиялық мақсатының бірінші кезеңін оңтүстік Соғдыға қарайтын Насаф қаласынан шыққан ғұламалар тобы алғашқылардың бірі ретінде қарахандардың діни саясатын жүзеге асыру үшін Самарқанға шақырылды. Бұл фақиһтар тобын Садр әл-Ислам Әбу-л-Йуср Мухаммад ибн Мухаммад әл-Паздауи ан-Насафи (493/1100 жылы Бұхарада қайтыс болды) және Әбу-л-Му‘ин Маймун ибн Мухаммад әл-Макхули ан-Насафи (508/1115 жылы қайтыс болған), Әбу-л-Хасан ‘Али ибн Мухаммад әл-

Паздауи (482/1089–1090 жылы қайтыс болған), бастаған. Бұл үшеуінің Самарқандағы орны ерекше болған. Себебі Әбу-л-Йуср әл-Паздауи Самарқанда бас қазы қызметін атқарған. Әбу-л-Йусрдың осы атқарған қызметінен оның билік басындағылармен қарым-қатынасының болғаны анық көрініп тұр. Әбу-л-Йуср әл-Паздауи қазылардың қазысы «қади әл-кудат» атағына қол жеткізген ғұлама еді. Сол сияқты Әбу-л-Му‘ин ан-Насафиде Әбу Мансур әл-Матуридидің ізбасарларының ішінде ең көрнектісі болып табылады. Оның атақтары мен лақаптарының ішінде әһл ас-саунна уа-л-джама‘аттың басшысы, дін мен ақиқаттың қылышы «сайф әл-хаққи уа-д-дин» сынды атақтармен көпшілікке танымал болған ғұлама тұғын. Бұл екі ғұлама Самарқанда Әбу Мансур әл-Матуридидің мұрасын дәріптеумен халық арасында танымал болған. Олар Әбу Мансур әл-Матуридидің «Китаб ат-таухид» және «Китаб әт-та’уилат» еңбектерін негізге ала отырып, әл-Матруиди жолын үйретуде бүкіл ханафи мазһабының теологиялық бағытын жолға қойған ғұламалар болатын [41, б. 164–165]. Садр әл-Ислам Әбу-л-Йуср әл-Паздауи, Әбу Мансур әл-Матуридидің ілімі мен жолын әл-хатиб Әбу Ибраһим Исма‘ил ибн ‘Абд ас-Садиқ ибн ‘Абдалла ан-Нийзауи (494/1101 жылы қайтыс болған) және өзінің әкесі Әбу-л-Хасан Мухаммад ибн әл-Хусайн ибн ‘Абд әл-Карим әл-Паздауи тізбегі арқылы таратты. Ал бұл тізбек Садр әл-Исламның атасы Әбу Мухаммад ‘Абд әл-Карим ибн Муса ибн ‘Иса әл-Паздауиден (390/1000 ж. қ. б.) тарайды. Ол Әбу Мансур әл-Матуридидің өзінен сабақ алған болатын [41, б. 139]. Абу-л-Хасан әл-Паздауи болса, көпшілікке ислам дінінің мақтанышы «фахр әл-ислам» атымен танымал болған тұлға. Ол Самарқан қаласында шәкірт тәрбиелеп, ұстаздықпен айналысқан. Самарқанда ханафи мазһабы бойынша маңызды еңбектер жазған. Солардың ішінде құқық методологиясына қатысты «усул әл-фиқһ» бойынша қалам тербеген «Канз әл-усул ила ма‘рифат әл-усул» сынды еңбектері жатады [41, б. 140]. Бұл үш ғұламаның Насаф қаласынан Самарқанға келулерімен ханафи мазһабының даму бағытында өзгерістер орын алды. Олар жоғарыда айтылған әл-Матуридидің жолын дамытып қана қойған жоқ, аш‘ари шафи‘илерінің ханафи мазһабына жасаған шабуылдарын тоқтатқан-ды. Олардың «калам» бойынша жазған еңбектері бірінші орында аш‘арилерге қарсы бағытталған болатын. Міне, Насаф ғұламаларының осындай атқарылған еңбектері мен жұмыстарының арқасында олар Самарқан қаласы және оның халқымен біте қайнасып кеткен-ді. Осы Насаф ғұламалары арқылы, Қарахан басшыларының Самарқанды өз билігіне қарату мақсатында жасаған алғашқы қадамдары басталды. Алайда, Орталық Азия өңірінде орын алған келесі өзгеріс, Қарахан басшыларының жоспарларын жоққа шығарды. Себебі 1088 жылы селжұктар әскері Самарқанды өздеріне қаратты. Селжұктардың басшысы Малик-шахтың Қарахан басшыларының діни-саясатына араласуы Насаф қаласынан келген ғұламалар тобының ықпалының тоқтауына алып келді. Осылайша Самарқанда ұстаз қызметін атқарған ислам дінінің мақтанышы «фахр әл-ислам» Әбу-л-Хасан әл-Паздауи Кеш қаласына қудаланып, сол жылы сонда қайтыс болды. Ал Әбу-л-Йуср әл-Паздауи мен Әбу-л-Му‘ин ан-Насафи жанұяларымен және шәкірттерімен бірге Самарқаннан Бұқараға өтті. Сол

кезеңдегі әшғарилік ілімнің бірқатар ғалымдары шығыс ханафи мектебі өкілдерін бедағатшылдықпен айыптаған [98, б. 73]. Осындай ханафилерге бағытталған айыптарға жауап қайтару мақсатында нәсафтық ғалымдардың ішінен, әсіресе Әбу-л-Му‘ин ан-Насафидің имам Матуридидің көзқарастарына жүгінгендігін көруге болады [99, т. 1, б. 306-372]. XI Ғасырдың соңы мауараннаһрлық ханафилер арасындағы пікірталастың әбден қызған шағы болатын. Бұл кезеңде Әбу-л-Йуср әл-Паздауи мен Әбу-л-Му‘ин ан-Насафи және Мауараннаһрдың басқа да беделді ғалымдары өздерінің теологиялық дәстүрлерінің негізінен Әбу Мансур әл-Матуридидің іліміне сүйенетіндігінің парқына жетті. Осы кезеңде Мауараннаһрда шығыс ханафи мектебі өкілдерінің теологиялық ұстанымдарын сынға алатын әшғарилер болмаған еді. Себебі мауараннаһрлық ханафилердің X ғасырға тиесілі теологиялық трактаттарында әшғарилер мүлдем тілге тиек етілмейді. Бұл сол кезеңде, Мауараннаһрда ханафилермен бәсекеге түсетіндей ықпалды топтың болмағанын көрсетеді [100, б. 318]. Кейін Бұхарадағы әл-Матуридийа ілімінің таралуына Әбу-л-Йуср әл-Паздауи мен Әбу-л-Му‘ин ан-Насафидің шәкірті ‘Ала’ әд-дин Мухаммад ибн Ахмад ибн Аби Ахмад ас-Самарқандидің (539/1144–1145 ж. қ. б.) рөлі ерекше болды. Оның белгілі шәкірттерінің бірі ‘Ала’ әд-дин Әбу Бакр ибн Мас‘уд ибн Ахмад әл-Касани (587/1191 ж. қ. б.) ұстазынан білім алып, Таяу Шығысқа көшіп барды. Оның атақты және біздің ғылыми жұмысымызға қатысы бар «Бада’и’ ас-асана’и’ фи тартиб аш-шара’и’» атты еңбегін атап кеткен жөн. Бұл еңбекке қатысты ғылыми тұжырымдама 3-тараудың екінші бөлімінде қарастырылады.

Қарахан басшылары осы бірінші сатыда әл-Матуридийа ілімін дамытып, соның абыройымен оны таратып, оқытып жүрген Насаф қаласының ғұламаларын өз мақсаттарына жету жолында пайдаланды. Бұның бір көрінісі ретінде төмендегідей факторды айтсақ болады. Бүгінде Самарқан қаласында орналасқан атақты «Чакар-Диза» мазарындағы тастарға жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша X ғасырда қайтыс болған ғұламалардың мазарларына қабір тастары қойылмаған. Ал XI ғасырдан бастап, онда қайтыс болған тұлғаларға қабір тастарын қойып, ол тастарға иесі жайында құнды мағлұматтар жазылып келген. X ғасырда қайтыс болған тұлғалардың қабір тастарын XII ғасырда ғана қайта тұрғызылғаны анықталып отыр. Бұл мәліметтер X ғасырдың қабір тастарында қайтыс болған кісінің аты-жөніне қатысты мәліметтердің ғана жазылғандығынан байқауға болады. Ал XI ғасырдағы қабір тастарында өлген кісінің аты-жөніне қатысты мағлұматтардан бөлек, олардың қайтыс болған уақыттарына қатысты мағлұматтар толық берілген. XII ғасырда ол тастардың қайта қойылуы тек мемлекет басшыларының (қарахандар) рұқсатымен жүзеге асқан. «Чакар-Диза» мазарында қойылған құлпытастардың иелерінің ішінде Насаф қаласының ғұламалар тобының болуы жоғарыда айтылған тұжырымдаманы айғақ тұрғысынан қуаттай түседі. Сондай құлпытастардың бірі 093- нөмірлі тас [43]. Тас мәтіні:

1. Бұл қабір

2. шайх, қади, имам
3. 4. Құрметті, бірегей, (мұсылман) үмбеті мен діннің тірегі, ислам мен мұсылмандардың сәні
5. Екі дүниедегі имамдардың бастаушысы
6. Мұсылман үмбетінің имамы, сүннеттің қорғаушысы
7. Бидғатты жоюшы, халықтың насихатшысы
8. Кәлам (ілімінің) патшасы, адамзаттың муфтиі, пікірталастың қайнар көзі
9. Шарифатты жүйелеуші, жолды бекітуші
10. Пікірталастың қылышы, ескертушілердің тәжі
11. Муфассирлердің (Құранды түсіндірушілер) көркі, тақуалардың көзі, адамдардың жомарты
12. 13. Әбу-л-Махамид Махмуд ибн ‘Умар ибн Әби-л-Хасан ‘Али, Имам әл-Худаның ұрпағы
14. Құрметті, имам, қазы, Хасан әл-Матуриди әл-Ансаридің баласы.
15. Жатқан жерін жарық, қабірін кең етсін!
16. 17. Алла оның атасын және әке-шешесін рақымына бөлесін. Ол өмірін өзіне және өзгелерге пайда әкелетін істерге жұмсады.
18. Шын ықыласпен түнгі намаздарды (тахаджжуд) оқитын, өзінің білімін екі дүниеге де жайған.
19. 20. 21. 22. Оған Алланың әмірі келегенше. 577 жылдың сафар айының 25-сенбі күні, жалған өмірден бақытты өмірге аттанды деп келеді.

Бұл құлпытас мәтінінде қайтыс болған кісі жайындағы мағлұматтардан бөлек, көптеген мағыналар қамтылған. Оның дін жолындағы мәртебелері мен діни атақтары тізіліп жазылған. Оған тағылған «мұсылман үмбетінің имамы», «сүннеттің қорғаушысы», «шарифатты жүйелеуші», «жолды бекітуші», «адамзаттың муфтиі» сияқты діни атақтары мен лақаптары, оның мемлекет алдында және қоғам алдында атқарған ісінің қаншалықты қомақты екенін көрсетеді. Бір ғана «адамзаттың муфтиі» деген діни атағы оның мемлекет істерінің басында жүргенін меңзеп тұр. Себебі муфтилық мәртебе тек мемлекет басшыларының тікелей қатысуымен тағайындайтын діни лауазым болып табылады. Бұл құлпытастардағы ортағасырлық тарихи мәліметтер де қарахандардың Насафтан шыққан ғұламалар тобын қолдағандығын қуаттай түседі.

Әбу Шуджа ‘ әл-‘Алави әулеті

Селжұқсұлтандары Орталық Азияны өздеріне бағындырып, Қарахан әулетін вассалдық жүйеде жергілікті билік басында қалдырды. Тек жоғарғы басшылықты сол кездегі қарахандықтардан алып тастап, билікті Қарахан әулетінің келесі ұрпағына берді. Бұндай өзгерістер өз алдына жергілікті халық арасындағы рухани хал-ахуалды қадағалап тұрған, алдыңғы Қарахан басшыларымен бір мәміледе болған ғұламалар тобын да кетірді. Себебі олар билік басына жаңадан келген құқықшылардың ойларымен санаспайтын еді. Осылайша жаңа саяси биліктің негізінде Насафтан келген ғұламалар тобы ыдыратылып, Селжұқ басшыларының қуғын-сүргініне ұшыраған Фахр әл-ислам Әбу-л-Хасан әл-Паздауи Кеш қаласына айдалды. Ал серіктестері Садр

әл-Ислам Әбу-л-Йуср әл-Паздауи мен Әбу-л-Му'ин Маймун ибн Мухаммад әл-Макхули ан-Насафи Бұқараға қашқан болатын. Олармен бірге шәкірттері де бірге аттанды. Жаңа биліктің діни саясатының қолдауымен, Самарқан қаласының рухани басшылығына жаңа әулет келді. Тарих ғылымдарының докторы, профессор А. Муминовтың деректері бойынша бұл кезеңде Самарқан қаласының рухани билігі Шамс әл-А'имма әл-Халава'идің замандасы – ас-Саййид Әбу Шуджа' Мухаммад ибн Ахмад ибн Хамза әл-Алавиа (466/1073–1074 ж. қ. б.) әулетіне өтті. Ол Самарқан шаһарының негізгі ислам құқықшысына (фақиһ) айналды. Әбу Шуджа' әл-'Алави дүние салғанымен, оның әулетінің екі буын ұрпағы Самарқандағы фикһ ілімінің тізгінін ұстап қалған болатын. 'Алавилердің түпкі аталары олардың есімдерінен белгілі болып тұрғандай – әл-'Аббас ибн 'Али ибн Әби Толибке барып тіреледі [41, б. 188]. Сам'анидің мәліметіне сүйенсек, бұл әулет Самарқан қаласының қасындағы Харкан аумағынан шыққан [44, б. 65].

Әбу Шуджа'тың ұстаздарына келер болсақ, Әбу Наср Ахмад ибн 'Али ас-Сунни, ислам негіздері «усул» бойынша Исхақ ибн Ибраһим әл-Хатиб әл-'Араби ас-Самарқанди (шамамен, 440/1048–1049 ж. қ. б.) [20, б. 262]. Соңғы ұстазына Әбу Шуджа' қызын беріп, құдаласқан.

Әбу Шуджа'тың шәкірттерінің ішінде атақтыларының бірі – Шейх әл-Ислам 'Ата' ибн Хамза ас-Суғди. Көптеген пәтуалар шығарған ғұлама. Әбу Шуджа' діннің талаптарын орындауға келгенде, олардың жүзеге асуына қатты қарап, қаталдық танытуымен ерекшеленді. Оның балалары: Саййид әл-музаффар Қасим ибн Әбу Шуджа' Мухаммад (466/1073–1074 ж. т.); Исма'ил ибн Мухаммад ибн Ахмад ибн Хамза әл-'Алави; Әбу-л-Уаддах Мухаммад ибн Әби Шуджа' әл-'Алави (491/1098 ж. қ. б.). Жоғарыда айтылған Әбу Шуджа'тың балаларының барлығында ғалымдық өзіндік орындары бар еді. Бірінші ұлы әкесінен хадис жеткізген. Екінші ұлына келсек, ол Худжанд қаласының қазысы болған. Үшінші ұлы Самарқандағы «Қусам ибн әл-'Аббас» медресесінде сабақ берген, ұстаздық еткен. Оның шәкірттерінің бірі Мерв қаласында қазылық қызметін атқарса, енді бірі Дар әл-Джуджанийадағы халифаға сабақ берген [39, б. 182].

Әбу Шуджа' әулетінің келесі үшінші ұрпағы- ас-Саййид Әбу-л-Ма'али әл-Ашраф ибн Мухаммад ибн Әби Шаджа' әл-'Алави (468/1076 ж. д.к.). Оның атақтарының өзінен ғана, оның Самарқандағы беделінің қандай болғанын түсіну қиын емес. Насафиді ислам мен мұсылмандардың алды «Садр әл-Ислам уа-л-муслимин», әлемдегі имамдықтың негізі «Қутб әл-имама фи-л-'аламин», Шығыс пен Қытай ғұламаларының патшасы – «Малик 'улама аш-Шарқ уа-с-Син» деп келтірген. Сонымен қатар кейбір мәліметтерде 523/1129 немесе 524/1129–1130 жылы Әбу-л-Ма'али әл-Ашраф хақан Мухаммад ибн Сулейман ибн Дауд Арслан-ханды (495–523/1102–1129) тақтан алып тастауға тікелей қатысқан деген мәліметтер бар. Оның орнына таққа ханның баласы Наср ибн Мухаммад (билік жылдары 523/1129) отырған. Оның атақты шәкірттері ретінде: ғұламалардың төбесі «'Ала' әл-'Алим» атағына қол жеткізген Әду-л-Фатх Мухаммад ибн 'Абд әл-Хамид ибн әл-Хусайн әл-Усмандиді (552/1157 ж. қ. б.)

сонымен қатар Рим елдерінің қазысы «Қади билад ар-Рум» атағымен танылған Әбу Са'ид 'Абд әл-Маджид ибн Исма'ил әл-Харауиді (Қайсарийа қаласында 587/1191 ж. қ. б.) атасақ болады. Міне, жоғарыда аталған Әбу Шуджа' әл-'Алави әулетінің бірінші ғасырда Самарқан қаласындағы білім мен ғылымның тізгінін ұстаған.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді негізге ала отырып, әл-'алавилер жергілікті Қарахан басшыларымен жақсы қарым-қатынас орната білген деп тұжырымдама жасауға негіз бар. Сонымен қатар Самарқан рухани сахнасына әл-'алавилер әулетінің шығуына Селжұқ басшыларының да үлесі бар екені сөссіз.

Әл-'алавилерді Қарахан басшыларының екі ғасыр билік тұсында Самарқанның жергілікті ғұламаларының ішінен суырылып шыққан жалғыз ғана әулет деуге болады.

Осы тараушаны қорытындылай айтқанда, Қарахандардың дербес билікке келуі мен селжұқтардың билікке орныққан кезеңдерінің аралығын қамтыды десек болады. Бұл аралықта қарахандар билікті қолдарына алып, өздерінің астанасы етіп, Самарқан қаласын таңдады. Алайда, жаңа астанада саманилер саясатына қызмет еткен ірі тұлғалар жеткілікті еді. Сол себепті қарахандар Самарқанда жаңа саясат жүргізуді көздеп, астанадан тыс өңірлерден білікті ғұламалар іздестіре бастады. Осы мақсаттағы бірінші кезеңді Балх, Марв және Насаф ғұламалары құрады. Солардың ішінде Насаф қаласы ғұламаларының қызметі ерекше болды. Олар Самарқанға көшіріліп, қаладағы жергілікті ғұламалардың ықпалдарын әлсіретіп, Қарахан басшылығының бағдарлары мен ұстанымдарын күшейтті. Бұл бағытта олар Матуридия ілімін жаңа формада жаңғырта білді. Қарахандар Әбу Мансур әл-Матуридияға арнап Самарқанда құлпытас орнатты. Осылайша қарахандар матуридия ілімін көтеріп, осы ілімді өркендетуге атсалысқан ғұламаларға демеу жасады, оларды беделді діни қызметтерге тағайындады. Тіпті, құлпытастардағы жазуларға талдау негізінде, ондағы мәтіндер матуридия ілімінің жаңғыруымен қатар оның қоғаммен біте-қайнасып кетуін қалағаны анық көзделген. Қарахандар матуридия іліміне тікелей атсалысқан ғұламалардың мазарларын қайта көтерген, барлық қаражаттарын өз мойындарына алған. Қарахандар матуридия ілімін жаңғыртуда негізгі үш насафтық ғұламаны: Әбу Му'ин ан-Насафиді, Әбу Йуср әл-Паздауиді және Фахр әл-Ислам әл-Паздауиді таңдаған. Олар қарахандардың қолдауымен түрлі ірі діни мансаптарды басқарып, Самарқан қоғамының діни ілімін өз қолдарына алған. Қарахандар Әбу Мансур әл-Матуридия ұрпақтарын қазы дәрежесіне көтерген. Ақырында белсенді Насаф ғұламалары Әбу Му'ин ан-Насафи, Әбу Юср әл-Паздауи және Фахр әл-Ислам әл-Паздауи Самарқаннан қуылды. Матуридия іліміне Самарқанда тыйым салынды. Осылайша қарахандардың діни саясатының бірінші кезеңі өз мәресіне жетті. Бірінші кезең негізгі 4 бағыт арқылы жүзеге асты. Олар:

- Қарахандар Самарқаннан тыс өңірлерден ғұламаларды астанаға шақырды;

- Матуридия ұрпақтарын жоғарғы мансаптарға тағайындады;

- Әбу Мансур әл-Матуридидің оқушыларының беделдерін көтерді.
- Әбу Мансур әл-Матуридиға және оған тікелей қатысы бар тұлғаларға жаңадан құлпытас орнату саясатын жүргізді.

3.2 1089-1141 жылдардағы діни саясат процестерінің даму көріністері

Исбиджаб қаласынан шыққан ғұламалар

Қарахандардың саяси билігінің екінші кезеңі, қазіргі Қазақстан жер аумағына қарасты Исбиджаб қаласынан шыққан ғұламалар тобы құраған болатын. Қарахан басшылары Самарқаннан тыс аумақтардан дін ғұламаларын Самарқанға алдыру саясатын жалғастырды. Алғашқыда айтылғандай, қарахандардың бірінші қадамы Самарқаннан тыс Насаф қаласының ғұламаларын Самарқанға алдырып, оларға қолдау көрсеткен болатын. Алғашқыда бұл мақсаттары жақсы жүзеге асып келе жатқан-ды. Алайда, Малик-шахтың араласуы Насаф ғұламаларының Самарқанда тірілтіп жатқан әл-Матуридия тұжырымдамасының құлдырауына әкеп соққан-ды. «Чакар-Диза» мазарында Насаф қаласының ғұламалары көптеп жерленген. Осы мәліметтер біздің тұжырымдарымызды күшейте түсті [43, т. 1, б. 101, 189]. Бұндай сәтсіздікке қарамастан Қарахан басшылары екінші қадамдағы жоспарларын жүзеге асыруға кірісті. Бұл мақсаттарының қашан басталғанын кесіп айту қиын. Исбиджаб қаласының ғұламалары көп болған. Алайда, бізге мәлім болғандары шектеулі тұлғалар ғана. Исбиджабтық ғұламалар өмірлерін зерттеудің өзінде, олардың осы екінші кезеңнің басты кейіпкерлері болғаны анықталып отыр. Бізге жеткен деректердің негізінде, исбиджабтық ғұламалардың атқарған қызметтері мен жазған еңбектері соған дәлел бола алады. Қарахан басшылары ғұламалардың ішінен ислам құқықшыларына (фақиһшілерге) ерекше көңіл бөлген. Себебі олар жергілікті халық өмірімен тығыз қарым-қатынаста болды. Олар қара халыққа білім берді, саудагерлер мен шаруа және маман иелеріне бағыт-бағдар көрсетіп, олардың рухани қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отырды. Исбиджаб және Самарқан сияқты қалалардың дін мәселелеріне қатысты талаптары мен туындаған қиындықтарына пәтуалар шығарып отырды.

Абу Наср Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби. Исбиджаб фақиһ ғұламаларының ішінде біріншілерден Абу Наср Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби әл-Қадиді (480/1087 қ.б.ж.) айтсақ болады. Ол Исбиджаб фақиһшыларының ішіндегі заман жағынан ерте өмір сүрген ғұлама. Әбу Шуджа' әл-‘Алави әулеті Самарқанда негізгі фақиһшілерден болғанымен, сол уақыттың өзінде Қарахан басшылары Исбиджаб қаласының ғұламаларын Самарқанға алдырып, оның белгілі бір аудандарында жұмыс істеткендері байқалады. Себебі Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби әл-‘Алавилердің дүркіреп тұрған заманында Қарахан басшыларының қолдауымен халықпен тығыз араласып, жұмыс жасағаны тарихи биографиялық әдебиеттерде айтылған. Ахмад ибн Мансур Қарахан мемлекетінің діни саясатында үлкен орын алғаны оның атағынан байқалады. Шамамен, Самарқанды билеген Қарахан басшылары Ибрахим I (Бөрі-тегин Тамғач хан) (444-1052/460-1068 билік жылдары) және Наср I (460-1068/472-1080 билік жылдары) хандарының билік тұсында Ахмад

ибн Мансур әл-Исбиджаби жоғары дәрежеге көтеріліп, Самарқан шаһарының бір аудандарында муфти болып қызмет атқарған. Орта Азия XI-XII ғасыр тарихында бір Самарқанның өзінде бірнеше муфти болған. Қаланың әр аудандарында жеке муфти сайланған. Алайда, қала деңгейінде бас муфти қызметіде болған. Осындай ауданда муфтилік қызмет атқарған Ахмад әл-Исбиджаби Самарқан қаласының ғалымдарымен пікір таластырып, талабалармен ислам құқықшыларына сабақ берген [6, б. 702]. Оның Самарқан қаласында беделі артып, халық, дін мәселелеріне қатысты оған жолығып, жөн сұрайтын. Самарқанның жергілікті ғұламаларымен әртүрлі фикһи мәселелерде пікірталастарға (диспут) түскен. Дін мәселелерінде өзінің сара жолы қалыптасқан. Халық арасында көркем құндылықтар мен білімімен танылған. Алайда, Ахмад әл-Исбиджабидің жергілікті (бәлкі Әбу Шуджа' әл-'Алави әулетінің) алдында өзін еркін ұстанбағаны сезіледі. Себебі ресми түрде Самарқанның фақиһшылары әл-'алавилар болғандықтан, Ахмад оларға оппозиция жағдайында еді. Ахмад әл-Исбиджаби жергілікті құқықшылардың берген пәтуаларына қанағаттанбаған. Бұндай тұжырымға Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабидің тірі кезінде өз замандастары фақиһшылардың берген пәтуаларының ішінен қателер тауып, оларды бір бөлек қарастырып, дұрыс жауаптарын өзі жазып жүрген. Алайда, бұл ісін оларға айтпай, дүние салғанша жасырғаны мәлім болып отыр. Оның түзеткен пәтуалары бір-екі мәселе емес, бәлкі ондаған кітаптарға жиналған. Насафи «әл-Қанд фи зикр 'улама ас-Самарқанд» еңбегінде: «Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби дүние салған соң, үйіне жасырып қойған бір сандық пәтуалар жинағы табылған. Онда өз замандастары, ислам құқықшыларының қателерін тауып, оларға дұрыс жауаптарын берген. Оларға (жергілікті құқықшыларға) нұқсан тигізбейін деген оймен (пәтуалар жинағын) жасырған. Ол пәтуаларды сандыққа салып, қолданушыларға тастамауындағы мақсаты, пәтуалардың қате екенін білдіргісі келмеген» [39, б. 702]. Бұл Насафидің айтқандарынан екі түрлі көзқарас пайда болады. Біріншісі, жоғарыда айтқанымыздай Ахмад ресми фақиһшылардан сескенген. Себебі ол Исбиджаб өңірінен Самарқан қаласына келген. Екіншісі, олардың қателіктерін беттеріне баспай әдеп сақтап жасырған. Алайда, дұрыс жауаптарын беруді міндет санағандықтан, оларға қайта жауап жазып, дұрыс пәтуаларды қалдырған.

Шамамен, Қарахан басшылары Ибрахим I мен Наср I басшылық кезеңінде Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабиді Самарқанға шақырып, Самарқан халқының ортасында атағын шығарып, данқын асқақтатудағы мақсаты, басқа да Исбиджаб фақиһшыларының Самарқанға келулеріне жол ашу еді.

Осылайша, қарахандар XI ғасырдың екінші жартысынан бастап, Исбиджаб құқықшыларына көңіл бөліп, оларды Самарқан қаласына жайғастыра бастаған. Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабидің басқа исбиджабтық ғұламалардан бір үлкен ерекшелігі мен оның Самарқанда өмір сүргенінің бұлтартпас дәлелі бар. Ол – Самарқан қаласында көне замандардан сақталып, келе жатқан «Чакар-диза» мазары. Бұл мазар X ғасырдан бері қарай Самарқан халқы мен тұрғындарына қызмет етіп келген. Сол орта ғасырлардағы дүниеден озған

карапайым қала тұрғынынан бастап, шаруалар, түрлі маман иелері, басшылар, ғұлама-ғалымдар, т.б. көптеген түрік, парсы не болмаса араб сынды ұлт өкілдері жерленген қара жер болып табылады. Бүгінде ол мазардың қабір тастары табылып, оларды Өзбекстан мен Қазақстан ғалымдары оқып, ол тастардағы жазулар мен құнды мағлұматтарға эпиграфикалық зерттеулер жүргізді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабидің қабіріне қойылған көк таста табылып отыр. Тастағы құнды мағлұматтар біздерге келесідей мәліметтер берді. Тас жазуы сегіз жолдан құралған. Қоңыр түсті тастағы жазу қашалып жазылған. Тастың жиектерінде жіңішке жолмен айналдырып қоршаған қоршау сызылған. Тастың астыңғы жағы аздап бөлініп қалған, алайда, тас жазуын оқуға кедергі жасамайды. Ондағы мәтін:

1. Бұл қабір әш-Шайх, әл-фақиһ
2. әл-имам, әл-хафиз, Әбу Наср
3. Ахмад ибн Мансур әл-Музаффари
4. әл-Исбиджабидікі, жерге тапсырылған уақыты
5. Бейсенбі күні, жұмада, I күнінің сегізі
6. Төрт жүз сексен төртінші жылы
7. Алла қабірін нұрландырғай!
8. Және Өзінің ризалығына бөлегей!-

Бұл тас мәлімдемелері Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабидің нақты қай жерде тұрғандығын, қызмет еткендігін, қайтыс болғандығын, т.с.с. құнды мәліметтерді айқындап отыр. Ғұламаның денесі «Чакар-Диза» мазарына қойылуының өзі, ол кісінің Самарқан халқы мен басшылығының арасында жақсы қарым-қатынаста болғанын көрсетеді. Себебі ол мазарға қала тұрғындарының көз-алдында жаман есептелген кісі жерленбейтін. Және тас мәліметтері, аталмыш тұлғаға қатысты табақат және тараджим еңбектерінде айтылған мәліметтерді күшейте түсті.

Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби. Келесі исбиджабтық фақиһ ғұламаның Самарқандағы беделі Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабиден асып түспесе кем емес еді. Ол–Исбиджаб өкілі Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби (500/1106–1107 ж.қ.б.). Өмір сүрген заманы бойынша Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабидан кейін келген. Қарахан басшылары оны да Самарқанға шақырған. Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби да ислам құқығының маманы, фақиһ еді. Исбиджабта білім алып, Самарқан қаласына келген ол, көп ұзамай Самарқан халқымен біте-қайнасып, олардың көңілінен шыққан. Самарқан шаһарында ислам дінінің білгірі «шайх әл-исалм» атағына қол жеткізген. Самарқанның рухани билігін мықты ұстау мақсатында, қарахандар жергілікті ортада бұрын оқытылмаған, жергілікті қала фақиһшыларына беймәлім Бағдат қаласының ғұламасы жазған фикһ еңбегін алып келген. Мухаммад әл-Исбиджаби Бағдат қаласының ханафи ғұламасы Әбу-л-Хусайн әл-Қудуридің (428/1037 қ.б.ж.) «Мухтасар әл-Қудури» шығармасын тандап, оған түсіндірме (шарх) жазуды ұйғарған. Бұл қадам жайдан-жай жасалған жоқ еді. Себебі жергілікті фикһ ғұламаларының оқып көрмеген, бейтаныс шығармаға түсіндірме беру

нәтижесінде, ол жергілікті халықты өзіне тарта білген. Сонымен қатар Самарқанға жаңа еңбекті алып келумен жергілікті фақиһшыларға бақталастық (конкуренция) жасады. Қарахан басшылары жаңа еңбектермен жергілікті ислам құқықшыларының халық арасындағы беделдерін әлсіретуді көздеді. Әл-Кудуридін аталмыш шығармасы Ханафи мазһабының беделді еңбектерінен болған. Бұл шығармаға Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджабиден бұрын өмір сүрген ғұламалар да түсіндірмелер жазған. Мухаммадтың аталмыш еңбекті Самарқанға еңгізуі мен халыққа жаңаша тәсілдерді қолдануы нәтижесінде Қарахан басшыларының алға қойған мақсаттары орындалған еді. Себебі Мухаммад әл-Исбиджабидің фикһ шығармасы Самарқанда өз оқырмандарын тауып, кең айналымға түскен. Ол шығармасын ислам құқықшыларының азығы «Зад әл-фуқаһа» деп атады. Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджабидің «Зад әл-фуқаһа» атты ислам құқығына арнап жазған еңбегі Самарқан халқының арасында көп оқылды. Фикһ саласы бойынша негізгі оқулықтардың біріне айналды. Бұлай деп тұжырымдауымызға «Зад әл-фуқаһа» қолдан-қолға өтіп, көп көшіріліп, оның нұсқаларының молынан сақталғанынан білінеді. Қазіргі заманның өзінде әл-Кудуридін фикһ шығармасы көптеген мұсылман елдерінде оқытылып жүр. Солардың бірі Түркия мемлекетінде белсенді түрде оқытылады.

Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби және Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджабилердің Самарқан қаласындағы белсенділіктері мен атқарған табысты жұмыстарын оң бағалай білген қарахандар, Исбиджаб қаласының ғұламаларынан бекем ұстануға бел буған. Исбиджаб ғұламалары Қарахан билігінің көздеген саясаттарын жүзеге асыру жолында көп еңбек сіңірген. Исбиджаб ислам құқықшылары халықты таяқ астына алып жығудан гөрі, оларды біліммен тізгіндеп, қарахандардың жүргізіп отырған саясаттарына жақсы көзқарас тудыра білген.

Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджабидің жазған еңбегі Самарқанда кеңінен тарап қана қоймай, Қарахан билігінің ауқымынан сыртқада шығып кеткенін көреміз. Бұндай сенімділікпен айтуға, аталмыш шығарма нұсқаларының бірінде («Birinci Serez» 722) бұл еңбектің қай жерде көшірілгендігі көрсетілген. Ол – Дамған қаласы (қазіргі таңда Иран Республикасының Симан провинциясында орналасқан). Сол сияқты «Зад әл-фуқаһа» шығармасының келесі нұсқаларындағы («Veliiyuddin Efendi» 1176 және «Feyzullah Efendi» 795) уақыф мөрлерінде, шығарманың шайх әл-ислам уақыфтарында сақталғандығын көруге болады. Бұдан ғұлама еңбегінің ислам дінінің білгірлері қорларында сақталуы, оның сапалы да негізгі оқулыққа айналғанының дәлелі бола алды. Келесі («Yeni Cami» 466 және «Laleli» 1001) нұсқаларынан шығарманың Осман сұлтандарының уақыфтарында сақталғанын байқаймыз. Бұл мәлімдемелерден әл-Исбиджабидің «Зад әл-фуқаһа» шығармасы XIV-XVI ғасырларда Орталық Азиядан тыс, Иран мен Кіші Азия аумақтарына таралғанын көруге болады. «Мухтасар әл-Кудури» мәтініне жазылған әл-Исбиджабидің шығармасы «Зад әл-фуқаһа» ханафи еңбектерінің ішінде құрметті саналатын (кітаб му‘табар) төрт еңбектің бірі болып есептелген. Шығарма ханафи ислам құқығы (фикһ)

бойынша оқу құралына айналған. Еңбек алғашқыда Самарқан қаласында жазылып, бастауын сол жерден бастағанымен, келешекте Орталық Азияның Таяу Шығысындағы Ауғанстан, Үндістан және Қытай сынды қалаларында да көптеген ғасырлар бойы оқытылып келгенін көруге болады.

Қарахан басшылары Исбиджаб ғұламаларының ислам ғылымдары, әсіресе, фикһ саласында мықты маман екендерін көріп, оларға жағдай жасап, әрдайым қолдауларын көрсетіп отырған. Қарахан басшыларының исбиджабтықтарға дән риза болғандықтарын олардың басқа да Исбиджаб қаласының ғұламаларын Самарқанға алдырғандарынан көруге болады. Солардың бірі, үшінші исбиджабилық ғұлама Самарқанға шақырылған [101, б. 105].

‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил әл-Исбиджаби. Бұл исбиджабилық фақиһ, шамамен, Қарахан әулетінің ханы Хасанның (467–496/1075–1103) билік тұсында Исбиджаб қаласынан Самарқанға шақырылған. Оның толық аты-жөні: *‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил әл-Исбиджаби (535/1141 жылы дүние салған).* Ол Исбиджаб қаласының тумасы Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджабидің замандасы болған. Екінші Исбиджабиге қарағанда ол, отыз бес жылға ұзақ өмір сүрген. Аталмыш ғұлама Исбиджаб қаласының тумасы, оның фикһ саласындағы орны Самарқан мен Исбиджаб және бүкіл Орталық Азия, тіпті, Қиыр Шығыста да беделді болған. Бұлай деп айтуға тарихи биографиялық әдебиеттердегі куәліктер дәйек бола алады. Исбиджаб қаласында дүниеге келіп, сонда білім алған *‘Али ибн Мухаммад* өзінің білімімен басқа ғұламалар арасынан суырылып шыққан. Оның біліміне тәнті болған Қарахан басшылары өздерінің Исбиджаб қаласының ғұламаларына қатысты саясатын ары қарай күшейтуді көздеп, фақиһ ғұламаны Самарқан қаласына қызметке шақырған. *‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби Қожа Ахмет Иассауиге ұстаз болған* деген тұжырым бар. Бұлай деп айтуға шағатай тілінен аударылып, бізге жеткен деректерде *«Қожа Ахмет алғашқы білімін өзінің әкесі шейх Ибраһимнен алды. Одан кейін білім мен тәрбиені ханафи мазһабының белгілі ақылгөйі Баха ад-Дин әл-Исбиджаби берді»,* – делінген [102, б. 14]. Шағатай тіліннен аударылған мәліметте Қожа Ахмет Иассауидің ұстазы Баха ад-Дин әл-Исбиджаби аталған. Бірінші тараудың Исбиджаб ғұламаларының есімдеріне қатысты атрибуция бөлімінде, исбиджабилердің лақап есімдері мен атақтарына қатысты тоқталған болатынбыз. Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби шамамен, 500/1106–1107 ж. қ. б., оның лақабы Баха әд-дин еді. Алайда, ол XI ғасырдың басында дүниеден өтіп кеткені тарихи биографиялық әдебиеттерде айтылған. Ал Қожа Ахмет Иассауи болса, 1103 жылы Исбиджаб қаласында дүниеге келген. Оның сәби ғұмырында Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби дүниеден өткен. Сол себепті Иассауидің Баха әд-дин әл-Исбиджабиден тәлім тәрбие алуы екіталай. Исбиджаби есімдерімен танымал болған ғұламалардың ішінде осы үш фақиһ есімдері ғана көпшілікке танымал болып келген. Алайда, Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджаби XI ғасырдың екінші жартысында, Баха әд-дин әл-Исбиджаби XII ғасырдың басында қайтыс болған. Нәтижесінде бір ғана 1141 жылы дүние салған әл-Исбиджаби *‘Али ибн Мухаммад, Иассауи замандасы болған.* *‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің лақабы негізінде ‘Ала әд-дин болған.* Тарихи

биографиялық әдебиеттерде Баха әд-диннің лақабымен ‘Ала әд-дин әл-Исбиджабидің көп аталғанын байқаймыз. Негізінде Баха әд-дин Мухаммад ибн Ахмад әл-Исбиджаби Самарқан қаласында танымал болған. Алайда, Самарқан мен одан тыс өлкелерде және өзінің пәтуаларымен әлемге танылып келген ‘Ала әд-Дин ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби еді. Оған XV ғасыр ғұламалары муджтахид атағын берген [103, б. 102]. Ибн Камал Паша ханафи ғұламаларының ішінде белсенділерін саралап, оларға «муджтахид» дәрежесін берген. Муджтахид дәрежесіне жеткендер тізімі 50 ғұламаға жетеді. Оларды Камал Паша муджтахиттердің үшінші деңгейіне жатқызған ол, «муджтахидуна фи-л-маса’ил». Осы тізімнің ішінде 33 кезекте ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма’ил әл-Исбиджабиді (454–535) атаған [40, п. 146]. Муджтахит дәрежесіне көтерілгендердің тізімі қосымшада көрсетіледі. Жоғарыда келтірілген деректердің негізінде Қожа Ахмет Иассаuidің ұстазы осы ‘Ала әд-дин ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби болған деп сеніммен айтуға болады.

‘Ала әд-дин әл-Исбиджаби Самарқан басшыларымен тығыз қарым-қатынас жасаған. Ол Самарқанға алғаш келгенде оқу-ағартушылықпен айналысқан. Қарахандар өздерінің биліктерін нығайту жолында дін ғұламаларымен бірлесе отырып, жұмыс істеген. Алғашқыда олар жергілікті Самарқан фақиһшілерінің беделі мен қоғамдағы белсенділіктерін әлсірету мақсатында Бағдат қаласының ханафи еңбектерін Самарқанға алып келген, кейін Мысыр елінің ханафи ғұламаларының еңбектерін Самарқанға тарата бастаған. ‘Ала әд-дин әл-Исбиджаби өзінен екі ғасырға жуық бұрын өмір сүрген Мысыр ғұламасы Әбу Джа‘фар ат-Тахаuidің фикһ саласында жазылған «Мухтасар ат-Тахауи» еңбегін таңдаған. Бұл еңбектің Самарқанға келуінің бірнеше себебі бар.

Біріншіден, жергілікті фикһ еңбектері «Кутуб ар-риуаййа» толығымен дерлік ханафи мазһаб өкілдерінің көрнекті ғұламаларының еңбектері болатын. Бұл әдебиеттердегі дін қағидалары мен олардың шешімдері ханафи мазһаб өкілдерінің көзқарастарына ғана негізделіп жазылған. Алайда, Самарқан, Исбиджаб және Бұхара сынды қалаларда *хадис ілімімен шұғылданған* әһлі хадис өкілдері де көп болған. Самарқан қаласында XI–XII ғасырларда өмір сүрген Наджм әд-дин ‘Омар ибн Мухаммад ибн Ахмад ан-Насафи еңбегінде: «Самарқан ғұламаларын еске алудағы әл-Қанд кітабы» «әл-Қанд фи зикр ‘ұлама Самарқанд» ғұламалардың басым көпшілігі әһлі хадисшілерден болғандығы айтылған. Әһлі хадисшілердің көпшілігі шафи‘и мазһаб бағытын ұстанатын. Олардың Самарқанда көбеюі шафи‘и мазһабының ұстанымдары мен шешімдерінің таралуына алып келген. Ал жергілікті ханафи еңбектерінде басқа мазһаб негіздері мен шешімдері айтылмаған. Әһлі хадис ықпалының алдында ханафи мазһабының дәрежесін көтеру мақсатында ‘Ала әд-дин әл-Исбиджаби «Мухтасар ат-Тахауи» немесе «Мухтасар фи-л-фикһ» атты еңбекке түсіндірме (шарх) жазған. ‘Ала әд-Диннің сонау Мысырда жазылған фикһ еңбегін таңдауға, оның авторы Әбу Джа‘фар ат-Тахаuidің шафи‘и мазһаб әулетінен шығуы мен алғашқыда шафи‘и мазһабын ұстанып, кейін терең ойлана келіп, шафи‘и мазһабын тастап, ханафи мазһабына өткені де себеп болған. ‘Ала әд-Дин өз еңбегінде «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» салыстырмалы фикһ «фикһ

әл-муқаран» әдісін ұстанған. Фикһ мәселелерінің үкімдері мен шешімдеріне қатысты түсіндірмелерінде, бірінші орында міндетті түрде Әбу Ханифа шешімі берілген. Содан кейін оның шәкірттерінің ойларын келтіреді. Тартысты мәселелерде көбінесе, Шафи‘и пікірлерінде келтіріп, соңынан өзінің ойымен тұжырымдама жасап, ханафи фикһ көзқарастары және шешімдерімен оқырманды қанағаттандыратын болған. Тұжырымдай келе ‘Ала әд-дин аталмыш шығарманы қоғамдағы өзгеріске ұшыраған дәстүрлі емес пікір-ойларды, салыстырмалы фикһ негізінде халыққа ұсынып, дәстүрлі исламның басқа көзқарастардан жоғары және дәйекті екенін түсіндірген.

Екіншіден, жергілікті ғұламалар көтермеген, алайда, қарапайым халықтың көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап беру арқылы, жергілікті фақиһшілерді сахна алаңынан ысырып, оларды саяси күштерінен айыру болып табылған. Халықты өздеріне қарату арқылы, Қарахан басшыларының саясатын да жүзеге асырып отырған. Селжұқ сұлтаны Малик-шах Орталық Азияны өзіне бағындырғаннан кейін, 1089 жылы Қарахан сұлтандарын өзіне вассал еткен. Селжұқ басшылары Хорасанды басып алғанда, ондағы сенімді өкілдері етіп, шафи‘и фақиһтарын қалдырған болатын. Профессор А. Муминов өз тұжырымдарында: «Селжұқтар Хорасанға жасаған діни идеологиялық саясаттарын Самарқанда да жасаған болулары мүмкін», – дейді [41, б. 148]. Ғұлама бір жағынан, Селжұқ басшыларының саясатына қарсы шығып, вассал негізіндегі жергілікті қарахандарды қолдаған болса, екінші жағынан, жергілікті ортада қалыптасқан, өздерінің дәстүрлеріне сай келетін ханафи мазһаб жолын қорғаған. Әл-Исбиджаби ханафи көзқарастарында қатты тұрған. Кафауиде келтірілген деректерге назар аударсақ, ‘Ала әд-дин әл-Исбиджаби жергілікті қоғамдағы тұрақтылықты сақтап, бүліктерден (фитна) құтылу мақсатында бір жақты пәтуаларды да шығарған. Сондай шафи‘и мазһаб өкілдеріне қарсы бағытталған пәтуа да берген. Соның бірі ханафилерге қыздарын шафи‘и мазһабын ұстанатындарға тұрмысқа бермеу туралы пәтуа шығарғанын байқаймыз. Ғұламаның фикһ муқаран (салыстырмалы құқық) саласында еңбек жазуы бекер болмаған. Ол басқа мазһаб негіздері мен шешімдерін зерттеу арқылы, сол мазһаб өкілдерімен пікірталасқа түсіп отырған. Ол кездесулерде ханафи мазһабының көзқарастарын қорғайтын. Кафауи ‘Ала әд-дин әл-Исбиджабидің шафи‘и мазһаб өкілі мен он екі жыл бойы пікірталастырып келгені туралы айтқан [86, п. 114⁶, 247⁶]. Осы мәліметтерден біз әл-Исбиджаб ғұламаларының Самарқандағы орны мен дәрежесін көре аламыз.

‘Ала әд-дин әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі ханафилердің негізгі оқулықтарының біріеді. Тек Самарқан мен Исбиджаб қалалары ғана емес, бәлкі одан тыс өңірлерде де белсенді түрде оқытылатын. ‘Ала әд-Дин әл-Исбиджабидің ханафи фикһына арнап жазған бұл еңбегі өзінен кейінгі ғасырларда өмір сүрген ғұламалар ортасында беделді шығармалардың біріне айналған. Ханафи мазһабынан тыс мұсылман елдеріндегі орталықтарда ханафи оқулықтарының ішінде негізгі оқулық ретінде бірге жүрген. Бұл еңбекті Кіші Азия, Таяу Шығыс жерлерінде ханафилер сүйіп оқыған. Оның сыры салыстырмалы фикһ (фикһ муқаран) жүйесіне негізделіп жазылуында. Шафи‘и

не болмаса маликилердің орталықтарын басқарған Осман империясының басшылары аталмыш шығармадан жергілікті мазһаб өкілдерінің ханафи негіздерімен келісетін, не болмаса қайшы келетін тұстарынан хабардар болып отырған. Соның негізінде олар өз мазһабтарын берік ұстанып, туындаған фикһи сұрақтарына салыстырмалы фикһтің негізінде ғылыми және дұрыс шешімдер шығаратын болған. Қорытындылай айтқанда, шығарма XII ғасырдан бастап, XVIII ғасырға дейін белсенді түрде оқылып келген, жаңа тәсілде жазылған еңбек. Аталмыш еңбекке қатысты табылған мәліметтерге тоқтала кетсек.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерінде, бүгінде Самарқанның мазарларында табылып жатқан деректер баршылық. Солардың бірі—«Чакар-Диза» мазарындағы қабір тастары. Ол тастарда сақталған құнды деректерді оқып-білу нәтижесінде, өткен тарихымызды жаңартуға мүмкіндік туғызады. Аталмыш мазардан табылған құлпытас жазуына тоқталсақ.

Тастағы мәліметтер насых жазуымен жазылған. Қашаулары тым терең емес, алайда, тас мәтіні түсінікті кейпінде сақталған. Тас мәтінінің айналасы қоршауға алынған. Тасбүтін сынықтары жоқ. Тас мәтініне тоқталсақ, ол:

- бұл қабір діни мұраларын тірілткен кісінің орны;
- елшілердің құрметтісі (Алланың оған және оларға игілігі мен сәлемі болсын) (Мұхаммедтің) шарифатын таратқан;
- жасының кіші кезінен, балалық шағынан бастап, шарх ат-Тахауиді жаттап өсу оған бұйырған;
- бойындағы белсенділік, байсалдық, тақуалық және сопылығымен (дүниеден алыс болуымен) беделді ғұламалар мәртебесіне көтерілген;
- ғылым өнеріне толық үлес қосқан, ғылымның құрметті бөлігін иемденген;
- «Кутуб захир ар-Риуайа»ты («әл-Мабсут», «әл-Джами» және «аз-Зийадат») жаттап шыққан;
- оған қоса Надир ар-риуайа» мен «ан-Нукат» да (өз біліміне) қамтыған;
- жан-жақты салаларға тоқталып, жинақтастырған;
- фикһ, тәпсір және есеп-қисап саласындағы қиындықтарды түсіндіріп, кедергілерді жеңілдеткен;
- адам баласының көзі ондай кешірімді, көркем, терең білімді, ең жұмсақ мінезді, фикһ ілімі ең терең тұлғаны көрген емес;
- үкім мәселелерінде, астраномия және шарифат ілімдерінде үлгі тұтарлық, хатиб болған;
- арам мен адалды ажырата білетін (ұстанатын);
- бәлки, фақиһшылар батып кететіндей – тасыған теңіз болатын;
- ғалымдар жемісінен үзіп жейтін ағаш іспеттес еді;
- шарифат аспанында сәулесі өшпестен айналып жүретін күн болатын;
- ол әл-имам, құрметті, тақуа, діннің күні, мұсылмандар мен исламның абыройлысы, имамдардың мақтанышы, үмбеттің муфтиі, шарифаттың үлгісі атанған;
- Мұхаммад ибн аш-Шайх (имам әл-аджал әл-акбар джалал әл-умма уа-д-дин) ‘Умар ибн Ахмад;

- Алланың оған бейбітшілігі мен рақметі болсын!
- Алла оны жаннаттың ең биік бөлмелеріне орналастырсын! – деп келеді.
- Алланың рақымы болсын! Ол 601 жылдың жумада II айының он сегізі/1205 жылдың 8-ақпаны жұма күні дүниеден озды (43, 122 тас).

Тас жазуына мән беретін болсақ, бұл қабір иесінің ханафи шығармаларының құнды еңбектерін жаттап шыққанынбайқаймыз. Солардың ішінде Имам Мухаммадтың «әз-Зийадат» еңбегі де бар. Оған алты кітап жатады. Сонымен қатар фикһ және тәпсір ілімдерінде алдына жан салмаған ғұлама екені айтпасада түсінікті. Алайда, оның кішкене бала кезінің өзінде, «Шарх ат-Тахауиді» жатқа білгендігіне назар салғымыз келіп отыр. Бұл жерде айтылып отырған, ‘Ала әд-дин әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі. Қабір иесі Мухаммад ибн ‘Умар ибн Ахмад, «ол кішкентай бала кезінен «Шарх Мухтасар ат-Тахауиді» жатқа біліп өсу оған нәсіп етілген», – деген жазудан, бұл еңбекті жатқа білу орта ғасыр мұсылман ғалымдарына абырой саналғанын көреміз. Таста қашап жазылған еңбектердің ішінде Әбу Ханифа мазһабының негізгі керекті еңбектері аталған. Ханафи ғұламаларының ішіндегі ең беделділері ханафи мазһабының басты кітаптарына алты шығарманы келтірген. Барлық алты кітап аш-Шайбани қаламына тиесілі. Оларға: «әл-Мабсут», «аз-Зийадат», «әл-Джами‘ ас-сағир», «әл-Джами‘ әл-кабир», «Китаб ас-сийар әл-кабир» және «Китаб ас-сийар ас-сағир» жатады. Тас иесі бұл алты еңбектің үшеуін жатқа білгендігі аталған. Олар: «Кутуб захир ар-риуайа» («әл-Мабсут», «әл-Джами‘ және аз-Зийадат») шығармалары. Ал әл-Исбиджабидің «Шарх мухтасар ат-Тахауи» еңбегі осы ханафилердің негізгі қайнар көзі саналатын алты кітап негіздері мен шешімдерін өзіне қамтыған. Бірінші бөлімде айтылғандай, ‘Ала әд-дин әл-Исбиджаби бұл еңбекті дүниеге келтірудегі мақсаты қолжазба кітабының мәтінінің соңында: «Мен бұл еңбекті білім алушылардың айызын қандыратын, жалықтырып жіберетін тым ұзын да емес, іліп алар пайдасы аз тым қысқа да емес етіп жаздым», –деп өз қолымен жазғаны бар. Өз заманында әл-Исбиджабидің айтқан сөзі, 60-70 жыл өзінен кейін өмір сүрген ғалымдардың өмірлерінде іс-жүзінде орындалғанын осы тас жазуынан көруге болады. Археологиялық қазбалар, тарихи биографиялық еңбектерде айтылған фактілердің шын мәнінде, адамзат өмірінде орын алғанын көрсететін, бұлтартпас дәлел болып табылады. Ал осындай тарихи фактілер саны қаншама!. Бір ғана «Чакар-Диза» мазарынан бүгінде исбиджабилерге тікелей қатысты бес құлпытастары табылып отыр. Ал ондағы қазба ескерткіштер (А.Муминовтың зерттеулерінде ол тастардың саны 212) мазардың үштен бірін ғана құрайды.

Қарахан басшыларының діни саясатының идеологиясын жүргізудегі бір көрінісін, осы қабір тастарында жазылған жазулардан анық көруге болады.

3.2 тараушаны қорытындылай айтқанда, Селжұқ басшылары Қарахан басшыларының жүргізген діни саясатына тікелей араласты деуге болады. Селжұқтар қарахандардың жүргізген діни саясаттарын сәтсіздікке ұшыратулары оларды екінші қадамға аяқ басуларына итермеледі. Бұл жолы да қарахандар Самарқаннан тыс өңірлердегі ғұламалармен тығыз жұмыс жасады. Селжұқ

басшыларының келуі мен қарақытайлардың Мауараннаһрды басып алған аралықтағы тарихи кезеңді қамтыды. Бұл кезеңде қарахандар Баласағұн, Чикил және Исбиджаб өңірлерінен ғұламаларды Самарқанға шақырды. Осы тұрғыда біз Исбиджаб қаласынан шыққан ғұламалар тобының қарахандардың діни саясатында атқарған қызметтерін айқындап, екінші кезеңге қосқан үлестерін ашып көрсеттік. Исбиджаб қаласының ғұламалары да қарахандардың қолдауларымен ірі діни мансаптарды атқарды. Олар Самарқанда қазы, шейх әл-ислам, имам, хатиб және бас муфти сынды жоғарғы діни лауазымдағы қызметтерді абыроймен атқарды. Екінші кезеңде Қарахан басшылары Матуридия ілімімен қатар Бағдат пен Мысыр ханафи ғұламаларының ислам құқығы (фикһ) саласындағы туындыларын Самарқанға алғаш рет алдырды. Исбиджаб ғұламалары мысырлық әйгілі ханафи ғұламасы Әбу Джафат ат-Тахауидің фикһ саласындағы «Мухтасар ат-Тахауи» шығармасы мен Бағдат қаласының өкілі Әбу-л-Хасан әл-Кудуридің «Мухтасар әл-Кудури» атты шығармаларына түсіндірмелер жазды. Бұл шығармалар арқылы қарахандар жергілікті Самарқан ғұламаларына жетекшілік жасай білді. Бұл шығармалар Самарқанда кең өріс жайды, көпшілік арасында оқылып, көптеген нұсқалары жазылып, үлкен таралымға түсті. Бұл деректерді «Чакар-Диза» мазарындағы құлпытастар да күшейте түсті.

3.3 1141-1211 жылдардағы діни саясаттың қалыптасу үдерісі

Үшінші кезеңді Марғинан қаласынан шыққан ғұламалар тобы құрады

XII ғасырдың ортасында Исбиджаб қаласының ғұламалар ықпалы, оның беделді құқықшыларының қайтыс болуымен бәсеңдеген болатын. Самарқандағы діни саясатты жүргізу үшін қарахандарға исбиджабилердің орнын басатын, жаңа құқықшылар әулеті керек болды. Нәтижесінде шамамен, Қарахан басшысы ‘Али ибн Хасанның (551–556/1156–1161 жылдары билеген) тұсында 1145-1150 жылдары марғинанилердің әулетін бастап, Бурхан әд-Дин Әбу-л-Хасан ‘Али ибн Әби Бақр ибн ‘Абд әл-Джалил әл-Марғинани (593/1196–1197 ж. қ. б.) бастаған фақиһшылар тобы Самарқанға шақырылды. Қарахан басшыларының үшінші кезеңде Самарқандағы саяси билік жүргізулеріне бірнеше фактор себеп болған [50, б. 69–72].

Біріншіден, Қарахан басшылары өздерінің саяси биліктерін Самарқанда жалғастырулары үшін, оларға фикһ саласының білікті мамандары керек болған.

Екіншіден, қарахандар жергілікті фикһшылардың мысын басуда, Самарқан қаласынан тыс өңірлердегі ғұламаларға жүгінетін болған. Марғинан (Ферғана даласының Ришдан тұрғын мекенінде орналасқан) қаласынан шыққан құқықшылар бұл талаптардың екеуіне де жауап берген.

Үшіншіден, Марғинан әулетінің таңдалуына ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің де септігі тиген деуге болады. Себебі Бурхан әд-дин әл-Марғинани ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің шәкірті болған [39, т. 2, б. 592].

Әл-Марғинанидің түпкі аталарының шежіресі әйгілі сахаба ‘Усман ибн ‘Аффанға барып тіреледі [86, б. 188]. Әл-Марғинани білімін Марғинан, Бұхара

және Мерв қалаларындағы ханафи ғұламаларынан алды. Уақыт өте Самарқанға келіп, онда ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабиден білімін жалғастырды. Ғұламаның ұстаздары көп болған. Ол өзінің ұстаздарының есімдерін «Махайхат сахиб әл-Хидайа» атты кітабында айтқан [54, б. 65].

Әл-Марғинани Самарқанда ислам дінінің білгірі «шайх әл-ислам» атағын иеленді. Оның қарахандардың қолдауында болғандығы Самарқан қаласының кейбір аудандарындағы жергілікті және Қарахан басшыларының діни саясатына қарсы әрекет жасаған Самарқан қаласының беделді ғұламаларымен күрес жүргізе бастаған қадамынан байқалып тұр. Бұған қатысты оның баласы ‘Умар ибн ‘Али әл-Фарғани «Китаб джауахир әл-фиқһ» еңбегінде әкесінің Самарқан қаласын дінде жоқ түрлі жаңалықтардан тазалауда қиын күрес жүргізгенін айтқан. Әл-Марғинанидің жергілікті ғұламалармен қарым-қатынасы жақсы болмаған. Сондықтан олармен қарым-қатынастарын жақсарту мақсатында екінші бір ислам дінінің білгірі (шейх әл-ислам) атанған ғұлама Зайн әд-дин Әбу-л-Фарадж ас-Сағарджимен құдаласуға қадам жасаған. Әл-Марғинани өзінің баласы ‘Имад әд-дин Әбу Бакрды аталмыш ғұламаның қызына үйлендірген. Бұндай туыстық қарым-қатынастарды күшейту дипломатиясы арқылы ғұлама өзінің әулетінің болашақта Самарқан қаласының тұрғындарымен біте-қайнасып, сіңісіп кетулерін ойлаған. Әл-Марғинани қарахандардың саясатын қолдап, билікке қарсылық білдірген жергілікті ғұламалармен күресуде әртүрлі бағыттардағы жұмыстар атқарған. Оның жергілікті ғұламалармен күрескені соншалықты, олардың әл-Марғинаниға деген өшпенділіктерінің қатты арта түскенінен байқауға болады. Жергілікті Самарқан ғұламаларының Бурхан ад-дин әл-Марғинаниға деген мұндай өшпенділіктері ғұламаның қайтыс болған мезетіндегі оқиғадан анық көрінеді. Әл-Марғинани дүние салғанда, жергілікті ғұламалар оның денесін Самарқанның дін ғұламалары жерленетін атақты «Чакар-Диза» мазарына кіргізбеген. Нәтижесінде, бұндай дау-дамайларға шарасыздық танытқан жергілікті басшылық, Марғинанидің мәйітін «Чакар-Диза» мазарының аумағынан тыс, мазардың қақпа алдына жерлеген [41, б. 188–189].

Марғинан қаласынан шыққан ғұламалар да насафилер мен исбиджабилер сияқты, өздерінің жергілікті ғұламалар алдында ерекшелеп, олардың халық арасында мәртебелерін көтеретін құнды әдебиеттер дүниеге келтірді. Алғашқыда Бурхан әд-дин әл-Марғинани «Китаб ат-таджнис уа-л-мазид» атты ас-Садр аш-Шахидтың пәтуаларын жинақтады. Бұл жинаққа Әбу-л-Лайс ас-Самарқандидің «ан-Науазил» және «‘Уйун әл-маса’ил» еңбектеріндегі пәтуалары, Әбу-л-‘Аббас ан-Натифидің «әл-Уақи‘ат» және «әл-Аджнас» еңбектері, ас-сайид Әбу Шуджа‘тың «аз-Зауа’ид» және «Ғариб ар-риуайа» пәтуалары және Наджм әд-дин ан-Насафидің пәтуалары, т.б. еңбектері кірген. Алайда, әл-Марғинанидің оқулық ретінде жазған еңбегі - бастауыштың бастамалары –«Бидайат әл-мубтади» оның алғашқы сәтті қадамдарының біріне айналды. Кейінірек әл-Марғинани бірінші оқулығынан да әлде қайда ауқымды, ғылыми көзқарастарды қамтитын жаңа ғылымды (доктрина) ұсынды. Соңғы жазған еңбегі ханафи мазһаб шеңберінде ұлы шығармалардың біріне айналған

еді [41, б. 189–190]. Алғашқыда бұл еңбек Орталық Азия аумағында ғана таралды. Алайда, Хусам ад-дин ас-Сығанаки бұл еңбекті Таяу Шығысқа таратып, аталмыш шығарма халықаралық деңгейде таралым тапқан болатын. Бұндай таралымның себебі ас-Сығанакидің 700/1300 жылы «Китаб әл-хидайа» кітабына өз пікірлерін қосып, қайта жазып шығуынан кейін орын алған еді [5, б. 20].

Бурхан-ад-дин әл-Марғинанидің «Фара’ид әл-‘Усмани» еңбегіне Қазақстан өкілі ‘Али ибн Мухаммад әл-Хусайни әл-Джанди көңіл бөлген. Ол әл-Марғинадидің аталмыш еңбегін «Фара’ид әл-‘Алауи» деген атпен жазып, оған өз пікірлерін қосқан [41, б. 189–190].

Міне, жоғарыда аталған еңбектерімен көзге түскен Бурхан ад-дин әл-Марғинани – жергілікті Самарқан халқының ішінде өзінің орнын тауып, қарахандардың діни саясатына тікелей араласқан бірегей тұлға. Әл-Марғинанидің өзінің алдындағы әріптестері насафилар мен исбиджабилерден тағы бір ерекшелігі, оның әулеті Самарқан фикһ ілімінің тізгінін ұзақ жылдар бойы өз қолдарында ұстай білген. Әл-марғинанилер әулетінің есімдері Самарқан ислам құқығы (фикһ) саласында XV ғасырға дейін жалғасқан. Әл-Марғинани ұрпақтарының алғашқы екі буыны ғылыми бағытта ерекше белсенділік танытқан. Олардың бірі – Низам ад-дин ‘Умар ибн ‘Али ибн Әби Бәкр әл-Фарғани. Ол фикһ саласы бойынша оқытылатын он қайнар көзге негіздеп, «Китаб джауахир әл-фикһ» атты туындыны жазған. Бұл туындының ішіне кіретін он еңбектің бірі – «Мухтасар ат-Тахауи».

Келесі екінші – әл-Марғинани ұрпағы – хатиб Зайн ад-дин Әбу-л-Фатх ‘Абд ар-Рахман ибн Шейх әл-Ислам ‘Имад ад-дин Әби Бакр ибн Бурхан ад-дин ‘Али әл-Фарғани әл-Марғинани ас-Самарқанди ар-Ришдани әл-‘Имади. Ол сот істерінің мәселелерін жүргізуді қарастыратын «Китаб фусул әл-ихкам фи усул әл-ахкам» атты еңбек жазған. Аталмыш еңбектің басқа атауы да бар, ол – «әл-Фусул әл-‘имадийа». Бұл еңбек қырық бөлімнен құралған.

Жоғарыда аталған марғинанилер мен олардың жазған еңбектерінің арқасында Ферғана даласының ғұламалары Самарқан қаласының руханиятын басқарды. Олар Қарахан басшыларының жүргізген саясатына дұрыс ықпал жасады. Сол себепті Ферғана ғұламалары Самарқанда ғасырлар бойына тұрақтап қалған болатын. Бұл топтың Қарахан басшыларының астанасында тұрақтанып қалуларында Бурхан ад-дин әл-Марғинанидің орны сөзсіз ерекше болды. Әл-Марғинани жергілікті басшылардың саясатына араласумен қатар шәкіртте тәрбиелеген. Оның атақты шәкірттерінің бірі – Джалал әд-дин Махмуд ибн әл-Хусайн ибн Ахмад әл-Уструшани (616/1219 ж. қ. б.). Оның атақты шығармаларының бірі – «Таджнис әл-мултақат». Әл-Марғинанидің келесі шәкірті – Маджд әд-дин Мухаммад ибн Махмуд ибн әл-Хусайн әл-Уструшани (632/1234 ж. қ. б.). Оның жазған еңбектерінің ең атақтысы – «Китаб әл-фусул фи әл-фатауа» немесе «әл-Фусул әл-уструшанийиа» атымен танымал болып кеткен шығарма. Бұл шығарма ислам құқығына арналған. Дінге шақыру, неке, ажырасу және қарым-қатынас (му‘амалат) мәселелерін қарастырады [41, б. 191–192].

Марғинанилер фикһ саласымен терең шұғылданып, жергілікті халықтың әдет-ғұрыптарын жақсы білген. Ғұламалар қара халықпен тығыз араласқан. Олардың күнделікті туындап отырған сауалдарына толыққанды, дәйекті жауап қайтаратын болған. Міне, осындай көркем қарым-қатынастың нәтижесінде ғұламалар жергілікті мұсылман халқының көңілдерінен толықтай шыққан. Жоғарыда келтірілген ғұламалар тобы мужтаһид мәртебесіне бөленген тұлғалар. Олардың ақ дегені ақ, қара дегені қара болған. Кафауидің қолжазба деректерінің бірінде ханафи мужтаһидтерінің шығарған пәтуалары жайлы мәліметтер айтылған. Солардың ішінде Захир әд-дин әл-Марғинанидің де есімі келтірілген. Оның берген пәтуаларының саны 20-ға жетеді.

Осылайша Қарахан басшыларының басқарған аумақтарында жүргізген саясатының үш кезеңіне тоқталдық. Үш кезеңде де олар ислам құқықшыларын мейлінше пайдаланғаны анықталып отыр. Оның себебін де жоғарыда түсіндіріп кеткен болатынбыз. Осы үш кезеңді құраған фақиһ ғұламаларының ішінде ең кейінгісі марғинанилар, қарахандардың билігі құлағанның өзінде олардың ықпалы Самарқанды билеген қарахандардан кейін келген басқа басшылардың билік кезінде де жалғасын тауып, ұзақ ғасырларға дейін сақталып келген.

Орта ғасырдағы құлпытастар. «Чакр-Диза» мазары 1940–1950 жылдары қиратылған. Бұл құлпытастардың хронологиясы Х ғасыр Самани мемлекетінің кезеңінен басталып, XI–XII ғасырлар қарахандардың және қарлұқтардың билік кезеңдерімен жалғасады. Мазарға жерленген ғұламалардың басына қойылған құлпытастарының ішіндегі ең соңғылары 1356 жылды көрсетеді, яғни XIV ғасырға дейін жалғасады. Алайда, жер қойнауында көміліп жатқан қаншама құлпытастар бар. Түрлі себеп-салдардың нәтижесінде құлпытастарға қол жеткізу мүмкіндігі шектеулі болып отыр. Аталмыш тастарды зерттеуші ғалымдар оның тарихи кезеңдеріне қарай екі топқа бөліп қарастырған. Бірінші топқа тарихи даталары көрсетілгендер, екінші топқа тарихи даталары белгісіз тастар жатады. Бұл құлпытастардан Орталық Азияда сақталған әртүрлі бағыттағы құнды деректерді алуға болады. Тастардағы жазылған мәліметтерден онда қойылған кісінің 90 пайызы ислам құқығымен тікелей байланысты екені анықталып отыр. Тіпті, ғұлама болмағанның өзінде, жай қарапайым шаруаның құлпытасында оның фикһ еңбектерімен таныс болғаны немесе жаттағаны айтылған. Ғұлама құлпытастарында оның атқарған қызметі мен жазған еңбектері, сонымен қатар өзінің жеке тұлғасына қатысты сипаттары мен мемлекет қызметінде болған атақтары да молынан келтірілген. Б.М. Бабаджанов бұл жазылған атақтар мен мәртебелердің аталуы жай дүние емес екендігін: «Бұл құлпытастардағы эпиграфика тек қана сол заманда өмір сүрген тұлғалар турасындағы дерек қана емес, оның мақсаты әлде-қайда ауқымдырақ. Құлпытастардағы эпитафиялардың мақсаты, сол замандағы ата-бабалардың атқарған еңбектерін ұмытпау және олардың атақтарын есте сақтау, жеке тұлғалық дара қасиеттерді дәріптеу, олардың дінге қызмет еткендерін жариялау, олардың сол қоғамдағы мәдениетті өз бойларына сақтап дәріптегендерін келешек ұрпаққа жеткізу болып табылады», – деп көрсеткен «Бабаджанов Б.М., Додхудоева Л.Н., Муминов А.К., Рудольф У. Подготовка к

печати оригинальных текстов, переводы, комментарии. Погребальная эпиграфика Самарканда (Саманиды, Караханиды, Чагатида). Приложения (археологический отчет по раскопкам Чакар-диза): А. Бердимуратов. Фотографии: А. Атахаджаев, Л.Н. Додхудоева». Бұл еңбек әлі басылымда болғандықтан оған сілтеме бере алмадық. Бұл айтылған тұжырымнан келесідей мәселелерді атасақ болады.

Құлпытастардағы жазулар дәстүрлі діни идеологияға жұмыс жасаған. Оған «Чакар-Диза» мазарындағы құлпытас жазулары дәлел бола алады. Нөмірі 059 құлпытас мәтінінде келтірілген мәліметтер жоғарыда айтылған тұжырымдамаларға айғақ болады деп есептейміз.

Құлпытас мәтінінде:

1. Бұл қабір
2. шейх, қазі, имам
3. құрметті, уағыздаушы, діннің күні
4. Ислам мен мұсылмандардың тірегі
5. Патшалар мен сұлтандардың сүйіктісі
6. Имамдардың тәжі, сүннеттің тірілтушісі
7. Шарифатқа көмектесуші, қазылардың жүйелеушісі
8. Хатибтардың мақтанышы
9. Ахмад ибн ‘Усман әл-Касси.
10. 557 жылдың мухаррам айында қайтыс болған деп жазылған.

Осы мәтіндегі ғұламаның атақтары мен лауазымдарынан оның орта ғасырдың діни саясатында атқарған қызметі көрінеді. Шейх, имам, уағыздаушы лақаптарын айтпағанда, оның діннің күні деген лақабынан ислам дінін қаншалықты терең білгені байқалады. Сонымен қатар ислам мен мұсылмандардың тірегі, имамдардың тәжі, сүннеттің тірілтушісі, шарифатқа көмектесуші сынды атақтарынан, оның мұсылман қоғамындағы беделі мен дәрежесінің биік болғанын көре аламыз. Ал оның қазы, патшалар мен сұлтандардың сүйіктісі, хатибтардың мақтанышы, қазылардың жүйелеушісі деген титулдарынан Ахмад ибн ‘Усман әл-Кассидің сол кездегі басшылықпен қаншалықты тығыз қарым-қатынаста болғаны білінеді. Оның жоғары деңгейдегі діни сауаттылығынан бөлек, мемлекеттің мақсаттары мен мүддесіне, діни саясаты мен әлеуметтік тұрақтылығына қызмет еткені анық көрінеді. Хатиб «уағыздаушы» лауазымы мемлекет тарапынан сайланатын болған. Хатибтар мемлекеттің өзі тағайындап, сайлап қоятын діни қызметкерлері еді. Олар сол уақыттағы мешіт сынды діни орталықтарда ресми түрде қызмет атқарған. Ал сол хатибтардың мақтанышы деген лақабы оның ресми мемлекет тарапынан тағайындалып, жұмыс жасағанын, сонымен қатар ғұламаның қазылық қызметі мен қазылардың жүйелеушісі «низам әл-кудат» атты лақаппен аталуы, оның тікелей мемлекеттік конституциясына қатысы болғанын білдіреді. Тіпті, сол уақыттағы халықтың құқық мәселелеріндегі шағымдары мен сұраныстарын өтейтін заң қызметкерлерін, яғни қазылардың өзін бір жүйеге келтіргені анық айтылып тұр. Ал сұлтандардың сүйіктісі деген лақабы, оның мемлекет басшыларымен қоян-қолтық жұмыс жасағанын айғақтайды. Яғни,

құлпытас иесінің дін ғұламасы бола тұрып, мемлекеттік жүйеге тікелей араласып, сол уақыттағы сұлтан мен патшалардың жүргізген саясатының басында жүргені меңзеліп тұр. Ғұламаның қайтыс болған жылы 557/1162 жыл Қарахан әулетінің билік жүргізген уақытына сәйкес келеді.

Келесі 135- нөмірлі құлпытас иесі алдыңғы 059-нөмірлі құлпытас иесінен жүз жылға жуық кейін өмір сүрген. Екеуі де қарахандардың билік уақытындағы ғұламалар. Құлпытас мәтінінде:

1. Бұл қабір
2. ең құрметті, ең таза, ең беделді, ең үстем, ең тақуа
3. қазылардың қазысы, шындық пен діннің тірегі, ислам мен мұсылмандардың абыройлысы, патшалар мен сұлтандардың сәні
4. елшілер мен пайғамбарлардың мирасқоры, екі дүние имамдарының жол-бастаушысы
5. сүннетті қорғаушы, бидағатты жоюшы, шарифаттың тірегі, үмбеттің көмекшісі, түнін ұйқысыз өткізуші (құлшылық, білім алумен), құрметтілердің абыройлысы, жоғары деңгейдегілердің мақтанышы
6. екі мазһаб имамы, екі мектеп бастаушысы, Шығыс пен Батыстың қазысы, садырлардың бастаушысы,
7. арабтардың да, араб еместердің де имани бастаушысы, әлемнің тақуасы, Адам балаларының ішіндегі ең абзалы Мұхаммед, қади әл-қудаттың баласы ‘Ала’ ад-дин
8. 9. Мухаммад, қади әл-қудаттың баласы ‘Ала’ ад-дин Махмуд, қади әл-қудаттың баласы ‘Ала ад-дин Джунайдаллах, қади әл-қудаттың баласы, ‘Али ибн ‘Абд әл-Уаххаб әл-Халиди әл-Мутаууи‘и, Алла оларды өз мейіріміне бөлегей,
10. Және жарылқап, өзінің жаннатының ең биік бөлмелеріне жайғастырғай, Алла одан және оның аталарынан риза болып, оған ергендерді жарылқасын!
11. Ол 653 жылдың раби‘ II айының сегізінші күні түскі уақытта қайтыс болды.
12. Бұны жазған және тасқа ойған ғұламалардың қызметшісі және олардың шәкірті Мухаммад ибн Ахмад ибн Әби Бакр, Самарқанның ‘Ала’ әл-Катиб лақабымен аталған. Алла оны және оның ата-анасының күнәларын кешіргей! – деп жазылған.

Ғұламаның қазылардың қазысы, шындық пен діннің тірегі, ислам мен мұсылмандардың абыройлысы, елшілер мен пайғамбарлардың мирасқоры, екі дүние имамдарының бастаушысы, сүннетті қорғаушы, бидағатты жоюшы, шарифаттың тірегі, үмбеттің көмекшісі сынды діни атақтарынан оның ислам дінінің білгірі екені анық айтылып тұр. Бұл атақтардың кейбіреулері мысалы, «екі дүние имамдарының бастаушысы» тым асыра мақталып айтылғанымен, жалпылама атақтары мен абыройлары орнымен айтылған. Ғұламаның «екі мазһаб имамы, екі мектеп бастаушысы» деген атағын басқа ғұламаларда кездесе бермеген. Бұл жерде айтылып отырған «екі мектеп» және «екі мазһаб» Әбу Ханифамен Шафи‘идің мазһабы мен мектебі көзделіп тұр. Бұлай деп

тұжырымдама беруімізге ‘Ала’ ад-дин ‘Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил әл-Исбиджабидің жазған шығармасы негіз бола алады. Ол ислам құқығы фикһ саласында жазған «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» атты шығармасында, қарахандардың жүргізген діни саясаты және жергілікті жағдай талаптарының негізінде ханафи фикһын негізге ала отырып, шафи‘и фикһын да талқылаған. Ал ‘Ала’ әд-дин әл-Исбиджаби екінші 135- нөмірлі құлпытас иесінен жүз жылға жуық бұрын өмір сүрген. Нақты айтқанда, 98 жыл бұрын өмір сүрген. Діни саясат пен фикһ саласында әл-Исбиджабидің шығармасы үлкен белестерге көтерілген. Әл-Исбиджабидің шығармасы салыстырмалы ислам құқық (фикһ муқаран) бағытын қамтығандықтан, Осман империясының басшылары Таяу Шығыс аумақтарды басқаруда малики мен шафи‘и мазһаб иелерімен қарым-қатынаста қолданатын болған [104, б. 2293]. Осы фактілерді назарға ала отырып, екі мазһаб дегені ханафи мен шафи‘и мазһабтары екенін алға тартамыз. Самарқанда шафи‘илер көп тарамған болса да, шафи‘и мазһаб мәселелері белгілі бір себептерге байланысты маңызды болған. Сондықтан ғұлама екі мектепті де жақсы меңгерген. Ал ғұламаның келесі «Шығыс пен Батыстың қазысы», «қазылардың қазысы», «шындық пен діннің тірегі», «ислам мен мұсылмандардың абыройлысы», «патшалар мен сұлтандардың сәні» ныспыларынан оның хан-сұлтандармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасағаны көрінеді. Қазылардың қазысы «қади әл-қудат» – қазылық саласымен айналысқан ғұламалар мемлекет басшылығының қолдауын тапқандар. Бұл кісі қазылық саласының маманы болған. Тіпті, бұл саланы ол әке мен атадан мирас еткен. Себебі құлпытастағы әкесі мен атасының да (қади әл-қудат) атақтары бірге айтылған. Демек, ғұлама әулетімен бірге Қарахан мемлекетіне қызмет жасаған. Сол себепті оны «патшалар мен сұлтандардың сүйіктісі» деп атаған.

Жоғарыда келтірілген фактілердің барлығында қарахандар біріншіден, құлпытастарына ғұламалардың жеке тұлғалық, көркем мінез сипаттарын атаған. Екіншіден, олардың діндегі атқарған қызметтері мен атақтарын молынан жазған. Үшіншіден, қарахандар дін ғұламаларының патшалар мен хан-сұлтандармен бірігіп, қоян-қолтық жұмыс атқарғандарын атап көрсеткен. Қарахандар құлпытас саясаты арқылы халықтың ғұламаларға деген сүйіспеншіліктерін арттырған, және соның нәтижесінде өдеріне бағындыра білген.

Қарахандардың діни саясатты жүргізуде қолданған келесі бір әдісі – ол жергілікті ғұламалардың мемлекеттен қолдау тапқан діни әдебиеттерді халық арасында үгіттеу және сол еңбектерге олардың қызығушылықтары мен сүйіспеншіліктерін арттыру. Оны 065-нөмірлі құлпытас мәтіні арқылы анықтауға болады. Онда:

1. Бұл қабір, шейх, имам, мәртебелі, аскет,
2. Ислам мақтаншы, адамдардың көмекшісі, шариғаттың қорғаны,
3. Сүннетті тірілтуші, имамдардың фақиһы, халықты тура жолға бастаушы,
4. 5. Шындықты айтушы, ғұмырының ең белсенді уақытын Мухаммад ибн әл-Хасанның кітабын оқумен өткізген,

6. 7. 8. 9. Екі әл-Джамиғайн және аз-Зийадатты жаттаған, оларды бүгешүгесіне дейін білген, түсініксіз жерлеріне дейін тоқталған. Алла жолында қызмет етуге көп белсенділік танытқан,

10. Ақирет күнімен кездесуге дайын болған;

11. Жалған дүниеден бас тартқан, Ахмад ибн Әбу Бакр,

12. «Әл-‘Араб ан-Насафи» лақабымен аталып кеткен.

13. Алла оны рақымына бөлегей! Жатқан жерін нұрландырғай!

14. Ол бұл жалған дүниеден шәһит болып озды

15. 16. 560 жылдың джумада I айының 12- сенбіге қараған түні, – деп жазылған.

Қарахандар билігі уақытында өмір сүрген Ахмад ибн Әби Бакрдің «мәртебелі, аскет, шындықты айтушы» сынды тұлғалық көркем сипаттарын айтып, халықтың ғұламаға деген назарын аударғасын, оның: «Ислам мақтанышы», «адамдардың көмекшісі», «шариғаттың қорғаны», «сүннеті тірілтуші», «имамдардың фақиһы», «халықты тура жолға бастаушы» деген лақаптарын атаған. Міне, осыдан кейін ғұламаның жастық шағы мен бозбала ғұмырына қайта оралып, Самарқанда құпталған ханафи еңбектерін атаған. Тіпті, кейде еңбектің өзі, авторын атаған (Мухаммад ибн әл-Хасан әш-Шайбани). Құлпытастарға жазылған бұндай тәсілдер арқылы келешек ұрпақты ханафи еңбектеріне баулыған. Дәстүрлі исламның жолын тіпті, қабір мен мазарлардағы құлпытастарға жазу арқылы да халыққа жеткізген.

Жоғарыда келтірілген ханафи ғұламалары мен олардың әдебиеттеріне қызықтыру тәсіліне қатысты «Чакар-Диза» мазарында қаншама құлпытастар бар. Солардың ішінде қарахандықтар діни саясатын жүргізуде құрал ретінде пайдаланылған ат-Тахауидің кітабына жазылған әл-Исбиджабидің шығармасы да жиі кездеседі. Сол құлпытастардағы нөмірі 122-құлпытас мәтінінде былайша көрініс тапқан:

1. Бұл қабір діни мұраларын тірілткен кісінің орны;

2. Елшілердің құрметтісі (Алланың оған және оларға игілігі мен сәлемі болсын) (Мұхаммедтің) шариғатын таратқан;

3. Жасының кіші кезінен, балалық шағынан бастап, «Шарх ат-Тахауиді» жаттап өсу оған бұйырған;

4. Бойындағы белсенділік, байсалдық, тақуалық және аскет (дүниеден алыс болуымен) беделді ғұламалар мәртебесіне көтерілген;

5. Ғылам өнерінде толық үлес қосқан, ғылымның құрметті бөлігін иемденген.

6. «Әл-Кутуб ар-Риуайат»ты («әл-Мабсут», «әл-Джами‘» және «аз-Зийадат») жаттап шыққан;

7. Оған қоса ар-Риуайа пен ан-Нукат да (өз біліміне) қамтыған;

8. Жан-жақты салаларға тоқталып, жинақтастырған;

9. Фиқһ, тәпсір және есеп-қисап саласындағы қиындықтарды түсіндіріп, кедергілерді жеңілдеткен;

10. Адам баласының көзі ондай кешірімді, көркем, терең білімді, ең жұмсақ мінезді, фиқһ ілімі ең терең тұлғаны көрген емес.

11. Үкім мәселелерінде, астраномия және шарифат ілімдерінде үлгі тұтарлық, хатиб болған;
12. Арам мен адалдың ажырата білетін (ұстанатын);
13. Бәлки, фақиһшылар батып кететіндей – тасыған теңіз болатын;
14. Ғалымдар жемісінен үзіп жейтін ағаш іспеттес болатын;
15. Шарифат аспанында сәулесі өшпестен айналып жүретін күн болатын;
16. Ол әл-имам, құрметті, тақуа, діннің күні, мұсылмандар мен исламның абыройлысы, имамдардың мақтанышы, үмбеттің муфтиі, шарифаттың үлгісі атанған;
17. Мухаммад ибн аш-Шайх (имам әл-аджал әл-акбар джалал әл-умма уа-д-дин) ‘Умар ибн Ахмад;
18. Алланың оған бейбітшілігі мен рақметі болсын!
19. Алла оны жаннаттың ең биік бөлмелеріне орналастырсын!
20. Алланың рақымы болсын! Ол 601 жылдың джумада II айының он сегізі/1205 жылдың 8-ақпаны, жұма күні дүниеден озды, – деп келеді.

Аталмыш құлпытастың иесі Мухаммад ибн аш-Шайх ‘Умар ибн Ахмадта жай, қарапайым адам болмаған. Оның тастағы «әл-имам», «діннің күні», «мұсылмандар мен исламның абыройлысы», «имамдардың мақтанышы», «үмбеттің муфтиі», «шарифаттың үлгісі атанған» сынды атақтары, оның қандай жоғары деңгейдегі ғұлама болғанын айқындап тұр. Үмбеттің мүфтиі деген атағынан оның мемлекет басшыларымен тығыз қарым-қатынаста болғаны көрініп тұр. Ол да қарахандардың діни саясатына тікелей атсалысқан кісі. Алайда, мәтінде осыншама мемлекет тарапынан қойылған міндеттерді атқара отырып, оның балалық шағында қандай абыройлы ханафи әдебиеттерін оқып, жаттап шыққанын қабіртасына жазуда үлкен идеологиялық саясат жатқаны айдан анық көрініп тұр. Оның әл-Исбиджабидің «Шарх ат-Тахауиді», яғни «Шарх Мухтасар ат-Тахауиді» жаттап өсу оған бұйырған деген жазудың мәні бұл еңбектің XII ғасырда мәртебелі ханафи фикһ еңбектерінен болғанын меңзейді. Сонымен қатар «Кутуб захир ар-Риуайа» ны атаған, оған «әл-Мабсут», «әл-Джами» және «аз-Зийадат» еңбектері кірген. Негізінде ат-Тахауи мәтіні де осы ханафи ғұламалары негіздеушілерінің еңбектеріне сүйеніп жазылған. Ханафи еңбектерінің құлпытастарда жазылуының үлкен астарында идеологиялық мақсат көзделген.

Сонымен қатар құлпытастарға қатысты жүргізілген қарахандардың көркем саясатынан белгілі болып отырған тағы да бір қыры – қарахандардың дәуіріндегі тас жазулар араб тілінде орындалған. Қарахандар дәуірінде орындалған құлпытас жазуларына мән бергенде, олардың араб тілінің түрлі каллиграфиялық жазуларымен орындалғаны байқалады. Мысалы, 001–006-нөмір аралығындағы құлпытастар «куфи» каллиграфиясымен, ал 007-, 008-, 011-нөмірлі құлпытастар «наси» каллиграфиясымен орындалған. 019-, 059-, 116-нөмірлі қайрақтастарында «сулси» каллиграфиясы қолданылған. 078-, 081-, 100-нөмірлі құлпытастар «диуани» каллиграфия жазуымен орындалған. Сонымен қатар 089-, 093-, 096-сынды кейбір құлпытастарындағы жазулар араб тілінің бірнеше каллиграфиялық жазуларына негізделіп жазылған «наси»

жазуымен жазылып, арасында «дивани» жазуының элементтерімен әсемделген. Бұл араб каллиграфисының жазу түрлері бір-біріне ұқсамайды. Бұдан шығатын қорытынды, аталмыш ғасырлардағы жергілікті халықтың араб тілін білгендігінің бір дәлелі. Сонымен қатар қарахандар араб тілі мен әдебиетінің дамуын да көздеген. Құлпытастардағы мәліметтер тек қана қайтыс болған кісінің өзіне қатысты қара сөзбен ғана айтылып қоймаған. Құранның түрлі аяттары және пайғамбардың (с.а.у.) хадис-шәрифтерімен қатар, араб тіліндегі өлең шумақтар да кездеседі.

Қарахандардың құлпытас орнатуы – діни саясат

Ғұламалар қарахандармен жағымды қарым-қатынас орната білген. Бұл дегеніміз ғұламалардың жергілікті басшылыққа, яғни қарахандардың жүргізген саясатына берілгендіктерін, ал Қарахан басшыларының өз саясаттарын жүзеге асыруда таңдаған ғұламаларына сенімділік танытқанын көрсетеді. Бұған қатысты дерек қарахандардың алғаш Самарқанға шақырған насафилердің жүргізген діни саясатынан айқын байқалады. Селжұқ мемлекетінің басшылары қарахандарды өздеріне бағындырған уақыттағы діни саясатқа қарайтын болсақ, селжұқтардың Насаф ғұламаларының қарахандармен бірлесіп жүргізген діни идеологияларын талқандап, өздерін қуғынға ұшыратқан. Олардың ішінде ең белсенділері: Садр әл-Ислам Әбу-л-Йуср Мухаммад ибн Мухаммад әл-Паздауи ан-Насафи, Әбу-л-Му‘ин Маймун ибн Мухаммад әл-Макхули ан-Насафи, Әбу-л-Хасан ‘Али ибн Мухаммад әл-Паздауи және ізбасарларының ішінде ең көрнектісі Әбу-л-Му‘ин ан-Насафиде Әбу Мансур әл-Матуриди болып табылады. Бұл фақих ғұламалардың Самарқанға көшіп келулері, ханафи ілімінің даму бағытын түбегейлі өзгертіп жіберді. Олар шафи‘илер мен аш‘арилердің ханафи іліміне жасаған шабуылдарына қарсы бағытталған болатын. Олар «кәлам» іліміне қатысты үлкен еңбек атқарды. Ақырында Әбу Мансур әл-Матурийдің жолы ханафи мазһабының теологиялық іліміне айналды. Міне, осы уақыт аралығында Әбу Мансур әл-Матуриди тұлғасы бүкіл Самарқанға тарады. Тіпті, Әбу-л-Йуср әл-Паздауи қарахандардың діни саясатына терең араласып, Самарқанда қазылардың басшысы «қади әл-қудат» болып тағайындалды. Алайда, 481/1088–1089 жылдары қарахандардың діни саясатына араласқан Малик-шах Насаф ғұламаларын қудалауға кірісті. Соның нәтижесінде бұл насафтық ғұламалар тобы Самарқандағы қарахандардың дін саясатын жүргізулері үлкен сәтсіздікпен аяқталды. Себебі Малик-шах Фахр әл-Ислам әл-Паздауиді Кеш қаласына қудалады. Осы қудаланған жылы ғұлама Кеш қаласында дүниеден өткен. Ал қалған екі ғұлама Әбу-л-Йуср Мухаммад ибн Мухаммад әл-Паздауи ан-Насафи және Әбу-л-Му‘ин Маймун ибн Мухаммад әл-Макхули ан-Насафи селжұқтардың қысымына шыдай алмай, Самарқаннан Бұхара қаласына қоныс аударған. Олар өздері ғана емес, жанұяларымен және шәкірттерімен бірге қоныс аударған. Олардың екеуінің де шәкірттерімен қоса Бұхараға көшулері, болашақта Бұхарада матуридия ілімінің жалғасын табуға септігін тигізген [41, б. 141–142].

Қараханилер мен ғұламалар арасындағы берік қарым-қатынас пен сенімділік XI ғасырдағы оқиғалардан кейін де орын алды. Нақтырақ айтқанда,

Қарахан басшылары XI ғасырда қуғын-сүргінге ұшыраған ғұламалар есімдерін жаңартып, олардың құлпытастарын қайта көтеру идеологиясын XIII ғасырда қолға ала бастады. Бұл деректер Самарқандағы «Чакар-Диза» мазарынан анықталып отыр. Осы саланы зерттеуші ғалымдар «Чакар-Диза» мазарынан табылған құлпытастарды екіге бөліп қарастырған. Бірінші бөлімі – тарихи даталары бар құлпытастар. Екіншісі, тарихи даталары қойылмаған құлпытастар. Тастардың өзіне қарағанда, кейбір құлпытастардың жазулары көрінбей қалған болса, енді бірі сынған және т.б. себептерден ондағы жазулар өшкен. Екінші бөлімдегі бір топ құлпытас иелерінің қайтыс болған даталары мүлдем жазылмаған. Ол тастарда өшіп қалған немесе сынған белгілер жоқ. Және бұл құлпытас иелерінің X-XI ғасырларда өмір сүргендері анық. Ал қарахандардың аталмыш құлпытастарды орнату саясатын XII ғасырда ғана жүзеге асырғаны анықталып отыр.

Датасыз құлпытас мәтіндері:

Нөмірі 149 ‘Али ибн Хусайн ар-Рустуфғанидің құлпытас мәтінінің аудармасы:

1. Бұл қабір;
2. Шейх, имам, аскет;
3. Әбу-л-Хасан ‘Али ибн;
4. Са‘ид ар-Рустуфғани;
5. Оған Алланың рақымы болғай!

Нөмірі 150 Әбу Салама Баб Хубайракассидің құлпытас мәтінінің аудармасы:

1. Бұл қабір;
2. Шейх, әл-имам;
3. Құрметті, аскет;
4. Әбу Салама Мухаммад ибн Мухаммад;
5. Әл-Баб-Хубайракасси;
6. Таухид иелерінің ішіндегі жалғызы;
7. Алла жатқан жерін жарық етпей;
8. Оның дәлелдеріне нұр бітірсін;
9. Жаннаттағы жоғары бақшаларға бөлесін.

Әбу Хафс ан-Насафидің еңбегінде 149-нөмірлі құлпытас иесі ‘Али ибн Хусайн ар-Рустуфғани 337/949 жылдың шағбан айында қайтыс болғандығы мәлімделеді. Алайда, бұл кісіге қойылған құлпытас уақыты XII ғасырда ғана орын алған.

Әбу Мансур әл-Матуридидің ізбасарларының ішінде белсенділерінің бірі ‘Али ибн Хусайн ар-Рустуфғани болған. Ол – Қарахандардың астанасында үлкен беделге ие болған [41, б. 283].

Сол сияқты 150- нөмірлі құлпытас иесі Әбу Салама ал-Баб-Хубайракасси де қарахандармен тығыз қарым-қатынаста болған ғұлама.

Қарахандардың өздерінен екі ғасыр бұрын өмір сүрген ғұламалардың құлпытастарын қайта орнатуда дін саясатының бар екені анық байқалары.

Біріншіден, қарахандар өткен ғасырлардағы ғұламалар есімдерін жаңғырту арқылы, жергілікті халыққа олардың діни ұстанымдарының дұрыс екенін дәріптеген.

Екіншіден, құлпытастарда аттары аталған ғұламалардың еңбектерін, мансаптарын, атақтарын, т.б. қоса атаған. Бұндағы мақсат сол аталған еңбектерді білу, құрметтеу және ондағы тұлғаларға еліктеу көзделген.

Үшіншіден, есімдері аталған ғұламалардың жолымен жүруге шақырған.

Төртіншіден, көпшілік арасында оларға деген құрмет пен ілтипаттың артуын көздеген. Себебі құлпытас орнату саясаты Самарқандағы атақты «Чакар-Диза» ғұламалар мазарында көрініс тапқан.

Бесіншіден, Самарқан халқын әсіресе, жастарды дәстүрлі исламға тәрбиелеген.

3.3 тараушаны қорыта келе, қарахандардың діни саясатының үшінші кезеңі қарақытайлардың билік кезеңіне жатады. Бұл аралықта да Самарқаннан тыс өңірлерден ғұламалар шақыру саясаты жалғасқан. Үшінші кезеңді Ферғанадан келген ғұламалар тобы құрады. Қоқан мен Марғинан қалаларының ғұламаларына күш түсіп, сенім артылған. Үшінші кезеңнің ерекшелігі бұл ғұламалар тобы әулеттік (династиялық) басқару жүйесіне көшкен. Қарахандардың жүргізген діни саясатының үшінші кезеңінің негізі «Китаб әл-Хидайа» болды. Бұл кезеңде Бурхан ад-дин әл-Марғинани ерекше орын алды. Оның дүниеге келтірген көптеген еңбектері халық ортасында жақсы қолдау тауып, кең таралды. Әл-Марғинани ұрпақтарының алғашқы екі буыны ғылыми бағытта ерекше белсенділік танытты. Низам ад-дин ‘Умар ибн ‘Али ибн Әби Бәкр әл-Фарғани және ‘Абд ар-Рахман ибн ‘Али әл-Фарғани әл-Марғинани ас-Самарқанди ар-Ришдани әл-‘Имадилер қарахан діни саясатын кейінгі ғасырларға дейін дөңгелетіп алып кете білді. Аталмыш династия қарахандар тақтан кеткен уақыттың өзінде қоғам ортасында үлкен құрметке бөленіп, ұзақ жылдарға дейін Самарқанның діни білімі мен рухани өміріне жауапты болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан – ислам өркениеті мен мәдениетінің құнды деректеріне бай мемлекеттердің бірі болып табылады. Отандық ғалымдарымыздың зерттеулерінің нәтижесінде орта ғасырларда қазақ жерінен шыққан: Қауам ад-дин әл-Итқанидің (1286–1357); Хибатулла ат-Таразидің (1272–1333) және Хұсам ад-дин ас-Сығнақи (1256–1353) сынды т.б. ғұламалардың қатарына көне Исбиджаб қаласының ғұламалары да қосылуда. Солардың бірі – Исбиджаб ғұламаларының бірегей өкілі, ислам құқығы саласының маманы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (1062–1141) өмірі мен қайраткерлігі зерделенді. Бұған қоса Қазақстанның орта ғасырларындағы ең бір маңызды салалардың бірі саналатын ислам құқығы (фиқһ) саласын қарастырған ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасы құнды ғылыми еңбек ретінде зерделенді. Оның шығармасы осы фиқһ саласында өз заманындағы ханафи туындыларынан оза шығып, құрылымы мен мазмұны жағынан жұрт назарына іліккен. Бұл еңбек ислам құқығы фиқһ саласымен ғана шектелместен, сол дәуірдің мәдени, әлеуметтік, саяси және экономикалық өмірінен де бізге қысқа мағлұматтар береді. Ғұлама еңбегіне ғылыми талдау жасай отырып, оны орта ғасырлардағы тарихи оқиғалармен ұштастыра-салыстыру нәтижесінде Қазақстан тарихында орны бар ғылыми жаңалықтар мен дәстүрлі исламға қатысы бар бірегей еңбек деп айтуға толық негіз бар.

«Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 ж. қ. б.) орны мен маңыздылығы» атты диссертация тақырыбын қорытындылай келе, диссертацияны жоспарлау кезеңінде алға қойылған мақсат-міндеттердің негізінде, таңдалған тақырыпқа қатысты жиналған материалдарды игеру негізінде біршама тұжырымдамалар мен нәтижелер анықталды.

Алғаш рет «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасына артибуция жасалды. ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің шығарма нұсқалары жинақталып, мәтіндерге филологиялық талдау негізіндегі салыстырмалы зерттеулер жүргізілді. «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегіне қатысты ғылымдағы шатасулар мен қате пікірлердің шешімі берілді. Нәтижесінде аталмыш шығарманы бірінші болып ауызша таратқан Әбу-л-Хасан ‘Али ибн Бақр екені анықталды. Ал бұл шығарманы алғаш парақ бетіне түсірген Әбу Наср Ахмад ибн Мансур әл-Музаффари әл-Исбиджаби еді [50, б. 70]. Алайда, әл-Музаффаридің қаламымен жазылған еңбек тым ұзақ және жалықтырарлық көрініс тауып, көпшілік ортасында сұраныс таппаған болатын. Сол себепті әл-Музаффаридің еңбегін қайта өңдеуден өткізіп, білім алушыларға керекті мәселелерін ашып жазып, пайдасыз бөлімдерді қысқартып мәнді етіп жазған ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджаби. «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің қаламына тиесілі екендігін айқындаймыз. Дәл осы өңделген еңбек – фиқһ оқырмандарының арасында үлкен сұранысқа ие шығарма болды. Оның нұсқалары көптеп көшіріліп, фиқһ

саласында негізгі дереккөз шығармаға айналды. Кейінгі фикһ саласының ханафи ғұламалары да дәл осы шығармаға негізделіп, сілтемелерін көптеп жасаған. Фикһ оқырмандары көп оқыған және ондағы әл-Исбиджабидің пәтуаларына жиі жүгінген. Соның нәтижесінде ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің қаламымен жазылған «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасы оқырманға танымал болған. Әл-Исбиджабидің шығармасының «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» тағы бір ерекшелігі ондағы мәтіннен XI-XII ғасырлардағы Исбиджаб және Самарқан сынды қалалардағы әлеуметтік өмір көріністерінің бізге белгісіз болған жаңа қырлары жазылған. Ғұлама шығармасынан Самарқан мен Исбиджаб қалаларындағы қылмыстық жағдайларға қатысты сөз барысында, ортағасырлық қоғамда гильдия мәселесі кеңінен қолданылғаны анықталды. Оған қоса орта ғасырдағы туыстық қарым-қатынас, тұрмыстық және азық-түлік мәселелеріне қатысты нақты да тың деректер келтірілген.

Әл-Исбиджаби ислам әлеміндегі ханафи ғұламаларының ішінде «муджтаһид» атағына қол жеткізген дара тұлға. Ол Қазақстан жерінен шыққан төрт муджтаһид ғұламаның бірі болуымен өте құнды (қосымша А).

Сонымен қатар Исбиджаб қаласының ғұламаларына қатысты деректер мен көне Исбиджаб қаласының ғұламалары дүниеге келтірген шығармалар – дерек ретінде бізге Қарахан мемлекетінің діни саясатын зерттеуге мүмкіндік берді. ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің қайраткерлігін зерттеу нәтижесінде қарахандардың жүргізген діни саясатын анықтауға әрекет жасалды. Біздің гипотезамыз бойынша Ғұлама Исбиджаб қаласынан қарахандардың жаңа астанасы – Самарқанға шақырылып, мемлекеттік қызметтер атқарған. Ғұламаның қарахандар тарапынан діни мансапқа даярланған тұлға екені тұжырымдалды. ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің өмірі мен қызметін зерттеу нәтижесінде қарахандардың жүргізген діни саясатының кезеңдері деректердің негізінде болжаланды. Отандық тарихнамада осы уақытқа дейін Қарахан басшылығының діни саясаты дербес, жеке зерттеуге түскен емес. Біз біріншілерден болып осы бағыттағы ғылыми-зерттеулерді жүргіздік. Қарахан мемлекетінің жүргізген дін саясатының кезеңдеріне тоқтала келе, қарахандардың екі ғасырдан астам мерзім бойы билік басында қалуларының бірден-бір себебі – олар рационалды, толерантты, даналыққа негізделген көреген және жүйелі діни саясат жүргізе білгендіктері айқындалды.

Диссертациялық жұмыс барысында 17 исбиджабтық ғұлама есімі анықталды. Оларды екі үлкен салаға (фикһ және хадис) бөліп қарастырған дұрыс. Олардың есімдері – Қарахан мемлекетінен бастау алып, Осман империясы кезеңіне дейін танымал болды. Ал олардың кейбір еңбектері – тарих қойнауында алтын әріптермен жазылып, Орта Азия, Кіші Азия және Таяу Шығыс жерлеріне таралып, біздің заманымызға дейін сақталып жеткен.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мұханов Қ., Әйтiмбетова Г. Дiндер тарихы мен теориясы және еркiн ой. – Алматы: Республикалық баспа кабинетi, 1994. – 135 б.
- 2 Бурова Е., Косиченко А. Қазақстан Республикасындағы дiни ахуалды дамытудың өзектi мәселелерi. – Алматы: TST-Company, 2013. – 134 б.
- 3 Дербисали А. Хибатулла ат-Тарази и его духовное наследие. – Астана: КазПолиграфИздат, 2012. – 332 с.
- 4 Дербiсәлi Ә. Қауам ад-дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357). Өмiрi мен мұрасы. – Алматы, 2013. – 244 б.
- 5 Керiм Ш.Т. Сығанақ саңлағы. – Алматы: Нұр-Мұбарак, 2012. – 240 б.
- 6 Наджм әд-дин ‘Омар ибн Мухаммад ибн Ахмад ан-Насафи. әл-Қанд фи зикр ‘улама’ Самарқанд (Самарқан ғұламаларын [құқықшылар] еске алу дағы қант кітабы) / тахқиқ Йусуф әл-Хади. – Тегеран: Айина-йи мирас, 1420/1999.
- 7 Са‘ид Фу‘ад Уахиб әл-Кубайси. ‘Али ибн Мухаммад әл-Испиджабидiң «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының («‘Арийа» бөлiмшесiнен (баб) «Истибра» бөлiмiнен кітап соңына дейiн). Ирак университетi шарифат факультетiнiң докторантура бөлiмiнде «салыстырмалы фикһ»: док. дис. – Бағдад: әл-Джами‘а әл-‘Ирақийа, 2012. – 388 б.
- 8 Босворт К. Э. Мұсылман әулеттерi. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 424 б.
- 9 Динашева Л., Пала А. Түркі мемлекеттерiнiң тарихы. – Алматы: Полиграф, 2014. – 348 б.
- 10 Отырар энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2005. – 291 б.
- 11 Дербiсалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу) / Ред., кiрiспе сөзiн жазған Ә. Жәнибеков. – Алматы: Рауан, 1995. – 237 б.
- 12 Байтанаев Б.А. Древний и средневековый Испиджаб: дис. на соискание ученой степени док. ист. наук. – Алматы: Институт археологии имени А.Х. Маргулана, 2008. – 305 с.
- 13 Кочнев Б. Нумизматическая история Караханидского каганата (991-1209 гг.). Источниковедческое исследование / Отв. редактор В.Н. Настич. – Москва: Издательский дом «София», 2006. – 344 с.
- 14 Казахстан: национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005.
- 15 Тулибаева Ж.М. Трактат о Сайраме / пер. с чагатайского предисловие и примечения. – Астана: Издательство Национального центра археологии и источниковедения, 2007. – 60 с.
- 16 Манабаев Б.М. Исбиджаб қаласы және оның ханафи фикһындағы орны // Исламтану және араб филологиясы мәселелерi. – Алматы: Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениетi университетi, 2015. – Б. 96-104.

- 17 Давидович Е.А. Нумизматические материалы для истории развития феодальных отношений в Средней Азии при Саманидах // Труды АН Таджикской ССР. – Том XXVII. – 1954. – С. 112-115.
- 18 Волин С.Л. Сведения арабских, персидских и тюркских источников IX-XVI вв. о долине р. Талас и смежных районах // Материалы по истории и археологии Казахстана. – Т. 1. Таласская долина. – Алма-Ата, 1949. – С. 177-183.
- 19 Бегалин Қ. Алтын Орда хандары. – Алматы: Аруна, 2011. – 269 б.
- 20 Массон М.Е. Старый Сайрам // Известия Среднеазиатского комитета памятников старины. – Вып. 3. – Ташкент: АН УзССР, 1928. – С. 23-42.
- 21 Гафуров Б.Г. История таджикского народа. – 2-е издание. – Москва: Государственное издательство политической литературы, 1952. – 504 с.
- 22 www.Sayram.kz Из истории древнего Исфиджаба-Сайрама.
- 23 Артықбаев Ж., Пірманов Ә. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық басылым. – Алматы: Атамұра, 2008. – 544 с.
- 24 Мұханов Қ., Әйтiмбетова Г. Дiндер тарихы мен теориясы және еркiн ой. – Алматы: Республикалық баспа кабинетi, 1994. – 135 б.
- 25 Қазақстан тарихы кене заманнан бүгiнге дейiн: 5 томдық. – Алматы: Атамұра, 2010.
- 26 Мақсұтұлы С. Қарлық–Қарахан мемлекеттерi: саяси тарихи және мәдени мұра. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2014.
- 27 Караев О. История Караханидского каганата. – Фрунзе: Издательство «Илим» Академия наук Киргизской ССР, 1983. – 301 с.
- 28 Синхронистические таблицы хиджры и европейского летосчисления. – Москва-Ленинград: Издательство АН СССР, 1961. – 286 с.
- 29 Мухаммад Сухайл Туқуш. Та’рих әл-ислам әл-уаджиз. – Байрут: Дар ан-нафа’ис, 2011. – 428 б.
- 30 Edward Granville Browne. A literary history of Persia: 3 томдық. – Cambridge: University Press, 1902.
- 31 Жолдасбайұлы С. Ежелгi және Орта ғасырдағы қазақ елiнiң тарихы. – Алматы: Кiтап, 2010. – 336 б.
- 32 Иванов П.П. К вопросу об исторической топографии старого Сайрама // В. В. Бартольд: туркестанские друзья, ученики и почитатели. – Ташкент, 1928. – С. 151-164.
- 33 Бүгiнгi дiнтану мәселелерi. – Түркiстан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрiк университетi, 2004. – 199 б.
- 34 Әбу-л-‘Адл Зайн ад-дин Қасим ибн Қутлубуға. Тадж ат-тараджим фи табақат әл-ханафийа (Ханафилер бөлiмiндегi өмiрбаян тәжi) / Ибрахим Салих. – Бейрут: Дар ал-Ма’мун ли-т-турас, 1412/1992. – 419 с.
- 35 Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелерi. – Т. 2 / С. Сұңғатай, Б. Еженханұлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 80+132 с.
- 36 Абу ‘Абдулла Йақут ибн ‘Абдулла әл-Хамауи әр-Руми әл-Бағдади. Му‘джам әл-булдан. – Байрут: Дар ас-Садр, 1977. – 540 б.

- 37 Әбдірәсілқызы А. Дін. Дәуір. Дәстүр. – Алматы: Баспалар үйі, 2014. – 294 б.
- 38 (Авторы белгісіз, хижраның 379 жылы жазылған). Худуд әл-‘алам мин әл-машриқ ила-л-мағриб. – Каир: Дар ас-сақафа ли-н-нашр, 1999. – 159 б.
- 39 Ибн Әби-л-Вафа’ әл-Қураши әл-Ханафи. Әл-Джавахир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа (Ханафилар бөліміндегі асыл тастар) / тахқиқ ‘Абд әл-Фаттах Мухаммад әл-Хулв/Хилв: 5 томдық. – эр-Рияд: Дар әл-Ихйа’, 1413/1993.
- 40 Махмуд ибн Сулейман әл-Кафави. Ката’иб а‘лам әл-әхйар мин фуқаха’ мазһаб ан-Ну‘ман. Өзбекстан Ғылым академиясының Шығыстану институтының қолжазбасы. – № 2533. – П. 160^б-199^б.
- 41 Муминов А.К. Ханафитский мазһаб в истории Центральной Азии. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 400 с.
- 42 Қайрбеков Н.Е. Преподавательская среда богословов в Самарканде в эпоху Караханидов // ПМУ Хабаршысы. – Павлодар, 2016. – № 2. – 25 с.
- 43 Додхудоева Л.Н. Эпиграфические памятники Самарканды XI-XI вв. – Т. 1. – Душанбе: Дониш, 1992. – 407 с.
- 44 Абу Са‘д ‘Абд әл-Карим ибн Мухаммад әт-Тамими ас-Сам‘ани. әл-Әнсаб / тахқиқ ‘Абдулла ‘Умар әл-Баруди: 5 томдық. – Бейрут: Дар әл-джанан, 1408/1988.
- 45 История Казахстана в арабских источниках. – Т. 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 269 с.
- 46 Ибн Әби-л-Вафа’ әл-Қураши әл-Ханафи. Әл-Джавахир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа (Ханафилар бөліміндегі асыл тастар): ‘Абд әл-Фаттах Мухаммад әл-Хулв/Хилв: 5 томдық. – Эр-Рияд: Дар әл-Ихйа’, 1413/1993.
- 47 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Beyazıt Devlet Kütübhanesi кітапханасының қолжазбасы. – № 18868. – 385 п.
- 48 Дербісәлі Ә. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.–Б. 398.
- 49 Хайр әд-дин әз-Зирикли. Тартиб әл-а‘лам ‘ала әл-а‘уам: 7 томдық. – Дамаск, 1990.
- 50 Манабаев Б.М. Ғұлама, ғалым, имам әл-Исбиджаби // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – № 1 (55). – Б. 68-73.
- 51 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. – Алматы: Арыс, 2007.
- 52 Арабша-қазақша сөздік. – Алматы: Нұр-Мүбарак, 2016.
- 53 Ал-Му‘дјам ал-уадјиз. – Мысыр Араб Республикасы: ал-Хай’а ал-‘амм ли-шу’ун ал-матаби’ ал-‘амирийа», 2000–2001.
- 54 Мустафа ибн ‘Абдулла (Хаджжи Халифа). Кашф аз-зунун ‘ан асами әл-кутуб уә-л-фунун: 2 томдық. – Бейрут, 1402/1982.
- 55 ‘Умар Рида Каххала. Му‘дјам әл-му’аллифин: 7 томдық. – Бейрут: ән-Нашр уа-т-таузи’, 1990.
- 56 Исма‘ил Паша әл-Бағдади. Һадийат әл-‘арифин асма’ әл-му’аллифин уа-асар әл-мусаннифин мин Кашф аз-зунун: 2 томдық. – Бейрут: Дар әл-фикр, 1982.

57 Бурхан ад-дин аз-Зарнуджи. Та‘лим ал-мута‘аллим. – Судан: Дар ас-Суданийа ли-л-кутуб, 1985. – 93 б.

58 Бурхан ад-дин Абу-л-Хасан ‘Али ибн Аби Бакр ал-Марғинани. Ал-Хидаиа шарх бидаиа ал-Мубтади: 2 томдық. – Бейрут: Дар ал-Арқам ибн Аби-л-Арқам, 2010.

59 Камал ад-дин ибн ал-‘Адим ‘Умар ибн Ахмад. Бугйа ат-талаб фи та’рих Халаб: 12 томдық. – 2010.

60 ‘Ала’ эд-дин Эбу Бэкр эл-Касани. Бада’и‘ ас-сана’и‘ фи тартиб аш-шара’и’: 7 томдық. – Бейрут: Дар эл-Кутуб эл-‘Араби, 1974.

61 Эбу-л-Ма‘али Бурхан ад-дин. Эл-Мухит эл-бурхани фи эл-фикһ эн-ну‘мани: 9 томдық. Бейрут: Дар эл-Кутуб эл-‘Илмийа, 2004.

62 ‘Абдулла эл-Маусили эл-Балдахи. Эл-Ихтийар ли-та‘лил эл-мухтар: 5 томдық. – Каир: Матба‘ат эл-Халаби 1937.

63 Джамал эд-дин ар-Руми эл-Бабарти. Ал-‘Иная фи шарх ал-Ғидая: 10 томды. Дар эл-фикр (жылы жоқ).

64 Эбу Бакр аз-Зубайди эл-Йамани. Ал-Джауһара ан-наййира ‘ала Мухтасар ал-Кудури: 2 томдық 1322.

65 Эбу Мухаммад Махмуд эл-Ғитаби. Ал-Бидая фи Шарх ал-Ғидая: 13 томдық. – Бейрут: Дар эл-Кутуб эл-Илмийа 2000.

66 Мухаммад ибн Фарамурз. Дуар ал-хуккам фи шарх ғуар ал-ахкам 2 томдық. Дар ихиа эл-кутуб эл-арабийа (жылы жоқ).

67 Зайн ад-дин ибн Ибрахим ибн Нуджайм эл-Мисри. Ал-Бахр ар-райик фи шарх Канз ад-дақа’ик: 9 томдық. Дар эл-Кутуб эл-Илмийа 1997.

68 Абдур-рахман ибн Мухаммад Дамад Эфанди. Маджма‘ ал-Анһур фи шарх мултақа ал-абхур: 2 томдық. Дар ихиа’ ат-турас эл-‘араби (жылы жоқ).

69 Махмуд Фахми Хиджази. Тарих ат-турас ал-‘араби. – Сауд Арабиясы: Идарат ас-сақафа уа-н-нашр, 1982. – 281 б.

70 Эбу Бэкр Ахмад ибн ‘Али эл-Джассас эр-Рази. Шарх Мухтасар ат-Тахауи фи-л-фикһ эл-ханафи. – Дар эл-Баша’ир эл-исламийа ли-т-тиба‘ уа-н-нашр уа-т-таузи’, 2010.

71 Feqhweb.com/vb/t23192.html.

72 Brockelmann C. Geschichte der arabischen litteratur (Араб әдебиетінің тарихы): 5 томдық. Leiden: E.J. Brill, 1898-1949.

73 Манабаев Б.М. Имам ат-Тахауидің өмірі мен ханафи мазхабына қатысты еңбектері («Мухтасардың» негізінде) // Ислам және араб филологиясы мәселелері. – Алматы: Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, 2014. – Б. 121-125.

74 Шамс ад-дин ибн Халликан. Уафайат ал-а’йан уа анба’ абна’ аз-заман. – Мыср: Матба‘ат ас-са‘адат, 1948.

75 Ибн Эби-л-Вафа’ эл-Қураши эл-Ханафи. Эл-Джавахир эл-мудийа фи табақат эл-ханафийа (Ханафилар бөліміндегі асыл тастар) / тахқиқ ‘Абд эл-Фаттах Мухаммад эл-Хулв/Хилв: 5 томдық. – Эл-Қаһира: Мактабат ‘Иса эл-Баби, 1398/1978.

76 Абу Бакр ибн Ахмад ибн Сабит Маһди ал-Хатиб. Тарих Бағдад: 27 томдық. – Байрут: Дар ал-кутуб ал-‘илмийа, 1417.

77 Йусуф ибн Тағри-берди Джамал ад-дин Әбу-л-Махасин. Ән-Нуджум аз-Захира фи мулук Миср уа-л-Қаһира (Мысыр мен Каир патшаларының жарқыраған жұлдыздары): 16 томдық. – Мысыр: Уизарат ас-сақафа, 1383/1963.

78 Мухаммад Захид ибн әл-Хасан әл-Кәусари. Әл-Хауи фи сират әл-Имам ат-Тахауи. – Қаһира: Мактабат әл-Азһарийа ли-т-турас, 1419/1999.

79 // <http://www.Islamstory.com>. 01/05/2006 Imam at-Tahaui.

80 Манабаев Б.М. Қазақстанның ұлттық рухани құндылықтарына терең із қалдырған әл-Исбиджабидің шығармасы // Исламдық руханилық пен рационалдық және этно-мәдени дәстүрлер – діни экстремизмге қарсы іс-қимыл факторы ретінде: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 20-жылдық мерейтойы аясында халықар.ғыл.конф.мат., 02 маусым 2016 ж., Астана қ-сы. – Астана: «Мастер По» ЖШС, 2016. – Б. 166-174.

81 Қайс Ал Қайс. Әл-Иранийуна уа-л-әдаб әл-‘араби (риджал фикһ әл-ханафийа): 5 томдық. – Тегеран: Муассасат әл-бухус уа-т-тахқиқат әс-сақафийа, 1370/1950–1951.

82 Yusuf Ziya Kavakçı. XI ve XII asırlarda Karahanlılar devrinde Mavara' an-nahr islam hukukçuları. – Ankara: Sevinç Matbaası, 1976.

83 Saffet Bilhan. Les juristes hanafites de L'asie Centrale a l'epoque Qarahanides. These pour l'obtention du doctorat de specialite (3-e cycle) sciences juridiques. – Paris: Universite de droit et d'economie et de sciences sociales de Paris, 1973.

84 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи («Мухтасар ат-Тахауи»-ге түсіндірмелер). Süleymaniye Devlet Kütübhanesi кітапханасының қолжазбасы. «Некімоғлу» қоры. – № 344. – 360 п.

85 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Süleymaniye Devlet Kütübhanesi кітапханасының қолжазбасы. «Şehid Ali Paşa» қоры. – № 816. – 208 п.

86 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Beyazıt Devlet Kütübhanesi кітапханасының қолжазбасы. – № 18868. – 385 п.

87 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. «Шейх әл-Ислам ‘Ариф Хикмат» кітапханасының қолжазбасы. – № 3601. – 301 п.

88 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. «Диван әл-уақф ас-сунни» кітапханасының қолжазбасы. – № 1538. – 322 п.

89 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Millet Genel Kütübhanesi кітапханасының қолжазбасы. «Feyzullah Efendi» қоры. – № 803. – 370 п.

90 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Süleymaniye Devlet Kütübhanesi кітапханасының қолжазбасы. «Yeni Cami» қоры. – № 458. – 701 п.

91 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Süleymaniye Devlet Kütübhanesi кітапханасының қолжазбасы. «Yeni Cami» қоры. – № 457. – 352 п.

- 92 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. «Дар әл-Махтутат» кітапханасының қолжазбасы. – № 1467. – 3 п.
- 93 ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. «Мақтабат әл-Әсад» кітапханасының қолжазбасы. - № 12178. – 8 п.
- 94 Большая энциклопедия. – В 62 томах.–Москва: Терра, 2006.
- 95 Ахмад ибн Мухаммад ибн Салама ат-Тахауи. Мухтасар ат-Тахауи / тахқиқ Әбу-л-Вафа’ әл-Афғани. – Байрут, 1406/1986. – 478 б.
- 96 История Казахстана в персидских источниках. – Т. 2. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
- 97 Бұлұтай М.Ж. Ата-баба діні. – Алматы: Білім, 2000. – 482 б.
- 98 Акимханов А.Б. Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб ат-тә’уиләт» атты еңбегі негізінде): филос. док. (PhD). дис. – Алматы: Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, 2017. – 204 б.
- 99 Окилов С. Абу-л-Муъин ан-Насафи илмий мероси ва Матуридийа таълимоти. – Ташкент: Мухаррир, 2008. – 113 б.
- 100 Rudolph U. Maturidiliğın ortaya çıkışı. Çev. Dere A. // İmam Maturidi ve Maturidilik. – Ankara: OTTO, 2011. – S. 315-324.
- 101 Манабаев Б.М. Исбиджабтың рухани өмірі мен ғұламалары // Әл-Фараби әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы, № 3 (55). – Алматы, 2016. – Б. 95-107.
- 102 Кожа Ахмет Яссауи. Хикметы (Көкшетау нұсқасы). – Алматы: Нұрлы Әлем, 2016.
- 103 Манабаев Б.М. Қазақстанның қалаларындағы діни жағдай // ҚМУ Хабаршысы. – Қарағанды, 2016. – № 3 (83). – Б. 95-105.
- 104 Manabaev B.M. New source on the medieval religious history in Kazakhstan // Man in India. – V. 96. – Iss 7. – 2016. – P. 2283-2295.
- 105 Манабаев Б.М. Сочинение ал-Исфиджаби, правоведа богословско-правовой школы Абу Ханифы в Казахстане // Актуальные вопросы перспективных научных исследований. Материалы международной научной конференции. – Смоленск, 2016.– Б. 28–31.
- 106 Мухаммад ибн әл-Хасан әш-Шайбани Әбу ‘Абдулла, Абд ал-Хайй әл-Лакнауи Әбу-л-Хасанат. Әл-Джами‘ ас-Сағир ма‘а шархиһи ан-Нафи‘ әл-Кабир. – Байрут, 1304/1986.
- 107 Рудольф У. Ал-Матуриди и суннитская теология в Самарканде / пер. с нем. Л. Трутанова; под ред. канд. филол. наук О. Лукина. – Алматы: Фонд XXI век, 1999. – 286 с.
- 108 Ибн Камал Паша. ар-Рисала фи табақат ал-муджтахидин. Süleymaniye Devlet Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы. – Hamidiye қоры. – 764/III. – П. 133^б-147^б.
- 109 Мухаммад ‘Абд ал-Хайй ал-Лакнауи. Ал-Фава’ид ал-бахийа фи тараджим ал-ханафийа. Казань, 1321/1903.

110 Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Бартольд В.В. Сочинения. – Том 1. – Москва: Издательство восточной литературы, 1963. – 760 с.

111 Беленицкий А.М., Бентович И.О., Большаков О.Г. Средневековый город Средней Азии. – Ленинград: Ленинградское отделение издательства «Наука», 1973. – 389 с.

ҚОСЫМША А

Ибн Камал Паша

«ар-Рисала фи табақат ал-муджтахидин» атты қолжазбасындағы ханафи мазхаб шеңберіндегі 50 муджтахид [108]. Оның ішінде 25 – Орталық Азия фикһ мектебіне жатады. Төртеуі Қазақстан топырағынан.

Олардың тізімі:

1. Ахмад ибн Мұхаммад ал-‘Аттаби (586/1190)
2. Амир Катиб **ал-Итқани** (759/1358)
3. Ал-Хасан ибн Мансур ал-Узғанди Қадихан (592/1196)
4. Ал-Хусайн ибн ‘Абд Аллах, Абу ‘Али ибн Сина (427/1037)
5. ‘Абд Аллах ибн Ахмад ан-Насафи; Абу-л-Барақат (710/1310-11)
6. ‘Абд ал-Азиз ибн Ахмад ал-Халуани, Шамс ал-Аимма (448/1056-57)
7. ‘Убайд Аллах ибн ‘Умар ад-Дабуси, Абу Зайд (430/1038-39)
8. ‘Убайд Аллах ибн Мас‘уд, Садр аш-Шари‘а (747/1346)
9. ‘Али ибн Мұхаммад ал-Паздави, Фахр ал-Ислам (482/1089)
10. ‘Али ибн Аби Бакр ал-Марғинани (593/1197)
11. **‘Али ибн Мұхаммад ал-Исбиджаби** (535/1141)
12. ‘Умар ибн ‘Абд ал-‘Азиз, ас-Садр аш-Шахид (536/1141-42)
13. ‘Умар ибн Мұхаммад ал-Хаббази (691/1292)
14. ‘Абд ал-‘Азиз ибн Ахмад ал-Бухари (730/1330)
15. ‘Абд ар-Рахман ибн Мұхаммад ал-Кирмани, Абу-л-Фадл (543/1148-49)
16. Мұхаммад ибн Ахмад ас-Сарахси, Шамс ал-’Аимма (481/1087-88)
17. Мұхаммад ибн ‘Абд ар-Рахман ал-Бухари, аз-Захид ал-‘Ала’ (546/1151)
18. Мұхаммад ибн Мұхаммад ал-Бурхан ан-Насафи (787/1386)
19. Мұхаммад ибн Мұхаммад ас-Сарахси, Ради ад-дин (544/1149-50)
20. Мұхаммад ибн Мұхаммад ал-Матруди, Абу Мансур (333/944-945)
21. Мұхаммад ибн Мұхаммад ал-Паздави, Абу-л-Йуср (493/1100)
22. Мұхаммад ибн ‘Умар ал-Ахсикати (644/1247)
23. Махмуд ибн ‘Умар аз-Замахшари (538/1144)
24. Мансур ибн Ахмад **ал-Ка‘ани** (775/1373-74)
25. Йусуф ибн Аби Бакр **ас-Саккаки** (626/1229)


ҚОСЫМША Б

Ә) Ибн Камал-паша. «ар-Рисала фи табақат ал-муджтахидин» атты қолжазбасындағы [108] ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджаби есімінің жазылуы (1-сурет).

Б) Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» қолжазбасының мұқабасы (2-сурет).

В) Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» қолжазбасының сол жақ жиегінде «хашия» Амир Катиб әл-Итқанидің өз қолымен жазғаны (264-парақ). (3 сурет).

Г) Гильдия мәселесіне қатысты мәтін. Онда: «Ансар деп, кісі өлтірген адамның жақын араласатындары. Олар: біріншіден, бір ауылда тұратындар, екіншіден, үйлері жақын орналасқан көршілер, үшіншіден, бір салада жұмыс істейтін қызметтестері. (Қызметтестерінің өзара көмегі гильдия (орта ғасырларда гильдия түсінігі саудагерлер мен колөнершілердің өз әріптестері мен мүдделерін қорғау мақсатындағы өзара көмек)«нусратуһу би-л-хираф» мәселесіне қатысты) Самарқанда мата бояушылар «әл-қассарин» және мыс зергерлері «ас-саффарин» араларында төлемді мойындарына алып, өз қызметтестеріне көмекке келеді. Исбиджаб қаласында өзара көмекке келетіндер етікшілер «әл-асакифа». Мамандық жағынан көмектесетіндердің әрқайсысы төрт дирхамнан жинайды», – делінген (4-5-суреттер).



توفي يوم الخميس خامس رجب سنة اثنين و
 ثلثين واربعمائة ودفن بسر قند له كتاب السوط
 عشر مجلدات وشرح الجامع الكبير وشرح جامع
 الصغير وكتابه في اصول الفقه مشهور قال
 الذهبي وكان مولده في حدود اربع مائة صاحب
 الهداية على بن ابي بكر ابن عبد الجليل الفرغاني برهان
 الدين علي المرغاني في الرشاشي صاحب الهداية
 وكتاب البدايه وكفاية المشي في الفقه ثمانين
 مجلدات وكتاب النجس قلت وله كتاب مختار
 وجميع النوازل وكتاب في الفريض والمزيد والنج
 مات سنة ثلث وتسعين وخمس مائة الاسيماي
 علي بن محمد بن اسمعيل المعروف الاسيماي
 شيخ الاسلام بسر قند ولد يوم اثنين السابع
 من جمادى الاولى سنة اربع وخمسين واربعمائة
 تفتقه على صاحب الهداية ولم يكن بما وراء
 النهري زمانه من يحفظ المذهب ويعرفه مثله
 كان فقيها عالما عارفا توفي بسر قند يوم الثالث

والعشرين من ذي القعدة سنة خمس وثلثين
 وخمس مائة وله شرح مختصر الطحاوي حسام
 الشهيد عمر بن عبد العزيز برهان الائمة ابو
 محمد المعروف بحسام الشهيد تفتقه على ابيه كان
 فقيها عارفا وصنف الفتوى الصغير والفتوى
 الكبير والجامع الصغير المطول وهو استاد حسام
 المحيط ولد في صفر سنة ثلث وثمانين واربعمائة
 مائة واستشهد في سنة ثلثين وخمس مائة
 وعنه اخذ صاحب الهداية الخبازي عمر بن محمد
 بن عمر الشيخ جلال الدين الخبازي له حواش على
 الهداية وكتاب المفتي في الاصول وكان فقيها
 عارفا عابدا متورعا مات بخمس من ذي الحجة سنة
 احدى وتسعين وستمائة في عشر السبعين شرح
 الهندى عمر بن اسحق بن احمد الفرزوى قال القسطنطين
 سراج الدين ابو حفص الهندى تفتقه على الامام
 وجيه الدين الرازى وسمع بمكة على حفص شيخ
 رباط السدرة وافتي واشتغل وصنف شرح

